

А 2009

20316 к

М. БАЛАҚАЕВ
Т. САЙРАМБАЕВ

ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ТІЛІ

Мәулен БАЛАҚАЕВ
Талғат САЙРАМБАЕВ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

**СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН ЖАЙ
СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ**

(Өңделіп және толықтырылып, 3-басылуы)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬ-
ТЕТІНІҢ СТУДЕНТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ РЕТІНДЕ
ҰСЫНҒАН**

Алматы, „Санат“, 1997

ББК 81.2. Каз. я73
Б 22

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ІСТЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ АГЕНТТІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Балақаев М., Сайрамбаев Т.

Б 22 Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. (Өңделіп және толықтырылып, 3-басылуды). Оқулық. — Алматы, “Санат”, 1997. — 240 бет. ISBN 5-7090-0234-8

Қазіргі қазақ тілі ғылымының негізін салушылардың бірі, филология ғылымының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Мәулен Балақаев (1907-1995) пен филология ғылымының докторы, профессор Талғат Сайрамбаевтың бұл кітабында синтаксис, оның зерттелуі, сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі, парцелляция құбылысы жан-жақты баяндалған, сондай-ақ бұрынғы ұғымдар мен тұжырымдар жаңа пайымдаулармен толықтырылды.

Оқулық студенттерге, ұстаздар мен тілтанушы мамандарға арналған.

Б $\frac{4602020400 - 028}{416(05) - 97}$ 16

ББК 81.2 Каз. я73

ISBN 5-7090-0234-8

© Балақаев Мәулен,
Сайрамбаев Талғат, 1997

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілі ғылыми курстарына арнаулы оқулықтардың әлі аз екені, барының көп жылдар бойы қайта шықпауы жоғары оқу орындарының кадрлар даярлау ісіне көптеген қиыншылықтар келтіріп жүр. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттері студенттеріне арналған бұл оқулық алғаш 1961 жылы қазақ тілі синтаксисінің үш саласы (сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем) бір кітап болып жазылған еді. Содан кейін ол 1971 жылы шықты да, жиырма жылдан кейін 1992 жылы тағы да жарық көрді. Алайда бұл кітапқа деген мұқтаждық арта түспесе, кеміген жоқ.

Қазақ тілі пәніне білімді, сапалы тіл мамандарын, мұғалімдерді даярлауға ерекше көңіл бөліп отырған қазіргі кезеңде, жоғары оқу орындары үшін оқулықтар жазу, барын өңдеп, қайта шығару қолға алынып отыр. Оқулықтың сапасын арттырып, студенттердің оны пайдалануын оңайлату үшін және авторлардың жауапкершілігін күшейту мақсатында бұрынғы синтаксис оқулығын екі бөліп (сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі — бір кітап, құрмалас сөйлем — бір кітап) болып шығуын жөн көрдік. Олай ету — сырттан оқытындарға курс және диплом жұмыстарын жазатындарға, өз беттерімен қазақ тілін оқып-үйренулеріне де қолайлы болмақ.

Оқулық қазіргі кездегі бағдарламаға сай жазылғандықтан, синтаксистің бұрын айқындалған қағидаларын сақтай отырып, бұл кітапқа елеулі өзгерістер енгізілді: кейбір материалдардың орны ауыстырылды әрі қайта жазылды, ықшамдалды, толықтырылды және басқа да өңдеулерден өтті.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, оны жеті білуге көңіл аударған шақта студенттердің тілдік мәдениетін, тілдің ғылыми негіздерін жақсы игеру талаптары күшейіп отыр. Сол үшін тілдің синтаксистік құрылысын, оның түр-түрпатын қалай жұмсауға болады деген өмір талаптарына ден қоятын жастар оның ғылыми негіздерін білуді өздерінің тіл байлықтарын молайтумен, тіл мәдениетін арттырумен ұштастыруы керек. Соларға керекті дидактикалық тағы басқа материалдар мен ережелер кітапта өз жөнімен мол пайдаланылды. Оқушылардың сабақтарында, студенттердің курс, диплом жұмыстарын жазуында осыларды ескеріп отыруға үнемі назар аударған жөн.

I. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

§1. СИНТАКСИС ЖӘНЕ ОНЫҢ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Синтаксис — (грекше *syntaxis*) — грамматиканың морфология сияқты өзекті саласының бірі. Грамматиканың тең праволы, әрі өзара тығыз байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады: морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді: 1. Сөз тіркесінің синтаксисі. Онда сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады. 2. Сөйлемнің синтаксисі. Онда сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Синтаксис бұл мәселелерді сөздердің грамматикалық құрылысы жөніндегі ілімнен бөліп алып, олардан оқшау тұрған нәрсе деп қарамайды, өзара тығыз байланыста қарастырады. Сондықтан сөздердің морфологиялық құрылысы синтаксистің де грамматикалық талдауының негізі болады. Лексикология мен морфология тіл ғылымының дербес салалары болуымен қатар, олар да синтаксистен байланысын үзбейді.

Сөз тіркесі — сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем — кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде, өзара байланысты категориялар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық құрылысын зерттейтін ілімді синтаксис десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин арқылы атаймыз.

§2. СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН МАҒЛУМАТ

Әрбір ғылым саласының басталу, жетілу, даму кезеңдері болады. Қазақ тіл білімінің бұғанасы бекіліп қалыптасқан қай саласын алсақ та, олардың әрқайсысының даму кезеңдері болған. Ғылым салаларының даму барысында оның әдепкі біртұтастық түйдегінің жеке мәселелері бөлшектеніп танылып сол саланың дербес бөлшегі болып та қалыптасуы мүмкін.

Қазақ тілінің синтаксис мәселелері ол баста жалпы сөйлем құрылысы орайында қаралып келсе, сол ғылым дами келе сөз тіркесінің синтаксисі 1950 жылдары бой көрсетіп, оның жеке мәселелері көптеген ғылыми зерттеудің объектілері болып, қазір солардың жүйелі тармақтары айқындалып, жасалу, жұмсалу заңдылықтары ашылды. Сөйтіп, сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, өз алдына бөлек синтаксис ғылымының бір саласына айналды.

Сөз тіркесінің синтаксисі жайлы мағлұматты оның зерттелу тарихымен ұштастыра ұғыныспайынша көп мәселенің байыбына бара алмай қаламыз. Егер орыс тіл білімінде бұл синтаксис ғылымының бірнеше тарихы бар дейтін болсақ, қазақ тілі сөз тіркесінің зерттелу тарихы 50-60 жылдан әрі аспайды. Ол қысқа тарихтың тіл біліміне қосары айтарлықтай мол болғанмен, сөз тіркесі синтаксисі енді ғылымдық дербестігіне оқшавуланып, бұғанасы бекіп келе жатыр. Қазақ тіл білімі үшін осылай болуының өзі заңды.

Қай ғылымның даму тарихына көз жіберсек те, әдетте олар жоқтан бар болып, тұтас калпында дүниеге келеді де, соның ілгері даму барысында оның тармақталған салалары пайда болады. Мысалы, химия ол баста біртұтас ғылым болса, бұл күнде оның органикалық, органикалық емес биологиялық, катализ тәрізді бірнеше салалары бар. Сол сияқты тіл білімін, оның бір бөлігі — грамматиканы да, ертеде филологтар дәл бүгінгідей саралап жік-жікке бөліп қарастырмайтын. Фонетика да морфология, синтаксис қатарында грамматиканың бір

бөлігі деп есептелетін¹. 1894—1897 жылдары орыс тілінде шыққан П. М. Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” деген екі кітабы, олардан бұрын шыққан Қазембектің және миссионерлер жазған “Алтай тілінің грамматикаларына” негізделгенмен, онда да фонетика грамматиканың бір бөлігі болып, морфологияны “Этимология” деп атап, оған синтаксис мәселелері де енгізіліп, синтаксиске арналған кітабында морфологияға қатысты мәселелері араластырылады. Бұл еңбек сол кездегі түркітанушылардың тіл мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастыруының дәрежесін бүгінгімен салыстырғанда, өте төмен екенін көрсетсе, екінші жағынан — өз заманының казак тіл біліміне қосқан үлкен үлесі. Ол — казак тілі жайында шыққан ең бірінші, әрі көлемді грамматика. П. М. Мелиоранский соны жазғанда, казак тілін өз ана тіліндей біліп, казак тілі материалдарын зерттей жүріп, солардың қорытындысы ретінде жазбаған, “Алтай тілінің грамматикасының” үлгісімен жазған, ол екі кітапта баяндалған көп мәселелер әлі күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ.

1920 жылдары Ахмет Байтұрсыновтың “Тіл — құралдары” (үш кітап) оқу орындарында оқулық есебінде жұмсалған елеулі еңбек болды. Онда грамматикалық атаулар мен дыбыс, буын, сөз, сөйлем құрылыстары жайында жүйелі түрде мағлұматтар берілген. Синтаксиске қатысты бастапқы мағлұмат үшінші “Тіл — құралында” баяндалады. Бертінде, 1930—1940 жылдары казак тілінің бірнеше грамматикасы шықты, синтаксиске арналған азын-аулақ зерттеулер мен шағын мақалалар жарияланды². Оларда жай және құрмалас сөйлемдер синтаксистерінің негізгі мәселелері біршама тәуір баяндалады да, сөз тіркесінің синтаксисі атаусыз қалады. 1939 жылы проф. Қ. Қ. Жұбановтың, 1939 жылы С. А. Аманжолов пен С. Н. Сауранбаевтың бірігіп жазған оқулықтары шықты.

Бұларда сөйлем мүшелерінің тіркесі жайында айтылғандарды сөз тіркесіне де қатысы бар деп қарауға

¹ Одан бұрын 1860 жылы Н. И. Ильминскийдің “Материалы к изучению киргизского наречия” (ученые записки Казанского университета к. III-IV) деген одан кейін 1898 жылы “Грамматика киргизского языка” (Авторсыз). Н. Лалтевтің “Грамматика киргиз-кайсакского языка” деген шағын кітаптары шықты.

² Олар жайында толық мағлұматты Ш. Ш. Сарыбаевтың “Библиографиялық көрсеткішінен” (1965) алуға болады.

болар, бірақ синтаксистің еленбей жүрген келелі саласы сөз тіркесі екенін де, оның жекелеген мәселелерін де ол авторлар ғылыми зерттеудің объектісі деп танымайды, танымағаны былай тұрсын, сөз тіркесі мүлде ауызға алынбайды. С. Аманжоловтың жоғарыда аталған кітабында “сөздердің тізбектері” (10) деген тақырып бар. Онда лексикалық пен тұрақты тіркеске қатысты мысалдарды екі бөліп баяндайды.

Дұрысында, 1940 жылдары қазақ тілінің грамматикалық категорияларын айқындау жұмысы мектептерге әр түрлі бағдарламалар, оқулықтар жазу үстінде жүріп жатты. Бізде ол жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялап барып, солар негізінде оқулықтар жазылған жоқ, бірақ оқулықтар жазылу үстінде көптеген ғылыми қорытындылар жасалып отырылды. Сонда қазақ тілін зерттеушілердің пікір таластары жоқты бар ету бағытында болмай, көбінесе барды дұрыс түсіну, солардың грамматикалық сыр-сипатын айқындау ыңғайында болып отырды. Соларды игеріп алмай тұрып, әрине, жаңалыққа қол созу да оңай емесі. Әйтсе де проф. Қ. Қ. Жұбанов қазақ тілінің грамматикасын жаңаша құрастырып, бірқатар грамматикалық атауларды жаңаша атап, көптеген мәселелерді өзінше дұрыс бағдарлап баяндауға тырысты. Сол бағытта орта мектепке арнап 1936 жылы грамматика оқулығын шығарды, соған байланысты “Ауыл мұғалімі” журналында “Жаңа грамматиканың жаңалықтары” деген мақала жариялады. Қ. Жұбановтың мектеп тәжірибесінен ғылымға шұғыл бет бұруының бір айғағы есебінде автордың көмекші етістіктер жайындағы¹ және сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібінің тарихы жайындағы² еңбектерін айтуға болады. Соңғы мәселеге арналған кітапта Қ. Жұбанов сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібінің ертеде өзгеше болғанын дәлелдейді. Сондағы ғылыми болжаулар мен келтірілген деректердің сөйлем мүшелеріне ғана емес, сөз тіркестері тарихына да тікелей қатысы бар.

Мектеп тәжірибесінен ұлғайған ой-пікірлер проф. С. Аманжоловты да “Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы” жазуға итермеледі. Бұл студенттер үшін жазылған бірінші оқу құралы болғандықтан және

1 Х. Жұбанов. Заметки о вспомогательных и сложных глаголах, вып. II. Алма-Ата, 1936.

2 Х. Жұбанов. Из истории порядка слов в казахском предложении, вып., I. Алма-Ата, 1936.

автордың синтаксис мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндау мақсатын көздегендіктен, кезінде филолог-студенттердің қажетіне жараттық. Бірақ автор ол кітапта сол кездегі “жаңа ілім” қаридаларын қазақ тілі синтаксисімен ұштастырмақ болды. Сөйтемін деп синтаксистің біраз мәселелерін теріс түсіндірді. Сонымен қатар сол кітапта қазақ тілі материалдарына сүйеніп айтылған, дұрыс қорытқан да мәселелер бар. Олары соңғы жылдары басқа авторлармен бірлесіп жазған орта мектеп оқулығынан¹ тиісті орын алды. 1953 жылы шыққан орта мектеп синтаксисінде авторлар сөйлемге мынадай анықтама береді: “Тиянақты ойды білдіретін бір сөзді бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз” (1,3-бет). Бұған қарағанда, сөз тіркесі — сөйлем құраудың негізі. Ал сол кітаптың 12-бетінде сөз тіркесіне мынадай анықтама берілген: “Кейбір сөз (сөйлем мүшесі) басқа сөзді я сөз тізбегін анықтап, толықтап, пысықтап немесе түрліше қиюласып, бірін-бірі керек ету жолымен байланысады. Мұндай байланыстарды сөйлемдегі сөздердің тіркесі дейміз”. Бұл айтылғанға қарағанда, сөз тіркесі сөйлемдегі сөздердің байланысы болып шығады.

Сөйтіп, қазақ тілі оқулығында “сөз тіркесі” деген термин 1950 жылдардан кейін оқта-текте аталады, бірақ оны авторлардың қай мағынада жұмсап отырғаны аян емес, оған берген анықтамалары мүлде басқа жайды меңзейді.

Қазақ тілі синтаксисіне елеулі еңбек сіңірген ғалым С. Жиенбаев болатын. Оның жай және құрмалас сөйлем мәселелеріне арналған құнды зерттеулерінің қатарында сөз тіркесі бөлек талданбайды. Бірақ “үйірлі мүше” деген атпен қай сөздің қандай сөздермен топ құрай алатыны жөнінде айтқандарының сөздердің толықтауыш, пысықтауыш қызметтерін айыру жөніндегі дәлелдерінің есімді, етістікті сөз тіркестеріне қатысы бар.

1954 жылы “Қазіргі қазақ тілі” деген атпен көлемді кітап шықты. Бұл кітап — қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелеріне жан-жақты мағлұмат беретін елеулі табысы. Онда жеке адамға табыну, дәйексөзге әуестену тәрізді елеулі кемшіліктер бола тұрса да, көп мәселелер жүйеге салынып, ғылыми тұрғыдан дұрыс баяндалған, көптеген жаңалықтар

¹ Орта мектептерге арналған синтаксис, 1939 жылы С. Аманжолов пен Н. Сауранбаевтың авторлығымен, 1951 жылдан бастап С. Аманжолов, А. Әбілқасов, И. Ұйықбаевтардың авторлығымен шықты.

енгізілген. Ол кітаптың синтаксис саласындағы бір жаңалығы — сөз тіркесі синтаксисін жай сөйлем синтаксисінен бөліп алып, өзіндік өзгешеліктері бар мәселелер ретінде қарастырылуы. Осыны айтып отырған автордың сол жұмысында қате тұжырымы да болды. Онда сөз тіркесі әрі сөз таптарының, әрі сөйлем мүшелерінің тіркесі ретінде салаласатын, сабақтасатын байланыстағы сөздер деп қаралған. Кейінгі зерттеулеріміз мәселеге басқаша қарау керек екенін көрсетті. Дұрысында, сөз тіркесі — сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Сөз тіркесіндегі сөздер тек сабақтаса байланысады, салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмейді. Олар жай сөйлем синтаксисінде қаралуға тиіс. Осы сынды өзге автор адресіне де айтуға болады¹.

Жалпы түркітанушылық әдебиеттерде сөз тіркесі дегенді бөліп қарамай-ақ, “анықтауыштық есімдер тобы” (“именные определительные группы”) дегенге ерекше көңіл бөлінді. Оның себебі: ертедегі түркітанушылар түркі тілдерінің синтаксистік құрылыстарында кездесетін өзгеше құбылыстарды айқындауды басты міндет етті.

Расында, зат есім мен зат есімнің, сын есім мен сан есімдердің зат есімдермен жалғаусыз қатар тұру арқылы байланысқа еніп, анықтауыштық қатынаста жұмсалуы түркі тілдерінің елеулі өзгешелігі болып саналады. Солар түркітанушыларды қызықтырмай қоймайды². Бірақ олар ондай есімдер тобын сөз тіркесі деген тұрғыдан емес, сөйлем мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан қарастырды. (Әрине, екеуі бір емес.)

§3. СӨЗ ТІРКЕСІ ЖАЙЫНДАҒЫ ПЕРЛЕР

Кейбір авторлар есімдер тобын сөз тіркесі деп танығанмен, олардың басты ерешелігі бір тұтастығы деп есептеді. Мысалы, Франция түркітанушысы Ж. Денидің ізімен проф. А. П. Поцелуевский былай дейді:

¹ Мысалы, Е. И. Убрятованың “Исследования по синтаксису якутского языка” деген кітабының 69-79-беттерін қараңыз.

² Ол туралы, мысалы, “Грамматика алтайского языка” (Казань 1859) деген кітабының 113-121-беттерін, П. М. Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” (СПб, 1897, Ч. II) деген кітабының 3-9-беттерін, Н. К. Дмитриевтің, “Грамматика кумыкского языка” (М. Л. 1940) деген кітабының 176-183-беттерін қараңыз.

“Два или несколько слов, представляющих собою одно целое с точки зрения логической и формальной, называются словосочетанием”¹. Осылай, сөз тіркесін жеке сөзге балап бір бүтін (“одно целое”) дейтін себебі — тіркескен сөздердің соңғылары септеледі де, бағыныңқылары орыс тіліндегідей септелмейді. Бұл анықтама бойынша лексикалық тіркестерді ғана сөз тіркесі деп тануға болатын тәрізді. Бірақ автордың келтірген мысалдарында, сөз тіркестерін топтастыруында ол байқалмайды. А. П. Поцелуевский сөз тіркестерін былай бөледі: 1) детерминативті; 2) салалас; 3) сабақтас; 4) сөйлем. Бұл бөлістің қандай принципке негізделгенін түсіну қиын. Дегенмен автордың сөз тіркесі аясына әр алуан сөздер тобын тарту керек деген ойын аңғаруға болады.

Сондықтан Н. К. Дмитриев сөз тіркесін сөйлемнен айырып тану керек екеніне ерекше көңіл бөледі: “Технически и словосочетание, и предложения представляют собой группу или комплекс нескольких слов. Тем не менее, принципы, по которым соединяются оба комплекса, совершенно различны. Всякое синтаксическое сочетание, части которого не осознаются нами как внутренне связанные подлежащее и сказуемое, будет не предложением а словосочетанием”². Мұндағы бастауыш — баяндауыштық қатынаста тұрмаған сөздер тобының бәрін сөз тіркесі деген пікір біраз дәлелдей түсуді тілейтін болар, бірақ ғалымның сөз тіркесін сөйлемнен айыру керек екенін айтқанының үлкен мәні бар. Сол талап Н. К. Дмитриевтің сөз тіркесі жайында жазған мақаласында да принципті мәселенің бірі ретінде қарастырылады да, сөйлем мен сөз тіркесін олардың білдіретін мағыналарына қарап айыру керек екенін уағыздайды. Сөйлем байымдауды (суждение) білдіреді, сөз тіркесі оны білдірмейді дейді³.

Осындай, “суждение” дегенді сөз тіркесі мен сөйлем арасын айырып тұратын межелі жік деп тану Н. А. Баскаковтың жазған мақалаларында да бар⁴. Бұл пікірді

¹ А. П. Поцелуевский. Основы синтаксиса туркменского литературного языка, Ашхабад 1943, 51-бет.

² Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1945, 202-203-беттер.

³ Қар: Н. К. Дмитриев. “Детали простого предложения”, — Жив. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, III (синтаксис), М., 1961, 43-бет.

⁴ Қар: Н. А. Баскаков. “Словосочетания в каракалпакском языке” — Жив. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, III (синтаксис) М., 1961, 50-бет.

құптауға болмас. Өйткені, “Суждение” (байымдау), біріншіден, грамматикалық категорияларға тән ұғым емес, логика ғылымына тән. Оны елеменде, сөз тіркесі болып есептелетін синтаксистік топтар сөйлем сияқты кісінің ойын білдірудің, қарым-қатынас жасаудың да формасы болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Соны жоққа шығару үшін Н. А. Баскаков, А. И. Инкижекова — Грекулмен бірігіп құрастырған хакас — орыс тілінің сөздігі соңындағы грамматикалық очеркте етістікті сөз тіркесінің басыңқы сөзі есімше, көсемше тұлғалы болуын талап етеді. Автордың ойынша онда болды десек — сөйлем, онда болған, онда болып десек — сөз тіркесі. Сондай-ақ *атқа мінді* — *сөйлем* *атқа мініп, атқа мінген* — сөз тіркесі. Сөз тіркестерін қарастыруға ешқандай қатысы жоқ (жіктік, есімше, көсемше) тұлғаларға сүйеніп сөз етпей, тек *атқа мін, онда бол* десек, қайтер еді? деген сұрақ туады.

Сөз тіркестері мен сөйлемнің бір емес екенін мағыналарына қарап та, әлгідей тұлғалық дәйекші кою арқылы да айыру мүмкін емес. Сөздер тобын сөз тіркесі деп те, сөйлем деп те тануға болатын орайы бары рас. Сонда да сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап, сөз тіркесін де өзіндік қасиеттеріне қарап танып, мысалы, *жазық дала* дегенді сөз тіркесі деп танысақ, *атқа мінді* дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі ретінде қарастыру керек. Осындай мысалдарды тек сөз тіркесі, не тек сөйлем ретінде тану үшін Н. К. Дмитриев те, Н. А. Баскаков та “атрибуттық” топтарды ғана сөз тіркесі деп қарастырады. Н. А. Баскаков “атрибуттық” (анықтауыштық) сөз тіркесі дегенді кең түрде түсінеді. Сонда анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынастағы сөздер тобы байымдауды білдірмесе, сөз тіркесі деп таниды да, білдірсе — сөйлем; сөз тіркесі емес деп таниды.

Түркі тілдерін зерттеушілердің ішінде сөз тіркесін жанжақты зерттеудің объектісі еткен кісінің бірі — Е. И. Убрятова. Ол “Исследования по синтаксису якутского языка” деген кітабында сөз тіркестерінің түрлерін, негізінде, синтаксистік байланыс формаларының ізімен қарастырады: Сөйте отырып сөз тіркесін “бір бүтін мағыналық единица” (“целостная смысловая единица”, 82-бет) деп танып, екінші жағынан, сөз тіркестерін “предикативті”, “предикативті емес” деген тұрғыдан да қарастырады.

Е. И. Убрятова да сөз тіркестерін сөйлем мүшелері мен сөз таптарының басын біріктіріп жан-жақты қарастыруды көздеген. Сондықтан оның зерттеуінде сөз тіркесіне бай материалдар негізінде жасалған дұрыс қорытындыларымен қатар лексикаға және сөйлем синтаксисіне тән мәселелерді олармен араластырып алған жайлары да бар. Жалпы алғанда, бұл аталған кітап — құнды еңбектің бірі.

Сөйтіп, түркі тілдерін зерттеушілер еңбектерінде сөз тіркесінің көп мәселелері әлі күнге дейін дұрыс шешімін тапқан жоқ.

Сөйлемнің синтаксисі екі бөлініп қарастырылады: 1) жай сөйлемнің синтаксисі; 2) құрмалас сөйлемнің синтаксисі.

Қазақ тіл білімі тарихында Қ. Жұбанов пен А. Байтұрсынов ерекше орын алады. Тілдік құрылыстың табиғи жүйелері негізінде фонетика, лексика, грамматикалық категориялардың жұмсалу заңдылықтары қалыптасады. Тілдік тәсілдердің жұмсалу жүйелерін айқындап, оларға өзінше ат қойып, айдар таққан кісі Ахмет Байтұрсынов болады да, олардың жұмсалу, даму, қалыптасу заңдылықтарын айқындауға ерекше күш жұмсаған проф. Құдайберген Жұбанов болды. Екеуі де кезінде әділетсіздіктің құрбаны болды да, олардың қазақ тіл біліміндегі ізін қуған жас ғалымдар кафедралар мен Тіл білімі институттары құрамында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Олар мақала, кітап, оқулықтар жазса да, докторлық, кандидаттық диссертация жазса да, Ахмет Байтұрсынов құрастырған тілдегі фонетикалық, грамматикалық жүйелік пен ұғым, категория атауларын (терминдерін) пайдаланды. Бірқатар Қ. Жұбановтың салған жолымен жеке категория олардың даму заңдылықтары, тарихи құбылыстарын айқындауды мақсат етті және басқа тіл мәдениеті, стилистика диалектология т. б. мәселесімен шұғылданды. Солардың бәрі — қазақ тіл білімінің табысы.

Қазақ тіл білімі — жас ғылым саласы. Ғылымның жастығы ғылыми объектілердің зерттелу дәрежесімен өлшенеді. Әсіресе синтаксис ғылымының жастығы, біріншіден, адамның ой жұмысының нәтижелерінің синтезі ретінде тұтасқан бөлшектерінің пайда болу, жұмсалу заңдылықтарын айқындаудың қиын екенімен байланысты болса, екінші

жағынан, оның негізгі зерттеушілерінің аз-кемдігімен байланысты¹.

Қазақ тілі ғылымының келешектегі мамандары синтаксис мәселелерін оқып-үйреніп басқаларға үйрететін келешектегі жас мамандар студенттер ғылымының зерттелу тарихымен таныс бола жүріп, өздерін де ардақты ана тілінің маманы етуге жол ашады, оны өмірлік істерімен жанастырады.

Синтаксистің басты зерттеу объектісінің бірі — сөйлем. Сөйлем — сөз тіркесін қамтитын, қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік материалдардың бір тұтас бөлшегі. Біздің басқаға айтатын ойымыз мақсатты болады: кейде, мысалы, есіткен-білгенімізді біреуге хабарлауды мақсат етсек, кейде біреуден бірдеңені сұрап білуді мақсат ете сөйлейміз. Сондай мақсатты ойларымызды сөздерден сөйлем құрау арқылы білдіреміз. Ал сөздер сөйлем құрамына ену үшін өзара мағыналық, синтаксистік байланысқа түсіп, өзара тіркесіп айтылады. Сөздердің тіркесуінен сөз тіркестері жасалады.

Сөйтіп, сөздерден сөз тіркесі, сөз тіркестерінен сөйлем құралады. Сөз де, сөз тіркесі де — сөйлем құраудың материалдары. Сөйлем кейде көп сөзден, кейде жеке сөзден не сөз тіркесінен жасалады. Соңғы жағдайда сөздер мен сөз тіркестері өздерінің лексикалық және синтаксистік қасиетін жоймады. *Түн. Аспанда алақандай бұлт жоқ. Не болмаса: Желсіз түн. Екі кісі жүріп келеміз.* Бұл сөйлемдерде *түн* — әрі сөз, әрі сөйлем; *желсіз түн* — әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем.

Осылайша, кейде сөздің, сөз тіркесінің және сөйлемнің тілдік материал құрамы бірдей болғанмен, олардың түсінігі бірдей емес.

Сөз айналадағы объективтік шындықтың адам басындағы сәулесі ретінде жеке-жеке ұғымды білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қарым-қатынасын және мағыналық тобын білдіреді. Ал сөйлем жеке ұғымдардың синтезі ретіндегі байымдауды хабарлауды, сұрауды, модальділікті білдіреді. Әдетте бұлар жеке

¹ Қазақ тілінің сөз тіркестері жайында зерттеушілеріміз табысты еңбек етті. Оның жеке мәселелері бойынша 3-4 докторлық, жиырма шикты кандидаттық диссертация қорғалды; бірнеше монографиялық еңбектер, мақалалар жазылды; филолог-студенттерге арналған оқулықтар, оқу құралдарынан тиісті орын алды; көп жылдан бері сөз тіркесінің синтаксисі дербес синтаксис саласы болып оқытылатын болды. Бірақ оның зерттеушілерін күтіп тұрған мәселелері аз емес.

сөйлеммен тиянақталып, ойымыз жеке сөйлеммен аяқтала бермейді. Сөйлемнің аяқталған ойды білдіруі оның маңындағы басқа сөйлемдермен қатынасына қарап та айқындалады. Мысалы: *Түн, Аспанда жымыңдаған жұлдыздар. Екі кісі даңғыл жолмен жүріп келеміз* деген үш сөйлемнің алдыңғысын (Түн) соңғылармен байланыстыра қарамасақ, сөйлем демей, жеке сөз деп таныр едік. Сол сияқты, *Аспанда жымыңдаған жұлдыздар* деген сөйлемнің де тиянақтылығы айналасындағы басқа сөйлемдермен байланыстыра қарағанда немесе талдағанда, анық байқалады. Контекстен бөліп алынған сөйлемдер әр уақытта мүлде аяқталған ойды білдірмейді, біршама ғана аяқталған ойды білдіреді. Тағы бір-екі мысал келтірейік.

1. *Күн сары белге шұқшиып барып қалыпты. Тұстұстан көтерілген қою шаң тымық әуеде жайымен ғана ыдырап барады.*

2. *Әлдеқайда шырқаған ән естіледі. Ойды өзіне тартып ап бойды тербеп тұрғандай. Ауыл шымыр-шымыр қайнайды: өрістен мал қайтты, көшеде ойнаған бала, жүгірген ит-құс* (Ғ. Мұстафин).

1 — мысалдағы екі сөйлемнің екеуі де өз алдына тиянақты. Екеуі де дараланып оқшау тұрған қалпында аяқталған екі түрлі ойды білдіреді. Солай бола тұрса да, ол екеуін өзара мағыналық байланысы жағынан қарасақ, табиғаттың бір мезгілдегі суретін көз алдыға елестетеді. Ал 2-мысалдағы 6 сөйлемде мағыналық даралық бірдей емес. *Әлдеқайда шырқаған ән естіледі* деген сөйлемнің мағынасы айқын. Ал 2-сөйлемді онымен байланыстыра қарамай, оқшау тұрған күйінде оқысақ, әңгіменің не жайында екенін аңғара алмас едік, өйткені *Ойды өзіне тартып ап, бойды тербеп тұрғандай* деген сөйлемде әңгіме не туралы айтылып отырғаны күңгірт. Егер оны бірінші сөйлеммен байланыстыра оқысақ, әңгіменің ән жайында болып отырғаны айдан анық бола қалады. Одан кейінгі сөйлемдер де өзара байланысты: *Ауыл шымыр-қайнайды* дегенді *Өрістен мал қайтты, көшеде ойнаған бала, жүгірген ит-құс* деген сөйлемдер саралай түсіп отыр.

Сөйлем бір сөзден тұрса да, өзара байланысты бірнеше сөзден құралса да, ол дауыс ырғағы жағынан тұтастанып, айналасындағы басқа сөйлемдерден пауза арқылы оқшаулануымен қатар, олармен мағыналық қатынасқа еніп, ұласып, ұштасып жатады.

Сөйлемнің сөзден, сөз тіркесінен бөлек е д и н и ц а екенін айқындайтын басты белгілері мыналар: 1) сөйлем біршама аяқталған ойды, модельділікті¹ білдіреді; 2) сөйлем өзара байланысқа енген сөздерден, сөз тіркестерінен құралады; 3) сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикаттық қатынасты білдіреді; әрбір сөйлемнің айтылу сазы (интонациясы) болады.

Осыларды негізге алып сөйлемге мынандай анықтама беруге болады;

Предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз.

Сөйлемдегі сөздердің әрқайсысы өзінің лексикалық мағынасына лайық сөйлем құруға қатысып, тұтас ойдың мазмұнына ортақтасып тұрады. Олар сонымен қатар, сөйлемде жалаң мүше қызметінде не күрделі мүше құрамында тұрып, өздерінің лексикалық және грамматикалық мағыналарын айқындай, толықтыра түседі.

Сөздер сөз тіркестерінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болады да, бастауыш-баяндауыштық, (тұрлаулы) толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш (тұрлаусыз) қатынаста жұмсалады. Тұрлаулы мүшелер сөйлем құраудың бас арқауы, негізі болса, тұрлаусыз мүшелер олардың мағына ұйысып бастауыш, баяндауыш арқылы айтылған ойды толықтырып, айқындай түседі.

Сөйлемнің айтылу мақсаты:

Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті болып бөлінеді.

§4. ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

Бірдеңенің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем хабарлы болады.

Асау Терек долданып, буырқанып, тауды бұзып, жол салған, тасты жарып (Абай). Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыққан. Аспан шайдай ашық (Ғ. Мұстафин). Ғылым ауыл шаруашылығын өркендете беруге үлкен көмек көрсетіп келеді. Халық өз бақыты үшін

¹ Айтылған ойға айтұшының субъективті көзқарасын білдіруді модельділік дейміз.

күресетінін білсе, оған ешбір жау төтеп бере алмайды (Х. Есжанов).

Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр түрлі болады. Олардың мазмұны сөйлемге қатысқан сөздердің, сөйлем мүшелерінің әсіресе баяндауыштардың мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерімен байланысты. Баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай хабарлы сөйлемдер, мысалы, болымды (*Жаңбыр жауды*), болымсыз (*Жаңбыр жаумайды*), қалаулы (*Енді қырманға барайықшы*), болжалды (*Жездең ертең келетін шығар*) болады, ал баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай етістікті (*Үйдің іші жылынды*), есімді (*Күн жылы. Аспан ашық. Айнала жымжырт*) болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлемдер, жалпы алғанда, бірсыдырғы баяу әуенмен айтылады: жалаң сөйлемдер тақ-тұқ қайырылса, жайылма сөйлемдерді айтқанда, дауыс сөйлемнің соңында бәсеңдей түсіп тынады.

Мысалы: *Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар.* (М. Әуезов) *Асанмен сөйлесіп отырған Қажымұқан бұлардың әңгімесін бөліп жіберді* (Х. Есжанов).


Бір сөйлемнен екінші сөйлемнің межелі жігі пауза арқылы айрылып тұрады. Бірақ хабарлы сөйлемдегі жеке сөздердің айтылу әуені әр уақытта бірқалыпты бола бермейді.


Көп құрамды хабарлы сөйлемнің ішіндегі бастауыштың не толықтауыштың маңына топтанған сөздердің саны неғұрлым көп болса, сол топ солғұрлым оқшаулана түсіп, көтеріңкі дауыспен айтылады да, одан кейін дауыс бәсеңдей береді.

Таудан төмен қарай сырғанап келе жатқан шаңғышылар колхоз клубының алдына келіп тоқтады.

Жазғы жайылымнан қайтқан сиырларды Айша қораға кіргізді.

Бұл сөйлемдердегі дауыстың жоғарылап төмендеуін былайша көрсетуге де болады:





Баяндауышы зат есім мен есімдіктен болатын сөйлемдер интонация жағынан екі бөлініп айтылады: жазуда оны сызықша арқылы таңбалаймыз.

Москва // — ұлы астанам.

Отанымның жүрегі // — Москва.

Мал басын көбейтуге ерінбей еңбек сіңірген кісінің бірі // — Жақыпбек (Ғ. Мұстафин).

Бұл // — Байжанның талай келген үйі. Ол позмадан менің есімде қалғаны // — осылар (С. Мұқанов).

§5. СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ

Сөйлеу — тіл жұмсаудың басты тәсілінің бірі жүздесіп және басқа амалдар арқылы өзара сөйлескен адамдар істің, әр нәрсенің мән-жайын білгісі келгенде, сұраулы сөйлемнің сұраулы түрлерін қолданады. Ауызекі сөйлеу стиліне тән пікір алысудың бұл түрі әдебиетте, әсіресе көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады; мысалы:

1.— Әй, тілің бар ма өзіңнің? Неге бұғасың?.. Неге жөніңді айтпайсың? — деді Қадырбек (С. Сейфуллин.)

2.— Сен мұнда қайдан келдің?

— Сен қайдан келдің? — деп екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.

— Әуелі өзің айтшы (Ж. Аймауытов.)

Басқадан (кейде өзінен) жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер к ө т е р і н к і дауыспен айтылады. Олардың жасалу амалдары әр алуан:

Көркем әдебиетте (халық өлеңдерінде де) сөйлемдердің, әсіресе хабарлы сөйлемдердің қолдану мақсаты ойды әсерлі-көрікті, көркем ету де ескеріледі. Мысалы:

1. Қараңғы түнде тау қалғып
 Ұйқыға кетер балбырап.
 Даланы жым-жырт дел-сал қып
 Түн басады салбырап

(Абай).

2. *Тура тисе түзелмес тіл жарасы*
Оны ұға ма адамның бір парасы.
(Шәкәрім).

3. Арал толған ағаш. Ағаш арасы жол. Жол жиегі жасыл шөп пен түрлі гүл. Гүләдепті жасыл жолда иін тіресіп, ерсілі-қарсылы жүріп жатқан жан (Ж. Аймауытов).

4. Көкшетау кейде қарлы, кейде қарсыз,
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.
Дарияның жарға соққан толқынындай,
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.
(Біржан).

Сұраулы сөйлемдер интонация арқылы және сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалардың қатысуы арқылы жасалады. Олардың бастылары мыналар:

1. Сұраулы сөйлемдер *ма//ме, па//пе, ба//бе* сұраулық шылаулары арқылы жасалады:

Жиналыс басталды ма? Баяндамашыға сұрақ бар ма? Анау келе жатқан Жақып па, Әсет пе? — Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? (Ғ. Мүсірепов).

Сұраулық шылау қысқарып жіктік жалғаулардан бұрын келу арқылы да сұраулы сөйлем жасайды:

— *Сен немене, тоңып қалғанбысың?* — деді офицер.

— *Ой, сенбісің? Сені де сақал басып кетіпті ғой* (Ғ. Мүсірепов). Сұраулы сөйлемді бұлай құру сөйлеу тіліне тән болатындықтан олар диалогтарда жиі ұшырайды.

2. Сөйлемде кім, не, қашан, қайдан, қандай, кімді... сияқты сұрау есімдіктері айтылу арқылы сұраулы сөйлем жасалады:

Мұнда қайдан жүрсіз? (З. Шашкин).

— *Ой, Бәтес, мұның не?* (С. Мұқанов).

— *Сені кім шақырды?* — *Жиналыста қандай мәселе қаралды?*

3. Шығар, болар, қайтеді деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылғанда, сөйлем сұраулы болады:

Сен осы ауылдың баласы шығарсың? Борашты көріп жүретін шығарсың? Оның өзін тыңдап көрсек қайтеді (Ғ. Мүсірепов).

4. Баяндауыштың құрамында — *ау, ғой* шылаулары мен одағай айтылып та сұраулы сөйлем жасалады:

Сен кіп-кішкене куыршақтай едің — ау, ә? (Ғ. Мүсірепов). *Егістің дайындық жұмысына қызу кірісіп жатырсыңдар ғой, ә?*

5. Ше демеулігі баяндауыштардың құрамына ену арқылы да сұраулы сөйлем жасалады:

— Ал, Жамал ше? Өзің ше?

— Атым — Қайыргали, өзіңнің атың ше? (Ғ. Мүсірепов).

6. Кейде (көбінесе диалогтарда) хабарлы сөйлемдерді сұраулық интонация арқылы сұраулы етіп айтуға болады:

Богданов: Сіздер ертеңнен бастап теңізге шығу жұмысына кірісіңіздер.

Мәжен: Ертеңнен бастап?

Богданов: Иә! (Ә. Әбішев).

— Мүмкін, маған Бәтес қосылар? — деді Нұрбек (С. Мұқанов).

— Ал сосын? (Б. Майлин).

— Келістік қой? (М. Иманжанов).

— Мынау — қызыл отаудың бастығы Бектасова Әсия деген әйел.

— Әйел? — деп қалдық Қалиса екеуміз (С. Мұқанов).

Сұраулы сөйлемде әдетте түгелімен кейде сұрау есімдіктері көтеріңкі дауыспен айтылады да, сұраулық интонациямен аяқталады. Соныме қатар, көп құрамды сұраулы сөйлемдерде жауап күтуді білдіретін сөздер (әсіресе сұрау есімдіктері) басқа сөздерден гөрі басым әуенмен айтылады (Сені кім шақырды? Өзге жолдастар қайда?) Кейде, ондай ой екпіні түсіп, басым әуенмен айтылатын сөз тікелей баяндауыштың қасында тұрады. Мына сөйлемдерді салыстырыңыздар.

Сен баяндамаға дайындалдың ба? (Жауабы: Мен баяндамаға дайындалдым). Сен баяндамаға дайындалдың ба? (Жауабы: Иә, баяндамаға дайындалдым) Баяндамаға сен дайындалдың ба? (Жауабы: Иә, баяндамаға мен дайындалдым.)

Сұраулы сөйлемдерде қойылатын сұрақтардың мазмұны әр түрлі болады. Олардың негізгілері мыналар:

1. Ашық сұрақ. Біреудің ойын немесе біреудің я бірдеңенің жайын, бар-жоқтығын білу мақсатымен айтылған сұраулы сөйлемдерде сұрау ашық қойылады:

— Атың кім — деді ересек бала.

— Қайыргали... Өзіңнің атың кім?

— Шеген... (Ғ. Мүсірепов).

Дәурен: Өзіңіз қандай ақыл бересіз?

Богданов: Барлық күшті осы төбеге салыңдар дегеннен басқа айтарым жоқ (Ә. Әбішев).

Ашық мәнді сұраулы сөйлемдердің баяндауыштарына ой екпінін түсіре, сұраққа жауап алу үшін бір сөйлемде сұрақ кейде екі рет айтылады. Ондай екі рет айтылатын сұрақтар көбінесе біріне-бірі қарсы мәнді сөздер болады. Сұраулы сөйлемнің сондай экспрессивті мәнін күшейту үшін бір сұрақ қазбаланып кейде бірнеше рет қойылады:

Ол бүгін келе ме, келмей ме? Әне өрге шыққан неме-не? Тау ешкісі ме, сенің ешкің бе? (Ғ. Сланов). Бұған кім кінәлі? Қайыр ма? Дәмеш пе? Орыздың өзі ме? (З. Шашкин). Не іздейсің, көңілім, не іздейсің? (Абай).

2. Қарсы сұрақ. Бірқатар сұраулы сөйлемдерге ашық жауап берілмей, сұраққа сұрақ түрінде де жауап беріледі де, қарсы сұрақ қойылады.

Богданов: *Олай болса, сонша малға жерді қайдан таппақсың?*

Жанар: *Жеріміз енді көбейгелі тұрған жоқ па?* (Ә. Әбішев).

— *Біздің ауылға барасың ғой, қызым?*

— *Бармағанда қайтем?* (Ғ. Сланов).

— *Ой, мынау тамаша емес пе?*

— *Несі тамаша?* (Т. Нұртазин)

3. Күмәнды сұрақ. Бірқатар сұраулы сөйлемдер бірдеңенің жайын білуді ғана көздеп айтылмай, айтушының бірдеңеге күмәнданғанын да білдірді: Ондай әрі сұраулы, әрі күмәнді сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында *ма//ме ... екен, екен-ау және ә* деген сөздер болады.

— *Сол жаққа мен де барсам ба екен?*

— *Мына мың болғыр бой бермей кетер ме екен?* (Ғ. Сланов).

4. Таңырқаулы сұрақ. Баяндауышының құрылысы күмәнды сұрақ формаларында немесе деймісің деген сөзбен келетін сұраулы сөйлемдер кейде бірдеңеге таңдану, таңырқау мағынасында да айтылады. Ондай сөйлемдер әрі сұраулы, әрі лепті болатындықтан, жазуда олардан соң сұрақ белгісі мен леп белгісі қатар қойылады:

— *Сізде де арман бар ма екен?!* (Ә. Әбішев).

— *Арық адамның көзі өткір болады екен-ау?!* (Ғ. Мүсірепов).

— *Мен білмейді деймісің?!— Бұл да келіп қалып па еді?* (Ғ. Мұстафин).

Жоғары сұраулы сөйлемдердің ішінде кісінің көңіл күйін білдіретін одағай сөздер болса, сұраулы сөйлем-

дердің мазмұнына тағы басқа эмоциялық реңк қосыла береді.

Апырмай, біздің таласымыз не болды екен?! (Ә. Әбішев). Қап, кеше неге айтпадың?! Ойбай-ау, мен кеше осылай деп пе едім?!— Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің?! (М. Әуезов).

5. Риторикалық сұрақ. Кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Ондай сөйлемдерде риторикалық (риторика гректің *rhilos* — шешен — деген сөзінен алынған) мән болады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиетте жиі қолданылады:

1. Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?
Ойлансаңшы, Мағышым,
Кімнің гүлі солмайды?
(Абай).

2. Халық ұстазынан айрылса, не ташпақ? Ел не ел? Жақсысымен ел. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? (М. Әуезов). Аз ғана малды сатып, соя берсе, ертеңгі күні кедейленіп қалса. Сараның сөзін кім тыңдамақшы? (Б. Майлин). 3. Баянауыл сияқты жерді кім сүймейді? Енді жұрт машина мен мотоцикл іздейді, арбаны қайтсін?.. (З. Шашкин).

Риторикалық сұраулы сөйлемдер кейде салалас құрмалас сөйлемнің құрамына енгенде құрмаластың аралығында әйтеуір, қалайда деген сөздер қолданылады:

Әлде ақсиган тістері ме, әлде ақ көңілділігі ме, әлде қабағына қақ тұрмайтын ойнақылығы ма? — әйтеуір Шеген мені біржола тартып әкетті (Ғ. Мүсірепов).

БҮЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМ

Б ұ й р ы қ т ы с ө й л е м біреуді іс істеуге жұмсау мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т. б. білдіреді.

Бұйрықты сөйлем, негізінде, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды.

Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Олар сөйлемнің баяндауышы

болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені оларды қандай мазмұнда жұмсалуына қарай түрліше болады. Егер бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі дауыс екпінімен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады. Алдыңғы жағдайда баяндауыш көбінесе сөйлемнің басына қойылады, мысалы:

— *Шеген! Тоқта! Қайрыла кет!* (Ғ. Мүсірепов).
Еріңдер соңыма! (Ғ. Мүсірепов). *Тарт қолыңды!* (М. Әуезов). — *Тоқташы, балам!* — деді Шығанақ өтіп бара жатып. — *Тарыңнан титтей берші* (Ғ. Мұстафин).

Бұйрықты сөйлем көбінесе толымсыз (бастауышсыз) болады да, оның орнына қаратпа сөз қолданылады. Қаратпа сөздер істі істеуге тиісті кісіні, бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіреді.

Бұйрықты сөйлемдердің тағы бір ерекшелігі мынау: олар көбінесе аз сөзден құралған ықшамды болады да, екпінді әуенмен тақ-тұқ айтылады.

— *Қорқытпа! Тоқта, бала, тоқта!* (Ғ. Мұстафин).
Тыңда, дала, Жамбылды! (Жамбыл.)

Мақтан қума, керек қу!

Ойсыздарға қосылма!

(Абай).

— Қане, жігіттер, аттарыңды қамдаңдар! — Әй, бері кел, Амантай! Бері келіп кет деймін! (С. Мұқанов).

Мұндай сөйлемдерде қаратпа сөздің болуы, сөйлемдердің ықшамдалып айтылуы — олардың бұйрықты мәнінің өткір, әсерлі болуымен байланысты. Сондықтан бұйрық, талап, үндеу мәнді болумен байланысты. Сондықтан ондай сөйлемдерді салмақты етіп айту үшін сөйлем белгілі біреуге арналады да, сол “біреу” қаратпа сөз қызметінде жұмсалады. Қаратпа сөзі болмаса, сөйлемнің бұйрықтылық күші солғын болады да, бұйрық, талап, тілек көпке арналады. Соңғы жай мақал-мәтелдердің стиліне тән, мысалы: *Темірді қызған кезде соқ! Жалғаймын деп үзіп алма, түзеймін деп бұзып алма!*

Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары қандай сөз болғанына қарай және сөйлемнің құрамы қандай болуына қарай, олардың мазмұны әр түрлі болады:

1. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдерді көбінесе бұйрық, талап кейде үндеу мәнді болады:

— Тарт тіліңді! Жоғал көзіме көрінбей!— деп Ысқақ кимелеп кетті (С. Ерубәев). Өшір үніңді, оңбағанның баласы! (Ә. Сәрсенбаев).

Төл өсір, малыңды бақ, күтіп бапта!

Ел сенген, Отан сенген сенімді ақта!

(А. Тоқмағанбетов).

— Жоспарды басқарма бекіткен күйінде қабылдайтының қол көтер! (Ғ. Мұстафин).

2. Баяндауыштары бұйрық райының үшінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе т а л а п , т і л е к мәнді болады:

Керімбек малды тез жайлауға айдасын! Бағар көбейсін, шалым! (Ғ. Мүсірепов).

Көгерсін, қалқам, көсегең!

Мақсатыңа жет көксеген!..

Көңілдерің жай болсын,

Бақ кетпесін басыңнан!

(К. Әзірбаев).

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған -шы/-ші қосымшасы жалғанып, тілек, жалыныш не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдер I жақта қалау мағынасында да айтылады:

Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Қарағым, мына баланы риза қылшы! Мына жұмысты тезірек бітірші! Сабыр ертең біздің үйге келсінші! Бір ауыз сөз айтайын, қатар тұрып тыңдаңыздаршы! (Ә. Әбішев),— Ататай, “түсі жақсыдан түңілме” деген еді, түсіңіз жылы екен, түсіндіре кетіңізші! (Ә. Әбішев)— Балам, жөніңді айтшы! (М. Әуезов).

— шы,— ші қосымшасы жалғанған бұйрық рай тұлғалы баяндауыштары бар сөйлемдер кейде біреуге с е с - көрсетіп, қ о р қ ы т а с ө й л е г е н д і б і л - ді р е ді:

Қане, осы баланың бәйгесін бермей көрші! (Ғ. Сланов). Көмірсіз тырп етіп көрші! (Ғ. Мұстафин) Тапсырманы орындамай көрші!

5. Етістіктің қалау, бұйрық рай тұлғасынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұ р а н , ү н д е у мағынасында да жұмсалады:

Колхозшылар мен совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылық, мамандары! Егіс көлемін ұлғайтындар, егіншіліктің мәдениетін арттырындар, егіннен мол өнім алатын болындар! Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру үшін күресіндер! (Газеттен).

§7. ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ

Кісінің көңіл күйін, әр түрлі эмоциялық сөзімін білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер **л е п т і** болады. Лепті сөйлемдердің мағыналары жай хабар болумен қатар, кісінің қуанышы, қорқынышы, таңырқауы, ызасы, аянышы, жалынышы, күмәны, жиреніші сияқты ішкі сезімдерін білдіреді.

Лепті сөйлемдер мұндай мағыналарда айтылу үшін олардың құрамында көбінесе одағайлар болады. Кейде одағайлардың өзі лепті болады. Оның үстіне сөйлем асқақтаған көтеріңкі дауыспен, лептілік интонациямен, айтылады:

— **Қап!**— деді Ахмет өте шығып (Ғ. Мұстафин)

— **Пай-пай-пай, бұл неткен жан!** (Ә. Тәжібаев)

— **Пай-пай, Ысқақ-ай, осындай адамдарды көре білмейсің!** (Ғ. Мұстафин)

— **Түү, сіз қызық екенсіз!** (Ш. Хұсайынов).— **Апырай, аман болғай-ақ та!** (Ғ. Мүсірепов)— **Шіркін-ай! Біздің ауылдың жайлаудағы шалғыны қандай еді! Бұзау көрінбей кетуші еді! Ауыл келіп қонғанда, жұпар иісі мұрныңды жарушы еді!.. Тау аясындағы айдын көлдің айнадай суы қандай еді!** (Ж. Аймауытов).

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль, сөздермен, сөйлемдердің лептілік әуенімен байланысты:

1. **Қ о р қ у , с е с к е н у , а я у , ө к і н у , т а ң ы р қ а у** сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында **ау, ай** демеуліктері айтылады:

— **Құлайды-ау! Құлайды-ау! Ол бүгін келмеді-ау** (Ғ. Мұстафин).— **Ой, байғұс бала-ай!... Қарғадай баламды тағы шырылдаттың-ау, қан ішер Майбасар!** (М. Әуезов) **Апырай, желісінің қаттысын-ай!** (Ғ. Мүсірепов)— **Жасаған-ау, мұндай сұлу дене болады екен ғой!** (С. Мұқанов).

2. а) баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылады:

— **Жасаған-ау, бала бере көр!**— деді (ол). Бірақ тілек іске аспады (М. Жұмабаев).

б) баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірдеңені **к ө к с е у , а р м а н е т у** мағынасында лепті сөйлем жасалады: Ондай сөйлем

шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас болып айтылмай, жай сөйлем ретінде жұмсалады:

Мына көгалға бауырыңды төсеп жатсаң! Әрбір бригадаға жерді өлшеп, сыбаға берсе! Сонан соң социалистік жарыс ұйымдастырса! Колхоз басқармасы көшпелі қызыл ту жасап, оны озық бригаданың қосына тігіп қойса! (Ғ. Мұстафин).

Күрделі баяндауыштың негізгі сөзі келер шақтық есімше болып, одан кейін сұраулық **-ма/-ме** шылауы мен еді көмекші етістігі тіркесіп **те а р м а н м ә н д і** лепті сөйлем жасалады.

Па, шіркін мына атқа мінер ме еді! Ана көк шөпке бауырыңды төсеп жатар ма еді! — О, шіркін, ең болмаса, біздің қолымызда пышағымыз болар ма еді! (Ж. Верн.)

3. Өткенде істелуге тиісті, бірақ істелмеген, болмаған іске ө к і н у р е т і н д е айтылатын да лепті сөйлемдер болады. Ондай сөйлемдердің баяндауыштары көбінесе екі түрлі болып келеді.

а) Болымсыз тұлғадағы өткен шақтық есімше мен есімше тұлғасындағы көмекші етістік (*екен*), одан кейін демеулік де тұрады:

Қап, орылған астықты кеше жиып алмаған екенбіз де!

Балаңды кеше жібермеген екенсің де! Ә, әттеген-ай, билетті ол кеше алып қоймаған екен де!

Бірінші жақтық шартты рай тұлғасындағы етістікке **-шы//-ші** қосымшасы жалғанады. Ондай сөйлем ерекше көтеріңкі әуенмен айтылады.

— *Қап, кеше кешке қонаққа барғанша, театрға барсамшы! Аламның тілін алсамшы!*

Тұйық райлы етістікке керек еді ғой деген тіркес жалғасатын күрделі баяндауышты лепті сөйлемдер де кейде ө к і н і ш м ә н д і болады:

— *Омарбекке солай деп айту керек еді ғой! Машинаны кеше жіберуің керек еді ғой!*

Кейде, тұйық етістікке **-ың//-ің** қосымшасы жалғанып, одан кейін ғой шылауы жұмсалған күрделі баяндауышты сөйлемдер де ө к і н і ш м ә н д е айтылады:

— *Кеше осыны айтуың ғой! Бұл жұмысты Сабыржанмен бірігіп істеуің ғой! Пішенді ертерек шабуларың ғой!*

4. Бірдеңені а с ы р а м а қ т а н е т у , м а с а т т а н у , қ о л п а ш т а у мағынасында да лепті сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдердің ішінде кейде қандай, ғажап, неткен, болғанда қандай, пай-пай, ай деген сөздер болады:

— *Айналаңа қарашы! Дүние қандай сәнді! (Ғ. Славнов). Қандай ақылды адам! Тіпті ғажап қарқын! (Ғ. Мұстафин). Жеріміз біздің неткен бай! (Х. Ерғалиев). Жаңа қоныс болғанда қандай! Пай-пай, мына аттың жорғасын-ай!*

— *Қандай тамаша көл! (Ж. Верн).*

— *Ойбай-ай, қалай өзгерген?*

— *Тіл қандай! Тәсіл қандай! (М. Әуезов).*

Тұлғасы сұраулы сөйлемдер де кейде э к с п р е с с и в т і м а ғ ы н а д а ғ ы лепті болып жұмсалады:

— *Ол — ол болсын, жә, мынау көргеніміз — қай мазағымыз? (М. Әуезов). Ол неғылған оңбаған адам!? Мұндай сөздің кімге керегі бар!?*

— *Шіркін, Көкшетау! Шіркін, дүниеде сендей де жер бар ма екен!?* (С. Мұқанов).

§8. БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ СӨЙЛЕМДЕР

Адам объективті болмысты, ойлаған ойын хабарлауда сөйлемді болымды не болымсыз етіп құрайды. Мысалы, *Бүгін қар жауады* деген де, *бүгін қар жаумайды* деген де өз кезінде шындық хабар болуы мүмкін. Бірақ сол хабардың бірінде ауа райының бізге таныс құбылысы болымды түрде айтылса, екіншісінде ол құбылыстың бүгін болмайтыны болымсыз түрде хабарланады. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің қай-қайсы болса да осындай екі түрлі синтаксистік құрылыстың бірінде айтылады.

Болымсыз сөйлем болымды арқылы жасалады және болымдының қарама-қарсы мағынасын білдіреді. Сөйлемнің болымды түрі — ойды айтудың негізгі формасы да, болымсыз түрі одан гөрі сирек қолданылатын қосымша формасы. Сонда болымсыз сөйлем арқылы объективті болмысты, ойлаған ойымызды жоққа шығарып қоймаймыз, айтылған ойға ерекше стильдік өң беріп, сөйлемді түрлендіріп, эмоциялы, экспрессивті етіп айтудың да тәсілі етеміз.

Алдымен болымсыз сөйлемдердің тұлғалық ерекшеліктерін санап өтейік:

— Болымсыз сөйлемдер *-ма/-ме ...* тұлғалы болымсыз етістіктердің баяндауыш қызметінде, не баяндауыш құрамында жұмсалу арқылы жасалады:

— *Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді (Б. Майлин). ... Ол дәл осы жолы*

Ақмоншаққа тура қарай да алмады. (М. Иманжанов).
Өмірде жоқшылық, торығушылық бар дейтін, бірақ
оны біз көрмеген едік (С. Ерубәев). Айбар Зәурені сүйеді,
бірақ Зәуре оны ұқпайды (З. Қабдолов). ... біз қыздың
несі әдемі екенін біле алмадық (С. Ерубәев).

Қас сұлуда мін болмас,

Қас жүйрікте сын болмас (Мақал).

2. Есім және есімшелі баяндауыштардың құрамында
емес деген көмекші етістік жұмсалады:

— *Сен енді жас бала емессің. Поэзия — ажарлап
құрған сөз тізбегі емес...* (Т. Нұртазин). *Екеуі де мыл-
тыққа жүргізісі келеді, бірақ бірін-бірі жіберетін емес* (С.
Сейфуллин). *Ол... ділгерліктен құтылған да емес* (Б.
Майлин).

3. Жоқ сөзі баяндауыш қызметінде не күрделі баян-
дауыш құрамында айтылу арқылы да болымсыз сөйлем
жасалады:

Тура биде туған жоқ, туғанды биде ниян жоқ
(Мақал). *Аспанда алақандай бұлт жоқ. Біздің атай...
қабағы түксіп үндеген жоқ* (Т. Нұртазин). *Әлі ала
көлеңке айыққан жоқ...* (М. Әуезов) *Осы уақытқа шейін
ата дәулеті кеміген жоқ...* (Б. Майлин).

4. -сыз, -сіз тұлғалы сын есімдер баяндауыш
қызметінде жұмсалғанда да сөйлемнің мазмұны болым-
сыз болады, мысалы: *сөзі түсініксіз, баласы ақылсыз,
тауы қарсыз.*

Қаратау кейде қарлы, кейде қарсыз,

Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.

(Халық өлеңі).

5. Болымсыз сөйлем құрауға болымсыз есімдіктердің
қатысы ерекше болады. Саны көп болмағанмен (*ешкім,
ештеңе, ешбір, ешқандай, ешқайдан, ешқашан, ешқайсы,
дәнеме, түк*), олардың қатысымен жасалатын болым-
сыз сөйлемдер жиі ұшырайды. Әдетте болымсыз
есімдіктер сөйлемнің белгілі мүшесі қызметінде жұмса-
лады да, сол сөйлемнің баяндауышы қалай да болым-
сыздық тұлғаның бірінде жұмсалады. Сөйтіп бір
сөйлемде болымсыздық мағына екі дүркін айтылып,
сөйлемнің сол мағынасы бекемделе түседі. Болымсыз-
дық мағынаны одан да күшейте түсу керек болғанда,
бір сөйлем ішінде екі (кейде одан да көп) есімдік айты-
лады. Мысалы:

— *Қане, кімнің сұрауы бар! — деп мәжіліс ағасы екі-
үш қайырып сұраса да, ешкім үн шығармады.* —

Өзіміздің балалар ғой, бұлар ешкімге айтпас.— Біз ешкімді ешқайда зорлап сайламаймыз (Б. Майлин)

— Біз көргендерден жөнді ештеңе қалмапты ғой. Ешкімге ұрысқан жоқ па? (Ғ. Мұстафин). Біз өзімізді атамақ тұрсын, ешқашан да ерлік жасаймыз деп ойлаған жоқпыз (А. Макаренко).

— Сені ауру жеңбесе, ешкім жеңбес,— деп жантая кетті Щербаков (Ғ. Мұстафин)— Өзі ештеңе айтқан жоқ, енді отырма!— деді. (С. Сейфуллин.)

Кейбір сөйлемдердің тұлғасы б о л ы м д ы, м а з м ұ н ы б о л ы м с ы з ыңғайда да айтылады, мысалы: оның үні өшті, оның жағы қарысты (ол үндемеді д. м.)¹, неге көндім екен? — (көнбеу керек еді д. м.)

Зылықа... көрмеген-білмеген біреудің соңына ерген. Не-ге ерді?... Жылатып тастап кеткендей Қарымсақтың не жазығы бар? (жазығы жоқ д. м.) (Б. Майлин).

Осындағы сұраулы сөйлемдерді болымсыз мағынада айтуға болады: Неге ерді? — Ермеу керек еді... Қарымсақтың не жазығы бар? — Қарымсақтың жазығы жоқ. Кейбір сөйлемдердің баяндауыштары болымсыз, мағынасы болымды қалпында жұмсалады, мысалы: Ол түсінбейді емес — ол түсінеді; шындықты айтпасқа болмайды — шындықты айтамын; бұл сөзге құлақ қоймай болмайды — бұл сөзге құлақ қою керек; бастаған істі ақырына дейін жеткізбей болмайды — бастаған істі аяқтау керек.

Осындай мағынасы болымды сөйлемдерді болымсыз тұлғалар арқылы айтудың стильдік қызметі ерекше; ондай сөйлемдер жай “салқын қанды” хабар болмай, эмоциялы, экспрессивті болады. Әдетте мұндай қызмет атқаратын сөйлемдердің күрделі баяндауыштарында көбінесе болымсыздық тұлға екі рет айтылады.

Тұлғасы болымсыз, мазмұны болымды сөйлемдерге мысалдар:

Жұрттың айтуынша, біздің ауылдағы Нұртазадан шешен адам жоқ (С. Мұқанов.).— Нұртаза өте шешен д. м. Сол Алшаң кісі болғанда, алты алашта одан асар кісі жоқ (Б. Майлин).— Алшаң жұрттан асқан д. м. Заңды дұрыс орындауда, атқа мінерлердің, жуандардың алдауына ермеуде Құрымбай бәйге алып жүрген жоқ па? — ...Құрымбай бәйге алып жүр д. м. Милиция бастығы мұның қызметін жақсы деп мақтап отырған жоқ па? (Б. Майлин). Милиция бастығы мұның қызметін жақсы деп мақтап отыр д. м.

¹ Д. М.— деген мағынада.

Болымсыз тұлғалы сөйлемдер реті келгенде қорқу, күмәндану сияқты сезімді білдірудің де амалы болады:

Келіні шоқан етіп сәлем етіп болып, аузын сыл еткізді:

— *Бәтір-ай, сұмдық болмаса игі еді!..—* деді. *Қарымсақ... бір шарасын осы тапшас па екен дегендей, жүгіріп Сараның үйіне барды (Б. Майлин).*

II. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ СИНТАКСИСІ

§1. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ СИНТАКСИСІ ТУРАЛЫ КІРГІЗЕ

Грамматикалық құрылыстың өзінше дербестігі, ерекшеліктері бар топтарын — грамматикалық единицалар — тұтастықтар дейміз. Солардың басты топтары сөз тіркесі, сөйлем. Бұлардың әрқайсысы әр алуан бөлшек — бөлімдерден құралғанмен, бәріне тән, бәріне ортақ белгілеріне қарап, оларды тұтасқан, тұтасып ұласқан бөлшектер тобы деп танымыз. Мысалы, сөздің дыбыс құрылысы, лексикалық, грамматикалық мағыналары болады, сөз тіркесінің құрамына еніп адамның ойын, сана-сезімін білдірудің бөлшектері қызметін атқарады. Балықтың өмірі суда болатынындай, сөздің өмірі сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында болады. Әлемдегі жан-жануарлардың күнелту табиғи айналасы болатынындай сөздің, сөз тіркесінің де “табиғи” жұмсалыуы “айналасы”, өмір сүру жағдайы болады. Бұлардың сондай шоғырланған ұясы да, өмір сүру қызметі де сөйлем ішінде жұмсалыуы болады.

Осындай қарым-қатынасының нәтижесінде әрбір грамматикалық единицалар тілдің қарым-қатынас жасау қызметіне ортақтасады. Сол үшін сөз сөз тіркесінің құрамына, сөз тіркестері сөйлемнің құрамына еніп, ой, пікір тұтастығын құрастыруға қатысады.

Сөйтіп, сөз тіркесі дегеніміз сөз бен сөйлемнің арақатынасынан шығатын басты синтаксистік единицаның бірі деп есептеледі, оның жұмсалыу заңдылықтарын айқындаудан бұрын синтаксистік басқа единицалардан айрылатын қандай ерекшеліктері, жақын ұқсастықтары болады.

Ұласқан бөлшектері қаншама өзара тығыз байланыста болатындықтан ол бөлшектер бірінің қызметін

басқа біреуі де (кейде, орайы келгенде) атқаруы мүмкін емес пе? Көркем әдебиетте — Түн. Мидай дала. Қараңғы түн. Келді ме? Келмеді — сияқты сөздер мен сөз тіркестері сөйлем қызметінде жұмсалады. Соған қарап сөзді, сөз тіркесін сөйлемнен айырып танудың керегі жоқ деуге бола ма? Соны дәл солай айтпаса да тіл білімінің көрнекті ғалымдары олардың арасына “сына қағып” екі айырып тастау керек екенін уағыздады.

Жоғарыда (§2) айтқанымыздай, сөз тіркесінің сыр-сипаты жайында ғалымдардың көзқарастары әр алуан. Дұрысына көз жеткізу үшін сөз тіркесінің сөйлемнен (§3), сөзден (§9) айырмашылықтары нелер екенін білу керек:

Егер сөйлем қарым-қатынас жасаудың, адам ойын білдірудің негізгі формасы болса, с ө з т і р к е с і және с ө з — сөйлем құраудың материалдары. Өзара тығыз байланыстағы бұл үш грамматикалық категорияның әрқайсысына тән өзіндік айырмашылықтары болумен қатар олардың бастары түйсетін де орындары болатыны белгілі. Қалайда күрделі сөздерді және басқа түйдекті тіркестерді сөз тіркесі деп шатастырмау керек, жеке де сөз тіркестері сөйлем қызметінде жұмсалса, олар — сөз тіркестеріне тән қасиеттерінен айырылып қалады деп те түсінбеу керек.

§10. СӨЗ, СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЗ ТІРКЕСІ

Сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі сөзден сөйлем құрамында жасалатындықтан, бұлардың ерекшеліктерін білу керек.

Сөз тіркесін сөйлемнен айырып тану керек? деген проблема көп ғалымдарға түрліше ой салған болатын. Көптеген ғалымдар, В. В. Виноградов бас болып, сөз тіркесін н о м и н а т и в т і, сөйлемді — п р е д и к а т и в т і деп танитын болды. Осылай сөз тіркесін “номинатив” деп тану оны “сөз” дегенмен бірдей деп санауға саятындықтан, оған басқаша анықтама, сипаттама берушілер болды. Мысалы, Н. А. Баскаков екі синтаксистік единицаларды (сөйлем мен сөз тіркесін) қарама-қарсы екі түрлі ойлау процесінің тілдегі көрінісі деп табады: абстракциялау, конкреттеу¹. Солардың бәрі —

¹ Н. А. Баскаков. Историко-типологияческая характеристика структуры тюркских языков. (Славосочетание и предложение) М., Наука, 1975, стр. 105.

өзара тығыз байланыста, бірінсіз-бірі бола бермейтін екі түрлі синтаксистік тұтастықты екі бөліп оқшаулауға лайықтанған сипаттамалар.

Алдымен сөз тіркестерін түгелдей номинативті деп қарау дұрыс емес. Ондай сөз тіркестері тек олардың жұмсалыу орайында атқаратын қызметі тұрғысынан номинативті (атауыш) деп тануға болатындары бар. Мысалы, сөз тіркестері құрылымында пайда болған терминдік тұрақты атаулар (қант қызылшасы, қызыл бұрыш, темір жол, мал дәрігері, су қоймасы, қол басы, су диірмен, отан соғысы, т. б.). Осындай ауыс мағыналы сөз тіркестерінен біріккен, кіріккен күрделі сөздердің жасалуы олардың екінші рет атауыш (вторичная номинация) дәрежесіне көтерілуі болмақ (Мысалы: *атқұлақ, қараторғай, тасбақа, балықкөз, өнеркәсіп, қолөнер, кәсіподақ, қайнава, ашудас, белбеу, бүгін бүрсізгүн*).

Сөз тіркесіне, сөйлемге материалдық негіз болатын — сөз. Сөз тіл білімінде лексикология мен семасиологияның зерттеу объектісі болуымен қатар, грамматикада да әр түрлі ыңғайда қарастырылады. Сөздердің құрамы, тұлғасы, жасалу жолдары, олардың грамматикалық мағыналы топтары морфологияда қаралады. Ал сөздің сөз тіркесінің сыңары болуы, сөйлем мүшесі, кейде сөйлем қызметтерінде жұмсалыуы синтаксисте қаралады. Сондай-ақ тіркескен сөз топтары да әр түрлі ыңғайда қарастырылады.

Сөз, негізінде, дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Олар мағыналық үйлесімділігіне қарай тілдің синтаксистік ережелері негізінде әр алуан лексикалық және синтаксистік топ құрау арқылы сөйлем ішінде айтылады. Қарым-қатынас жасау үшін ойды айтудың негізгі формасы сөйлем болса, сөзді сөйлем құраудың материалы деп білеміз. Сондықтан “Ас — адамның арқауы” дегендей, сөз — ой құраудың арқауы. Сөздер қажеттіктен өзара тіркеседі, тіркесу арқылы сөйлемге енеді. Осыдан келіп сөздердің өзара тіркесе алу қабілеттілігі олардың ең басты **г р а м м а т и к а л ы қ** қасиетінің бірі болып есептеледі.

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Оның үстіне тіркескен сөздер тобының сапасы әр уақытта бір түрлі болмайды, әр алуан болады. Мысалы, екі, кейде одан да көп сөздер тіркесіп бір **л е к с и к а л ы қ т ү й д е к** жасалады (ақ қайың, боз торғай кетіп бара жатыр); кейде екі не одан

да көп сөз тіркесіп синтаксистік тізбек жасалады (қарлы тау, желсіз түн, жыл сайын көріну, саған бола келу).

Лексикалық және басқа түйдекті тіркестер “сөз тіркесі” деген категорияға жатпайды. Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтастаста бағынып барып жасалған синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп есептеледі. Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынадай белгілеріне қарау керек;

1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады;

2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.

3) тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Осындай, синтаксистік қатынас тек толық мағыналы сөздердің сабақтаса байланысуы нәтижесінде пайда болады. Басқаша айтқанда, лексика-грамматикалық дербестігі бар сөздерден басыңқы бағыныңқылы сөз тіркесі жасалғанда, ол сөздердің бұрынғы мағыналары өзгеріліп, жаңа лексикалық мағына пайда болмайды; мүшелік қарым-қатынасты білдіретін қосымша грамматикалық (Мысалы, анықтауыштық, пысықтауыштық не болмаса шақтық, мекендік, меншіктілік, т. б.) мағына пайда болады.

Мысалы, кең өріс деген сөз тіркесіндегі кең сөзінің кеңістік сапаны білдіруі — оның лексикалық мағынасы, оның сын есім екендігі — грамматикалық мағынасы. Өріс сөзінің лексикалық мағынасы — мал жайылымын білдіруі, грамматикалық мағынасы — зат есім екендігі. Осы сын есім мен зат есімнің тіркесуі нәтижесіне жаңа грамматикалық мағына пайда болған. Ол — анықтауыштық.

Сөйтіп, синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз.

Сөз тіркесі — сөйлем құраудың шоғырланған материалды бөлшегі. Олар сөйлемнен тыс тұрғанда жалаң сөздің жайылмаға айналуы сияқты да, сөйлем ішінде сөздер тізбегінің ұласқан бір бунағы тәрізді. Соңғы жағдайда сөздің жайылмаға айналу қасиеті күңгірттеніп, сөз тіркестерінің қосақталуы жігі

білінбей, тұтасып та кетеді. Өйткені бір сөз тіркесінің бір сыңары, екінші сөз тіркесінің басқа бір сыңарымен тіркесіп, кейде кірігіп, ұласып, ұштасып жатады. Мысалы, *кең үй, екі терезе, үлкен терезе, үйдің терезесі* дегендер — жалаң сөздердің жайылмаға айналуының айынындағы сөз тіркестері. Осыларды сөйлем ішінде айтсақ, сөз тіркестерінің ол жігі онша айқын болмайды: *Кең үйдің үлкен терезесі ашық тұр.* Бұл сөйлемдегі жоғарыда көрсетілген сөз тіркестері өзара былай ұласқан: *кең үйдің терезесі, үлкен екі терезесі.*

§11. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Сөздер синтаксистік топ құрап сөз тіркесі болғанда, олардың құрамына әр алуан сөздер енеді. Ол сөздер түрлі-түрлі морфологиялық тұлғаларда айтылады. Сөздердің ол тұлғалары, лексика-грамматикалық мағыналары тіркескен сөздердің қарым-қатынасына үйлесімді айтылады.

Кез келген сөзді бірімен-бірін тіркестіре салуға болмайды. Өзара мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана синтаксистік байланыста, белгілі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Мысалы, *үркек* сөзі жанды заттың сынын білдіреді. Онда да оның *үркек ат, үркек бие, үркек тайлақ* дегендей сөз тіркесінің құрамында айтуға болады, ал *үркек ешкі, үркек бала, үркек тауық* деу ерсі болады. Сол сияқты *жуас* сөзін *ат, түйе, бала* сөздерімен тіркестіруге болады, ал оны *тауық, ағаш* сияқты сөздермен тіркестіруге болмайды. Болмайтын себебі — бұлар өзара мағыналық байланыста айтылмайды, сондықтан олар тіркесу қабілеті жоқ сөздер деп есептеледі.

Сөйтіп, сөз тіркесінің құрамына өзара тіркесу қабілеті бар сөздер енеді. Әдебиетте “терең бұрғы”, “аналық қой”, “сауда нүктесі”, “жеңіліс тапты” сияқты тіркестер кездеседі. Мұндайлар теңін таппай тіркескен сөздер болғандықтан, стильдік қате деп есептеледі.

Көркем әдебиетте бір затқа тән қасиетті басқа затқа телу арқылы сөз кестелерін әшекейлеуге болады. Ондайда әдеттегіден өзгеше ойнақы тіркестер жасалады. Мысалы, *Асау Терек долданып, буырқанып...* дегенде, Абай асау сөзін Терек (өзеннің аты) сөзімен тіркестіріп айту арқылы ол өзеннің көркем бейнесін көз алдына елестете қояды. Сондай-ақ *асау сөзі* әдебиетте, *асау ат, асау тай,*

асау бие сияқты құрамда кездесетін болса, көркем әдебиетте асау жел (Иса), асау қиял (Жамбыл), асау жүрек (Абай), тәтті қылықтарын, есалаң тілек (М. Жұмабаев) тәрізді тіркестер де кездеседі. Мұндайды м е т а ф о р а л ы қ т і р к е с дейміз.

Енді бірқатар тіркестер құрамы мызғымайтын берік болады, мысалы: *жүрегі шайылу, қаһарын төгу, үмітін ұзу, жүрек жұту, тілін тигізу, көз қырын салу*. Бұлардың құрамын өзгертіп айтуға болмайды. Мұндай тіркестерді *т ұ р а қ т ы* тіркестер дейміз. Тұрақты тіркестер өз алдына сөз тіркесі болмайды, тек сөз тіркесінің бір сыңары бола алады. Мысалы: *Балаларға көз қырын сала жүр, әкеңе тілің тимесін!* Еркін атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсенбай неге бала деп аузын ашпайды? (М. Жұмабаев).

Сөз тіркесінің құрамы көбінесе еркін болады. Мысалы, *жақсы, биік, ақылды* сөзін толып жатқан зат есімдермен тіркестіре беруге болады: *жақсы кісі, жақсы бала, жақсы жайлау, жақсы ырым, жақсы ниет, биік тау, биік жер, биік ағаш, биік там, ақылды бала, ақылды оқушы, ақылды қыз*.

Осылардай, құрамын өзгертіп айтуға болатын тіркестерді е р к і н тіркес дейміз.

Өзара тіркескен сөздің бірі екіншісін өзіне бағындырып тұрады. Сондықтан сөз тіркестері сабақтаса байланысқан екі сыңардан құралады: бірі — сөз тіркесінің ұйытқы бөлегі, сөз тіркесінің грамматикалық дінгегі — оның *б а с ы ң қ ы с ы ң а р ы*, екіншісі — оған қатысты және тәуелді бөлегі — оның *б а ғ ы ы ң қ ы с ы ң а р ы*. Мысалы, *Жаздың көркі енеді жыл құсымен* (Абай) дегенде екі сөз тіркесі бар:

1) *Жаздың (бағыныңқы) көркі (басыңқы);*

Жыл құсымен (бағыныңқы) енеді (басыңқы).

Сөз тіркесі толық мағыналы екі сөзден құралған жай болады немесе оның бір сыңары, кейде екеуі де сөз тіркесінің құрамында күрделі сөздер және басқа түйдекті тіркестер (§12) болады. Мысалы:

Жай сөз тіркестері

көлге қонады

тез енеді

асықпай сөйле

жаңа домбыра

Күрделі сөз тіркестері

көл жағалай қонады

жыл құсымен енеді

асықпай сөйлеп ала жөнелді

қос шекті домбыра

§12. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің морфологиялық құрылысы әр түрлі болады: бағыныңқы сөз басыңқы сөздің кейде мағынасына үйлесе тұлғаланады, кейде грамматикалық формасына сәйкес тұлғаланады. Мысалы, *кітап оқып, хат жаздық* деген екі сөз тіркесінің бағыныңқы сөздері (*кітап, хат*) жалғаусыз табыс септігінде айтылған. Солай болуға басыңқы сөздердің қосымшалары — *п (оқып), — дық (жаздық)* себепкер болып тұрған жоқ, *оқы, жаз* етістіктерінің сабақтастық мағынасы себепкер болып тұр. Сондай-ақ *кітапханадан шықтым, трамвайға міндік* деген сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сөздер *шығыс, барыс* жалғауларында айтылған. Сол жалғауларды керек етіп тұрған — басыңқы сөздердің қосымшалары *-тым, -дік (міндік)* емес, *шық, мін* етістіктерінің лексикалық мағыналары. Сонымен қатар жоғарғы етістіктердің түрлі тұлғада айтылуына бағыныңқы сөздердің ешқандай әсері жоқ. Сондықтан *кітап оқы, кітап оқып, кітап оқыған, кітап оқыдық* дегендей басыңқы сөздерді түрлендіргенмен, олардың бағыныңқылары бұрынғы қалпын өзгертпейді. Солар сияқты: *алтын білезік, алтын білезіктің, алтын білезікке, алтын білезігім* деп есім сөз тіркесінің де басыңқы сыңарын түрлендіріп айтуға болады, бірақ оған қарап бағыныңқы сөз (*алтын*). орыс тіліндегідей (*золотой браслет, золотого браслета, золотому браслету...*) грамматикалық тұлғасын өзгертпейді.

Қазақ тілінде енді бірқатар сөз тіркестерінің екі сыңары да белгілі морфологиялық тұлғаларда айтылғанда, олар бірімен-бірі байланысты болады. Мысалы, *күннің сәулесі, менің түсінгенім* дегендерде сөз тіркестерінің алдыңғы сыңарларының (*күннің, менің*) ілік септікте айтылуы басыңқы сөздердің тәуелдік жалғауларда (*сәулесі, түсінгенім*) айтылуымен байланысты және керісінше.

Сөйлем ішінде сөз тіркестері екі түрлі ыңғайда құралады:

1. Сөз тіркестері тізбектеліп, ондағы сөздер біріне-бірі сатылана байланысады. Мысалы, *Жолаушы үлкен ағаштың көлеңкесінде жатыр екен* дегенде, *үлкен* сөзі *ағаш* сөзіне бағынып, бір тіркес, *ағаштың сөзі көлеңкесі* дегенмен байланысып, екінші тіркес жасаған, ал *көлеңкесінде сөзі жатыр екен* етістігімен тіркескен.


Олардың сол сатылана байланысу жігі былай болады:
Үлкен ағаш —

— “ — тың көлеңкесі —

— “ — нде жатыр екен.

2. Кейде сөз тіркестерінің құрамындағы бірнеше бағыныңқылар бір басыңқыға о р т а қ т а с ы п тұрады. Мысалы. *Кеше театрға апаммен бардық* деген сөйлемде мынадай сөз тіркестері бар.

кеше
театрға
апаммен



бардық

Сөз тіркестерін құрауда зат есім мен етістіктердің қызметі ерекше. Олар көбіне сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болады да, сапалық есімдер (сын есім, сан есім, есімше, сілтеу есімдіктері) мен үстеулер, еліктеуіш сөздер мен көсемшелер көбінесе сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде жұмсалады.

Сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қара сөзден құралған сөйлемдерде басыңқыдан бұрын тұрады, өленді сөйлемдерде керісінше орналасуы да мүмкін.

§13. ТҮЙДЕКТІ ТІРКЕСТЕР

Сөз тіркестерін дұрыс талдай білу үшін, олардан басқа тіркестердің түр-тұрпаты қалай болатынын жақсы білу керек.

Өзара байланыста тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер **т ү й д е к т і т і р к е с** болады.

Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика — семантикалық дербес мағынасы болмайды. Олардың тіркесуінен қосымша грамматикалық мағына пайда болмайды. Мысалы, *көз тігеді, жаңа бастады, шапқан сайын* деген тіркестер екі-екі сөзден құралған. Олардың құрамындағы жеке сөздердің, бөлек алғанда, белгілі мағыналары бар, бірақ олардың тобын жазып, әр сөзді сөйлемнің жеке мүшесі деп қарауға болмайды.

Ерлік жолдасының нұрлы жүзіне күлімсіреп көз тігеді. Пештегі отын лаулап жана бастады. Қаракер шапқан сайын үдейді.

Бұл сөйлемдердегі *көз тігеді* — идиомалы тіркес, баяндауыш, ол *күлімсіреп* дегенмен бір сөз тіркесінің құрамында айтылып тұр: *жана бастады* — күрделі етістікті тіркес, баяндауыш, онымен *лаулап деген сөз тіркескен*, *шапқан сайын* — күрделі есімді тіркес, ол

үдейді етістігімен тіркесіп пысықтауыштық қатынаста айтылған.

Осылардай лексика-грамматикалық топ болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын тіркесті түйдекті тіркес дейміз.

Түйдекті тіркес қалпында айтылатын сөз тобының құрылысы, негізінде, мынандай болады:

Күрделі етістіктер тобы. Қазақ тілінде, басқа түркі тілдеріндегідей, етістіктердің бірнешеуі топтанып, бір күрделі мүше болатыны белгілі: *оқып жатыр, оқып келе жатыр; келе бер, келе беретін болады; көріп отыр, көріп отыра бер.*

Осылар сияқты, бір түйдекті топ болатын күрделі етістіктердің бірі негізгі, екіншісі (не басқалары) оған көмекші болады да, сол түйдегімен олар сөз тіркесінің бір ғана сыңары болады; (*Алматыда оқып жатыр, алыстан көріп отыр.*) Мұндай түйдекті тіркес құрамындағы етістіктер өзара көсемше, кейде есімше тұлғалар арқылы байланысады.

2. Есім мен көмекші етістіктер тобы. *Жұмыс істеу, уәде беру, мақұл көру, қонақ болу, құлақ салу, қол қою, жол жүру* сияқты тіркестер де сол түйдегімен бір-бір сөйлем мүшесі қызметінде айтылып, сөз тіркесінің бір-бір сыңары болып тұрады: *бізге қонақ болды, айтқанымды мақұл көрді.*

3. Қосарлы есімдер тобы. Қосарланып айтылатын *бірін-бірі, біріне-бірі, өзімен-өзі, күннен-күнге, жылдан-жылға, қолдан-қолға, табыстан-табысқа* сияқты тіркестер де, *бау-бақша; ыдыс-аяқ, құрт-құмырсқа* сияқты қос сөздер де түйдекті тіркес тобына енеді. Мысалдар:

"Айтайын, айтпайын" деген екі сөз бірін-бірі жеңе алмай тұрғанда, *жер қайысқан топтың алды ауылға кірді* (С. Мұқанов). *Кәрібай мен Шығанақ біріне-бірі қарап жымыңдасты да кете берді. Шығанақ қыс бойы өзімен-өзі болып шықты* (Ғ. Мұстафин). *Ешкі сүйеді баласын лағым деп, тастан-тасқа секірген шұнағым деп.* (Фольклордан.) *Күннен-күнге жұмыс қарқыны үдей түседі. Жылдан-жылға мәдениетіміз ілгері дамып келеді. Біз табыстан-табысқа жете бермекпіз. Шығанақ сөзі ауыздан-ауызға, Шығанақ суреті қолдан-қолға кетті* (Ғ. Мұстафин).

Осы мысалдарда *біріне-бірі, өзімен-өзі, күннен-күнге...* тіркестеріндегі сыңарлардың бірі септік жалғаулар арқылы екіншісіне бағынып, сол жұбын жазбай, орталарына басқа сөз салмай, түйдекті топ болып тұр да, сол

түйдегімен күрделі сөз тіркесінің құрамына еніп тұр (табыстан-табысқа жету, қолдан-қолға өту, бір-біріне бағыну, т. б.)

Күрделі есімдер тобы. Бұған енетін сөздердің бірінші сыңары барыс, шығыс, ілік септіктеріндегі есім болып, екінші сыңары осы жалғауларды керек ететін көмекші есімдер не демеулер болады. Олар да түйдекті тіркес күйінде күрделі сөз тіркесінің бір сыңары болады. Мысалы:

Желтоқсанның 30 күні біздің әскерлер Ростовтың тұс-тұсынан тиіп, қаланы алды да, немістер “Матвей қорғанына” дейін қашты (Ғ. Мүсірепов). Жануарлар тегіс жанданып, құрт-құмырсқаға дейін тірілді (Ғ. Сланов). Біраздан кейін Асқар есін жинады (С. Мұқанов). Қазіргі Степняк алтын заводының орнында революциядан бұрын кішкене үйлер болатын (С. Мұқанов). Шығанақ үш күннен бері нәрсемен әуре (Ғ. Мұстафин). Арбаның қасында тұрғандардың кім екенін ол таныды (С. Мұқанов) Шығанақ жұмыс басында болды. Бір хабар аяқ астынан дүңк ете қалды (Ғ. Мұстафин). Қала үстіне біздің самолеттер де келіп қалды (Ғ. Мүсірепов).

Үшін, сайын, арқылы, жөнінде, туралы, бойынша, түгіл, сияқты (секілді), тәрізді деген демеулер де өздерінен бұрын тұрған атау септіктегі сөздермен тұтасып бір түйдек болады: сен үшін¹, Отаным үшін, үй сайын, келген сайын, сен арқылы, тау арқылы, аңшылар туралы, бала сияқты, келген сияқты, сен тәрізді, т. б.

Тұрақты тіркестер тобы. Қазақ тілінде, басқа тілдердегідей, бірқатар сөздер тобы тұрақталған тіркес қалпында жұмсалады. Мысалы, Төбеден түскен түнек жаудың үрейін ұшырып, есінен тандырды (Ғ. Мүсірепов). Бұл сөйлемдегі үрейін ұшырып, есінен тандырды деген тіркестер олардағы жеке сөздердің тіке мағынасына сәйкес ұғымда жұмсалмаған, сол тобымен өзгеше мағынада жұмсалған: үрейін ұшыру — қатты қорқыту; есінен тандыру — есін шығару. Бұлардың бір сөзін мол мағынасында, сол тұлғада кез келген басқа сөздермен тіркестіріп айта беруге болмайды (болса, үрейім қалмады, зәрем ұшты (қатты қорықтым),

¹ Үшін кейде ілік септігіндегі сөзбен де байланысты болады:

Сен үшін бақша бұлбұлы
Сұлу әнін сайраған.

Сайдың сұлу гүлдерін
Сенің үшін жинаған
(Жамбыл).

есімнен шығып кетті. (ұмытып кеттім) сияқты өте аз кездеседі). Бұл жағынан ол тіркестерді құс ұшты, балапан ұшты, қарға ұшты, самолет ұшты; үйден шықты, кеңседен шықты, есіктен шықты деген сөз тіркестерімен тең қоюға болмайды; алдыңғылар тұрақты тіркестер де, соңғылар — е р к і н тіркестер.

Тұрақты тіркестердің құрамындағы жеке сөздер де сөйлемнің бөлек-бөлек мүшесі болмай, сол тобымен бірақ мүшенің қызметін атқарып тұрады. Сонымен қатар олар сөз тіркесінің бір-бір сыңары болып, күрделі сөз тіркестерінің де құрамында айтылады: *Жаудың үрейін ұшырды, айтқаның есімнен шығып кетті.*

Тұрақты тіркестер екі түрлі болады:

а) **Идиомалық тіркестер**: *қабырғамен кеңес* (ойлан), *қой аузынан шөп алмайтын* (жуас), *салы суға кетіп отыр* (көңілсізденіп отыр), *тісін қайрап жүр* (өшігіп жүр), *тісқаққан* (ысылған); *сыыр құйымшаққа салу* (бір нәрсені созып кету), *іші күй* (қызғаншақтық ету), *қас пен көздің арасында* (лезде), *беті бері қарады* (айыға бастады).

Идиомалық топтағы сөздердің байланысы берік болады, олардың тұтас топ болып тұрғандағы беретін мағынасы жеке тұрғандағы мағыналарына қатысты болмай, мүлде бөтен мағынаны білдіреді.

ә) **Фразалық тіркестер**. Тұрақты тіркестердің бірқатарының мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса, бірінің лексикалық мағынасымен байланысты болады. Ондай тұрақты тіркестер фразалық тіркес болады: *Таяқ жеу* (соғылу), *бас көтеру* (қарсылық ету,) *жаны ашу* (аяу), *үрейін ұшыру* (қатты қорқыту), *есіне салу* (ұмытқанын қайта айту), *есінен шығу* (ұмыту), *(асыра үлкейту)*, *көзі жету* (нану), *қолым тимейді көңіліне келу* (өкпелеу), *түймедейді түйедей ету* (уақытым жоқ).

Тұрақты тіркестегі сөздердің өзара байланысу амалдары мен синтаксистік байланыс формалары қазақ тілінің осы күнгі грамматикалық нормаларынан алшақ кетпейді. Бірақ олардың синтаксистік құрылысы сіресіп “қатып қалған болады да, қызметі мен мағынасы мүлде өзгеріп кеткен болады”¹.

¹ Ол туралы В. В. Виноградовтың “Русский язык (грамматическое учение о слове)” деген еңбегінің (1947 жылғы басылуы) 24-25-беттерін, 1. Кеңесбаевтың “О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке” деген мақаласын (Известия АН КазССР, №135, сер. Фил. вып. 1-2. 1954) қараңыз.

Фразалық тұрақты тіркестердің бірқатары (мысалы: *тіс қаққан, жіпсіз байлау, таяқ жеу, жаны ашу*) сол құрылысы мызғымайтын, мағыналық тұтастығы берік сөздерден құралса, бірқатары кейде тұрақты, кейде еркін тізбек ретінде айтылатын сөздерден де құралады. Мысалы: *тісін қайрау* — біреуге қаһарын тігу және тура мағынасы (мысалы: *Ол ұйықтап жатып тісін қайрайды*); *қолына алу* — бірдеңені істеуге кірісу (мысалы: *Ол бұл жұмысты қолына алды*) және тура мағынасы (мысалы: *Қағазды қолына алды*), *тілі қышу* — бірдеңені айтуға құмарту (мысалы: *Оның тілі қышып отыр*) және тура мағынасы (соңғылар тура мағынада жұмсалған жағдайда тұрақты тіркес есебінде қаралмай, еркін тіркес есебінде қаралуға тиіс). Фразалық тұрақты тіркестің құрамы құбылып, өзгеріле бермейді. Бірақ бір сөз әр түрлі фразалық тіркестің құрамында келе беруі мүмкін. Мысалы: *күлкі болу, ұят болу, алаң болу, мәз болу, тісін қайрау, тісін қадау, тісін батыру*.

§ 14. СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН БАЙЛАНЫСУ ФОРМАЛАРЫ

Сөздер грамматиканың қарамағына түсіп, синтаксистік қызмет атқару үшін өзара берік байланыста болулары керек. Мысалы: *мен, жазба, өлең, ермек* дегендер — бытыранқы сөздер. Бұл сөздер біршама аяқталған ойды білдіретіндей сөйлем құрамына енгенде. *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...* (Абай) дегендей синтаксистік байланысқа еніп, өзара тіркесіп тұруға тиіс. Сонда *мен* деген сөз *жазбаймын* деген сөзбен жіктік жалғауы арқылы байланысып, бір тіркес болса, *өлеңді* деген сөз табыс жалғауы арқылы *жазбаймын* деген сөзбен байланысып, екінші тіркес болады, *ермек үшін* деген сөздер *жазбаймын* деген сөзбен байланысып, үшінші тіркес жасалады.

Сөздер, осылай, өзара тіркесіп барып бір тұтас сөйлем болғанда, олар әр алуан синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер, негізінде, мыналар: 1. Жалғаулар (септік, тәуелдік, көптік, жіктік). Мысалы: *жастардың міндеті* деген сөз тіркесіндегі екі сөздің алдыңғысы ілік жалғауда, соңғысы тәуелдік жалғауда айтылу арқылы байланысқан. 2. Ш ы л а у л а р (демеулер, жалғаулықтар). *Отаным үшін атта-*

нам, көрген сайын сұрайды дегендер шылаулар арқылы байланысқан. 3. Сөздердің орын тәртібі: биік тау, темір күрек, хат жаз, білім ал деген сөз тіркестері ешқандай жалғаусыз тек қатар тұру арқылы байланысқан. 4. И н т о н а ц и я . Бұл — кітап, Жақып — бригадир — интонация арқылы байланысқан.

Сөз тіркесіндегі сөздердің қосымшалары арқылы байланысуы — с и н т е т и к а л ы қ б а й л а н ы с , қосымшаларсыз, орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуы а н а л и т и к а л ы қ б а й л а н ы с болады.

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін сөздердің байланысу формалары дейміз.

Қазақ тіліндегі сөздердің синтаксистік байланысу формалары мыналар: 1) қиысу, 2) матасу; 3) меңгеру; 4) қабысу; 5) жанасу.

Қиысу — синтаксистік байланыстың көп қолданылатын бір түрі. Қиысу да — сөйлемдегі бағыныңқы мүше (баяндауыш) басыңқы мүшенің (бастауыштың) грамматикалық тұлғасына не грамматикалық мағынасына қарай тұлғаланады. Мысалы, *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Абай)* деген сөйлемде *мен көрдім* — қиыса байланысқан сөздер. Онда *мен* деген бастауыштың I жақтық грамматикалық мағынасымен үйлесіп, *көрдім* деген баяндауыш та бірінші жақтық жіктік жалғауда айтылған. *Сіздер талапты жеткіншіктерсіздер* дегенде, баяндауыш *сіздер* деген бастауыштың II жақтың грамматикалық мағынасына және — дер деген грамматикалық тұлғасына қарай, дәл сондай жалғауларда айтылып қиысып тұр.

М а т а с у — сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сөздің басыңқыға және басыңқының бағыныңқыға қарай тұлғаланып байланысуы. Осылайша бірімен-бірі қарама-қарсы, матаса байланысатын сөздердің бірі Ілік жалғауда, екіншісі тәуелдік жалғауда айтылады. Мысалы: *ағаштың бұтағы, сенің кітабың, колхозшылардың табысы.*

М е н г е р у — сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басыңқымен мағыналық үйлесімі негізінде септік жалғауларының (Іліктен басқа) бірінде тұрып байланысуы; меңгерілетін сөз табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрады да, меңгеретін

сөз етістік, есім не сол екеуінің ортақтасқан тобы болады. Осыған қарап меңгеруді үшке бөлеміз: етістікті меңгеру (*терезені ашты, жайлауға шықты, қалтасынан алды, жолда жатты, түнімен жүрді*), есімді меңгеру (*қойдан жуас, оқуға ықыласты, қалада көп*), ортақ меңгеру (*айтуға тілім жетпейді, сөзін мақұл көрдік, жұртқа күлкі болғанмен, маған күлкі емес*) (Б. Майлин).

Қ а б ы с у — сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының басыңқымен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы. Қабыса байланысатын сөздердің көпшілігі тұрған орындарын өзгертпейді, жұбын жазбайды. Ал бірқатар қабыса байланысатын сөздер сөйлемдегі орнын өзгертіп, өздері бағындыратын сөздерінен қашықтап та тұрады. Ондай алшақ байланыс ж а н а с у ғ а жатады.

III. СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

§15. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ТОПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Сөз тіркесін бірқатар авторлар сөйлем мүшелерінің ыңғайында топтастырады. Олар тіркескен сөздердің өзара мүшелік қарым-қатынасына қарай, сөз тіркесін “предикативті” және “предикативті емес” деп екіге бөледі де, соңғыдан “толықтауыштық”, “анықтауыштық” және “пысықтауыштық” сөз тіркестерін шығарады. Сөз тіркестерін бұлай топтастыру сөздердің өзара тіркесу ерекшеліктеріне негізделмей, сөйлем мүшелерінің өзара тіркесіне негізделгендік болады. Егер сөз тіркесін “сөйлем мүшелерінің тіркесі” деп есептейтін болсақ, оның синтаксистік ерекшеліктерін елемей, сөйлемнің синтаксисімен араластырып жіберген боламыз. Бұл — бір. Екіншіден, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің жігі бір емес. Мысалы, *кен байлығы, мал дәрігері, қос ауыз, қазан пышақ* сияқты сөз тіркестері сөйлемде бір-бір күрделі мүше болып жұмсалуды мүмкін. Сондықтан ол топтастыруды қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Рас, сөздер бірімен-бірі тіркесу нәтижесінде белгілі мүшелік қатынаста айтылады. Бұл жағдай сөз тіркесінің синтаксисінде еленеді, бірақ оның ең басты белгісі бола алмайды.

Сөз тіркесін топтастыру принциптерін дұрыс белгілеу үшін сөз тіркесінің зерттеу объектілері нелер екенін, оның басты-басты ерекшеліктерінің нелер екенін ашу керек.


Сөз тіркесі синтаксисінің негізгі объектісі — сөйлем мүшесі емес, сөз. Сөздердің өзара тіркесуі — олардың грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің синтаксисінде жеке сөз таптарының, олардың бөлшектерінің басқа сөздермен және өзара тіркесу қабілеті, байланысу тәсілдері, сөздердің сөз тіркесін құраудағы қызметі қарастырылады. Осыларды негізге ала отырып, сөз тіркесінің құрамын, олардың мағыналарын, синтаксистік қызметтерін сөз ететін боламыз.

Қазақ тілінің сөз тіркестері сөздердің өзара тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті болып үлкен екі салаға бөлінеді. Есімді сөз тіркесінде есім сөздердің бірі басыңқы болады да, етістікті сөз тіркесінде етістік басыңқы сыңар болады.

Есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамдары, тұр-тұрпаты әр түрлі болады. Сөз тіркесіндегі сөздердің басын құрайтын және сөз тіркестерін жіктеуге критерий болатын синтаксистік тірек — сөздердің байланысу формалары. Есімді және етістікті сөз тіркестері сол байланысу формаларына қарай өзара бірнеше топқа бөлінеді.

Есімді сөз тіркестері қабыса, матаса және меңгеріле байланысады, етістікті сөз тіркестері қабыса және меңгеріле байланысады (соңғы шылаулы, шылаусыз болуы мүмкін).

Жинақтап айтқанда, сөз тіркесінің басты-басты түрлерінің схемасы болады:



Соңғылар қандай сөздерден құралатынына қарай өзара тағы бірнеше топқа бөлінеді (оларды бұдан былайғы талдаулардан көруге болады).

ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

§16. ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Есімді сөз тіркесінің басыңқы сөзі әр уақытта есім, көбінесе зат есім болады. Зат есімдердің жетегінде айтылып, оларға бағынып тұратын сөздер де көбінесе есімдер болады. Ол есімдердің бірқатары сөз тіркесін құрау үшін өзара қабыса байланысады.

Қ а б ы с у — түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына бейімделе, тиісті жалғауда айтылып байланысса, қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады.

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі; оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, есімше, үстеу болады да, басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады.

Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер:

З а т е с і м : *темір күрек, ағаш күрек, жел диірмен, түлкі тымақ, етікші бала, жұмысшы адам т. б.*

С ы н е с і м : *биік тау, қызық өмір, жақсы талап, малды колхоз, қоралы қой, таудай талап, еріншек бала, жастық шақ, т. б.*

С а н е с і м : *үш кісі, мың қой, оныншы мектеп, бесінші бригада, т. б.*

С і л т е у е с і м д і г і : *бұл қала, мына бала, ана кісі, осы ауыл, сол табыс, ол сұрақ т. б.*

Е с і м ш е : *айтылған сөз, келген кісі, айтар сөзім, желетін бала, айтатын сөз, т. б.*

Ү с т е у : *бүгін бала, ертең оқытушы*

Бұларды жинақтап, зат есіммен қабыса байланысатын сөздерді схемамен көрсетсек, былай болар еді:

Сын есім мен	зат есім:	жібек орамал
Зат есім мен		балалы үй
Сан есім мен		алтыншы арба

есімше мен — орындалған арман,
 сілтеу есімдігі мен — зат есім: мына қала.

Үстеу — бүгін студент.

Бұл есімдердің өзара тіркесу қабілеттілігі бірдей емес. Олардың сөз тіркесін құрау ерекшеліктерін білу үшін, әр түрін бөлек қарайық.

§ 17. ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН ЗАТ ЕСІМДЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН ТІРКЕСТЕР

Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі — зат есімнен құралаатын тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады: Мысалы: *алтын сағат, ағаш күрек, жібек орамал* т. б.

Осындай тіркесте айтылатын зат есімдер тобы көбінесе екі сөзден құралады. Олар өзара әр уақытта анықтауыштық қатынаста айтылады: *қамыс құлақ, бота тірсек, темір қанат, шаруа қол*, т. б. Бұлар өзара анықтауыштық қатынаста айтылғанмен, сөйлемде бір заттың күрделі анықтауыштары, кейде басқа да мүше болып жұмсалады: *қамыс құлақ ат, бота тірсек ат, темір қанат балапан, шаруа қол товар*.

Осы тәрізді қатар тұру арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, кейде төрт сөзден құралуы мүмкін: *темір қанат балапан, қой көз бала, шоқпар темір таяқ*.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады.

Зат есімдерден құралған анықтауыштық топқа кез келген зат есім ене бермейді. Оған өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздер, тілде солай айтылып үйреншікті болған сөздер ғана енеді. Сондықтан *тас жол, темір күрек, қол сағат* деп айтылады да, керісінше, *жол тас, күрек темір, сағат қол* деп айтылмайды (орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда басқа мағыналық қатынасты білдіреді, мысалы: *сағат қалта — қалта сағат, көз әйнек — әйнек көз*). Зат есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. *Күш, өнер, өнеге*

пістедей д. м; жібек жүн — жүні жібектей д. м.; құрыш білек — құрыштай қатты білек д. м. Мысалы:

Қарақер қамыс құлағын қайшылап, оқта-текте жерден басын алып, төңірекке едірейіп қарап қояды (Ғ. Сланов). Жібек жүнің желкілдеп, жайраңдайсың ақ лақ. Құрыш білек, болат дене, еңбек сүйген бала жастан (Ә. Сәрсенбаев). Құлаш мойын, кез құлақ бір бедеу ат, денсаулық — ер жігіттің сұрауы. (Ғ. Сланов.)

3. Бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылады. Мысалы: *ат қора* — ат тұратын қора; *мал қора* — мал қамауға арналған қора; *шай кесе* — шай ішуге арналған кесе; *кір сабын* — кір жууға арналған сабын; *қазан пышақ* — қазан қыру үшін жұмсалатын пышақ (қырғыш); *өкше біз* — өкшеге шеге қағу үшін жұмсалатын біз.

Арнау мағынасындағы анықтауыштық тіркес құрамында жұмсалатын сөздердің өзара бірлігі күшті: Әдетте олар бөлек жазылғанмен, мағыналық, ритмикалық бірлігі жағынан біріккен сөздер тәрізді. Сондықтан олар сөйлемнің бір мүшесі ретінде жұмсалады. Мысалы: *Баймырза Қалампырға қараған кезде, Қалампырдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиді (С. Мұқанов).*

4. Бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: *тау теке, көл бақа, желке тамыр, төс қалта, қалта сағат*, т. б. Олардың екі түрі бар.

а) Сөз тіркесінің барыныңқы сыңары жер — су аты болып, басыңқысы заттың сонда өсіп-өнетінін (мекенін) білдіреді: *тау ешкі, су жылан, көл бақа, түрікпен кілем*, т. б.

ә) Қабыса байланысқан топтағы екі сөз де жалпы есім болып, бірі екіншісінің қай жердегі, қай орындағы зат екенін анықтайды: *мойын ет, желке тамыр, тамақ без, ауыз үй, тамақ бау*, т. б.

Бұлар — бір лексикалық бірлікте айтылатын тіркестер. Мысалы:

Мұныма біреу қарсылық айта қалса, шеке тамырым көгергенше, өңешім қызарғанша айтыса кетуге де әзірмін (Ғ. Мүсірепов). Мойын еті бөл-бөлек, майда жалды... (Абай). Ол төр бөлменің есігін аздап ашық қалдырған екен.

5. Заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: *бір қора қой, екі саба қымыз, қап-қап астық, бір асым ет*, т. б. Ондай өлшемдік мағынада жұмсала-тын тіркестер мынадай құрамда айтылады:

бір қора қой, бір үйір жылқы, екі полк әскер, бір қазан ет, үш шелек су, бес қап ұн, бір ұыс бидай, бес құлаш арқан, үш адым жер, қап-қап астық, шелек-шелек сүт, мая-мая шөп, тау-тау бидай, саба-саба қымыз, үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, бір атым насыбай, бір үзім нан, он шақырым жер, екі қайнатым шай, бір сауым сүт, т. б.
Мысалы:

Бір табын сиырды айдалаға айдап тастап, қалаға бара жатсаңыз, көзіңіз шаңырақтай болады екен (Ғ. Мұстафин). Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар (Мақал). Тұтам емшек көк ала сиырлардан шелек-шелек сүт бор-бор сауылып жатыр (Ғ. Мұстафин).

6. К ә с і п , д ә р е ж е н і б і л д і р е д і : а) инженер қыз, шәкірт бала, тракторист Есбол; ә) суретші Әбілхан, жазушы Мұқанов, аға лейтенант, бас инженер, т. б.

7. А д а м н ы ң ж ы н ы с ы н б і л д і р е д і : қыз бала, ұл бала, әйел адам, т. б.

8. Д а р а л а у м а ғ ы н а с ы н д а ж ұ м с а л а д ы : қайың ағаш, алма ағаш, нар түйе, т. б.

§18. СЫН ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР

Сын есімдер — заттың әр түрлі сындық сапасын білдіретін сөздер. Солай болатындықтан олар зат есімдерге қатысты болып, зат есімдерден тіркесіп, есімді сөз тіркесінің құрамында өте көп жұмсалады. Сын есімдердің лексикалық мағыналарына және синтаксистік қызметіне қарағанда, олар есімді сөз тіркестерінің арнаулы бағыныңқы сыңары болатын сөздер.

Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі жасалады. Мұндай синтаксистік тіркестердің құрамы әр алуан болатындықтан, олар әр түрлі а н ы қ т а у ы ш т ы қ қатынаста жұмсалады. Мысалы, анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сын есімдер заттың т ү с і н (ақ қар, боз ат, көк шөп, қызыл гүл, тарғыл сиыр), заттың к ө л е м д і к сапасын (тар жол, қысқа жіп, кең сарай, жалпақ тақтай, терең көл, үлкен қайрақ), заттың т а - б и ғ и күйін (қалың қарағай, салқын жел), адамның, басқа заттың і ш к і с ы р ы н (жақсы кісі, жаман жолдас, жуас ат, шабан үйрек, сараң әйел), тамақтың д ә м і н (тәтті тамақ, ащы сорпа, қышқыл жеміс), за-

ттың с а л м а қ т ы н мөлшерін (*ауыр жүк, жеңіл чемодан*), т. б. білдіреді.

Осындай әр түрлі мағынада жұмсалатын сын есімдер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді және барлық сын есімдердің зат есімдермен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, *тілемсек* деген сөз адамның ғана сынып білдіреді. Сондықтан оны *тілемсек кісі, тілемсек бала, тілемсек шал* сияқты құрамда айтуға болады, *тілемсек ат, тілемсек қоян* тәрізді құрамда айтуға болмайды. Сол сияқты *асау* сөзін *асау ат, асау бие, асау тайлақ* сияқты құрамда айтуға болады да, *асау бала, асау шал, асау тал* деп айту ерсі болады. Оның себебі әрбір сын есімнің білдіретін лексикалық мағынасы белгілі затқа (не заттарға) тән сапа болады. Сондықтан мысалы, *қисық* сөзін қисайтуға болатын заттардың, *асау* сөзін көлік малын білдіретін заттардың сапасы деп айтуға болады. Көркем әдебиетте ондай, белгілі ғана заттың сапасын кейде мағыналық үйлесімі кем басқа затқа теліп, сол арқылы сөз тіркесінің мазмұнын көрікті етіп әсірелеуге болады (10-параграфты қараңыз).

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар заттың ұғымын білдіретін сөздермен еркін тіркестіре беруге болады. Мысалы: *ақ қағаз, ақ қар, ақ гүл, ақ бидай, көк шөп, көк қағаз, көк бояу, көк аспан*. Бұл жағынан малдың түсін білдіретін сын есімдердің жұмсалыуында үлкен айырмашылық бар: біріншіден: *ақ, көк, қара, қызыл, тарғыл, жирен* түстерді мал аттарымен тіркестіргенде, олардың түсі басқа заттардан ерекше болып ұғынылады; екіншіден, ондай түстердің бәрін бірдей барлық малдың түсі ретінде қолдануға болмайды. Мысалы, *ақ қой, ақ ешкі* деп айтылады, ал *көк түйе* (ат *ақ* болса да *ақ ат, көк ат* деп айтуға болады), деп айтылмайды, *қара ат, қара сиыр, қара ешкі, қара нар, қара қой, қызыл ат, қызыл сиыр, қызыл қой* деуге болады, ал *қызыл түйе, қызыл ешкі* деп айтылмайды.

Сапалық сын есімдер мен зат есімдер еркін тіркес құрамында айтылғанда, сөз тіркесінің бірінші (бағыныңқы) сыңары түбір қалпын өзгертпейді де, екінші (басыңқы) сөзі түрлі тұлғада айтыла береді. Бірақ соңғының жалғаулы болуының бұл сөз тіркесіне ешқандай қатысы болмайды. Сонымен қатар ондағы зат есімнің кейде дербестігі болмай, сын есім күрделі сөз тіркесінің құрамында айтылуы мүмкін. Мысалы:

Үлкен үйдің ортасында... тас шам бар (М. Әуезов). Оның үшкір тұмсық жаңа қара етігі қардан тайғанай

берді (С. Мұқанов). Секретарь... кең қабырғада жаюлы тұрған ақ жібек шымылдың қасына келді (С. Мұқанов). Ербол мініп келген семіз көк атқа шана жегіп, екі жігіт қатар отырып, сар желділіп, келеді (М. Әуезов).

Бірқатар сын есімнің сындық сапасын күшейту үшін оларға басқа сын есімдер қатысты болып та олар күрделі сөз тіркесінің құрамына енеді: *тастай қатты ағаш, сүттей жарық ай, удай ащы дәрі.*

Қатыстық сындар мен зат есімдерден жасалған сөз тіркестері де әр түрлі мағыналық қатынасты білдіреді. Мұнда туынды сын есімдер қандай сөздерден жасалған болса, сол сөз анықтауыштық сапаның негізі болады:

Таусыз, ормансыз дала (С. Мұқанов). Терістіктен ескен болымсыз ғана жел лебі (М. Әуезов). Тоқсаңдағы Жамбылға толқындатып сөз келді (Жамбыл).

Қатыстық сындар зат есімдерден жасалғанда, олармен басқа зат есімдер не сын есімдер тіркесіп, барлығы жиналып, күрделі есім сөз тіркесінің құрамында айтылуы мүмкін:

а) Қасқыр ішікті, түлкі тымақты жуандар үй-үйге кіре бастады (С. Көбеев). Бидай өнді, үріп ауызға салғандай келіншек есік алдына шықты (Б. Майлин).

ә) Қара торы, өткір көзді жігіт жалғыз келе жатыр (Ғ. Сланов). Ұзын бойлы, талдырмаш денелі жігіт — ...Асқардың замандасы (С. Мұқанов). Ақ жаулықты келіншектер, үкілі камшат бөрікті қыздар көрінеді (М. Әуезов). Ақ басты Алатаудың Жамбылымын (Жамбыл).

§ 19. САН ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР

Сан есімдер — зат есімдерге тән, оларды сан жағынан анықтап тұратын, зат есімнің жетегінде айтылатын, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олардың зат есімдермен тіркесуі арқылы қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері жасалады. Сан есімдер мен зат есімдердің өзара тіркесу қабілеті ерекше болатындықтан, ондай сөз тіркестері жиі кездеседі және олардың құрамы әр түрлі болады.

Бірқатар зат есімдер талдап саналатын конкретті заттардың аты болады да, бірқатары абстракт ұғымының аты болады. Осыған орай, сан есімдер барлық зат есіммен бірдей тіркесе алмайды: олар санауға болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе алады да,

қатысты болу арқылы да күрделі есімді сөз тіркесін құрайды: *үш күндік жол, алты айлық азық, бес тонна бидай, он километр жер, жүз метр мата, он жасар бала, он алты жастағы қыз*. Мысалы:

Екі мың пұт кеннен сегіз жүз пұттай қара мыс түсірді. Кейде ұзындығы жарты шақырым, көлденеңі жиырма саржан, тереңдігі бес-алты саржан жырлар кездеседі (Ғ. Мүсірепов).

§20. ЕСІМШЕЛІ ТІРКЕСТЕР

Зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің тағы бір тобы — есімшелер. Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі арқылы **анықтауыштық** қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады, мысалы: *орылған егін, жайнаған дала, көгерген шөп, келіскен кісі, айтар сөз, түсінетін бала*.

Мұндай есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі кездесетін есімшелер **-ған/-ген** тұлғалылар. Бұларға қарағанда, **а-тын//е-тін, ар//ер,-р** тұлғалы есімшелер есім сөз тіркесінің барыныңқы сыңары қызметінде аз айтылады. Оның себебі — есімшелердің білдіретін шақтық мағынасында: өткен шақ пен осы шақта жұмсалатын **-ған** тұлғалы анықтауыштар қимыл процесінің нәтижесін, оның зат есіммен тығыз мағыналық байланысын білдіреді, мысалы: *маңыраған қой, боздаған бота, жиналған астық, айтқан сөз, құжынаған мал, ұшқан құс, көрген кісі, үйде отырған бала, жерде жатқан таяқ, колхозда жүрген үгітші*.

Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде көбінесе, оның болашақта болатын, қосымша сапасы ретінде жұмсалады. Мысалы: *сауылатын сиыр* (салыстыр; *сауылған сиыр*), *жазатын кісі* (салыстыр: *жазған кісі*), *орақ оратын жігіт* (салыстыр: *орақ ораған жігіт*);

Есімшенің сөз тіркесі құрамындағы анықтауыштық мағынасын басқа анықтауыштармен салыстырғанда, олардың елеулі айырмашылығы бар екенін көреміз: егер, мысалы, сын есімнен болған анықтауыштар **заттың** әр алуан сындық сапасын бір қалыпты күйінде білдірсе, есімшелер **заттың** қимылдық сапасын процесс күйінде білдіреді. Бұл айырмашылықты байқау үшін сын есімдерден жасалған есімшелері бар мысалдар алайық.

санауға болмайтын, абстракт ұғымды білдіретін зат есімдермен тіркеспейді. Соңғыға мынандай сөздер жатады:

а) балалық, жастық, сұлулық, тазалық, жалқаулық, мырзалық, сезімділік сияқты сапалық зат есімдер;

ә) гүрсіл, тарсыл, қарау, жүдеу, жасқану, мінез, қытық сияқты құбылыс, процесс аттарын білдіретін зат есімдер;

б) Логика, психология, химия, биология, педагогика сияқты ілім және ғылым аттарын білдіретін зат есімдер.

Сан есім қатысқан сөз тіркесі сыңарлары бір-бірінің тұлғалануына әсер етпейді. Сан есімдер арқылы заттың көптігін білдіргенмен, басыңқы қызметтегі зат есімдер көптік жалғауда айтылмайды. Мысалы, он ешкі, қырық саулық, мың қой, оныншы мектеп, алтыншы бригада.

Жинақтау сан есімдерден басқа сан есімдердің бәрі де анықтауыштық қатынаста санауға, есептеуге болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе береді: сонда есептік сандар заттардың қанша екенін білдірсе, реттік сандар заттың сан ретін, нешінші екенін білдіреді:

Класта жиырма төрт оқушы сабаққа қатысуға тиіс (М. Иманжанов). *Бөлмеге жаңа екі қонақ келіп кірді* (С. Мұқанов). *Бірінші тәжірибе пеші қақ жартыдан артық мыс берді* (Ғ. Мүсірепов).

Болжалды сандар есімді сөз тіркесінің құрамында заттың сандық сапасын шама мөлшері ретінде көрсетеді:

Олжабек үш жүздей жылқыны айдап келеді (Ғ. Мұстафин). *Біз болсақ, бес-алты қырқаны сыртынан бағып отырмыз* (Ғ. Мүсірепов). *(Біз) Мына екі-үш қараны бағып-қағып отырмыз* (Ғ. Мұстафин). *Фабрика-завод мектебінде төрт жүзге жуық қазақ баласы оқып жүр* (Ғ. Мұстафин). *Ол жаққа екі-үш жүзге тарта жігіт кетіп еді* (С. Мұқанов).

Бұл мысалдарда көрсетілген есімді сөз тіркестерді күрделі. Сондай күрделі сөз тіркестері сан есім мен туынды сын есімдер тобының зат есімдерге қатысы арқылы да жасалады: *екі шекті домбыра, үш сеялқалы агрегат, бес балалы ана*. Мысалы:

(Олар) 12-13 үйлі Балтабай аулының ық жағына қонды (С. Мұқанов). *Шеген маған үш түрлі өсиет айтты* (Ғ. Мүсірепов). *Үш бөлмелі үйдің ортасында, диванда, Шығанақ... жатыр* (Ғ. Мұстафин).

Сан есімдер уақыт, салмақ, көлем өлшемін білдіретін сөздерге және жасар, жастағы сөздеріне

*көк шөп — көгерген шөп
ақ үй — ағарған үй
семіз қой — семірген қой,
жас әйел — жасарған әйел.*

*Әр жерде қағылған қадалар... көрінеді (Ғ. Мүсірепов).
Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы соншалық та-
ныс, жақын (М. Әуезов). Айтатын арызымыз бар.
Сөйлейтін жерім жаңа табылды (Ғ. Мұстафин).*

Әдетте есімшелердің жетегінде, оларға меңгерілетін есімдер болатыны белгілі. Олар көбінше сол тобымен зат есімге қатысты болып, онымен бірігіп күрделі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Мысалы: *Төбеде жүрген жау самолеті сирей бастады. От жағылған екі темір пеш түксіп тұр. (Ғ. Мүсірепов). Шығыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп... Абай отыр. (М. Әуезов). Қолдан келер жәрдемді көрсеттік (Ғ. Мүсірепов).*

Есімшелер зат есімдермен ғана емес, олардың орнына жұмсалатын басқа есімдермен де тіркесуі мүмкін, мысалы: *келген біреу, оқыған жас, кербезденген сұлу, тайсалмайтын батыр, батылы бармайтын қорқақ.*

Үйде сәлде киген біреу отыр (С. Көбеев). Оқуға ынталанбайтын жас бар ма қазір (С. Мұқанов).

Көреген, сүзеген, қашаған, береген, жатаған тәрізді ертедегі біраз есімшелер бұл күнде есімшелік мағынасын жойып, сын есім қатарында жұмсалады. Мұндай есімшелерден ауысқан сын есімдер де есімді тіркес құрамында айтылады: көреген кісі, сүзеген сиыр, қашаған ат, береген қол, жатаған түйе.

§ 21. ЕСІМДІКТІ ТІРКЕСТЕР

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері — *сі л т е у*, *с ұ р а у* және *ж и н а қ т а у* - есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, *а н ы қ т а у* - *ы ш т ы қ* қатынаста жұмсалады. Мысалы, *мына кітап, ана тау, осы қала, қай аудан?, қандай мәселе?*

Есімдіктердің сөз тіркесінің құрамындағы анықтауыштық мағыналары бірдей емес.

С і л т е у есімдіктері заттың айтушыға *а л ы с* - *ж а қ ы н д ы қ* бағдарын нұсқап көрсетіп анықтайды:

Ол осы өзенді жағалап Кремль жақтағы сонау көк түйіске қарай серуендемекші еді-ау! (Ә. Әбішев) *Бұл — онау Ұлытаудың қазағы Олжай дейтін* (Ә. Әбішев) *Бұл өзді Сырбай қашан да кеудесін кере алған деммен ұйтып келеді* (С. Мұқанов)

С ұ р а у есімдіктері ол құрамда заттың с ұ р а у л ы қ с а п а қатынасын білдіреді, мысалы, *қай қала? неше мектеп?, қандай адам, қанша саулық?*

Мұндай құрамда айтылатын сұрау есімдіктері — қабыса байланысатын анықтауыштарға (сын есім, зат есім, сан есім, есімше және сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштарға) қойылатын сұрақтар.

Басқалары қабыса байланысатын анықтауыштардың орнын баспайтындықтан, мұндай құрамда айтылмайды.

Ж а л п ы л а у есімдіктері есімді сөз тіркесінің мағыналық сыңары қызметінде заттың ж и н а қ т а л ғ а н м ө л ш е р л і к сапасын білдіреді. Мысалы: *барлық жұрт, күллі ел, бүкіл дүние.*

§22. ҮСТЕУЛЕР ҚАТЫСҚАН ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР

Үстеулер — өздерінің лексикалық мағыналарына тәуелсіз заттың қимылдық сапасын айқындайтын сөздер. Солай болатындықтан олар көбінесе етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркесінің құрамында жиі қолданылады (§26). Үстеулердің есім сөздермен тіркесуі еркін кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінің материалдарына қарағанда, мезгіл үстеулері сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және бар, жоқ сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды. Мысалы: *бүгін жайлауда, енді көңілді, қазір жас, биыл кетіде, бүгін бар, ертең жоқ.*

Бірақ бұлар — мағыналық байланысы берік сөздердің үйлесуі негізінде жасалған *бүгін келді, енді ұйтады, қазір барамын* сияқты сөз тіркестер емес, тіркесуі бос тіркестер. Олай дейтін себебіміз — мезгіл үстеулері есімдермен тіркескенде, олардың тіркесу қабілеті айқын болғандықтан және мағыналық байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің

құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі.

Баяндауыш қызметіндегі есімдер мен үстеулердің мезгілдік қатынастағы сөз тіркесін құрауына мысалдар:

Қасен қазір колхозшы (С. Көбеев). Біз де бүгін вахта-дамыз (Х. Ерғалиев). Ұлпа биыл жетіде (Б. Майлин). Бозбаламын мен де енді (Жамбыл). Елсіздегі қарақшылар түнде бейқам, күндіз сақ. (Ғ. Мұстафин) Осы Шыңғыстың осы қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанмен, дәл күздігүні жайсыз-ақ (М. Әуезов). Қазір жалғызбын ғой, көріп отырсыз (Ғ. Мұстафин).

Мезгіл үстеулер сөйлемде баяндауыш болған есімдерге ғана қатысты болғандықтан, олар есімдерден қашықтап тұрып, олармен жанаса байланысуы да мүмкін. Мысалы:

Қазір ол — мал бригадирі (Ғ. Мұстафин). Сәрсеннің қазір екі немересі бар. (С. Көбеев). Бүгін онда бір түрлі сергектік, сезімділік бар (М. Әуезов). Жомартта әлі үн жоқ. (Ғ. Мұстафин).

МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

§23. ЖАЛПЫ ТҮСІМ

Матасу — қиысу, меңгеру сияқты синтаксистік байланыс формаларының бір түрі. Ол изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің байланыс формасы: *Омарбектің інісі, ағаштың бұтағы, біздің табысымыз*. Бұл сөз тіркестерінің бірінші сыңарлары ілік жалғауда, екінші сыңарлары тәуелдік жалғауда айтылған.

Сөйлемдегі сөздердің осылай байланысуы — қазақ тілінің (басқа түркі тілдерінің де) грамматикалық құрылысындағы ерекшелігінің бірі. Ондай сөз тіркестерінің байланысын бірқатар авторлар қиысу (согласование) деп қарайды¹. Енді бірқатар авторлар басқа тілдерде бар байланыс формасының, әйтеуір, біріне жатқызу үшін оны меңгеру (управление) деп таниды².

¹ Мысалы. И. А. Батманов. Способы выражения синтаксических отношений в киргизском языке, Фрунзе 1940. 11-13-бет. Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948, 205-бет. А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка, М.-Л., 1956, 379-бет.

² Мысалы, С. Аманжолов, А. Әбілқасов, И. Ұйықбаев Қазақ тілі грамматикасы 11, 1953, 60-бет.

Дұрысында, біздің матасу дегеніміз бен қиысудың кейбір сыртқы ұқсастығы бары рас. Бірақ екеуі бір емес: екеуінің мазмұны да, сөз тіркесін құраудағы қызметі де екі басқа. Оның соңғыдан негізгі айырмашылығы мынау: егер меңгеруде өзара байланысқан сөздердің бірі екіншісіне бағынып тұлғаланса, матасуда бағыныңқы сөз бағынатын сөзге қарай айқас байланысады. Басқаша айтқанда, бір сөздің белгілі жалғауда тұруын керек ететін сөз оның жетегінде айтылып, оған бағынып тұрады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөзге иек артып, соның жақтық, көптік мағынасына лайық, белгілі грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда, керісінше, басыңқы сөз өзіне бағыныңқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тиісті грамматикалық тұлғада (тәуелдік жалғауда) жұмсалады. Сөйте тұрып, ол бағыныңқы сөздің тиісті жалғауда (ілік септікте) айтылуын керек етеді:

Менің қарындасым келді,

Сенің қарындасың келді,

Оның қарындасы келді.

Мұнда тәуелдік жалғаулардағы бастауыштарға баяндауыштар бағындырылып, ілік септікті сөздер олардың анықтауыштары болып тұр. Ортадағы сөздің бірде І жақтық, бірде ІІ жақтық, бірде ІІІ жақтық тұлғада айтылуы оның бағыныңқысының ерекшелігіне қарай түрленетін болады да, олардың қай жақта болуымен байланысты. Сонда тәуелдеулі сөздер өзіне бағыныңқы сөздердің мағыналық байланысы айқасқан байланыс болады. Оны қиысумен салыстыра стрелкамен көрсетсек, былай болар еді.

Қиысу

Матасу

Бастауыш

Баяндауыш

Анықтауыш

Анықталушы

Матаса байланысуды қиысудан бөліп қарау қазақ тілінің, сонымен қатар басқа түркі тілдерінің де сөйлем құрылысында бар синтаксистік ерекшелікті дұрыс тануға себепкер болады. Олай етпей, *ағаштың жалырағы, менің жолдасым* дегендерді тек жақтық, сандық қиысу тұрғысынан қарағанда, ондай топтағы басыңқының тұлғалануы ескеріледі де, ілік жалғауындағы сөздердің тәуелдеулі сөздерге бағыныңқылық ыңғайда жұмсалуы ескерілмеген болады. Шынында, олардың екі жағын бірдей ескеру керек.

Матасу деген терминді қолдануда изафеттік құрылыстағы (*Темірбектің інісі тәрізді*) тіркестің сол сияқты басқа сөз тіркестерімен де тізбектеліп, шиыршықтана беретінін ескеру қажет. Мысалы:

Темірбектің інісі;

Темірбектің інісінің пальтосы;

Темірбектің інісінің пальтосының түймесі;

Темірбектің інісінің пальтосының түймесінің бауы.

Сенің жолдасың;

Сенің жолдасыңның сөзі;

Сенің жолдасыңның сөзінің қорытындысы,

Сенің жолдасыңның сөзінің қорытындысының жалғасы.

Бұл матаса байланысқан бір тізбекті тіркестің (*Темірбектің інісі, інісінің пальтосы...*) соңғы сөзі одан бұрын тұрған сөзбен матаса байланысып, ол басқа сөздермен тағы сондай синтаксистік байланысқа еніп, 3-4 сатылы шумақты топ жасалған. Ол топтың бірінші және соңғы сөзінен басқалары да анықталушы, әрі анықтауыш болып, бәрі жиналып, өзара матаса байланысқан бір синтаксистік шумақ болып тұрады.

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркестерімен өзара тастырып тұратын грамматикалық тұлғалар — ілік, тәуелдік жалғаулары. Сонда ондай сөз тіркестерінің бірінші сыңары ілік жалғауында айтылады да, екінші сыңары тәуелдік жалғауда болады. Тек біз, сіз деген екі есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен тіркесетін сөз жалғаусыз да айтылады: *біздің бала, біздің ауыл, сіздің бала, сіздің ауыл.*

§24. МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ БІРІНШІ СЫҢАРЫ

Матаса байланысатын сөздер — негізінде, зат есімдер. Солай болған соң зат есім мағынасында не зат есім орнына жұмсалатын сөздердің бәрі сол тіркестің бірінші не екінші сыңары бола алады. *Досболдың табысы, сенің уәдең, қойдың жүні, екінші бірі, жақсының шарапаты, жалқаудың кесірі.*

Мұндай сөз тіркестері анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынастағы ілік жалғаулы сөздердің әр түрлі құрамда айтылуына қарай матаса байланысқан сөз тіркестері әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Олардың негізгі мағыналары мыналар:

1. Ілік жалғауы меншік иесі бола алатын сөзге жалғанып, **меншіктілік** қатынасты білдіреді. Ол дара және қоғамдық меншіктілік болуы мүмкін.

Менің киімім,

Колхоздың жері.

Оқушының кітабы.

Мемлекеттің мүлкі.

2. Ілік жалғаулы сөздер туған-туысқандық, дос-жарлық ұғымдағы сөздермен тіркесіп, семьялық, туысқандық, т. б. қатынасты білдіреді.

Менің қарындасым.

Асқардың баласы.

Ажардың апасы

Төлеудің қызы

3. Ілік жалғаулы зат есімдер сол заттарға қатысы бар басқа зат есімдермен тіркесіп, зат пен заттың **табиғи** байланысып білдіреді.

Ағаштың бұтағы.

Ешкінің сүті.

Қойдың жүні.

Түйенің терісі.

4. Ілік жалғаулы сөз тәуелдеулі сан есім, есептік ұғымы бар зат есім және сын есімдермен тіркесіп, **бөлшектеу**, **талғау** мағыналарында да жұмсалады:

а) **бөлшектеу**: *оқушылардың бірі, егіздің сыңары, жиылыстағылардың көпшілігі;*

ә) **талғау**: *адамның ақылдысы, аттың жүйрігі, қызылдың қызылы.*

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің бірінші сыңары жалғаусыз айтылған анықтауыш болғанда, олар өзара әрі қабыса, әрі тәуелдене байланысады. Ондайда ілік септеуі зат пен заттың жоғарғыдай меншіктілік, туыстық, табиғи қатынасын білдірмейді, тек заттың **заттық сапасы** ретінде, тәуелдік қатынаста жұмсалады: *колхоздың малы, колхоз малы* сияқты екі түрлі формада айтылатын анықтауыштардың мағынасы бірдей емес, сондықтан *мал шаруашылығы, колхоз аулы* (*колхоз аулының бейнесі*) сияқты жалғаусыз айтылған бірқатар анықтауыштарды *малдың шаруашылығы, колхоздың аулы* деп жалғаулы етіп айтуға болмайды. Болмайтын себебі — ілік септікті сөз жалғаулы болса, меншіктік қатынасты білдіреді, жалғаусыз болса, заттық сапа ретінде жұмсалады. Оны мына мысалдан да анық байқаймыз: *Абайдың кітапханасы. Абайдың өзінің кітапханасы. Абай кітапханасы* (Абай атындағы кітапхана). *Абайдың мектебі* (Абайдың өзіне тән мектеп), *Абай мектебі* (Абай атындағы мектеп.)

Изафеттік *темір пеш, ағаш күрек* тәрізді құрылыста және *кен байлығы, мал шаруашылығы, радио хабары* сияқты құрылыста келетін түрлері де — синтаксистік

байланыстағы сөз тіркестері. Екеуі де қабыса байланысқан зат есімдер тобын (*қыл арқан, ағаш үй*) жалғаулы есімдер тобымен (*студенттердің оқуы, кеңес өкіметі, кен байлығы*) салыстырғанда, алдыңғыдан соңғы топтағы сөз тіркестерінің синтаксистік байланысының берік, бір тұтас екенін көреміз. Оның себебі — тіркескен сөздердің соңғысы алдыңғысына тәуелдік жалғауы арқылы да байланысып тұрады. Солай болғандықтан *Темір пештің оты лаулап жана бастады* деген сөйлемдегі *темір* сөзін тастап айтуға болады, ал *Қазақстанда кен байлығы үлкен орын алады, Ізгілік жолы халқымызды бақытты тұрмысқа жеткізді* деген сөйлемдердегі *кен байлығы. Ізгілік жолы* деген сөз тіркестерін олай ыдыратып, екі сыңарының бірін түсіріп айтуға болмайды.

Изафеттік құрылыстың ілік жалғаулы (*Қазақстанның байлығы*), ілік жалғаусыз (*кен байлығы*) болып келетін екі түрінің айырмашылығы да жоғарғыдай. Ол айырмашылықты байқау үшін жоғарғы екі тіркесті бір изафеттік құрылысқа сыйыстырып сөйлем құрайық: *Қазақстанның кен байлығы мол. Мұнда кен дегеннің тіркесті сыңары — байлығы. Қазақстанның деген сөздің тіркесті сыңары тек байлығы емес, кен байлығы, Сол сияқты, колхоздың мал шаруашылығы дегенде де, ілік жалғаулы сөздің (колхоздың) тіркесті тобына енетін сөздер тек шаруашылығы емес — мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы. Бұлай болу себебі соңғы сөздердің мағыналық және синтаксистік берік байланыста екендігінде. Ол байланысын және сөйлемдегі сөздердің өзара мағыналық қатынасын елемей, әрқайсысына бөлек-бөлек сұрақ қойып, әрқайсысын сөйлемнің тең праволы жеке мүшелері деп те тануға болатын сияқты: *Қазақстанның несі? — Байлығы. — Қандай байлығы? Кен байлығы. — Ненің байлығы? — Қазақстанның байлығы. Бірақ бұлай ету дұрыс болмайды. Дұрысы — Қазақстанның несі? деген сұраққа кен байлығы деп жауап беру. Өйткені әңгіме жалпы байлық жайында емес, кен байлығы жайында болып тұр. (Қазақстанның ауыл шаруашылығы, колхоздың қант қызылшасы, т. б. салыстырыңыз.)**

Бірақ бұл құрылысты матаса байланысқан сөз тіркесінің ортасында басқа анықтауышы бар құраммен (*Кавказдың биік таулары* деген сияқты) бірдей деп қарауға болмайды: соңғыда үш сөзден құралған екі сөз тіркесі бар: *Кавказдың таулары, биік таулары.*

Түркологиялык әдебиетте изафеттік құрылыстағы анықтауыштық топтың бірінші сыңары белгілі (определенный) зат болса, жалғаулы болады, белгісіз (неопределенный) зат болса, жалғаусыз болады деп түсіндіреді¹. Біздіңше, ілік септіктің жалғаулы, жалғаусыз болуы жалғанатын сөзінің айтушыға, тыңдаушыға белгілі, белгісіз болуымен байланысты емес, меншіктілік (тәндік) қатынасты ерекше білдіру, білдірмеумен байланысты: егер тәуелдеулі заттың қай затқа (не кімге) меншікті, қатысты екенін әдейілеп, арнап көрсету керек болғанда, ілік септігіндегі сөз жалғаулы болады. Ал мұндай құрамдағы сөздердің бірі екіншісіне тек заттық сапа ретінде жұмсалса, немесе ондай топтың атауыштық қызметі болса, ілік септеуіндегі сөздер жалғаусыз болады. Мысалы:

1	2	3
<i>Институттың</i>	<i>Институт</i>	<i>Қант</i>
<i>директоры</i>	<i>директоры</i>	<i>қызылшасы</i>
<i>Мемлекеттің</i>	<i>Мемлекет</i>	<i>Мал</i>
<i>мүлкі</i>	<i>мүлкі</i>	<i>шаруашылығы</i>
<i>Колхоздың</i>	<i>Колхоз малы</i>	<i>малы</i>
<i>малы</i>		
<i>Пушкиннің</i>	<i>Пушкин</i>	<i>Жер бөлісі</i>
<i>кітапханасы</i>	<i>кітапханасы</i>	

Бірінші бағанадағы сөз тіркестерінің бірінші сөздерін кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз (2-дегідей) айтуға болса, үшінші бағанадағы сөз тіркесінің бірінші сөзін жалғаулы етіп айтуға болмайды. Оның себебі — ол сөздердің белгісіз зат екендігінде емес, бұларда ілік жалғаулы сөзі бар тіркестерге тән мағыналық қатынастың жоқтығында.

§25. МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ ЕКІНШІ СЫҒАРЫ

Сөйлеуші бір затты не өзіне, не өзгеге, не басқа затқа меншіктеп айтқысы келгенде, меншіктелген сөзге -нікі,-дікі,-тікі жұрнағын жалғап, *Мына ат менікі, Мына*

¹ Мысалы: Н. Ф. Катанов. Опыт — исследования урянкайского языка, 1903, 770-бет. Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка, 1940, 55-бет. А. П. Поцелуевский. Основы синтаксиса туркменского языка. Ашхабад. 1943, 27-бет. Ол изафеттік жалғаулы түрін аналдаушы (анализирующий), жалғаусыз түрін синтездеуші (синтезирующий) деп атаған.

сағат сенікі, Мына жер колхоздікі деген сияқты сөйлемдер құрайды. Сонда жоғарғы жұрнақтар жалғанған сөздерге одан бұрын айтылған заттар меншіктеліп тұрады да, ол екеуінің арасынан меншіктілік қатынас туады.

Сондай-ақ, зат пен заттың меншіктілік басқа табиғи қатынасын білдіру үшін, меншіктеуші сөздерге ілік, меншіктелуші сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанып та айтылады: *менің атым, сенің атың, оның аты*. Әрине, бұл екі тіркестің меншіктілік мағынасы біріне-бірі жақын болғанмен, грамматикалық қызметі бір емес, *ат колхоздікі* — предикаттық меншік те, *колхоздың аты* — атрибуттық меншік. Оның үстіне ілік, тәуелдік жалғаулары арқылы айтылатын меншіктілік қатынас тәуелдеулі бір сөзбен де айтылады: *атым, атың, аты, көйлегім, көйлегің, көйлегі*.

Матаса байланысатын изафеттік тіркестің екінші сыңары зат есім, заттанған сын есім, сан есім, есімше, есімдіктер болады: *теңіздің толқыны, аттың жүйрігі, оқушылардың бесеуі, менің айтқаным, сенің өзің*.

Бұлар — анықтауыштық қатынастағы есімдер тобы. Жалпы алғанда, есім сөздердің бәрі де мұндай тіркестің екінші сыңары бола береді. Тіпті грамматикалық тұлғада “өзгерілмейтін” сөздер деп аталатын үстеу, одағайлар да белгілі жағдайда матасқан сөз тіркесінің екінші сыңары бола береді: *еріншектің ертеңі таусылмас, аллаңнан ойбайым тыныш*.

Грамматикаларда жіктеу есімдіктері мұндай тіркестің екінші сыңары болмайды деген ереже айтылады. Негізінде, ол дұрыс болғанымен, олардың да кейде тәуелденіп айтылуын кездестіреміз: үйде отырған біреу сырттағы тықырды есітіп:

— *Бұл кім?* — дегенде, оған:

— *Мен,* — деген жауап болса, үйдегі кісі:

— *Менің кім?* — деп сұрауы мүмкін. Осындайда *мен, сен, біз, сіз* деген жіктеу есімдіктері тәуелденіп айтылатыны болмаса, басқа жағдайда изафеттік тіркестің екінші сыңары ретінде жұмсалмайды. Негізінде зат есімдер матаса байланысқан сөз тіркестерінің екінші тәуелдеулі сыңары болып көбірек кездеседі. Соның өзінде олардың анықтайтын сөздерімен мағыналық қатынасы әр түрлі болады:

З а т е с і м тәуелденіп, ілік жалғаулы сөзбен матаса байланысқанда, меншіктілік (тәндік) және табиғи қатынасты білдіреді: *менің жолдасым, үйдің есігі, қазанның қақпағы, ағаштың жапырағы*.

С ы н е с і м изафеттік тіркестің екінші сыңары болғанда, мынадай мағынада айтылады:

а) субстантивтенген зат есім орнында тәндік мағынада жұмсалады: *менің теңтегім* (менің балам д. м.) *колхоздың шұбары* (колхоздың шұбар аты д. м.).

ә) сын есімнің таңдаулы шырай мағынасында: *Бұл — таудың биігі, Ақмоншақ — аттың жүйрігі.*

С а н е с і м изафеттік тіркестің екінші сыңары болып ілік жалғаулы зат есіммен, сан есіммен матаса байланысқанда бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалады: *балалардың бесеуі, оқушылардың екеуі, майдың он бесі, төрттің бірі, оның жартысы*¹.

Е с і м ш е л е р жоғарғыдай тіркесте тәндік қатынаста, әрі заттық, әрі қимылдық сапа мағынасында жұмсалады. *Менің айтқаным, сенің жазғаның, оның көрген-білгені, сенің айтарың, оның айтар-айтпасы.*

Меншіктілік тәндік ұғымның мендік, сендік не бөгделік болуына сәйкестеніп, тәуелдік жалғаулы сөздер үш жақта жұмсалады.

1 — *жәк (менің) сағатым, (біздің) сағатымыз.*

2 — *жәк (сенің) сағатың, (сіздің) сағатыңыз.*

3 — *жәк (оның) сағаты.*

Тәуелдік жалғаудағы сөздер кейде жекеше, кейде көпше тұлғада жұмсалады. Оның негізгі ережелері мынаған тіреледі: меншіктелуші зат бір затқа меншіктелгенде, тәуелдік жалғауы жекеше түрдегі зат есімге жалғанып, ілік жалғауындағы сөз де жекеше қалыпта тұрады:

Менің атым. Кітаптың мұқабасы.

Сенің атың. Үйдің есігі.

Оның аты. Бригадирдің жұмысы.

Ал бір зат көп затқа меншіктелгенде, меншіктеулі зат көптік және ілік жалғауда болады:

Студенттердің жиналысы.

Жапырақтардың сыбдыры.

Тракторлардың дүрілі.

Кейде көп зат көп затқа меншіктелуі мүмкін. Ондайда ілік жалғауындағы сөздер де, тәуелдеулі сөздер де көптік жалғауда тұрады:

Біздің жұмыстарымыз.

Сендердің жұмыстарың.

¹ Сан есімнен құралған изафеттік тіркес кісінің жас мәлшеріа білдіруде бір санды бір санға үстемелу мағынасында жұмсалады: Раушан отыадын бесіне келді. Ол биыл жетпістің үшінше шықты.

Сіздердің жұмыстарыңыз.

Олардың жұмыстары.

Кейде көп зат бір затқа меншіктелуі мүмкін. Ондайда ілік жалғауындағы сөз жекеше, тәуелдік жалғауы жалғанған сөз көпше түрде болады:

Менің жолдастарым.

Сенің жолдастарың.

Оның жолдастары.

Әрі көптік, әрі тәуелдік жалғауларда айтылатын зат есімдер кейде жеке зат есебінде жұмсалуы мүмкін. Ондайда көптік жалғау меншіктелген сөздің көптігін көрсетпей, тәуелдік жалғауы арқылы меншіктеуші заттың көптігін білдіреді. Мысалы, Бір магазинде кітап сатып тұрған екі не одан да көп кісіге қарап: *Магазиндеріңізде есеп кітабы бар ма?* дегенде, көптік жалғау магазиннің көптігін көрсетпейді, өзінен бұрын айтылуға тиісті ілік жалғауындағы сөздің көптігін білдіреді. Не болмаса бір баласы бар ерлі-зайыпты кісілерге: *Балаларыңыз аман ба? десек, онда да -лар* жалғауы балалардың көптігін көрсетпей, оның тәуелденіп тұрған сөзінің (әкешешенің) көп (екеу) екенін білдіреді. Ондайды мына мысалдан да анық көруге болады:

Балтабек жиырма алтыда, Балғабай жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде. Әкелері Тұяқбай ерте өлген, шешелері Ұлберген шаруадан қалмаған, жасы 45-тегі кісі (С. Мұқанов).

Әшейінде алдар, арттар, соңдар, естер болып көптік жалғауда айтылмайтын сөздердің алдарыңдағы, арттарыңдағы, естеріңнен дегендей көптік тұлғада айтылуы да олардың жоғарғыдай, көпке тән екенімен байланысты.

Біз, сіз деген есімдіктерге меншіктелетін заттардың тәуелдік жалғаулары бұл есімдіктердің мағыналарына сәйкестене *І жақта о р т а қ , ІІ жақта с ы п а й ы* тұлғада болады.

Біздің табысымыз.

Сіздің табысыңыз.

Сонымен, матаса байланысқан сөз тіркесіндегі екінші сөздің тәуелдік жалғауының қайсысында тұруы оның жақтық мағынасымен байланысты екен. Солай болғандықтан тәуелдеулі сөздің анықтауышын өзгертіп, оның орнына жақтық мағынасы өзгеше басқа сөз қойсақ, анықталатын сөздің тәуелдік жалғауы да өзгеріледі:

Менің табысым, біздің табысымыз.

Сенің табысың, сіздің табысыңыз.

Оның табысы.

Бірақ тәуелдік жалғауларынан ілік септіктегі анықтауыштардың қай сөз екені белгілі болатындықтан, соңғылар кейде сөйлемде ерекше айтылмайды. Бұл жағынан жіктік жалғаудағы баяндауыштың бастауышын түсіріп айтудың орайы қалай болса, тәуелдеулі сөздердің анықтауышының түсіріліп айтылуы да солай: егер ілік жалғауындары сөзге ой екпіні түспесе, оның қай сөз екені тәуелдік жалғауынан белгілі болатындықтан, ол сөз ерекше айтылмайды. Мысалы: *менің жолдасым — жолдасым; сенің сұрағыңа жауап — сұрағыңа жауап.*

Бұдан мынандай қорытынды шығаруға болады: матаса байланысқан сөз тіркесінің мағыналық та, грамматикалық та орталығы — оның екінші сыңары. Оның синтаксистік қызметі бірінші сыңардан басым: ол сол тіркестегі сөздердің бірінші сыңары ерекше айтылмаған күнде, тіркескен сөздер тобының да орнына жұмсалады.

Негізгі ереже бойынша, бір сөйлемде ілік жалғаулы сөз болса, сол сөйлемде онымен тіркескен тәуелдеулі сөз болады (және керісінше¹), бірақ ілік жалғаулы сөз айтылмауы мүмкін.

(Біздің еліміз — еліміз; сенің жолдасың — жолдасың).

Матаса байланысқан есімді сөз тіркесі бар сөйлемдер:

Абай ең әуелі әжесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Оның тамаша күлкісі әрдайым сыңғырлап шығып... жұрттың бәрін еліктіріп отыр (М. Әуезов). Көзімнің қарасы, көңілімнің санасы, бітпейді іштегі еашықтық жарасы (Абай). Сағындықтың қорылы... машиналардың гүрілі, ас үйдегілердің аяқ тықыры солғын естіліп тұр. Үш көрпенің екеуі қонақ астында, үш жастықтың екеуі қонақ шынтағында. (Ғ. Мұстафин.) Бюроға қатысқан мамандардың көпшілігі Байжанның ұсынысын қолдады. (С. Мұқанов.)

МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

§26. ЖАЛПЫ ТҮСІМ

Сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары есімді, етістікті бағыныңқы сөздердің байланысу формасына,

¹ Тәуелдік жалғауда айтылатын бірқатар сөздердің ілік жалғаулы анықтауышы болмайды: 1952 жылы; Парқат екеуміз; Омарбек, Тайыр үшеуміз; ол шалқасынан түсті; бала етпетінен құлады.

тұлғасына қарап бірнеше топқа бөлінеді. Соның бірі — меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері.

Меңгеріле байланысатын сөз тіркестерінің ерекшелігін олардың құралу тұлғасынан қарап айырамыз. Олар *барыс, шығыс, табыс, жатыс, көмектес* жалғауларының бірінде болады да, басыңқы сөз сол жалғаудағы сөзді керек ететін етістік не есім болады. Осыдан меңгеріле байланысқан сөз тіркесі жасалады. Меңгеруші сөз жетектеуші де, меңгерілуші оның жетегіне еруші сөз болады. Септік жалғаулары сөзбен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынасты білдіреді. Мысалы, *барыс* септігіндегі сөз бет алысты, бағытты, мақсатты, мезгілді, т. б. білдіреді. Сондай мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің әр түрлі болуынан ғана тумайды, тұтас сөз тіркестерінің қарым-қатынасынан туады. Жоғарыда аталған септік жалғауларын меңгеріп, түрлі-түрлі мағыналық қатынастағы сөз тіркесін құрайтын сөздер, негізінде, етістіктер болады. Солай болатындықтан меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері кең түрде жұмсалып, түрлі құрамды болып келеді. Оған қарағанда меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері сирек қолданылады.

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары *барыс, шығыс, жатыс, көмектес* жалғауларының бірінде жұмсалады да, басыңқылары көбінесе баяндауыш қызметіндегі есімдер болады. Мысалы: *(Жерім) малға бай, (Ол) сөзге шорқақ, (Досан) комиссияға мүше, (Мен) саған кімін? (Оның сөзі) маған түсініксіз, (Бұл ат) мінуге жақсы, (Бұл қылығың) өзіңе жаман.*

Бұл тіркестердің байланысу формасы — меңгеру. Есімдердің есімдерді меңгеруі, етістікті тіркестердегідей, әрі мағыналық, әрі синтаксистік тығыз байланыс негізінде емес, *әлсіз* байланыс ыңғайында пайда болады. Оны түсіну үшін бір-екі мысал алайық: *кетті, келді* сияқты етістіктерді бөлек алғанда, олардың лексикалық мағыналары қаншалықты түсінікті болғанмен, мүшелік мазмұнында бір күңгірттік бар сияқты болады да тұрады. Ол күңгірттікті жойып, мүшелік мазмұнын толық ашу үшін *кетті, келді* етістіктерінің алдына *кім кеткенін, кім келгенін, оның қайда кеткенін, қайдан келгенін* көрсету керек, мысалы: *Асқар қалаға кетті, Темір қаладан келді.* Осындағы сөздер бірін-бірі керек етіп, өзара жымдаса байланысқан. Соның негізінде

қалаға кетті, қаладан келді деген меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері жасалған. Ал кіммін, түсініксіз деген есімдерді баяндауыш қызметінде бөлек алғанда, олармен байланыса айтылатын бастауыштың орны жоқталады, ал барыс жалғауындағы толықтауыштың орны жоқталмайды. Өйткені кіммін, түсініксіз сөздерінің мазмұны саған сияқты сөздердің тіркесуін тікелей керек етпейді. Сонда да (Мен) саған кіммін? (Айтқаның) маған түсініксіз сияқты меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерін құрауға болады. Есімдердің бұлай тіркесуі жеке сөздің тікелей лексикалық мағынасынан тумады, жалпы сөйлемнің мазмұнынан, айтайын деген ойға, баяндауышқа жалғаулы есімдердің керек болуынан туады.

§27. МЕНГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері онша көп кездеспейді және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбінесе бастауыштың к ү й і н , х а л і н білдіретін сөздер есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болып жиі жұмсалады. Олар мынандай есімдер:

1. **С ы н е с і м д е р .** Негізінде, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болатын сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болып та айтылады. Бірақ олардың бәрі бірдей сөз тіркесін құрай алмайды: мысалы, **з а т т ы ң т ү с і н** білдіретін сын есімдер тек **қардан ақ, қаннан қызыл, күйеден қара** сияқты тіркес құрамында келеді, ал **з а т т ы ң і ш к і — с ы р т қ ы с а п а с ы н** білдіретін сын есімдер ондай құрамда әлдеқайда көп кездеседі, мысалы: **өзіңе жақсы, маған түсінікті, тазалыққа жаман, ақшаға сараң, жусаннан биік.**

Барыс, шығыс, көмектес, кейде жатыс септіктерінде айтылып, **сын** есіммен тіркесетін сөздер толықтауыштық қатынаста жұмсалады:

Жуас түйе жүндеуге жақсы. Қаршыға, бүркіт тазалыққа үйір, қарақұс, күшеген өлексеге үйір (Мақал). Өнімсіз іске шеп-шебер (Абай). Көңілсіз құлақ ойға олақ (Абай). Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы. Жақсы — ісімен жақсы (Мақал).

2. **З а т е с і м д е р .** Зат есімдердің ішінде *ағаш, тас, көмір* сияқты атаулардан гөрі *күш, бай, мейрам, сын* сияқты абстракт зат есімдер баяндауыш қызметінде сөз тіркесінің меңгеруші (басыңқы) бөлшегі болып көп жұмсалады.

Елім менің жерге бай, Айдынды шалқар көлге бай (Жамбыл). *Қашпақ, қумақ — ерге сын, көшпек, қонбақ — жерге сын.* (Мақал). *Сендер бір-біріңе, қонақсыңдар* (Ғ. Мұстафин). *Білгенге маржан, білмеске арзан, нағандар баһра ала алмас.* (Абай).

3. **З а т т ы ң к ү й і н б і л д і р е т і н е с і м д е р .** *Бар, жоқ, көп, аз, мәлім, бәрібір, мүмкін* тәрізді заттың әр алуан күйін білдіретін есімдер сөз тіркесінің құрамында басыңқы болып көбірек айтылады:

Астында семіз сары жорға аты бар (М. Әуезов). *Аспанда алақандай бұлт жоқ* (С. Мұқанов). *Сақтықта қорлық жоқ* (Мақал). *Әуелден сұлу жайы бізге мәлім* (Абай). *Әйелдердің сайлауға да, сайлануға да правосы еркектермен бірдей* (Конституциядан). *Біткен іске сыншы көп* (Мақал).

Сан есімдер мен есімдіктер жоғарғыдай есімді сөз тіркесінің меңгерушісі болып өте аз кездеседі:

Басқада құлақ екеу болса, секретарьда төртеу. Есжан, ол жақта... егіске дайындық қалай? (Ғ. Мүсірепов).

ЕТІСТІКТІ ТІРКЕСТЕР

§28. ЖАЛПЫ ТҮСІМ

Етістікті сөз тіркесінің грамматикалық дінгегі етістік болады да, соның негізінде басқа сөздер етістіктің маңына топтанады. Сөз таптарының қайсысымен салыстырсақ та, етістіктердің сөз тіркесін құрау қабілетінің молдығын байқаймыз. Етістіктер мен есімдердің барлық түрлері, сондай-ақ үстеулер, көсемшелер, шылаулы есімдер тіркесе алады. Алайда бұл сөздердің етістіктермен тіркесу дәрежесі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сол сияқты, мағыналық қатынастары да әр түрлі болып отырады. Толып жатқан есім сөздер етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі. Бұл ретте етістіктер мен есімдердің өзара байланыс түрі қабысу болады. Етістікті сөз тіркестерінің енді бір тобы есімдердің барыс, жатыс, шығыс, көмектес, табыс

жалғаулары арқылы салт және сабақты етістіктермен меңгеріле байланысады.

Қазақ тіліндегі етістіктердің басқа сөздермен байланысуының осы ерекшелгіне қарай етістікті сөз тіркестері: 1) қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері, 2) Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері дейтін екі топқа бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері демеулер мен көмекші есімдердің қатысуы арқылы да құралады. Бұларды меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамында қараймыз.

Сөз тіркестерінің бұл көрсетілген топтары бұдан әрі де бірнешеге таралып кетеді.

ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болады. Етістіктермен қабыса байланысатын сөздер: үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер. Есімдіктердің ішінде тек сұрау есімдіктері ғана етістіктермен қабысу жолымен қалай оқиды? қанша сұрайды? қашан келеді? не алды? тәріздес сөз тіркестерін құрайды. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сыңардың ыңғайына қарай: 1) үстеулі сөз тіркестері; 2) еліктеуішті сөз тіркестері; 3) көсемшелі сөз тіркестері; 4) сын есімді сөз тіркестері 5) сан есімді сөз тіркестері; 6) зат есімді сөз тіркестері деген алты топқа бөлінеді.

§29. ҮСТЕУЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Үстеулерді қимыл процесімен байланыста айтылатын сөздер деп қараймыз, сондықтан олар етістіктермен тіркесу үшін жаратылған сөздер деуге болады. Үстеулер етістіктердің алдында қабыса байланыста жұмсалып өте жиі кездесетіндіктен, ондай сөз тіркестеріне ерекше назар аудару керек. Үстеулер етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста, мезгіл, мекен, себеп, мақсат, т. б. мағыналарда жұмсалады.

Мұндай сөз тіркестерін екі топқа бөлген жөн: а) негізгі үстеулер қатысты сөз тіркестері, ә) туынды үстеулер қатысты сөз тіркестері.

Негізгі үстеулер қатысты сөз тіркестері. Негізгі үстеулер деп қазіргі кезде морфологиялық тұрғыдан бөліп, жаруға келмейтін үстеулерді айтамыз (*кеше, қазір, енді, жаңа, ертең*). Бұл топқа, тарихи тұрғыдан қарағанда, екі сөздің бірігу жолымен құралған сөздер, мысалы, *бүгін* (бұл+күн), *биыл* (бұл+йыл), қосарлы *оқта-текте, жол-жөнекей, жалмажан* тәрізді үстеулер де жатқызылады. Негізгі үстеулермен етістіктерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

Мезгілдік. Бұл мағынаны білдіру үшін мезгіл үстеулері етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде мезгіл үстеуі тіркеспейтін бірде-бір етістік жоқ деуге болады. Оның себебі мынада: етістіктің шақты білдіруі — оның басты қасиетінің бірі. Үш шақтың бірінде айтылған етістіктің сол шақтық мағынасын дәлдеп, айқындай, толықтай түсетін сөз — мезгіл үстеулері.

Етістіктермен қабыса байланысатын мезгіл үстеулерінің сөз тіркестері құрамындағы орын тәртібі еркін болады. Мезгіл үстеуі етістікпен қатар тұрып та, арасына сөз салып тұрып та байланыса береді. Өйткені мезгіл үстеулері сөйлемнің қай шенінде тұрмасын, тек өздері қатысты етістіктермен ғана тіркесе алады, сын есім, сан есім есімшелер сияқты қай сөздің алдында тұрса, сол сөзге қатысты бола қалмайды. Сондықтан *кеше келді, жаңа білдім* тәрізді сөз тіркестерінің арасына есімдер қойып, үстеуді етістіктен қашықтатуға болады: *Кеше қарындасым қаладан келді; Жаңа ғана жолаушылар атқа мінді. Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек* (М. Әуезов).

Мезгіл үстеулерінің етістікпен тіркесіндегі мезгілдік мағыналары әр түрлі болады. Мысалы, *бүгін, кешке, кеше, ерте, кеш, ертең, бүрсізүні, алдыңғы күні, таңертең, күндіз, түнде, күндіз — түні, ертеңінде, ерте, ертемен* тәрізді мезгіл үстеулері қатысқан етістікті сөз тіркестері бір тәулік ішіндегі мезгілдің кезеңдерін білдіреді:

Гудок бүгін бұрынғысынан ұзағырақ айқайлаған тәрізді. (М. Горький.). *Мен кеше Щербаковпен сөйлестім* (Ғ. Мұстафин). *Ерте туып, кеш қалған* (Мақал). *Қожаш кеш келіп, ерте кетуші еді* (С. Көбеев). *Ертеңінде таңертең тұтқын үй есігі ашылады* (М. Әуезов). Ол

күндіз де, түнде де аваштарды өсірудің қамын ойлады. (А. Барагин). Керуен тартып, шұбатып, Астық тиеп күндіз-түн (Ж. Саин). Жиренше таңертең Құнанбай аулына бір әдемі тарғыл тазы ертіп келді (М. Әуезов).

Биыл, былтыр, жылда, жылма-жыл, қысы-жазы, күзде тәрізді үстеулер қатысты сөз тіркестері ж ы л м е з г і л і к е з е н д е р і н көрсетеді.

Жеңіп ем былтыр ғана Арғынбайды,

Осы үйде домбырасы даңғырлайды.

Жылда осылайша... Бірнеше айды бірге өткізуші еді (М. Әуезов).

Жаңа, енді, әуелі, енді-енді, алдымен үстеулері етістіктермен тіркесіп, істің а л ғ а ш қ ы к е з е н і н білдіреді.

Біз жаңа соның себебін біліп келдік (М. Иманжанов).

Өйткені келген поchtаны алдымен өзі тексереді ("Жұлдыз" журналынан).

Ұдайы, үнемі, ылғи, ұзаққа үстеулері етістікті сөз тіркестерінің құрамында жұмсалып, істің с о з ы л у м е р з і м і н білдіреді:

Бұл екі ауылдың арасында мұндай қақтығыс ұдайы болып тұрады. Тары әңгімесі ұзаққа созылды (Ғ. Мүсірепов).

Лезде, қазір, тез, шапшаң, қайта, қайта-қайта, әрқашан, дем арасында үстеулері етістіктермен мезгілдік қатынасқа түсіп, істің шапшаңдық қ а й т а л а қ т а у к е з е н і н немесе д ү р к і н д і л і г і н м е з г і л д і к ыңғайда білдіреді:

Аудан өкілдері қазір ел ішінде болар. (Ғ. Мұстафин).

Сен немене, Қайрақтыңа қайта қайтпақшысың? (Ғ. Мүсірепов). Лезде ол қайта оралып, от тамызды (Ғ. Сланов). Біз сол сұлу шоғырға тез жетуге аса құмартып келеміз (Қ. Бекхожин).

М е к е н д і к . Іс-әрекеттің қайда болғанын білдіру — етістікті сөз тіркесінің арнаулы қызметінің бірі. Сондықтан мекен үстеулері етістіктермен жиі тіркеседі де, олар к ө л е м д і к қ а т ы н а с т а жұмсалады:

Арасында құлын-тай, айнала шауып бұлтылдап, Жоғары-төмен үйрек, қаз ұшып-тұрса сымпылдап (Абай). Ол күлімсіреп төмен қарады (С. Мұқанов) Айнадай төңкерілген, үстімде аспан, төменде көк толқындар көбік шашқан (Т. Жароков). Полк ілгері жүріп кетті. (Ғ. Мүсірепов). "Мәстек мінген әрі тұр, жүйрік мінген бері тұр". (Жамбыл). Ауылға баратын жол біресе олай, біресе былай кетеді. Кеме ақырын ғана кейін шегініп барады.

Божышы аттың басын кері бұрады (М. Иманжанов).
Жүністің Қарагері мен бір торы ат... қатар келе жатыр (С. Көбеев).

А м а л . Мұндай сөз тіркестері пысықтауыштық қатынаста істің әр түрлі істелу амалын, тәсілін білдіреді. Мысалы, *тез, тез-тез, шапшаң, ақырын, әрең, жай, қатты, жалма-жан, кілт, жалт* сияқты үстеулер етістіктермен тіркесіп, істің қ а р қ ы н ы н , д а м у д ә р е ж е с і н көрсетеді:

Поезд тез жүріп келеді (С. Мұқанов). *Байжанның әр сөзінің артынан аялдауға әрең шыдап, тағы да тез-тез қайталап жіберді* (Ғ. Мүсірепов). *Ол ақырын ғана жол үстіне қисайып отыра кетті де, қайта тұрды* (Ғ. Мүсірепов). *Абай... ақырын аяндап, әкесінің үйіне келді* (М. Әуезов). *Біреулер қатты-қатты қарқылдап, біреулер ақырын ғана ыржияды* (Ғ. Мұстафин). *Мұрат жалма-жан қалтасындағы 20 тиынды алды... артынша кілт тұрып қалды* (М. Иманжанов).

Кенеттен, етпетінен, шалқасынан, қолма-қол, көзбе-көз, тікелей, зорға, әрең, босқа, әбден тәрізді сын-қимыл үстеулері етістікті сөз тіркестерінің құрамында қимылдың б о л у т ә с і л д е р і н білдіреді. Мысалы: *кенеттен шыға келу, етпетінен құлау, қолма-қол беру, көзбе-көз сөйлесу.*

Байжан әбден ұзап кеткен соң, әйелдер... үйге қарай беттеді (Ғ. Мүсірепов). *Шойынқұлақтың кірпігі зорға қимылдайды* ("Ер Тостік").

Көп, аз, талай, бірталай, анағұрлым, мұнша, бастан-аяқ, біржолата тәрізді сан-мөлшер үстеулері етістіктермен тіркесіп а н ы қ т а у ы ш -п ы с ы қ т а у ы ш т ы қатынасқа түседі.

Қожаш бастан-аяқ барлық сырын айтты. Ертең біржолата қайтамыз (С. Көбеев).

Үстеулер күрделі болып та келеді.

Келесі жылы құрғақшылық болса қайттың? (Ж. Тілеков). *Алдыңғы күні ақтар Фортқа жақындап қалған* (В. Вишневский). *Әбіш... келер жылы оқуын тамамдап қайтатынын айтты* (М. Әуезов).

Т у ы н д ы ү с т е у л е р қ а т ы с т ы с ө з т і р к е с т е р і . Басқа есім сөздерге *-ша// -ше, -дай// -дей, -сыз/ -сіз* т. б. аффикстері жалғану арқылы туынды үстеулер жасалатыны белгілі. Ол аффикстері соңғы екеуі қатыстық сын есімдер жасап, сөйлем құрамында пысықтауыш мүшелердің де қызметін атқара береді. Қатыстық сын есімдер ондайда үстеуге айналып кет-

пейді. Ондай тұлғадары үстеуге айналған сөздер, көбінесе, етістіктермен тіркесте жұмсалады.

Туынды үстеулер мен етістіктен құралған сөз тіркестері әр түрлі а н ы қ т а у ы ш т ы қ - п ы с ы қ - т а у ы ш т ы қ қатынастарда жұмсалады: *-ша//*-ше қосымшалы үстеулермен (*биылша, бүгінше, қазірше, ізінше, артынша*) келген сөз тіркестері қимылдың әр түрлі м е з г і л д і к кезеңдерін білдіреді. Бұл үшін ол үстеулер көбінесе қимыл етістіктерімен тіркеседі: *биылша барма, бүгінше тоқтай тұр, әзірше жүрмеймін, ізінше кейін қайт, артынша қарадым.*

Қабашбай ізінше қалаға тарт (Ғ. Сланов). Бүгінше дем ал, ертең Қызылжарға аттанатын бол! (Ж. Тілеков). Бүгінше жатсын осы кухняда (С. Мұқанов).

-ша//-ше тұлғалы жанды зат есімдерден жасалған үстеулер салт етістіктермен тіркесіп, сол заттарға тән і с - т і н ц т ә с і л д е р і н білдіреді. Мысалы, *боташа боздау, өгізше өкіру, қазақша сөйлеу, ерлерше күресу.*

Олар пештің үстінде отырып қазақша кеңесті (С. Мұқанов). *Уа, ендеше осылай... өзгеше бір ерлерше қуанайық! (М. Әуезов). Ескі бише отырман бос мақалдап, ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап (Абай).*

Барынша, көбінше (көбінесе) тәріздес үстеулер қатысты етістікті сөз тіркестері істің с а н - м ө л ш е р - л і к және с а л ы с т ы р м а м е з г і л д і к дәрежесін білдіру үшін жұмсалады, көбінше үйде боламын, барынша табыс етті, осынша күттірді.

Қоғамның материалдық, мәдени қажеттерін барынша қанағаттандыру керек (Газеттен). Бүгін қал деп осыншама өтінсем де, қалмады. Оны күндіз барынша күтеді (М. Әуезов). Ең қайратты деген Тілеудің осынша егілгені несі?! (Ғ. Сланов). Құнанбай онша шіміркенген жоқ-ты (М. Әуезов).

Кейде *-ған* тұлғалы есімшелер де *-ша//*-ше жұрнағын қабылдап, мезгіл үстеулеріне айналады. Ал мұндай үстеулер көбінесе өзі меңгеретін есім сөзбен бір тіркесте қолданылады да, осы күйінде тұтасымен етістікке қатысты болады:

Айтыс Ойылға жеткенше басылмады (Ғ. Мұстафин). Менің мектебіме түс... Қолымнан келгенше қарасып көрейін (Ғ. Сланов).

-дай//-дей, *-сыз//*-сіз аффикстерін жалғау арқылы есімдерден-жасалған үстеулер сирек кездеседі. Дегенмен мұндай үстеулер етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылады. Зат есімдермен *-ған* тұлғалы

есімшелерге *-дай//*-дей жұрнақтары жалғану арқылы жасалған үстеулер салт етістіктермен және сирек болса да, сабақты етістіктермен тіркесіп, қимылдың *с а л ы с т ы р м а л ы с а п а с ы н* білдіреді. Мысалы: *бұлбұлдай сайрау, көріктей көтерілу, сүліктей сору, шыбықтай бұраңдау, безгек болғандай қалтырау.*

Кеудем көріктей көтерілді (Ғ. Мүсірепов). *Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды* (Абай). *Білте шам безгек болғандай қатырып тұр* (Ғ. Мүсірепов). *Ол мені танымағандай бетіме қайта-қайта қарады.* (С. Шаймерденов). *Қонақтың ұйқысы шайдай ашылды* (Ғ. Мұстафин).

-сыз//-сіз тұлғалы үстеулер мен етістіктен құралған сөз тіркестері қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі *а м а л ы н*, *к ү й і н* білдіреді. Мысалы: *орынсыз сөйлеу, еріксіз күлу, үздіксіз көбею.*

Василий Антонович еріксіз күліп жіберді (Ғ. Мұстафин). *Кітапханалардың саны да үздіксіз көбейіп келеді.* ("Қаз. әдебиеті"). *Итбайдың жазықсыздан-жазықсыз Амантайды бір сабатқаны бар еді. Мынау Сырдария сияқты мол судың ауылдың тұсынан пайдасыз ағып жатуы өз денесінің қаны төгіліп жатудан кем батпайтын еді* (С. Мұқанов). *Кейбіреу жайдары, ашық боламын деп, орынсыз адамдармен жыртақтаған* (Абай).

§ 30. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Еліктеуіш сөздер — өзіндік ерекшеліктері бар сөз табының бірі. Еліктеуіш сөздер қазіргі қазақ тілінде көбінесе көмекші, не негізгі етістіктермен тіркескен синтаксистік құрамында қолданылады. Мысала: (мылтық) *тарс етті*, (жарық) *жылт етті*, (арба) *кілт тоқтады*, (бала) *жалт қарады*.

Етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде жұмсалатын еліктеуіш сөздер етістіктерді *м ә н е р л і* түрде *еліктеу* тұрғысынан сипаттайды. Оның ішінде бір буынды еліктеуіш сөздері бар тіркестер қимыл-әрекеттің шапшаңдық *қ а р қ ы н ы н* меңзейді. Мысалы: *жалт-жалт қарау, бұрқ-бұрқ қайнау, тарс-тарс соғу.* Сонда олардың мағыналары кісінің көру не есіту сезіміне үйлесімді болып, кейде дыбысқа еліктеуді, кейде қимылға тән әрекеттің көріну амалын білдіреді. Олардың бұл мағыналары белгілі етістіктермен не етістіктер тобымен тіркесте анық ұғынылады, етістіктердің мағыналарына қосақтаулы

болады. Сонда да ондай тіркестердің құрамындағы еліктеуіш сөздер өздерінің лексикалық та, грамматикалық та дербестігін жоғалтпайды. Оның үстіне, еліктеуіш сөздердің тіркестік топ құра алатын етістіктері белгілі ғана сөздер болғанмен, ол етістіктермен тіркесе алатын еліктеуіш сөздер бірнеше болуы мүмкін. Мысалы: қарқ-қарқ күлу, сақ-сақ күлу, сылқ-сылқ күлу, мырс-мырс күлу.

Еліктеуіш сөздер қуану, сағыну, түсіну тәрізді адамның ішкі күйін білдіретін етістіктермен тіркеспейді. Олар көбінесе қимылды немесе заттың әрекетін білдіретін салт етістіктермен тіркеседі. Мысалы: жалт бұрылу, кілт тоқтау, зыр айналу, күрс жарылу, морт сыну, жалт-жалт қарау, тырс-тырс соғу, бұрқ-бұрқ қайнау.

Самолет күрс жарылып, от жайылып жүре берді. Үйдің қабырғасында тырс-тырс соққан үлкен қабырға сағаттың дыбысы анық естіліп тұр. Жанат сылқ-сылқ күліп жіберді. Ахмет қарқ-қарқ күлді. Алма сақ-сақ күліп жіберді (Ғ. Мұстафин). Колхоздың қара сабалары гүмп-гүмп пісілді (Ғ. Мүсірепов). Мылтық даусы күрс-күрс шықты (Ғ. Сланов).

Бір буынды еліктеуіш сөздер сирек қолданылады. Оның үстіне, мұндай еліктеуіш сөздердің әрқайсысы белгілі бір етістіктермен ғана тіркесе алады. Мысалы, шыр сөзі айналу етістігімен ғана, кілт сөзі тоқтау, бұрылу етістіктерімен, жалт сөзі қарау, бұрылу, беру сөздерімен, қарс сөзі айрылу, жарылу етістіктерімен және морт сөзі сыну сөзімен, ал зыр сөзі жүгіру, айналу етістіктерімен тіркесе алады.

Қос сөзді еліктеуіштер етістікті тіркестердің құрамында жиі қолданылады. Осымен байланысты мына бір жайды ескерген жөн: кез келген бір буынды еліктеуішті қосарлап айтуға болады (мысалы, күрс-күрс, жалт-жалт), ал кез келген қос сөзді еліктеуіштері бір буынды еліктеуішті қосарлап айтуға болмайды (мысалы: құж-құж қайнау, лүп-лүп соғу).

Граната күрс-күрс жарылды (Ғ. Мүсірепов). Жаңабіл қарқ-қарқ күлді (Ғ. Мұстафин). Аспан салдыр-гүлдір құлап келе жатқандай болды. (Ғ. Мүсірепов). Аяқ бассаң, (ол жердің) сортаң суы шып-шып шығып, шапылдап жатады. Күркіреп жер шатыр-шұтыр жарылады секунд сайын... (Ә. Сәрсенбаев).

Еліктеуіш сөздерге етіп, еткізіп түбірлес көмекші етістіктердің жалғасуы арқылы олардың негізгі

етістіктермен тіркесу қабілеті арта түседі. Бұл жағдайда да ондай сөз тіркестері а м а л пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Мария алайдан басқаның бәрі де мырс етіп күліп жіберді. Қара теңіз бұрқ-бұрқ етіп қайнап жатқандай. Әлдеқайдағы біздің екі көк қырғи жарқ етіп көрінді. Құлағыма дүрс-дүрс етіп аспан жүрегінің соққаны естіледі. Оқтардың гүмп етіп түсіп, гүр етіп жарыла бастағаны естіле бастады. Семен... бір темір қалпақты сақ еткізіп төбеден ұрып жіберді (Ғ. Мүсірепов).

§ 31 КӨСЕМШЕЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Көсемшелер — синтаксистік қызметі жағынан етістіктің үстеуге ұқсас бір түрі. Олар жіктік жалғауларын қабылдап, көсемшелік қасиетін жойып ала береді, бірақ көсемше тұлғаларында оқшау тұрып, күрделі мүшенің, мысалы, баяндауыштың құрамында, сонымен қатар толық мағыналы сөз ретінде етістікпен қабыса байланысып пысықтауыштық қатынаста да айтылады.

Соңғы екі жағдайда да көсемшелік тұлғалар бір етістікті екінші етістікке бағынышты ететін қосымша қызметінде жұмсалады. Солай болатындықтан көсемшелер тек етістіктерге қатысты болып, тек етістіктермен ғана тіркесе алады. Олардың етістіктермен тіркескіштік қасиетін мынадан көруге болады; етістіктердің модальдық, шақтық, видтық, т. б. мағыналарын түрлендіру үшін немесе әр түрлі пысықтауыштық қатынаста жұмсалу үшін етістіктер көсемше тұлғалары арқылы бірінің үстіне бірі жамалып, өзара қатқабаттала береді. Мысалы: *асықпай оқыды, — асықпай оқып отыр еді, — асықпай оқып кетіп бара жатыр еді*; осылардың ішінде тек *асықпай* сөзі ғана пысықтауыш мүше қызметінде дербес қолданылған да, қалған көсемшелер тұтас бір түйдекті тіркес құраған. Кейде осы тәрізді қат-қабатталудың нәтижесінде бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалатын тіркес құрамында бес етістік, ал екі түрлі сөйлем мүшесінің қызметін атқара алатын тіркестер құрамында он етістікке дейін болады. Мысал үшін мына төмендегі тіркестерге назар аударайық: 1. *Жүгіріп кету, жүгіріп кетіп бара жатыр, жүгіріп кетіп бара жатыр еді*; 2. *Асықпай оқып отыр, асықпай оқып отыра берді*. 3. *Асығып оқып кетіп бара*

жатып, сүрініп кетіп жығылып қала жаздап еді. Соңғы мысалда 11 сөз бар. Бұлар мынадай синтаксистік топтар құраған: соңғы төрт сөз баяндауыш қызметінде (жығылып қала жаздап еді), қалған үш топ әр түрлі пысықтауыш қызметінде айтылған: 1) асығып оқу; 2) оқыл кетіп бара жатып сүріну; 3) сүрініп кетіп жығылу.

Мұндай мысалдар қазақ тіліндегі көсемшелердің етістікті сөз тіркестерін құрауда ерекше икемдігі барлығын дәлелдейді. Көсемшелер таза етістікті сөз тіркестерінің көп кездесетін топтарын құрайды. Кез келген негізгі етістік мұндай сөз тіркесі құрамында, онда не бағыныңқы, не басыңқы сыңары қызметінде жұмсала алады. Мысал үшін мына сөз тіркестерінің құрамына көз жіберейік; қуып жету, қуып жетіп озу, түсініп сөйлеу. Бұл мысалдағы бағыныңқы көсемшелерді мына мысалдарыдай басыңқы етіп айтуға болады: ойқастата қуу, бастырмалата қуып жету, оқыл түсіну.

Көсемшелердің етістіктермен тіркесуі олардың тұлғасы мен мағыналық үйлесіміне байланысты болады. Мысалы, сөйлеу етістігімен кісінің ішкі, сыртқы күйін білдіретін көсемшелер ғана тіркесе алады: ашуланып сөйлеу, ызаланып сөйлеу, күлімсіреп сөйлеу, қылмыңдай сөйлеу, қызараңдап сөйлеу, қутындап сөйлеу, күле сөйлеу, күліп сөйлеу, қылымси сөйлеу, назданып сөйлеу, біліп сөйлеу, түсініп сөйлеу, жақтырмай сөйлеу, ұнатпай сөйлеу, саспай сөйлеу, қорқып сөйлеу, отырып сөйлеу, қырылдап сөйлеу, ентігіп сөйлеу, т. б.

Осы келтірілген мысалдардан көсемшелер мен етістіктерден құралатын сөз тіркестерінің аясы кең екенін аңғаруға болады. Бұдан кез келген көсемшені кез келген етістікпен тіркестіре салуға болады деген түсінік болмауы керек. Мысалы, ентіге жүгіру, асыға жүгіру, таяқ ала жүгіру, ақсаңдай жүгіру — әбден табиғи байланыстығы жарасымды тіркестер. Ал жүгіру етістігімен сызылып, жүре көсемшелерін тіркестіру оғаш болар еді.

Етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде көсемшелер барлық тұлғада бірдей жұмсалмайды. Бұл қызметте -ып// -іп, -п тұлғалы көсемшелердің болымды түрі жиі жұмсалады да, -а// -е, -й тұлғалы көсемшелер сиректеу, ал -ғалы// -гелі, -қалы// -келі тұлғалары одан да гөрі сирек кездеседі.

Көсемшелі сөз тіркестері пысықтауыштық қатынастарды, атап айтқанда, қимылдың ама-

л ы н, м е з г і л і н ж ә н е м а қ с а т ы н білдіреді. Сонда көсемшелер етістіктің — қимыл процесін білдіретін сөздердің — қимылдық сапасы ретінде жұмсалады. Ол үшін көсемшенің кез келген тұлғасының бірін жұмсаса болады деп қарау дұрыс емес. Олардың әрқайсысының өзіне ғана тән ерекшеліктері барлығын сөз тіркесі құрамында анық байқауға болады.

-ып// -іп, -п тұлғалы көсемшелер **а м а л п ы с ы қ- т а у ы ш** қызметінде көбінесе **с а л т** етістіктермен тіркеседі.

Амантай орнынан ұшып тұрды (Ғ. Мұстафин). (Ғайша) жеңгесінің қасына сызылып қана отырды (С. Көбеев). Жолдың үстінде жалғыз қара сопайып көрінеді (Ғ. Мүсірепов). Бір қоянды бір тазы бастырмалатып қуып келе жатыр екен (С. Ерубәев). Әр жерде ақырын шұлғып балықшы кемелері жүр (Ғ. Мүсірепов). Жүрегі алып ұшып, үрейленіп Құрымбай отыр (Б. Майлин).

Дегенмен **-ып// -іп, -п** тұлғалы көсемшелер сабақты етістіктермен де тіркеседі. Мысалы:

Әйгерім әнін Абай мүлгіп тындады (М. Әуезов). Қара құс басып жейді, сұңқар құс шашып жейді (Мақал).

-ып// -іп, -п тұлғалы көсемшелер өздеріне **қ а т ы с т ы е с і м д е р м е н** бірге **к ү р д е л і** сөз тіркесінің құрамында да қимылдың амалын, мақсатын, т. б. білдіреді:

Қаланың солтүстік жағында... нардай шөгіп бір тау жатыр (Ғ. Мұстафин). Кісілер салқындайық деп далаға шықты (С. Көбеев). Батальон командирі бізге қайт деп әмір етті. Пісіп қалған алма мен өрік топ-топ етіп үзіліп түседі (Ғ. Мүсірепов). Қыз-келіншек үй тігер, бұрала басып, былқылдап (Абай).

-а// -е тұлғалы көсемшелер мен етістіктерден **жұралған** сөз тіркестері қимылдың **а м а л ы н, т ә с і л- і н** барынша **а й қ ы н** түрде хабарлайды.

Ли́за Рахметке қадала қарады (С. Ерубәев). Жақсылық оған күле қарайды (Ғ. Сланов). (Ол) қуаныш ете қарап отыр (М. Әуезов).

Кейде **-ғалы// -гелі, -қалы// -келі** және **-а// -е** тұлғалы көсемшелер өздеріне қатысты болатын есімдермен бірге сөз тіркесінің құрамында қимылдың **м а қ с а т ы н** білдірдеді:

[Айғырды] Шығайбай үйірге салғалы... құлын алғалы алыстағы елден алдырышты ("Алдар көсе әңгімелері"). Базаралы Құнанбайға сәлем бере келгенді... (М. Әуезов). Достық білдіргелі келдік, — деді

Қожекең (Ғ. Мүсірепов). Сен маған сәлем бере келген шығарсың? Абайды ұзақ жолға аттандырғалы жақындары тегіс далаға шықты (М. Әуезов).

-ғалы//-гелі, -а//-е тұлғалы көсемшелермен келген тіркестер күрделі не үйірлі мүше қызметінде м е з г і л д і к қатынаста жұмсалады:

Ел жата Олжабек... көше жөнелген (Ғ. Мұстафин). Осы сәлемді ести сала Базаралы атқа мінген (М. Әуезов).

Қос сөз түрінде келген көсемшелер етістіктермен тіркесіп, қимылдың д ү р к і н д і л і г і н, с о з ы н-қ ы л ы ғ ы н білдіреді:

Сөйлөй-сөйлей шешен боларсың (Мақал.). Ұрыны ұрып-ұрып үйден қуып жіберіпті ("Алдар көсе әңгімелері"). [Ол] ... тәтті талқанды аузын толтыра-толтыра асады (Ғ. Мұстафин). Сары тазы енді таң қалып тұрып-тұрып, ақырында, Абай ұзап кете бастаса, тынышсызданып, үре бастайды (М. Әуезов).

Бұлардың барлығы көсемшелердің мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да етістіктермен қ а б ы с у жолымен тіркесіп, етістікті сөз тіркесінің ең көп таралған тобын құрайтындығын дәлелдейді.

§ 32 СЫН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сын есімдердің етістіктермен тіркесуі — сирек кездесетін құбылыс. Барлық сын есім етістікпен тіркесе бермейді, барлық етістікке сын есім бірдей қатысты бола бермейді. Сын есімдер етістіктермен тіркескенде, қимылға не күйге тән қасиетті, сапаны білдіреді. Барлық етістік бірдей ондай сапалық пысықтауышы болуын керек етпейді.

Сын есімді сөз тіркестерін құрайтын етістіктер сан жағынан көп емес, тек кісінің (не заттың) ішкі сезімін, күйін, қабылдау қабілетін білдіретін сөйлеу, түсіну, оқу, жазу, секіру, ойнау сияқты және кейде қимылды, қозғалысты білдіретін кес, піш, байла, тура тәрізді сабақты етістіктер бірқатар сын есімдермен мағыналық байланыста бола алады.

Сапалық сын есімдердің ішінде мұндай етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болады: жақсы, жаман, қатты, ұзын, қысқа, кең, оңай, қиын, ұзақ, т. б. Мысалы, жақсы сөйледі, жаман жазды, оңай түсінді,

ұзын кесті, кең пішті, майда турады. Мұндай етістікті сөз тіркестері пысықтауыштық қатынасты білдіреді.

[Олар] *дойбыны өте жақсы ойнайды* (Ғ. Мүсірепов) *Досы қатты сүйінген, дұшпаны жаман күйінген* (Жамбыл) *Ағаш кессең, ұзын кес — қысқартуы оңай, темір кессең, — қысқа кес — ұзартуы оңай, киім пішсең, кең піш — тарылтуы оңай* (Мақал). Ол он-оңай беріле қоятын кісі емес (Ғ. Сланов). Сонда бұған білім есігі оңай ашылатынын сөйледі (М. Әуезов). *Биыл колхоздың егіні қалың шыққан.*

Қатыстық сын есімдердің ішінде етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде *-сыз// -сіз, -дай// -дей* тұлғалы сөздер көп жұмсалады:

Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді (М. Әуезов). *Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетеді* (Мақал). *Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды* (Абай).

§ 33. САН ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сан есімді заттың сандық сапасын білдіретін сөз ретінде есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылатыны белгілі. Сонысына қарап сан есімдерді есіммен (зат есіммен) тіркесу үшін жаратылған сөздер деуге болады. Дегенмен олар етістіктермен де тіркесе береді. Сан есімдер етістікті сөз тіркестері құрамында *п ы - с ы қ т а у ы ш т ы қ* қатынаста қимыл процесін *с а н - д ы қ с а п а* тұрғысынан пысықтайды. Бұл қызметте сан есімдер атау тұлғасында етістіктермен қатар тұрады. Сонымен қатар сан есімдер *рет, есе* тәрізді сөздермен қосарланып жұмсалады: *үш рет келді, екі есе көбейді*, т. б.

Есептік сан есімдер *ал, айт, сөйле, кел, қара, жүр, өл, тіріл, секір, сүрін* тәрізді етістіктермен қабыса тіркеседі. Сан есімдер бұл қызметте қимыл мен күйдің *қ а й т а - л а н у м ө л ш е р і н* білдіреді.

Жанбота туды екі алды (Ғ. Мұстафин). *Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* (Мақал). *Әкесі екі өліп, екі тіріліп бір жетіден кейін қайта өлгендей болар еді* (Ғ. Мүсірепов). *Ит бір сүрінсе, қырық сүрінеді* (Мақал).

Қосарлы сан есімдер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің *ш а м а м е н а л ғ а н д а ғ ы қ а р қ ы н ы н* білдіреді:

Би-болыстар екі-үш қонып... ауылнайға қарай кетті (С. Көбеев). *Қожаш та... қамшымен кетті Қожаш та... қамшымен Шалқанды бір-екі тартып өтті* (С. Көбеев)..

Сан есімдер етістікті сөз тіркесі құрамында рет, дүркін сөздерімен қосарланып, қимылдың дүркінділік дәрежесін көрсетеді:

[*Ғайша*]... бірер рет көзінің астымен Қожашқа қарап қойды. Шалқан Жүністі қамшымен екі-үш рет сілтеп өтті (С. Көбеев). Бұл мәселе обкомда бірінші рет қаралғанда, аудан өкілі боп Рахмет те қатынасты (С. Мұқанов). Бейсен екі дүркін сөйлеп үлгерді (Ғ. Мұстафин). Ол бір сөзді бес-алты рет жөндейді (Х. Ерғалиев).

Сан есімдер есе сөзімен қосарланып келіп, етістіктермен тіркескенде, қимылдың сандық тұрғыдан даму дәрежесін білдіреді.

Жұмыс аумағы үш есе ұлғайды (Ғ. Мұстафин). Олар жоспарды бірі үш есе, бірі бес есе орындады (Ғ. Мұстафин).

Мезгіл мағыналы есімдер мен сан есімдер тобы етістіктермен тіркесіп, күрделі сан мөлшерін білдіреді: алты ай іздеді, бес километр жүгірді, он сағат істеді. Мұндай сөз тіркестерінің сан — мөлшерлік мәні көбінесе мезгілдік, мекендік болады: Ауылдастар... бір төбені бір ай қазды (Х. Ерғалиев). Үшіндегі бір нанды бір ай жейді аз-аздал. (Абай.) Бұлар байдың үйінде екі-үш күн жатты (С. Көбеев) Иванов 10 минут сөйледі (Ә. Нұрпейісов). Жомарттың жоспарын Жанат сегіз күн ұстады (Ғ. Мұстафин). Үш адым алға кетті. Он километр жүгірді.

§ 34. ЗАТ ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір тобы зат есімді тіркес болады. Зат есімдер сабақты етістіктермен қабыса тіркесу арқылы әрі мағыналық, әрі грамматикалық тығыз байланыстағы сөздер тобын құрайды. Сөз тіркестерінің бұл түрі тура объектілік қатынаста жұмсалады. Жалғаусыз табыс септіктегі зат есімге сабақты етістіктің қимылы ауысып түсіп, онымен біте қайнасқан байланыста тұрады. Мысалы: жер жырту, киім тігу, бала оқыту, кітап оқу, мылтық ату, қымыз ішу.

Кейбір зат есімдер етістіктермен бір тіркесте жиі қолданылуының нәтижесінде және керісінше, өздерінің бұрынғы дербестілігінен айрылып, түйдекті тіркес қалпында баяндауыштың не басқа бір мүшенің құрамына еніп кетеді. Мысалы: сөз сөйлеу, темекі тарту, орақ ору, жол жүру, төсек салу.

Мұндай тіркестердегі зат есімдер, сырт қарағанда, қимылдың объектісі болып көрінгенмен, қолдану тәжірибесінде табыс жалғауын қабылдамайды. Ал жоғарыда келтірілген (*жер жырту, киім тігу*; т. б.) зат есімдер табыс жалғаулы болып та немесе жалғаусыз да жұмсала алады. Бұл ерекшелік алдыңғылардың (сөз *сөйлеу, орақ ору*) құрамындағы сөздердің тығыз байланыста екенін, дербестілігінің жоқтығын көрсетсе, соңғылардың (*жер жырту, киім тігу*) оларға қарағанда, арасының алшақтығын аңғартады.

Қабыса байланысқан зат есім мен етістікті сөз тіркестерін тіркесу ерекшелігіне қарай екі топқа бөлуге болады:

1. **Нақтылы зат есімдердің қимылды, қозғалысты білдіретін етістіктермен тіркесі.** Мысалы: *ағаш кесу, пішен ору, таяқ ұстау, ет турау, гүл отырғызу, шам жағу, тері илеу, үй салу, кілем тоқу.*

Шанаға екі қап сұлы сал, толтыра шөп сал (Ғ. Мүсірепов). *Қыз-келіншек үй тігер* (Абай). *Жақыл өз бөлмесінде жантайып газет оқып жатыр* (Ғ. Мұстафин) *Сабадан қымыз құйдырып, ортасына қойдырып* (Абай). *Сныр сауатын, қой сауатын, іркіт пісетін, құрт қайнататын... одан босай берсек, жыртық иығыңа қап салып тезек теретінбіз* (М. Әуезов).

Осындай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары етістіктердің мағыналық ерекшеліктеріне үйлесімді болып ыңғайласа тіркеседі. Сондықтан, мысалы, *тоқу* етістігіне тоқылып жасалатын зат атауларының бірі объект бола алады, ал тоғыту етістігі *қой тоғыту, қозы тоғыту* тәрізді бірен-саран сөз тіркестерінің ғана құрамында жұмсалады.

2. **Абстракт зат есімдерінің күйді, сезімді, білдіретін етістіктермен тіркесі.** Сөз тіркестерінің бұл түрі сирек құралады. Өйткені *ақыл, мінез, қылық, тамаша, жақсылық* тәрізді абстракт зат есімдердің объектілік қызметі солғын болады. Оның үстіне, бұндай сөздері бар тіркестер сөйлем құрамында көбінесе лексикалық тіркес ретінде ұғынылады. Бұлар — *жақсылық қылу, сыр білдіру, ақыл беру* тәрізділер. Мысалы.

Дем алысы — үскірік, аяз бен қар.

Кәрі құдаң — қыс келіп әлек салды
(Абай).

...21-22 жылдардағыдай билік айтып олжа түсіретін... заман емес. Сары оған мынандай сөз айтты. Досбол Хасеннің үстінен арыз бермекші (Б. Майлин).

МЕҢГЕРІЛЕ БАЙЛАНЫСҚАН ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

§35. ЖАЛПЫ ТҮСІМ

Етістіктермен меңгеріле байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын сөздер — есімдер.

Есімдер етістікке қатысты болып меңгеріле байланысу үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларының бірінде айтылады. Бұл жалғаулар — есімдерді етістіктермен ұластырушы ғана емес, сөздердің синтаксистік қызметтерін саралайтын да тұлғалар. Сондықтан меңгерудің етістікті сөз тіркесін құрауда мәні ерекше.

Аталған септік жалғаулардың синтаксистік қызметі, негізінде, етістіктердің лексикалық мағыналарымен байланысты болады да, сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларына септік жалғауы басыңқы сөздердің ыңғайына қарай жалғанады. Мысалы, шық, түс, қара, жібер етістіктері барыс, шығыс, көмектес жалғауларындағы сөздерді керек етіп, оларды өздеріне бағындырып (меңгеріп) тұрады:

шық — тауға шық, үйден шық, сатымен шық;

түс — суға түс, аттан түс, арқанмен түс;

қара — балаға қара, терезеден қара, бинокльмен қара;

Жібер — жолдасыңа жібер, қаладан жібер, почтамен жібер;

Меңгеру — синтаксистік байланыс формаларының ең жиі ұшырайтын түрі. Меңгеруде де сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары, қиысудағыдай, басыңқы сөздің ыңғайына еріп, белгілі жалғауда тұрады. Бірақ ол екеуінің үлкен айырмашылығы бар. Егер қиысуда бағыныңқы сөз (баяндауыш) басыңқы сөздің (бастауыштың) грамматикалық мағынасына, тұлғасына қарай райлас болып тұлғаланса, меңгеруде сөз тіркесіндегі сөздердің арасында тұлғалық райласу болмайды, тек бағыныңқы сөз басыңқы сөздің лексикалық мағынасының әуеніне қарай тұлғаланады. Түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде, кейбір жалғаудағы сөздерді

меңгере алатын етістіктерге етіс қосымшасын жалғап айтқанда, олардың меңгеретін сөздерінің де тұлғалары өзгерілетіні бар. Мысалы:

Ол мені көрді — ол маған көрінеді.

Ол сені байқамады — ол саған байқалмады.

Мен мақала жаздым — мен газетке жазылдым.

Мұндайда септік жалғаулары етіс қосымшаларына бейімделіп өзгерілмейді, сол қосымшалар арқылы етістіктердің мағыналары өзгертілетіндіктен, олардың меңгеру тұлғасы да басқа болуы мүмкін. Мысалы, сұра табыс жалғауын керек етсе, сұран — керек етпейді, түсіндір барыс жалғаулы сөзді меңгерсе, түсін меңгермейді.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай былай бөлінеді: 1) табыс жалғаулы сөз тіркестері; 2) барыс жалғаулы сөз тіркестері; 3) шығыс жалғаулы сөз тіркестері; 4) жатыс жалғаулы сөз тіркестері; 5) көмектес жалғаулы сөз тіркестері.

§ 36. ТАБЫС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Табыс жалғаулы сөздерді керек ететін етістіктер — сабақты етістіктер. Қазақ тілінде сабақты, салт етістіктің тұлғалық айырмашылығы болмағанмен, оларды мағыналық ерекшеліктеріне қарап, табыс жалғаулы есімдердің олармен тіркесе алатын не тіркесе алмайтынына қарап айыруға болады. Мысалы, *кес, ұр, шап, ал, бер, шақыр, сұра, сой, қама, жаз, оқы, бас, сана, таста, көзде, қолда, кемі, тыңда, жібер, қала, жама, тік, іш, же* сияқты кісінің қимыл-әрекетін, ісін білдіретін етістіктер сабақты болады да, *күл, қуан, қайғыр, жыла, шошы, есіне, жалық, ауыр, терле, тон, шомыл, тырыс, шаттан, насаттан* сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін және *маңыра, ұлы, бозда, кісіне, мәңіре, сайра, тула, ақса, ойнақта, жоғарыла, жел, жорт, күркіре, жымыңда, аһла, уһле, жылтылда, қозыла, бұзаула* сияқты заттың қимылдық күйін білдіретін етістіктер салт болады. Бұларға етіс жұрнақтары жалғанып, сабақты етістік салтқа, салт етістік сабақтыға ауыса береді:

С а л т	С а б а қ - т ы	С а б а қ - т ы	С а л т
Қуан	Қуант	Ат	Атыл
Шарша	Шаршат	Көр	Көріп
Күл	Күлдір	Жаз	Жазыл
Жел	Желдір	Тыңда	Тыңдал
Нан (сен)	Нандыр	Қыр	Қырын
Сайра	Сайрат	Жу	Жуын
Күркіре	Күркірет	Түсір	Түсіріп
Түс	Түсір	Шығар	Шығарыл

Қазақ тілінде жоғарғыдай етістіктердің мағыналарын түрлендіруде етіс жұрнақтары ерекше роль атқарады. Соның нәтижесінде етістіктер бір қалыпта катып қалмай, жылысып, ауытқып меңгеретін сөзімен сабақтылық, салттылық байланыста болу арқылы ерекше икемділік қасиетке ие болады.

Кейде сабақты не салт деп ұғынылатын етістіктер екі жаққа бірдей болуы мүмкін.

Қара, — негізінде, салт етістік. Сондықтан сен маған қара, балаға қара, жерге қара, терезеге қара болып барыс (кейде шығыс, көмектес) септікті сөздерді меңгереді. Солай бола тұрып, қалаңды қара, Омарбекті қарай көр! дегендей сабақтастық байланыста да жұмсалады.

Сондай-ақ, ойна-кісінің күйін білдіретін салт етістік. Сол себептен: Ол балалармен ойнады. Балалар есік алдында ойнады болып айтылса, Балалар асық ойнады. Күләш Татьянаның ролін ойнады дегенде, ол сабақтастық қатынаста табыс септікті сөздерді өзіне бағындырып тұрады:

Қақ деген — сабақты етістік.

— Жарайсың, Баймағамбетім, — деді де Байболат ұмтылып барып оны арқаға қақты (С. Омаров) деген сөйлемде, ол табыс жалғаулы сөзбен (оны) сабақтастық байланыста тұр. Дәл осы сияқты баяндауышы бар:

Мәз болады болысың,

Арқаға ұлық қаққанға,

(Абай)—

деген өлеңде ол табыс септігін меңгермей, салт етістік сияктанып тұр.

Бірқатар етістіктің жетегіндегі барыс, шығыс септікті сөздер табыс септігінің орнына жұмсалады. Мысалы: Амантай келіп Айтжанға ұрса бастады (Ғ. Мұстафин) дегеннің орнына Амантай Айтжанды ұрса бас-

тады деуге болады. Ал *Ол акт жазам дегенмен, не жазуға білмеді* (С. Мұқанов) дегенді өзгертіп, *Ол акт жазам дегенмен, не жазарын білмеді* деуге болады.

Сөйтіп, бір етістіктің меңгеретін сөзі бірде барыс, бірде шығыс, бірде табыс септікте болғанда, олардың мағыналары барлық жағдайда да біріне-бірі пара-пар бола бермейді, ептеген айырмашылықтары да болады.

Сол өзгешелікті еске алып, табыс септігін меңгере алатын сабақты етістіктер мен меңгере алмайтын салт етістіктердің біразын тізіп байқайық:

С а б а қ т ы

а) Кісінің қимыл әрекетін білдіретін етістіктер: *істеу, шабу, қырқу, қазу, айдау, сызу, жазу, ату, арту, сою, бауыздау, салу, түйреу, байлау, пышақтау, сабау, қозғау, т. б.*

ә) Кісінің сезімін, қабылдау әрекетін білдіретін етістіктер: *сезу, сағыну, есіту, түсіну, ұмыту, ойлау, білу, шіскеу, тыңдау, т. б.*

б) Айуанаттың, жәндіктердің қимыл әрекетін білдіретін етістіктер: *тебу, қабу, тістеу, шағу, шұқу, талау, сүзу, (ін) қазу, т. б.*

в) Кісінің, жануарлардың қоректену әрекетін білдіретін етістіктер: *шайнау, жұту, жалмау, ішу, жеу, сору, т. б.*

С а л т

а) Кісінің көңіл күйін білдіретін етістіктер: *күлу, қуану, қайғыру, шошу, сескену, жылау, зерігу, насаттану, жалыну, елегізу, күйіну, қорқу, ауыру, ұйықтау; ыңқылдау, аһлау, үһлеу, есінеу, т. б.*

ә) Жан-жануардың үндеу және қозғалыс күйін білдіретін етістіктер: *ырылдау, маңырау, боздау, кісінеу, мөңіреу, сайрау; жорғалау, ұшу, шулау, аяңдау секіру, қарғу, құжынау, ызылдау, пырылдау, тоқтау, т. б.*

б) Адамның не басқа заттың қимыл күйін білдіретін етістіктер: *кіру, шығу, түсу, жату, отыру, жүру, тұру, жету, келу, бару, озу, талпыну, түшкіру, кекіру, қимылдау, қозғалу, домалау, т. б.*

в) Кісінің, заттың сындық құбылыс күйін білдіретін етістіктер: *қызару, қараю, ағару, сарғаю, бозару, сұрлану, жасару, жақсару, кішірею, ұзарту, т. б.*

Сабақты, салт етістіктердің негізгі топтарының бұл айырмашылықтарына қарағанда, түбір тұлғалы сабақты етістіктердің көпшілігі кісінің еңбек процесімен, қимыл әрекетімен байланысты етістіктер болады да, салт етістіктердің көпшілігі кісінің көңіл күйін, кісінің және басқа заттардың үндеу, қозғалыс әрекетін білдіреді. Бірақ заттың қимылы, күйі деп отырған етістіктер әр уақытта, дәл жоғарыда көрсетілгендей, белгілі затқа ғана танулы болмайды. Олардың бәрі болмағанмен, бірқатары әрі жансыз заттың қимылы, күйі болуы мүмкін.

Табыс жалғаулы есімдер мен сабақты етістіктерден құралған сөз тіркестері объектілік (толықтауыштық) қатынаста жұмсалады: табыс жалғаулы сөз сабақты етістікті толықтайды да, ол етістіктің қимылы тура толықтауышқа ауысып түседі, мысалы: *ағашты кесу, етті турау, қойды айдау, шегені суыру, терезені ашу, пішенді ору, малды бауыздау, баланы тәрбиелеу.*

Барлық есімдердің сабақты етістіктермен тіркесу қабілеті бірдей емес; көбінесе ол құрамда айтылатын сөздер — зат есімдер мен олардың орнына жұмсалатын есімдіктер және сапалық есімдер. Бұлар қатысты сөз тіркестері былай бөлінеді: 1) **н а қ т ы о б ь е к т і л і**; 2) **а б с т р а к т і л е н г е н о б ь е к т і л і**.

Бірінші топқа қолға ұстап, көзбен көретіндей зат есімдер қатысқан сөз тіркестері енеді. Ондағы есімдер мен етістіктер барынша мағыналық тығыз байланыста болады:

Мыңнан аса жылқыны үш-ақ адам бағып жүр. Игілік тоқымын төсеніп, ерін жастанды да жата берді (Ғ. Мүсірепов). Қалампыр сынық ашалы бақанды сүйретіп, қоңыр снырды айнала қуады. Канеки, қарындас, қолыңды тос! (Б. Майлин).

Бұл топқа табыс жалғаулы кісі аты қатысты сөз тіркестері де енеді.

Самалды салқын түн Қуанышты жұбата алмайды (Б. Майлин). Ол Жақыпты ертіп үйге кірді (Ғ. Мұстафин). Жұмагүл Абайды тани барды. (М. Әуезов). Ушаков Байжанды шанасына мінгізіп алды. (Ғ. Мүсірепов).

Табыс жалғаулы сөзі бар етістікті сөз тіркесінің екінші тобына абстракт есімдер мен кісінің (жан-жануардың да) көру, сезу, сөйлеу, үндеу, т. б. әрекетін білдіретін сабақты етістіктерден құралған сөз тіркестері жатады.

[Қуаныш] солармен араласып өткізген өмірді ойлайды. Ел жүрегінің қалай соғарын аңғарғың келсе, ең алдымен жазушының тамырын бас, асыра айтар, ауыр күрсінер... бірақ жалғаны болмас, шынды аңғарасың (Ғ. Мүсірепов). Ауыл адамдары алдымен жазды әңгіме қылып өтті (Б. Майлин). Елін ері қорғаса, елі де ерін қолдайды (Жамбыл). Сортаңдауды, тозуды біле ме ол жер (С. Мұқанов). Біз сүйеміз көктем күнін (Х. Ерғалиев). Осы сырды Нысаналы ақын жақсы біледі... (Ғ. Мүсірепов).

Бұл топқа есімдікті, сапалық есімді (есімшелі) сөз тіркестері де енеді.

Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқады. Екі көше адасып пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді (М. Әуезов) Бөлінгенді бөрі жейді. (Мақал.) Шөптің шашылғанын жинап алуға да мұрша жоқ (Ғ. Мүсірепов). Жақсыны көрмек үшін (Мақал).

§ 37. БАРЫС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Барыс жалғаулы есімдер мен етістіктерден құралған сөз тіркестері өзара меңгеріле байланысады да, жанама т о л ы қ т а у ы ш т ы қ, п ы с ы қ т а у ы ш т ы қ қатынастарда жұмсалады. Барыс жалғаулы есімдер қатысқан етістікті сөз тіркесінің қарым-қатынасының әр түрлі болуы сөз тіркесі құрамының түрлі-түрлі болуымен байланысты, мысалы, тауға шығу (б е т а л ы с), тоғайға кіру, үйге келу (м е к е н), балаға беру (а р н - а у), оқуға келу (мақсат), кешке келу, жазға киіну (мезгіл). Барыс жалғаулы есімдер кез келген етістіктермен тіркесе бермейді, олармен мағыналық үйлесімде бола алатын етістіктермен ғана тіркеседі. Олар мынадай етістіктер: беру, кету, келу, жату, отыру, ұмыту, сену, нану, жалыну, ұнау, сіңу, қуану, таяну, қамау, беру, беттеу, шығу, түсу, тою, қарау, салу, жету, жүру, шабу, кіру, кірісу, қону, айту, толу, қамау, қою, жақындау, бату, қызығу, көріну, дайындау, т. б.

Бұл етістіктердің көпшілігі — күйді, қимылды, сезімді білдіретін салт етістіктер. Салт етістіктердің жетегінде айтылатын барыс жалғаулы есімдер (зат есім, есімдік, сын, сан есім, есімше) басыңқы сөздерге тікелей және демеулер арқылы қатысты болады.

Бұл сөзге Абай жеткенде, Тәкежан қатты сескеніп қалды (М. Әуезов). Байжан іске кірісті (С. Мұқанов).

Абайға ағашты таулар... шидем айналдырып киген кәрінің өңіндей көрінеді (М. Әуезов). Паромға мініп ар жаққа бұлар да өтті (С. Мұқанов). Олар заңға барынады. (Ол) Нұрланды көрген соң, табалдырықтан әрі аттамай тұра қалды (З. Шашкин).

Сабақты етістіктер де барыс жалғаулы есімді меңгере алады, бірақ олардың көпшілігі жоғарғы тізімде саналған салт етістіктерден жасалған сабақтылар болады. Олармен тіркесетін барыс жалғаулы есімдер тура объект қызметіндегі заттармен де мағыналық байланыста тұрады:

Адамға жол бермеген қайран тілім... (Қ. Жұмалиев.)
Нақ терезе алдында өскен алма ағашы бөлмеге күн сәулесін түсірмейді. (С. Мұқанов.)
Быков күрегін қарға басқа жұрттан бұрын салды. Ушаков Сарыарқаның әр қырқасына бір қазық қазып, көмірді темірге, темірді мысқа, мысты қорғасынды қосақтап, арқандап тастады. (Ғ. Мүсірепов)

Барыс жалғаулы есімдер етістікті сөз тіркесінде о б ъ е к т і л і к және п ы с ы қ т а у ы ш т ы қ қатынастарда жұмсалады.

а) О б ъ е к т і л і к қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің к і м г е, н е г е а р н а л ғ а н ы н, бағытын, қандай з а т п е н ү с т е м е л е н ғ е н і н, қандай затпен т ү й і с к е н і н, неге қ а м т ы л ғ а н ы н білдіреді.

Тоқсандағы Жамбылға толқындатып сөз келді (Жамбыл). Абайға үйдегі кемпір де бұрылып қарады. (М. Әуезов). Төрт түлікке толды аймақ, осынау аулым колхозда (Жамбыл). Дәулетке батып белшеден, ырысқа қандым, кенелдім (Жамбыл). Жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ өледі, тасты Жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі (Мақал). Бұл жігітті қызметке алу керек.

ә) П ы с ы қ т а у ы ш т ы қ қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің б а ғ ы т ы н білдіреді және м е к е н д і к, м е з г і л д і к, м а қ с а т т ы қ мағыналарда жұмсалады.

Мен ауданға барамын (Ғ. Мұстафин). Қарағандыға жүз елу кісі жіберілді. Ол... үйге кірді. Бұл үйдің барлық жаны жалаңаш-жалпы далаға жүгіріп шырышты (Ғ. Мүсірепов). Ушаковты қонаққа шақырып келем (Ғ. Мүсірепов).

Барыс жалғаулы есімдерді кейде есім мен көмекші етістіктерден болған кұрама баяндауыштар да меңгереді.

Сейіт бұл топқа жалпы сәлем берді де, тоқтамай өтіп кетті (Ғ. Мүсірепов). *Судьялар ешкімге тәуелді емес* (Конституциядан). *Толқынға бөгет бола алмай, ит қорлыққа көне алмай...* (Қ. Жұмалиев).

§ 38. ШЫҒЫС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Етістікті сөз тіркестерінің жиі ұшырайтын ендігі бір түрі шығыс жалғаулы есімдер мен етістіктер тобы. Мұнда да жалғаулы есімдерді етістіктер меңгеріп, солардың байланысынан **т о л ы қ т а у ы ш т ы қ** және **п ы с ы қ т а у ы ш т ы қ** қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Шығыс жалғаулы есімдерді (көбінесе зат есімдер мен есімдіктерді) меңгеретін етістіктер, негізінде, мыналар: *шығу, шығару, қайту, қайтару, келу, келтіру, түсу, түсіру, жүру, қозғау, қарау, қарату, тастау, алу, алдыру, көріну, көрсету, оқу, үйрену, өту, өткізу, қорқу, озу, оздыру, таю, тайдыру, туу, тану, секіру, асу* (таудан асу), *өлу, тарау, ұшу, тоқу, істеу, тігу* (барқыттан тігу), *салу* (тастан салу), *қалу, пісіру, орнату* (тастан орнату), *соғу, қарғу, сұрану*, т. б. Бұлардың **к ө б і к и м ы л** (мысалы: *тастау, шығару, тарау, тоқу*) және **қ а б ы л д а у** (мысалы: *көру, қорқу, қарау, үйрену*) мәнді етістіктер.

Меңгеретін етістіктер, осылардай, әр түрлі мағынада жұмсалатындықтан, олармен шығыс жалғауда тұрып сөз тіркесін құрайтын сөздер де әр алуан болады. Олардың тіркесінен түрлі-түрлі мағыналық қатынастағы сөз тіркестері жасалады: Мысалы, *шығу* етістігімен тіркесетін зат есімдер *үйден* (шығу), *тоғайдан* (шығу), *көшеден* (шығу) сияқтылар, *көрсету* етістігімен тіркесе алатын зат есімдер — *алыстан* (көрсету), *терезеден* (көрсету) сияқтылар. Бұлар — пысықтауыштық қатынаста тұрып, мекендік мағынада жұмсалған сөз тіркестері. Ал *жіптен тоқу, барқыттан тігу*, (қораны) *қамыстан салу* тәрізді тіркестер толықтауыштық қатынаста тұрып, іске қатысты заттың материалдық тегін білдіреді.

Т о л ы қ т а у ы ш т ы қ қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналары, негізінде, мынадай болады.

1. Заттың басқа заттан **і с т е л у т е г і н** білдіреді.

Тастан жер ошақ жасап, май қайнаттым (Ғ. Мүсірепов).

**Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды (Ы. Алтынсарин).
Болаттан сұңқар ұшырып,
Мұхиттан әрі асамыз.
Қуаттан дария ағызып,
Ерліктен ерлік туғызып
Өрге өрлеп тасамыз (Жамбыл).**

Мұндай шығыс жалғаулы сөз тіркесін меңгеретін етістіктің жетегінде тура толықтауыш та болады. Сонда шығыс жалғаулы жанама толықтауыш тура толықтауышпен де мағыналық байланыста тұрады.

2. Мағлұматтың, әрекеттің шығу көзін білдіреді. Ондай сөз тіркестерін құрайтын етістіктер — кісінің қабылдау әрекетін білдіретін сабақты етістіктер (алу, алдыру, білу, есту, оқу, үйрену, сұрау): *кісіден есту, (білімді) кітаптан алу, үлкеннен үйрену, сөзінен білу, жолдасынан сұрап алу:*

Жүсіп оның жайын Күншеден сұрап білді (Мүсірепов). Жұмыскерлер Еремнинен естігенін айтты (М. Әуезов). Білімдіден ақыл шығар, ақылды қарттан нақыл шығар. (Мақал).

3. Шығыс жалғаулы зат есімдер айрылу, құтылу, айығу, жазылу, қашу, тазару, тазарту, безу сияқты етістіктермен тіркесіп, бірдеңеден арылу, құтылу мағынасында жұмсалады. Мысалы: *аурудан айығу, бәледен құтылу, жамандықтан қашу:*

**Қайғыдан халқым арылып,
Бақыт құсын ұстадым (Жамбыл).**

**“Тиынды қызғанып, теңгеден айрылу” осындай-
дан туады**

(Ғ. Мүсірепов).

Көзден кетсе, көңілден кетеді (Мақал).

4. Сан есім не болмаса сан есімнен анықтауышы бар зат есім шығыс жалғауда тұрып етістікпен тіркескенде, сөз тіркесі заттың сандық бөлшегін не даралған мөлшерін білдіреді:

Сегіз жүз жылқыдан бір тай қалмаған екен. Әрбір қонақтың сыртында екіден, үштен жастықтар жатыр (М. Әуезов). Ваннаға олар... алты кісіден кірді (А. Гайдар).— Маған күніне елу тиыннан неге беріл отыр?— Әлі бір сомнан беретін болады! (Ғ. Мүсірепов).

Пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары шығыс жалғау арқылы тікелей етістікке не демеулер арқылы етістікке бағынады, мысалы: *таудан асты, бір жылдан асты, аудан әрі асты, бір жылдан соң асты*. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, мынадай мағыналарда айтылады.

1. **Көлемдік**. Ондай сөз тіркестерінің көлемдік мағыналары істелетін істің, әйтеуір, бір басталу орнын көрсетуге негізделеді. Көбінесе олар қимыл процесінің орнын көрсетеді, мысалы: *арбадан түсу, үйден шығу, терезеден кіру, тоғайдан өту*.

Самойлов Жабайды арбадан түсіріп алып, тар бөлмеге әкетті. Үйдің кішкене-кішкене терезелерінен жарығы көрінеді (Ғ. Мүсірепов). Жылқы айдаған жігіттер Шолпаннан асып, Ойқұдықтан өтіп, Ералыға жеткен (М. Әуезов). Қой әлі өрістен келген жоқ (М. Жұмабаев).

Көлемдік мағыналы сөз тіркестерінің енді бірқатары қимылдың **басталу, болу орнын** (мекенін) білдіреді, мысалы: *қаладан аттану, базардан қайту, университеттен келу, ауданнан кету, осы арадан тарау*.

Бұл — Нілдіден осы кесек күйінде табылған самородок еді. (Ғ. Мүсірепов). Жан-жақтан келген бозбалалар екі үйді лық толтырды (С. Көбеев). Қар астынан, он шақты жерден құлдырап шыққан қою қара түтіндер көрінеді (Ғ. Мүсірепов).

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған
(Абай).

2. **Мезгілдік**. Бұл мағынада бағыныңқы сөз мезгіл мәнді және кісінің жас мөлшерін білдіретін есімдер болады да, басыңқы сөз көбінесе қабылдау мәнді етістіктер болады, мысалы: *былтырдан білемін, жастайымнан түсінгенмін*.

Жастайымнан таңдағаным, жаттағаным — Москва (Х. Ергалиев). Мен Есенді кішкентайымнан білемін. Былтырдан қалған жұмыс жоқ.

Себеп-салдар. Бұл мағынада жұмсалатын сөз тіркесінің шығыс жалғаулы сыңары есімше не қимылдық есім болады, мысалы. *ұялғаннан қызарды, түсінбегендіктен қателесті, ұйықтап қалғандықтан кешікті. Жақып қуанғаннан күліп жіберді (Ғ. Мүсірепов). Жабай өзінің білместігінен ұялыққырап*

қалды. Мүмкін, саны бесеу болғандықтан "бестік" деп аталатын шығар (Ә. Сәрсенбаев). Көптен көрмегендіктен *Ботакөз аласын сағынған* (С. Мұқанов).

4. **А м а л.** Шығыс жалғаулы есімдер етістіктермен тіркескенде қимылдың амалын (қалай болғанын) білдіреді, мысалы: етпетінен құлау, даусынан тану, мұртынан күлу.

Бұл үйдің адамдары... бірін-бірі қабағынан, ернінің емеуірінен танып әдеттенген. Қызым қабағынан таныптын анасы оның ойын бөлген жоқ (Ғ. Мұстафин). *Қолынан келген қонышынан басады* (Мақал).

§ 39. ЖАТЫС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Басқаларына қарағанда, жатыс жалғаулы есімдерді меңгере алатын етістіктердің саны онша көп емес. Олардың көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістіктері: *отыру, тұру, жүру, жату, кездесу, ойнау, қону, көру, көрсету, ұйықтау, қалу, сүйену, жылау, ескеру, үйрету, ұнау, күру, т. б.*

Мұндай етістіктермен тіркесетін жатыс жалғаулы есімдер мынадай қатынастарда жұмсалады:

а) **Объектілік** (толықтауыштық). Объектілік қатынастары ондай сөз тіркестерінің мағыналары қимыл процесінің қандай заттың үстінде не қандай затпен байланыста болатынын, бірдеңенің кімде екенін білдіреді, мысалы: *өмірде кездесу, заңда көрсетілу, айда сақтау, күресте озу, сөзде тұру.*

Бүгінгі күресте көрсеткен күшіңді өлеңге шығар (С. Мұқанов). *Олар мал шаруашылығын өрге бастыруда зор роль атқаруға тиіс. (Газеттен). Заңда басқаша тәртіп көрсетілмеген болса, істер ашық түрде қаралады.*

*Он сегіз мың бұл баламның
Бар тынысы күнде тұр,
Мен сықылды сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр
(Абай).*

ә) **Пысықтауыштық.** Пысықтауыштық қатынастағы жатыс жалғаулы сөз тіркестері **м е к е н д і к** және **м е з г і л д і к** мағынада жұмсалады:

1. **М е к е н д і к** мағынадағы сөз тіркестері зат есімдер мен *отыру, тұру, жүру, қаралу* сияқты заттың күйін білдіретін етістіктерден не солар қатысты күрделі етістіктерден құралады.

**Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы
(Абай).**

Аллақ кең далада ауыл көсіле ұйықтап жатыр (Ғ. Мұстафин). Жаңа жоспар облыстық су шаруашылық мекемелерінде қаралып бекітілді (С. Мұқанов). Жезқазғанда қанша мыс жатқанын шамалап көрдім. Жүк шаналары жолда қалып жатыр дейді (Ғ. Мүсірепов).

2. М е з г і л д і к мағынадағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары шақ, мезгіл мәнді есімдер не есімдер тіркесі болады да, басыңқылары жоғарғыдай етістіктің бірі болады:

*Қараңғы түнде тау қалғып
Ұйқыға кетер балбырап.
Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
(Абай.).*

**Дөненінде үйретем
Ат болудың қылығын
(Жамбыл).**

Оның бұл қылықтары Гүлнарға алғашқы кезде ұнамады. (С. Мұқанов). Олар Омбы қаласына інір қараңғысында келіп кірді (Ғ. Мүсірепов).

§ 40. КӨМЕКТЕС ЖАЛҒАУЛЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сабақты және кейбір салт етістіктер көмектес жалғаулы есімдерді меңгеру арқылы сөз тіркесінің үлкен бір тобын құрайды. Көмектес жалғаулы есімдер етістіктерге меңгерілу арқылы **о б ъ е к т і л і к ж ә н е п ы с ы қ т а у ы ш т ы** қатынастарда түрлі-түрлі мағынада жұмсалады:

а) **О б ъ е к т і л і к** қатынастағы сөз тіркестері. Көмектес жалғауда тұрып етістіктермен объектілік қатынаста айтылатын сөздер — зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер. Олардың объектілік мағынасы әр түрлі болады. Оның себебі, біріншіден, көмектестегі бағыныңқы сөздердің нені білдіретінімен байланысты болса, екіншіден, оларды керек ететін етістіктердің мағыналарының әр қилы болуымен байла-

нысты. Сол негізде жоғарғыдай сөз тіркестері мынандай мағыналарда айтылады:

1. **Қ ұ р а л д ы қ.** Құрал-сайманның атын білдіретін көмектестегі зат есімдер кісінің қимыл әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, **қ ұ р а л д ы қ** мағыналы сөз тіркестері жасалады. Мысалы: *балтамен шабу, арамен кесу, трактормен жырту, балғамен соғу, қармақпен ұстау, бинокльмен қарау.*

Мұндай сөз тіркестерінде көмектес жалғаулы зат іс-әрекеттің тікелей не сол арқылы істелу құралы болады.

Бұрынғыдай... қызыл темірді балғамен қосыла соққанда, сорғалайтын тер жоқ (Ғ. Мұстафин). Хамит ұстарамен шашын тегіс қырғызған басын, мойнын жуып... орамалмен беті-қолын сүртіп, мойнын ыспалап тұрды (С. Сейфуллин). Әбіш бинокльмен қарап, алыстағы айлакер тағының әрекетіне қызығып тамашалайды. Таяқтай қарумен салып та кетеді (М. Әуезов). Атты қамшымен айдама, жеммен айда (Мақал).

2. **М а т е р и а л д ы қ.** Етістікті сөз тіркесінің құрамындағы көмектес жалғаулы зат есім істелетін істің неден, қандай заттан істелетінін немесе соның қатысымен істелетінін білдіреді. Мысалы: *балшықпен сылау, бояумен сырлау, қамыспен қоршау, былғарымен қаптау.*

Әр түрлі кілеммен, шұғамен, асыл саймандармен әшекейленген ағаш үйдің ішін аралағанда, приставтың есі шығып кетті (С. Мұқанов). Оны томар бояумен боятқан (М. Әуезов). Оның қабырғасы күрең түсті былғарымен қапталған (С. Мұқанов).

3. **З а т т ы қ.** Бірқатар зат есімдер көмектес жалғауда етістіктермен тіркескенде, олар қимылдың заттық объектісі ретінде жұмсалады. Мысалы: *отпен ойнау, сумен жуу, іспен жауап беру, білгіштігімен аты шығу.*

Сумен ойнама — батарсың, отпен ойнама — күйерсің (Мақал). Құр айғаймен әуре боп өнердің жайын баса ұқпай... (Абай). Байлығымен, даңғойлығымен даңқы шыққан Кәрібай бай бір рет үлкен той жасады. Халық ұжданын етпен де, алтынмен де сатып ала алмайсың (Жамбыл).

4. **Б і р л е с т і к.** Көмектес жалғаулы кісі аттары және кім? деген сұрақ қоюға болатын бала, студент, әкем сияқты сөздер көбінесе ортақ етіс тұлғалы салт етістіктермен тіркесіп **б і р л е с т і к** мағынада жұмса-

лады, мысалы: *Асқармен сөйлесу, Көбеймен қоштасу, баламен ойнау.*

Кузнецов Асқармен тез танысты (С. Мұқанов). Жабай Көбеймен қоштасып, Баяндымен бірге кетті (Ғ. Мүсірепов). Жайраңдасып жас күлер құрбысымен (Абай). Оқымысты қонақпен дос-жарлар осылай кездесті (М. Әуезов). Лиза бір студентпен сөйлесіп қалды (С. Ерубәев).

ә) **Пысықтауыштық** қатынастағы сөз тіркестері. Көмектес жалғаулы зат есімдер етістіктермен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста **мезгілді, мекенді, себеп-салдарды және қимылдың істелу амалын** білдіреді:

Қожаш ертемен қайтып кетті (С. Көбеев). Бұл арман шыңына шықты. Шығысымен алмасы қолынан түсіп кетті (Ғ. Мұстафин). Рахмет бір күні Нева проспектісімен келе жатты (С. Ерубәев). Елек суын жер астымен әкелді... (Ғ. Мұстафин). Үй маңындағы ағаштар ерекше бір шеберлікпен егіліпті (Ғ. Мұстафин). Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған (Ы. Алтынсарин). Жанат айналасына ойлы көзімен тағы бір қарады (Ғ. Мұстафин).


§ 41. ШЫЛАУ СӨЗДІ ТІРКЕСТЕР

Үйге барайық, үйге таман барайық деген етістік сөз тіркестері мәндес болғандықтан, бірін екіншісінің орнына айтса да болар еді, бірақ аздап та болса ол тіркестердің айырмашылығы бар; ең алдымен, *үйге барайық* пен *үйге таман барайық* дегендердің мағынасы бірдей емес: алдыңғыда қимылдың жалпы бағыты, бет алысы айтылса, соңғыда ол бет алысты бұрынғысынан дәлдеп көрсеткен. Сол дәлдік *үйге* сөзінен кейін *таман* шылауын қойып айтудан болып тұр. Егер бұлардың білдіретін көлемдік мағынасын әлі де түрлендіргіміз келсе, оны *үйге дейін, үйге қарай, үйге жуық, үйдің қасына, үйдің маңына* дегендей етіп, оларды тиісті етістіктермен тіркестіреміз едік. Сонда сөз тіркестерінің құрамы бұрынғыдай есім және етістіктен ғана құралған болмайды, есім мен етістіктің арасына *дейін, таман, қарай, қасына жуық, маңына* тәрізді шылау сөздер қойылады.

Ондайда шылау сөз тіркесінің грамматикалық мағыналарын толықтырып, есім мен етістікті өзара бай-

ланыстырушы аралық дәнекер болады. Етістікті сөз тіркестерін құрауға қатысқан шылаулар — **д е м е у л е р** мен **к ө м е к ш і** есімдер¹.

Д е м е у л е р сөз тіркестерінің құрамында өздерінен бұрын айтылатын есімдердің белгілі септікте тұруын керек етеді де, сол жетегімен етістікке бағынады. Оны схемамен көрсетсек, былай, болар еді.



Демеулер қатысты етістікті сөз тіркестері әр түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Олардың басты-бастылары мыналар:

1. **Көлемдік.** Әр түрлі көлемдік мағынада айтылатын ондай сөз тіркесінің құрамында мына демеулер болады; *таман, қарай, дейін, шейін, жуық, арқылы*².

Жылқылар батысқа таман ығысты (Ғ. Мұстафин) Абай мен Оспан өзенге қарай беттеді. Қарқаралыдан Шығысқа дейін жүретін жол ұзақ (М. Әуезов). Ағам мені Қостанайға дейін шығарып салды (С. Көбеев). Есіктен төрге шейін жайылған қызыл жібек кілемдер (М. Әуезов). Бай үйге таман келе жатты (С. Көбеев). Ақпанның он екісі күні Минск арқылы ол Петроградқа жүріп кетті (С. Мұқанов).

2. **М е з г і л д і к.** Етістікті сөз тіркестері *кейін, соң, шейін, дейін, бері, сайын, әрі, бұрын, жуық, жақын* демеулерінің қатысымен мезгілдік мағынада да көп жұмсалады:

Байжан жұмысын бітіргеннен кейін Қызылордаға қайтты (С. Мұқанов). Қонақтар түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ. Үш күннен бері сілбіреген ақ жауын айықпай тұр. Абай күн сайын бір тамаша әңгіме айтатын болды. Осыдан он күн бұрын жатақтар ортасынан... Базаралы келіпті. Қонақтар таңға жуық оянды (М. Әуезов).

3. **М а қ с а т т ы қ.** Қимылдық, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіретін етістікті сөз тіркесінің құрамында көбінесе үшін демеуі болады:

Табиғат байлығын меңгеру үшін адам баласы талай қиындықтарды жеңді. Жаңа канал қазылатын өлкені

¹ Көмекші есімдерді біз шылаулар тобына жатқызамыз.— М. Б.

² Демеулердің көбі түрлі сөз тіркесінің құрамында әр түрлі мағынада жұмсалады. Сондықтан бұдан былай аталатын демеулер құрамында бір сөз бірнеше рет көрсетіледі.

зерттеу үшін Байжан басқарған партия іске кірісті (С. Мұқанов).

Жоғарыда көрсетілмеген *бірге, бетер, әрі, бері, қарсы, туралы, бойы* демеулері де етістікті сөз тіркестерін құруға қатысып, түрлі мағынада жұмсалады. Мысалы: *жазбен бірге келу, жылдағыдан бетер семіру, таудан әрі асу, үш күннен бері күту, жауға қарсы ұмтылу, қысқа қарсы келу, жыл бойы іздену.*

К ө м е к ш і е с і м д е р і л і к септігіндегі сөздермен тәуелдік жалғауында тұрып байланысады. Олар сол тобымен етістікке бағынып, етістікті сөз тіркесінің құрамында пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Ол үшін көмекші есімдерге керегінде тиісті септік жалғаулары (*барыс, шығыс, жатыс, көмектес*) жалғанады. Ондайда етістікті сөз тіркестері *м е к е н д і к* кейде *м е з г і л д і к* мағынаны білдіреді. Осындай сөз тіркестерінің құрамында айтылатын көмекші есімдер мыналар: *алды, арты, қасы, маңы, жаны, іші, бойы, басы, жағасы, үсті, сырты, т. б.*

Лида терезенің алдында тұр (Х. Ерғалиев). Құдай-берді биік төсек үстінде жатыр екен. Арада үш күн өткенде, Шыңғыс ішіне бір суық хабар тарады. Абай қаршыға салған үлкендердің қасына өткен жазда көп еріп еді. Олар осы түн ішінде Семей түсеміз деп келе жатты (М. Әуезов).

Бақылау сұрақтар мен синтаксистік талдаулар

Сұрақтар:

1. Сөз тіркесі деген не? Оның негізгі сипаттамалары қандай?
2. Сөз тіркестеріндегі сөздердің байланысу амалдары мен формалары қалай болады?
3. Сөз тіркестері неше топқа бөлінеді? Қандай белгілеріне қарап бөлінеді?
4. Есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамы қалай болады?
5. Қабыса, меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің құрамы қалай болады?

Талдаулар:

1. “Қой әлі өрістен келген жоқ” дегенде бастауыш-баяндауыштан басқа неше сөз тіркестері бар? *Әлі келген жоқ, өрістен келген жоқ* дегендердің қандай сөз тіркестері екенін айтындар.
2. “Көк сиырдың бұзауы ағаш көлеңкесінде жатыр”. Бұл сөйлемде қандай-қандай сөз тіркестері бар? Әрқийсысының құрамында қандай сөздер бар? *Көк сиыр, сиырдың бұзауы, ағаш көлеңкесінде жатыр* қандай сөз тіркесі?

IV. ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ

§ 42. СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ТҮСНІК

Тіл — қарым-қатынас жасаудың құралы да, сөйлем — сол қарым-қатынас жасауда кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Кісінің ойы әр алуан, әр қилы болатындықтан, соларды айту үшін жұмсалатын сөйлемдер, олардың құрамы да түрлі-түрлі болады. Кейда бір сөз бір сөйлем қызметінде жұмсалса (*Түн.— Алтан! Масқара!— Көрдің бе? Көрдім.— Көріне ме?— Жоқ.*), кейде екі не одан да көп сөздерді, сөз тіркестерін құрастыру арқылы сөйлем жасалады.

Сөйлем құрамындағы сөздің саны аз болуы, көп болуы ой ерекшелігімен, стиль ерекшелігімен байланысты.

Сөйлем құрамындағы сөздер өзара тіркесу арқылы белгілі қызметте жұмсалады, басқаша айтқанда, сөйлемдегі бір сөздің сөйлем мүшесі болуына сонымен тіркескен басқа сөз себепкер болады. Мысалы, бастауышты баяндауышпен байланысына қарап (және керісінше), анықтауышты анықталатын сөзіне, қатысына қарап сөйлем мүшесі деп танымыз.

Сөйтіп, көп құрамды сөйлемдерді бөлшектегенде, олардың ішіндегі сөздердің лексикалық мағыналарына қарамай, лексикалық мағыналары толық сөздердің тіркесу нәтижесінде пайда болған грамматикалық мағыналарға қараймыз. Ол мағыналар: бастауыш-баяндауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық болады.

Сөйлемде осылардай грамматикалық мағыналарға ие болып, синтаксистік қызмет атқарып тұратын сөздерді с ө й л е м м ү ш е л е р і дейміз.

Жай сөйлемдер құрамдық ерекшеліктеріне сәйкес ж а л а ң және ж а й ы л м а болып бөлінеді.

Жалаң сөйлем бастауыш пен баяндауыштан не оның бірінен құралады.

Ал сөйлем құрамына бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелер не олардың бірі болса, сөйлемнің іргесі кеңіп, ол жайылмаға айналады. Мысалы, *Жел өршелене түсті* — жалаң, *Ызғарлы жел өршелене түсті* — жайылма. *Толқын күшейді* — жалаң. *Теңіздің толқыны кешке таман күшейді* — жайылма.

Жайылма сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер не бастауыштың, не баяндауыштың (кейде екеуінің де) маңына топталады:

1. Ызғарлы жел өршелене түсті.

2. Өзің көтермейтін сөзді басқаға айтпа.

3. Жылайын деген бала әкесінің сақалымен ойнайды (Мақал).

4. Теңіздің толқыны кеменің бүйіріне соғады.

5. ... екі әйел Ертіс шетіндегі... көп қайықтың бір бүтіндеуіне отырып Аралға тартты (Ж. Аймауытов).

Сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелер — **т ұ р л а у л ы м ү ш е л е р** — сөйлем атаулының грамматикалық ұйытқысы. Ал тұрлаусыз мүшелер тұрлаулы мүшелердің маңына топтанып не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, пысықтап тұрады. Мысалы: *Шығысқа қарай беттеген үлкен кеме толқынды теңізді тіліп келеді.*

Бұл сөйлемнің бастауышы — *кеме*, баяндауышы — *тіліп келеді*. Олардан басқа мүшелер сол екеуінің маңына топтанып, екі шумақ құралған да, әр шумақтағы сөздер біріне-бірі бағынып барып, не тікелей бастауышқа, не баяндауышқа бағынған.

Тұрлаусыз мүшелер — **т о л ы қ т а у ы ш, а н ы қ т а у ы ш, п ы с ы қ т а у ы ш** болып үшке бөлінеді.

Сөйлем мүшелерінің құрамы дара, күрделі, үйірлі болады. Мысалы: *Жаңбырмен жер көгерер, еңбекпен ел көгерер* (Дара мүшелі). *Ырыс алды — ынтымақ* (Күрделі бастауышты). *Жері байдың — елі бай* (Үйірлі анықтауышты).

Сөйлемнің мүшелері өзара синтаксистік байланыста айтылады. Сөйлем мүшелеріне сұрақтар қою арқылы талдау жасағанда, олардың сол байланыс желісі үзілмегені мақұл. Мысалы, *Көл жағалай қонады қу менен қаз* (Абай) деген сөйлемнің мүшелерін ажыратып тану үшін талдауды бастауыш-баяндауыштан бастап, сұрақты былай қоямыз.

Не қонады? — Қу менен қаз қонады?

Қалай қонады? — Көл жағалай қонады.

Сөйлемнің құрамында сөйлем мүшелерінен басқа да сөздер болады, олар — **қ а р а т п а, қ ы с т ы р м а, о д а ғ а й** сөздер. Бұлар жинақталып, сөйлемдегі **о қ ш а у с ө з д е р** деп аталады. Оқшау сөздер сөйлеммен не сөйлем мүшелерімен тек мағыналық байланыста айтылады да, олармен синтаксистік байланыста болмайды. Сондықтан оларды сөйлем мүшелері деп танымаймыз.

Сөйлемнің құрамында әр алуан сөздер болады. Олардың көпшілігі өзара мағыналық, синтаксистік байланыста айтылу арқылы мүшелік қызметке ие болады. Сөйлем құрамының негізі — бастауыш пен баяндауыш болғанмен сөйлем құрамында баяндауыштың синтаксистік қызметі басым ерекше (ол кейін айтылады.)

Сөйтіп, мағыналық, синтаксистік қарым-қатынасы дербес синтаксистік қызмет атқаратын сөздерді, күрделі сөздер тобын сөйлем мүшесі дейміз.

§ 43. СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

Дүкенде Қарабайға жәрдемдесетін адам жоқ. Көрікті де оның өзі басады, темірді де өзі қыздырады, істі де өзі соғады. (С. Мұқанов.) Бұл сөйлемдерде әр сөз керегіне қарай өз орнында, синтаксистік қызметте жұмсалған. Сондықтан оларда айтылған ойға қатысы жоқ сөз де жоқ. Солардың басын құрастырып, әр сөйлемде айтылған ойға әрбір мүшені ортақ етіп тұрған бас мүшелер — бастауыш пен баяндауыштар: *адам жоқ, өзі басады, өзі қыздырады, өзі соғады.* Бұлар сөйлем құрамының дінгегі, айтылған ойлардың негізгі қаңқасы. Басқа мүшелер солармен біртұтас құрамда айтылғандықтан ұтымды да, оларсыз шала-жансар, сөйлемдік қасиеті жоқ сөздер тізбегі ғана. Ал бастауыш пен баяндауыштар топтары бөлек алғанда да әрі сөйлем, әрі маңдарында басқа да мүшелердің болуын тілейтіндей әрі тіректі тіркес.

Осындай, сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелерін — **т ұ р л а у л ы** (бас) мүшелер дейміз.

Тұрлаулы мүшелердің синтаксистік қызметі бірдей емес. Әдетте бастауыш сөйлемде айтылатын ойға негіз болады, ол баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның субъектісі (несі) болады.

Баяндауыш бастауыштың ісін, қимылын, күйін және басқа заттық, сындық сапасын білдіріп, бастауышқа бағынады. Бұл жағынан тұрлаулы мүшелердің ең негізгісі — бастауыш, бірақ сөйлемдегі қызметі жағынан бастауыштан гөрі баяндауыштың синтаксистік қызметі анағұрлым басым болатыны белгілі. Оны мыналардан байқаймыз:

1. Баяндауыш сөйлем арқылы айтылған ойды тиянақтап, көптеген сөздерді ілестіріп барып, сөйлемді

аяқтап тұрады. Бұл жағынан ол — сөйлемнің ең негізгі ұйымдастырушы мүшесі.

БАСТАУЫШ

§ 44. БАСТАУЫШТЫҢ ЖАСАЛУЫ

2. Бастауыштың мағынасы баяндауыштың морфологиялық құрамындағы тұлғалар арқылы белгілі болып дербес тұра береді. Ондайда бастауыш сөйлем ішінде арнайы айтылмай, сөйлем толымсыз болуы да мүмкін. ал баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер өте сирек кездеседі. Әсіресе диалогта, мақал-мәтелде ("қой баласы — қозыдан" сияқты) баяндауыштың "түсіп қалуы" "ықшамдылықпен" байланысты.

Осындай, баяндауыштың синтаксистік қызметі бастауыштан басым болғанына қарап, баяндауышты ғана бас мүше деп қарау дұрыс болмайды. Шынында, ол екеуі де — сөйлем құрауға ұйытқы болатын, басқа мүшелерді айналасына үйіріп тұратын, сөйлемнің дiңгектi орталығы — бас мүшелер.

Бастауыштың грамматикалық тұлғасы — сөздің атау тұлғасы. Басқаша айтқанда, бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде тұрады¹.

Е с к е р т у:

Бастауыштар кейде формаланбаған ілік септігінде де айтылады; ондай ілік септікті бастауышы бар сөйлемнің баяндауышы не тәуелдік жалғаулы сөз күрделі баяндауыштың құрамында болып келеді:

Шығанақ почта конторындағы радиоға құлағын төсеп отырғаны (Ғ. Мұстафин). Тас түсіріп тұрсам, мына біреулер жанжал шығарып тұрғаны (Қ. Әбдіқадыров).

Біз суды осы Мырзашөлге жеткізуіміз керек (С. Мұқанов). Мен Гүлжаһанмен әлі жөнді әңгімелескенім жоқ (Ә. Әбішев).

Бастауыштарға қойылатын негізгі сұрақтар **к і м?**, **н е?** Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің көптік, тәуелдік жалғауларда жұмсалуына қарай жоғарғы сұрақтар да сол жалғауларда айтылуы мүмкін.

¹ Атау тұлғалы сөздер әр уақытта бастауыш қана бола бермейді, сөйлемнің басқа да мүшелері болады. Дегенмен, атау септігін, негізінде, бастауыштық тұлға деп қараймыз.

Бұл сұрақтар сөйлемде бастауыш болар деген сөздерге **ж а л а н к ү й і н д е қ о й ы л м а й д ы**, баяндауыштармен қабаттаса қойылады. Мысалы: *Ажар баяндама жасады* (Кім баяндама жасады?— Ажар...) (*Айту оңай, істеу қиын*) (*Не оңай? Айту... не қиын?— Істеу...*). *Еріншектің ертеңі бітпес* (Несі бітпес?— Ертеңі...)

Е с к е р т у: Жалпы алғанда, бастауыш бола алмайтын сөз жоқ. Белгілі жағдайда (субстантивтеніп қолданылғанда), тіпті, өз алдына сөйлем мүшесі болмайды дейтін шылау сөздер де, сөз емес, сөз құрау үшін жұмсалатын жеке дыбыстар да сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалуы мүмкін¹.

Дегенмен, сөйлемде бастауыштық негізгі қызмет атқаратын сөздер — зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер.

Олар түбір тұлғада да, көптік, тәуелдік қалпында да бастауыш болады:

Салика қырман басына келді. Колхозшылар астықты элеваторға жөнелтіп жатыр. Біздің партиямыз, қаһарман халқымыз ұлы табыстарға жетті. Біз жүріп келеміз. Аттар әлденеге құлақ тіге қалды. Анадайдан бірдеңе қараңдағандай болды.

Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бір тобы — **с а п а л ы қ е с і м д е р** — сын есім, сан есім, есімше:

Қорқақ бұрын жұдырықтар. Алтау ала болса, ауыздағы кетер... Еккен орап (Мақал).

Бастауыштар жеке сөзден болған — жалаң, көп сөзден құралған — күрделі не үйірлі болуы мүмкін (§ 46). Күрделі, үйірлі бастауыштарға мысалдар; Күрделіге: *Сөз құған бәлеге жолығар. Жақсы жұмыс — жанға тыныс. Ырыс алды — ынтымақ* (Мақал). Үйірліге: *Білегі жуан бірді жығар, білімі толық мыңды жығар. Аузы күйген үріп ішер* (Мақал).

¹ Соң — өзінен бұрынғы сөзден бөлек жазылады деген сөйлемде, соң — бастауыш. Баспаханада әріп терушілердің сөзіне құлақ салған кісіге мынадай сөйлемдер кездеседі. *Мына жердегі а шықпай қалыпты, б теріс түсіпті.* Осында *а, б* — бастауыштар. Сол сияқты, әр уақытта баяндауыш қызметінде жұмсалады деп танылатын жіктік жалғаудағы етістіктер де субстантивтеніп, бастауыш қызметінде жұмсалуы мүмкін: *Көрдім — көп сөз, көрмедім — бір-ақ сөз* (Мақал). Мұндағы *көрдім, көрмедім* — бастауыштар.

§ 45. ЗАТ ЕСІМДЕР МЕН ЕСІМДІКТЕРДЕН БОЛҒАН БАСТАУЫШТАР

Сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздер, негізінде, зат есімдер болғанмен, олардың барлығының бастауыш болу қабілеті бірдей емес. Бастауыш — субъектінің грамматикалық баламасы. Ол іс істеуші қимыл иесі болатындықтан, сол қызметті өтей алатын заттардың аты арнаулы бастауыш болуға бейім болады. Сондықтан ондай зат есімдер *арнаулы* бастауыш болатын сөздер делінеді. Мысалға *Жарас ағаш екті* деген сөйлемді алайық. Мұнда *Жарас*, *ағаш* деген екі зат есім бар. Ол екеуі сөйлемде екі түрлі қызметте айтылған: *Жарас* — қимыл иесі, бастауыш, *ағаш* — қимылдың объектісі, толықтауыш. Олардың орнын ауыстырғанмен бірінің қызметінде екіншісі жұмсала алмайды. Оның себебі — ол екі зат есімнің екі түрлі синтаксистік қызметі атқаруға бейімділігінде: *Жарас* — арнаулы бастауыш болатын сөз де, *ағаш* — арнаулы толықтауыш болатын сөз.

Зат есімдердің ол айырмашылығы қазақ тілінде *кісі*, *кісі емес* деген ұғыммен байланысты. Ол айырмашылықты зат есімдерге қойылатын екі түрлі сұрақтан да аңғаруға болады. Жалпы алғанда, *кі м?* деген сұрақты қоюға болатын зат есімдер (олардың орынбасар сөздері — жіктеу есімдіктері де) — арнаулы бастауыштар, *не?* сұрағын қоюға болатын зат есімдер — арнаулы толықтауыштар.

Сонымен қатар кейбір жанды-жансыз заттарға ғана тән іс-әрекет, қимыл, күй болуы мүмкін. Мысалы: *құс ұшты*, *бұлбұл сайрады*, *сыыр мөңіреді*, *жауын жауды*, *жел үілдеді*. Осындай сөйлемдерде бастауыш қызметіндегі зат есімдер баяндауыштар арқылы айтылған хабардың бірден-бір арнаулы иелері болып тұрады. Бірақ олардың мұндай әрекеті тар көлемдегі тіркестер арқылы ғана айтылады. Сондықтан мұндай сөздер бастауыш болып көп жұмсалмайды.

Осылардай, зат есімдердің бастауыш болу қабілеті бірдей болмағанмен, олардың бастауыштық тұлғасы бәріне бірдей. Ол — атау септігі.

Атау септігіндегі зат есімдер *жекеше*, *көпше* және *тәуелді* тұлғада бастауыш болуына мысалдар:

Лиза Рахметке бұрылды (С. Ерубәев). *Кештетіп Қожаш үйіне келді* (С. Көбеев). *Сұр овчарка жан жуытар емес* (Ғ. Мұстафин). *Батырлық майданда сыналады*

(Мақал.) Жауынгерлер қатарланып тұрып қалды (Ғ. Мүсірепов). Сиырлар шұбал келеді (Ғ. Мұстафин). Қара қошқыл таулар ай астында көкшіл мұнарға оранып жым-жырт қалғып тұр. Абайлар Қарашоқыға түс ауа жетті (М. Әуезов).

Өздерінің лексикалық мағыналарында көптік ұғымы бар зат есімдер жекеше тұлғада бастауыш болып та көптік мағынада жұмсалуды мүмкін:

Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз вана тыным алды. Сиыр атаулы... шалшық суларға кіріп, көлбей-көлбей жатып алты (М. Әуезов).

Тәуелдік жалғаулы зат есімдер бастауыш қызметінде заттың кімге, неге тән екенін білдіреді де, ондай сөздің бастауыштық икемі арта түседі:

Шешем қатты сағынып жүрген сияқты (Ғ. Мүсірепов). Атым ертеулі тұр (Ғ. Мұстафин). Әкеңіз кім болған еді? (Ғ. Мүсірепов). Кімнің ісі көп болса, соның күші көп (Мақал).

Түйем шықты өріске,
Боталарым маймаңдап.
Қойым өрді қаптайлап,
Қозыларым салды ойнақ.

Кілемдей жерім түрленді,
Қызғалдағым гүлденді,
Кемпірқосақ құрсаулап,
Көгім де жаңа түрге енді
(Жамбыл).

Есімдіктердің ішінде бастауыш қызметінде көбірек жұмсалатындары — зат есімдердің орнын басатын есімдіктер. Олар — жіктеу, сілтеу, және кім? не? деген сұрау есімдіктері. Бұлардың ішінде әсіресе жіктеу есімдіктерін бастауыш қызметінде жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар олар сөйлемнің жақтық мағыналарын түрлендіруші сөздер болып табылады.

Жіктеу және өздік есімдіктерінің бастауыш болуына мысалдар:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын... (Абай). Біз барлаушылармыз (Ғ. Мұстафин). Сіз кейін қалған соң, мен алдыңызды оралта беремін (Б. Майлин). Біз сірә, атты мықтап шаршатып алатын шығармыз... (С. Мұқанов). Қалқам, Айша, сен шаруаңа бар, мен де демалайын

(С. Шәрипов). Ол — Өскенбайдың үлкен үйі Зере отырған ауыл (М. Әуезов). Өзі — жөн білетін, пысық жігіт (Ғ. Мұстафин). Бұған өзім кінәлымын (З. Шашкин). Өзіміз де кедейміз, ата мекен жерімізді ешкімге бере алмаймыз (Б. Майлин).

Сілтеу, сұрау және басқа есімдіктердің бастауыш болуына мысалдар:

Бұл — Байжанның талай келген үйі (С. Мұқанов). Мынау — қай ауыл? Әркім әр түрлі шаруамен қарбаласады (М. Әуезов). Ешкім дыбыс шығармады (С. Ерубәев).

Заттың с ы н д ы қ, с а н д ы қ, қ и м ы л д ы қ сапасын білдіретін сөздер де сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсала береді. Ол үшін сапалық есімдер субстантивтеніп (заттанып) айтылады.

§ 46. САПАЛЫҚ ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН БАСТАУЫШТАР

Заттың сындық сапасын білдіретін с ы н е с і м д е р, ойды ықшамды етіп сөзбен білдіру керек болғанда, зат есімдермен қатарласып тұрмай-ақ, дара күйінде бастауыш және толықтауыш та болуы мүмкін. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылып кетпей, олар әрі заттық, әрі сындық мағынада жұмсалады. Сонда сын есімдер әдетте қандай заттардың сындық сапасы болып жұмсалатын болса, сондай заттардың бастауыштық қызметін атқарып тұрады¹. Терең — көбінесе судың, теңіздің, көлдің, өзеннің сыны болатын сөз. Сондықтан оны бастауыш қызметінде *Терең батырады* (мақал) десек, алдымен “Терең су батырады” деп түсінеміз. Жүйрік — бұрыннан аттың сыны болып орныққан. Бұл күнде поезд, машина туралы да жүйрік деп айтуға болғанмен, *Жүйрік тоқтығын білдірмес* (мақал) дегенде, оны алдымен “жүйрік ат” деп ұғамыз.

Заттардың ондай сындық сапасы синтаксистік қызметте бір ғана конкретті заттың орнына жұмсалмай, жалпылық мағынада, біртектес көп заттың орнына жұмсалады. Тек сын есімдерден болған жер, су

¹ Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, көп тілге ортақ құбылыс болуы керек. Оның солай екенін А. А. Потебняның мына сөзінен де аңғаруға болады: “Я думаю, что во всяком языке, имеющем прилагательное эта часть речи может указывать на носителя призыва и в этом смысле обозначать его” (Из записок по русской грамматике, ч. I-II, 97-бет)

аттары мен басқа жалқы есімдер ғана даралық мағынада жұмсалады. Ондайда олар орнықты заттық мағынаға ие болып, зат есім қатарына (*Жуалы, Ақмойнақ, т. б.*) қосылады.

Соңғыларды қоспағанда, қазақ тіліндегі субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер көбінесе кісі туралы айтылған сөздер болады:

Кілең сұлулар бірыңғай отыр (С. Мұқанов). *Жақсы — ісімен жақсы. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар* (Абай).

Субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер, әсіресе, аз сөзбен көп мағына беруді керек ететін мақал-мәтелді сөйлемдерде жиі ұшырайды:

Сыпайы тоңбайды, қалтырайды. Жомарт жоқтығын білдірмес. Көп қорқытар, терең батырар. Батыр бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. Жоққа жүйрік жетпес. Ескіні есіңе алмай, жаңа жадыға түспейді. Үлкен бастар, кіші қостар (Мақалдар).

Сын есімдер тәуелдік, көптік жалғауларда тұрып та бастауыш қызметінде жұмсалады. Бірақ ол қағида сын есімнің бастауыш болуының бірден-бір шарты еместігі жоғарғы мысалдардан анық көрінеді.

Сын есім (есімшелер де) көптік, тәуелдік жалғауларсыз-ақ субстантивтеніп бастауыш болу үшін, олар бастауыштық әуенмен, дауыс ырғағы арқылы басқа сөздерден оқшауланып тұрулары керек.

Е с і м ш е де бастауыш болғанда, сын есімдей, қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. Есімшеден болатын бастауыштардың ерекшеліктері мынадай:

а) Баяндауышы етістік, зат есім, есімдіктерден болған сөйлемде есімше бастауыш қимыл иесі — кісі (сұрағы — *кі м? , н е қ ы л ғ а н?*) орнына жұмсалады:

Бәйгені озған алады. Көрмес — түйені де көрмес. Жығылған күреске тоймас. Еккен орап. Ерінбеген етікші болар (Мақалдар).

Келген — Жақып, көрген — ол; Турайтын — мен де, жейтін — сен. Екі аразды табыстыратын да, айыратын да, — арадағы кісі (Б. Майлин.)

ә) Баяндауышы сын есімнен болған сөйлемде есімше бастауыш басқа заттың мағынасында жұмсалады (сұрағы — *н е?, н е қ ы л ғ а н?, н е е т к е н?*):

Қарауытқан қыста қызара бөртіп жылқы баққан қызық та, қиын да (С. Бегалин) *Берген ұят емес, алған ұят.*

б) Көптік жалғаудағы есімшелер бастауыш болғанда, олар әр уақытта қимыл иесі — кісі — мағынасында жұмсалады:

Егін оратындар әрі кетті де, астық таситындар қырман басында қалды.

в) Тәуелдік жалғауларда тұрып бастауыш болған есімшелер әр уақытта зат есім мағынасында жұмсалады (сұрағы — не м?, не ң?, не сі? не қылған?, не еткен?):

Жазғаның маған ұнады. Айтқаным түсінікті ме? Оның келер-келмесі белгісіз.

Басқа айтарым жоқ.

Субстантивтеніп бастауыш болатын сөз табының бірі — с а н е с і м. Есептік сандар бастауыш қызметінде заттық мағынада, жас мағынасында жұмсалады:

25 үшке тең бөлінбейді. Оннан төртті алсаң, алты қалады. 25 маған тағы қайтып келді. Сәлемін алтын күннің айтып келді (Жамбыл).

Жинақтау, реттік сандар ол қызметте көбінесе кісі туралы айтылған есім болады:

Төр бөлмеден шыққан үшеу де ұзын столға ұзақ отырып, қалды. Үшеуміз етектеі белге қыстырып алып жүріп кеттік (Ә. Әбішев). Үшінші кім? Алтыншы алға түсті.

Жинақтау, есептік сан есімдер III жақтық тәуелдік жалғауда көбінесе бөлшектеу, кейде жинақтау мағынада бастауыш болады:

Үш көрпенің екеуі қонақ астында, үш жастықтың екеуі қонақ шынтағында. Ерлі байлы екі адам бірі оны, бірі мұны істеп, екеуі де қонақ жабдығында жүр (Ғ. Мұстафин). Механизм бөлшектерінің тоқсан тоғызы дұрыс, бірі теріс болса, сол бір тоқсан тоғызды бөгейді (Ғ. Мұстафин).

Жалпы алғанда, субстантивтенген бастауыштар мақалды-мәтелді сөйлемдерде көбірек кездеседі де, сөйлем арқылы айтылатын ойды ықшамды етуде үлкен қызмет атақарады.

§ 47. КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ ҮЙІРЛІ БАСТАУЫШТАР

Бастауыштар да жеке сөзді — д а р а (жалаң), көп сөзден құралған күрделі не үйірлі және басқа сөйлем мүшелері сияқты бірыңғай болады:

Жаз келер қысты күнгі қысым өтіп,
Қар, суық, аяз, боран — бәрі кетіп
(Шәкәрім).

Әлденеше сөз күрделі бастауыш болу үшін, олар өзара синтаксистік тығыз байланыста болулары керек те, сөйлемнің баяндауышы сол сөз тіркесіндегі сөздермен байланысқан болуы керек:

1. Самат екеуміз қырманға бардық. Ертең канал қазу жұмысы басталады (С. Мұқанов). 3. Бұл өзеннің басы өмірі малдан арылған емес.

Бұл мысалдарда күрделі бастауыштардың негізгі түрлері берілген.

1-мысалдағы сөйлемнің бастауышы — *Самат екеуміз* — екі сөзден құралған. Бөлек алғанда, ол сөздердің жеке-жеке лексикалық мағыналары болғанмен, олар — сол тіркесте сөйлемнің бір-ақ күрделі бастауыштары, оларды баяндауыштармен байланысына қарап та аңғаруға болады: тіркескен екі есім (бастауыш) I жақтық көптік мағынада болғандықтан, баяндауыш та сол грамматикалық мағынада, I жақтық тұлғада (*бардық*) айтылған.

2-сөйлемдегі *канал қазу жұмысы* деген сөздер — белгілі мағыналық, тұлғалық тұтастығы бар күрделі бастауыш мағыналық. Сондай тұтастық 3-сөйлемнің екі сөзден құралған бастауышында да бар: *өзеннің басы* деген күрделі бастауыш ілік септіктегі зат есім мен көмекші есімнің тіркесінен жасалған.

Жоғарыдағыдай күрделі бастауыш болатын сөз тіркестерінің құрылысы, негізінде былай болады:

1) **І л і к с е п т і к т і қ** жасырын түріндегі сөз бен үшінші жақтық **т ә у е л д і к ж а л ғ а у л ы** сөздер тіркесіп, күрделі бастауыш жасалады:

Милиция бастығы үйге кірді. Кедейлер тобы Есім айналасында. Жапон елі — жер жүзінде ең еңбекқор мемлекет. Колхоз маңы — толған халық. Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар (Мақал).

Қазақ тілінде ілік жалғаудың ашық түрі мен “жасырын” түрінің сөзге қосатын мағынасы, сондай-ақ, өзімен байланысып тұрған тәуелдік жалғауындағы сөздерге қатысы бірдей емес: ілік жалғауы жалғанбай “тасаланып” тұрған сөздің меншіктілік мағынасы күңгірттенеді де, сөз тіркесі тұтасып, бір күрделі мүше ретінде жұмсалады, сол себептен кейде солай тіркескен екі сөз бір заттың аты болып та айтылады (мысалы: *Арал теңізі, Үкімет үйі, Абай көшесі, т. б.*) Ілік септігіндегі есімдер тағы мынадай сөздермен тіркескенде, күрделі бастауыш болады:

а) Тәуелді көмекші есімдермен (қасы, жаны, алды, арты, маңы, іші, бойы, т. б.): Колхоз маңы ығы-жығы. Үйдің іші су сепкендей болды; Ауылдың жаны — терең сай, Тасыған өзен гүрілдеп (Абай).

ә) Тәуелдеулі өздік есімдікпен: менің, өзім, сенің өзің, оның өзі, олардың өздері; мұндай тіркестің ілік септіктегі есімдіктері атау күйінде де айтылады:

Мен өзім кінәлымын (З. Шашкин).— Сен өзің ұрысқақ бала екенсің! Сен өзің ектің бе, Оразжан?.. Дәмештің өзі де тап Ораздай құрыш құя алмайды (З. Шашкин).— Мен өзім соны сізден сұрайын деп тұр едім, — деді Рахмет (С. Ерубәев).

2) Бастауыш құрамында екеуміз, үшеуміз, дегеніміз, деген сөздері айтылып күрделі бастауыш жасалады:

Сен екеуміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? (С. Ерубәев). Дүйсен екеуміз жүріп келеміз. Топ дегеніміз — төрт теке мен Жұман (М. Әуезов). Идея дегеніміз — шығармадағы негізгі ой ("Оқу кітабы").

Негізгі және көмекші етістіктер (субстантивтенген), есімдер тобы күрделі бастауыш болады:

Менің айтып отырғаным — ақыл. Күле беру ұят болады.

3) Субстантивтенген күрделі сын есім, сан есімдер тобы күрделі бастауыш болады:

Ақ бесті қара қасқадан сытылып шықты. Жүйрік торы ойнақшып тұр екен. Бір жүз қырық алты үшке тең бөлінбейді.

4) Көп сөзден болған күрделі жалқы есімдер күрделі бастауыш болады:

Аудандық оқу бөлімі жұмысқа қызу кірісті. Сауда министрлігі ауыл мен селодан жүздеген магазиндер ашты. Біріккен Ұлттар Ұйымы — дүние жүзі елдерінің бас қосып кеңес құратын жері.

Кісі аты, фамилиясы, жолдас, азамат дегендей қосалқы айқындауыштармен тіркесіп, күрделі бастауыш болады:

Жамалбек Тұрғынбаев жолдас баяндама жаса. Жұматаев азамат үлгілі іске қол ұрып отыр.

Үйірлі бастауыштар да көп сөзден құралады. Оның күрделіден айырмашылығы мынау:

Егер күрделінің құрамы түйдекті тіркесті болса, үйірлі бастауыштардың құрамында бастауыш-баяндауыш ыңғайындағы сөздер тобы болады, мысалы:

Білегі жуан бірді жығар, білімі толық мыңды жығар (Мақал). Мен көрген бұл кісі емес. Баласы мерген қайсың? Баласы мерген — мен. Жасы құрдас — құрдас емес, заманы бір — құрдас (Мақал).

БАЯНДАУЫШ

§ 48. БАЯНДАУЫШТЫҢ ЖАСАЛУЫ

Сөздердің түбір күйінде баяндауыш болуы. Қай сөздің болса да сөйлемде баяндауыш қызметінде тұруы сол сөйлемдегі субъектілік, предикаттық қатынастан көрінеді. Сондықтан баяндауыштың қызметі басқа мүшелермен, әсіресе бастауышпен, қатар қойып айтқанда айқын болады: *қара, керек* сөздерін *сен малға қара, мысыққа ойын керек* дегендей тіркесте айтқанда болмаса, олардың баяндауыш екендігі белгілі болмайды. Рас, бірқатар сөздердің атау, түбір күйінде маңында басқа сөздер болмаса да баяндауыш қызметінде екені айқын болатыны бар. Көтеріңкі дауыспен *Шық! Мақұл! Дұрыс! Масқара!* дегенде, олар жеке тұрып-ақ баяндауыш қызметінде жұмсалуды мүмкін. Бірақ ондайда олар сөйлемдік әуенмен айтылуға тиісті не маңында басқа сөздер болуы керек.

Сондай дара тұрып, түбір күйінде көбірек баяндауыш болатын сөздер — етістіктер. Олардың түбір күйінде баяндауыш бола кетуінің себебі олардың II жақтық грамматикалық мағынаны да білдіруімен байланысты болуы керек. Сондай сөздердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды олардың айтылу жарадайымен де байланысты. Жападан жалғыз жайбарақаттанып отырған кісі қоныр дауыспен өзінен-өзі *шық, түс* десе, сырттан тыңдаған кісі не айтып отырғанын түсінбес еді, айтып отырғаны қай *шық, қай түс*. — етістік мағынасындағы *шық, түс* пе не зат есім мағынасындағы *шық, түс* пе? Ал бір кісі екіншісіне есік жаққа бас изеп *шық* десе, не атты кісіге қарап жерде тұрған кісі *түс* десе, онда жоғарғы сөздердің баяндауыштық мағынасы айқын болады. *Мен, рас* деген сөздер жеке айтылса, баяндауыш болмас еді. Ал *Мені шақырған кім?* дегенде: — *Мен десе, осы айтып отырғаның рас па?* дегенде: — *Рас десе*, олар толық мағыналы баяндауыш болар еді.

Сөйтіп, жоғарғыдай жеке сөздердің өз алдына баяндауыштық қызметте тұруы олардың басқа сөздермен мағыналық байланыста айтылуынан болып отыр.

Есім сөздер де түбір күйінде, ешқандай баяндауыштық жалғау жалғанбай-ақ баяндауыш бола береді. Бірақ ол үшін бастауыш пен баяндауыш қатар айтылу керек. Сонда олардың сол қызметте жұмсалуына себеп болатын жағдай олардың сөйлемде белгілі орында тұруы болады. *Жамал отызда. Ол тәртіпті. Сапар — доктор, т. б.*

Оның үстіне баяндауыш бастауыштан дауыс ырғағы арқылы бөлініп, онымен қарсыласа қабаттасып келеді. Ондай амалмен баяндауыш болған сөздің де бастауышпен байланысы әрі мағыналық, әрі грамматикалық болады. Оларды бастауышсыз айтуға болмайды, бұл — бір; екіншіден, бастауыш көптік мағынада, көптік жалғауында айтылғанмен, оның есім баяндауышы, П. М. Мелиоранский айтқандай емес¹, көптік жалғауында тұрса да, тұрмаса да бастауышпен грамматикалық байланыста бола береді: *Олар — оқушы. Олар — оқушылар.*

Етістіктің *кел, ал, бер, отыр* сияқты түбір күйі де сол қалпында, жіктік жалғауынсыз-ақ, сөйлемдер тұрған орнына қарай баяндауыш бола береді дедік. Бірақ олар ІІ жақтық мағынада айтылып қалыптасқандықтан, кейде бастауышсыз да жұмсалады, бастауышпен орын ауысып та айтылады: *Кел, балалар, оқылық* (Ы. Алтынсарин). *Тыңда, дала, Жамбылды* (Жамбыл).

Түбір етістіктердің ішінде жақтық мағынасы екі түрлі болып келетіндері: *тұр, отыр, жатыр, жүр*. Бұлар осы қалпында дара тұрып ІІ жақтық та, ІІІ жақтық та баяндауыш болуы мүмкін².

Бірақ бұл етістіктер ондайда екі түрлі жақтық мағынада, екі түрлі синтаксистік байланыста жұмсалады; олардың жақтық мағынасын сол өзгешеліктеріне қарап айтуға болады:

Сен орындыққа отыр (келер шак). Ол орындықта отыр (осы шак). Сен өз орнында тұр (келер шак). Ол орнында тұр (осы шак). Сен өз орнына жат (келер шак). Ол өз орнында жатыр (осы шак). Сен қалаға жүр (келер шак). Ол қалада жүр (осы шак).

Сөздердің грамматикалық тұлғалар арқылы баяндауыш болуы. Баяндау-

¹ П. М. Мелиоранский былай деген болатын: "Есімдерден болған баяндауыш еш уақытта көптік жалғауын қабылдамайды", "Краткая грамматика казак-киргизского языка", ч. II. Синтаксис. СПб, 1897, 2-бет.

² Тек *жатыр* етістігі ІІ жақтық жат болып айтылады. Ал оған баяндауыштық жалғауды қосып айту керек болғанда, бастапқы қалпын сақтайды; *Сен жатырсың*.

ыштардың морфология — синтаксистік тұлғасы — жіктік жалғаулары. Жіктік жалғаулар — әрі баяндауыштық тұлға, әрі бастауыш пен баяндауышты өзара байланыстыратын синтаксистік тұлға. Олар тек етістікке ғана емес, баяндауыш қызметіндегі I, II жақтық есімдерге де жалғанады. Егер жіктік жалғаулар етістіктердің отыр, тұр, жүр, жатыр деген төрт етістіктен басқаларының түбіріне тікелей жалғанбай, көсемше, тұйық рай қосымшаларынан кейін ғана жалғанатын болса, есімдердің негізгі, туынды түбірлеріне де, тіпті, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздерге де жалғана береді: *Мен қырықтамын; Біз бәріміз колхозданбыз.*

Бұдан жіктік жалғаудың сөздерге жалғану мүмкіншілігі үлкен, синтаксистік қызметі әрі орнықты екенін әрі бастауыштың тұлғасын бастауыштан көруге мүмкіндік беретін грамматикалық форма екенін аңғарамыз.

Түркі тілдерінің бірқатарларында (мысалы: өзбек, құмық, т. б.) есімдерден болған баяндауыштарға кейде *дүр, дир, дыр, тұр* тұлғасы жалғанады. Қазақтың қазіргі әдеби тілінде ол баяндауыштық тұлға жұмсалмайды десе де болады. Оны фольклордан, өткен ғасырлардағы әдебиеттен ғана кездестіруге болады.

*Жақсылыққа жамандық —
Әр кісінің ісі дүр.
Жамандыққа жақсылық
Ер кісінің ісі дүр
(Мақал).*

Баяндауыш қызметі жіктік жалғаулардай болмағанмен, көбінесе баяндауыш болған сөзге жалғанатын қосымшаның бірі — дікі, — нікі (ның-кі). Ол тұлғадағы есімдердің қазақ тіліндегі предикаттық мағынасы басқа түркі тілдеріндегідей деуге болады.

Ол қосымша жалғанған баяндауыштар, жоғарыда айтылғандай, басқа затқа меншіктелмейді, басқа затты өзіне тәуелді етіп, өзі меншік иесі болады. Мысалы:

Киіз кімдікі болса, білек соныкі (Мақал).

Айтқаныңыз келсе, Кертөбел сіздікі.

— *Осынау үй кімдікі? — Кәрібайдікі. Әне біреу үй Құтжан дегендікі (Ғ. Мұстафин).*

— *Нікі, — дікі қосымшасы жалғанған сөздердің баяндауыш болу амалы да оның сөйлемдегі орнымен байланысты. Солай болатындықтан ондай тұлғадағы*

баяндауыштар бастауыштардан соң тұрады, бастауышсыз айтылмайды. Өйткені ондай баяндауыштардың меншіктеп тұратын заттары сол сөйлемдердегі бастауыштар болады.

Сенің ұлың менікі,
Бақытты біздің жердікі,
Ер өмірі күнде той,
Ойқай, қызық заман ғой!
(Жамбыл).

Баяндауыштардың негізгі түрлері. Сөз табының бәрі де баяндауыш бола алады. Дегенмен көбінесе баяндауыштық қызметте жұмсалатын сөздерді жіктегенде, олар мынадай басты-басты негізгі екі салаға бөлінеді:

1. Етістік баяндауыштар; 2. Есім баяндауыштар. Етістік баяндауыштар да, есім баяндауыштар да дара күрделі және ол екі түрі аралас айтылған құрама болуы мүмкін.

ЕТІСТІК БАЯНДАУЫШТАР

§ 49. ЕТІСТІКТЕРДЕН БОЛҒАН ДАРА БАЯНДАУЫШТАР

Етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметі — баяндауыш болу. Олардың баяндауыш болу қабілеті өте күшті. Сондықтан қазақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені — етістікті баяндауыштар. *Айттым, болды. Кестім, үзілді!.. Тараңдар!.. Жүр* (Ғ. Мүсірепов) дегендегідей олар дара күйінде-ақ баяндауыштық қызметте бір құрамды тиянақты сөйлем болып та келеді немесе *Теңге мені сал, биікке мені жұмса* (Ғ. Мүсірепов) дегендегідей, өзіне басқа сөйлем мүшелерін ілестіре көп құрамды сөйлемнің жетекшісі болып та кездесе береді. Бұл жағынан етістік баяндауыштарға қарағанда тиянақты предикат қана емес, сөйлемдегі басқа мүшелердің дiңгектi орталығы да болып, субъектiнiң қимылын, күйiн, iс процесiн бiлдiредi.

Етістіктердің сөйлемдегі басқа қызметінен гөрі баяндауыш қызметінде жұмсалыуынан олардың өздеріне тән мағыналық, грамматикалық ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы, салт, сабақты етістіктердің баяндау-

ыш болу амалы бірдей, бірақ олар қатысқан сөйлемнің құрамы бірдей емес. Мысалы:

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты, жылы жүзбен Терекке амандасты (Абай). Амантайдың жүрегі аттай тулады... Ол түтіннің исі жерге жоламайды (С. Мұқанов).

Осы мысалдардағыдай, салт етістік баяндауыш болған сөйлемде тура толықтауыш болмайды (мысалы: ... амандасты, ... тулады), ал сабақты етістікті онымен байланысты тура толықтауыш болуға тиіс (мысалы: көзін ашты).

Етістіктің сабақты және салт болуы сияқты, болымды және болымсыз болуы да етістік атаулыға ортақ болғандықтан, оның баяндауыш қызметінде жұмсалуында да ерекшелігі жоқ. Дегенмен солар арқылы б о л ы м д ы, б о л ы м с ы з сөйлемдер жасалатындықтан, олардың баяндауыш болуын ерекше атау керек болады. Оның үстіне *айтпаймын, жазбаймын* деген сияқты, ашық райлы болымсыз етістікті баяндауыштың кейде *айтпан, жазбан* болып айтылуында стильдік айырмашылық болады. Мысалы, бір істі істеуден үзілді-кесілді бас тартқанда, айтылған хабарға өктемдік сипат беру керек болғанда, соңғы формалар қолданылады. Бұл көбінесе ауыз әдебиетінде жиі ұшырасады:

Тәуекелге келгенде, алдымда тау тұрса да, тайынбан (Ғ. Мұстафин). Өлеңім — оқ, ол алдымда. Мен де жаудан шегінбен (Жамбыл).

*Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар-намысымды қашырман
Бұлтқа жетпей шарт сынбан,
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман
(Махамбет).*

Етістіктер райлық, шақтық тұлғаларының барлығында да баяндауыш бола береді.

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Абай). Бізді ешкім таныстырмады, өзіміз танысайық (Ғ. Мұстафин). Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық (Ы. Алтынсарин).

Етістіктер етіс тұлғаларында да баяндауыш қызметінде жұмсалады:

Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды (Ы. Алтынсарин). Қаптады қол, салынды жол, бұзылды

тау, кесілді шөл. (А. Тоқмағамбетов). Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып (Абай).

Көсемше тұлғалы етістіктер дара күйінде құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары болып келе береді. (*Жаңбыр жауып, жер көгерді*), бірақ кейбір өлеңде болмаса, жай сөйлемнің тиянақты баяндауышы бола алмайды.

Есімшелердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды басқа есімдердей: I, II жақта баяндауыштық жіктік жалғауда айтылып, етістікпен қиысып тұрады, III жақта жіктік жалғау жалғанбайды.

§ 50. ЕТІСТІКТЕРДЕН БОЛҒАН КҮРДЕЛІ БАЯНДАУЫШТАР

Күрделі етістікті баяндауыштың құрамы. Қазақ тілінде де әлденеше етістіктер түйдекті топ құрып, баяндауыш қызметінде жиі кездесетіні белгілі. Олардың көп құрамды болудағы баяндауыштық негізгі қызметі — қимыл процесінің құбылмалы нәзік реңктерін білдіру. Әлденеше етістік бір күрделі баяндауыш болғанда, оның біреуі ең негізгі болады да, қалғандары оған не біріне-бірі көмекші болады.

Қазақ тілінде көмекші етістіктер көп, олар аса жиі қолданылады: арнаулы көмекші етістіктерден басқа негізгі етістіктердің де бірталайы көмекші болып жұмсала береді. Олардың өзара көсемше, есімше тұлғалар арқылы байланысқан түйдекті тобының құрамы екі я үш, кейде төрт я бес етістікті болып та келеді.

Кітап оқып кетіп бара жатыр едім, сүрініп кетіп, жығылып қала жаздадым деген бір құрмалас сөйлемнің ішіндегі он бір сөздің *кітап* дегеннен басқалары — түгелімен етістіктер. Олардың алдыңғы сөйлемдегі *оқып кетіп бара жатыр едім* деген бесеуі біріне бірі ұласқан бір істің жайын хабарлайтын бір мүше (баяндауыш) болып тұр. Екінші сөйлемде бес етістік бар. Оның алдыңғы екеуі (*сүрініп кетіп*) пысықтауыш қызметінде де, соңғылары (*жығылып қала жаздадым*) баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр. Соңғы үш етістік аяқталмаған қимыл процесін білдіреді. Өйткені, оны *жығылып қалдым, жығылдым* дегендермен салыстырғанда, бұл мағына анық көрінеді: *жығылдым* — болған оқиғаны сол қалпында өткен факт ретінде ғана

білдірсе, *жығылып қалдым* — қимылдық күйдің бұлай болуы тыңғылықты екенін, оның субъектінің еркінен тыс болған факт екенін білдіреді. Осыдан негізгі баяндауыштық мағына бірінші етістік *жығылып* екенін, қала етістігі оған көмекші екенін аңғаруға болады. Сол сияқты, *аяғым тайып кете берді* дегенде, *тайып* — негізгі, *кете* — оған көмекші ал екеуін қосып, *тайып кетті* десек, қимылдың аяқталғаны білінеді, ал *тайып кете берді* дегенде, олардың бұрынғы мағынасы құбылып, қимылдың бірнеше рет қайталақтағаны білінеді.

Сөйтіп, қимыл процесінің құбылмалы болуы — көмекші етістіктерге байланысты. Көмекші етістіктер тиянақсыз тұлғадағы негізгі етістіктермен тіркесіп, оның мағынасын я толықтырып, я тиянақтандырып тұрады. Ондай синтаксистік тіркесте баяндауыштық тұлғалар көбінесе ең соңғы көмекші етістіктерге жалғанады, көсемше, кейде есімше тұлғалы негізгі етістіктер сол көмекші етістіктер арқылы тиянақты қалыпқа түседі. Олай болу түркі тілдерінің бәріне тән¹.

Күрделі баяндауыш құрамындағы етістіктердің қызметі. Көмекші етістіктер жоғарғыдай синтаксистік тіркеске түсіп, баяндауыштың шақтық, тұрпаттық (видтік), модальдық, т. б. мағынасын түрлендіріп, кейде бір қалыптан екінші қалыпқа түседі. Ондайда кез келген етістік қатар қойылып, оның алдыңғысы негізгі, соңғысы көмекші қызметте жұмсала берілмейді, олардың біріне-бірі үйлес келетін, бірін-бірі толықтыратын, кейде біріне екіншісінің мағынасына қарсы келетін етістіктерден құралып, синтаксистік бірлік жасалады. Проф. В. Насилов *су ағып тұр* деген сияқты тіркестегі етістіктерге талдау жасай келіп, *ағып* етістігінің динамиканы білдіретінін, *тұр* етістігінің статиканы білдіретінін, сөйтіп ол екеуі тұтасып үздіксіз болып жатқан қимыл әрекетін білдіретінін көрсетеді².

Басқа түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де күрделі етістіктердің құрамы алуан-алуан болады: кейде жоғарғындай бірі динамикалық мағынадағы етістіктер немесе екеуі де статикалық не динамикалық

¹ В. Насилов "Роль сказуемого в уйгурском предложении" (Труды института востоковедения), № 1 жынақ, 1939, 186-бет.

² Бұл да жоғарыда аталған мақалада.

мағынадағы етістіктер болады; кейде одан да басқа қимылды, күйді білдіретін етістіктер тіркесіп, күрделі баяндауыш болады. Соған лайық, олардың екінші компоненттерінің негізгі етістіктерге қосатын мағыналары да әр түрлі болады. Оны аңғарту үшін бір тұлғадағы негізгі етістіктерге түрлі-түрлі көмекші етістіктерді тіркестіріп, салыстырып байқайық:

бере баста, бере түс, бере сал;

тұра тұр, тұра бер, тұра қал;

шыға тұр, шыға баста (ды), шыға қойма (ды), шыға келді;

кіріп келді, кіріп алды, кіріп жатыр, кіріп болды, кіріп қойды;

жазып бер, жазып ал, жазып таста (ды), жызып көр.

Негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер түйдекті топ құрып күрделі баяндауыш болғанда, субъектінің қимыл процесінің әр түрлі құбылыстарын, мысалы: істін, қимылдың біткенін, бітпегенін, олардың қарқынын, тыңғылықтығын, тыңғылықсыздығын, бастау, аяқталу-кезеңдерін білдіреді. Мысалы, *Оқушылар клубқа кіріп жатыр* дегенде, баяндауыш жаңа ғана басталған қимыл процесінің ұласпалы қалпын білдіреді. *Ол жүгіріп келеді* дегенде, баяндауыш бастауыштың аяқталмаған әрекетін білдіреді. Ондайдың әлі де көпке созылғандығын білдіру үшін қазақ тілінде баяндауыш қайталанып та айтылады:

Жапан далада жан жағына алақтап жалғыз әйел жортып барады, жортып барады. Кең далада жалғыз адам жүзіп келеді, жүзіп келеді. Өзгеше бір күй кең даланы күңірене шайқай береді, шайқай береді (Ғ. Мұстафин) Зытып келеді екем, зытып келеді екем. Қуғыншы қуып келеді екен, қуып келеді екен. Нанды жалмаған тарақандардай-ақ жалмай береді, жалмай береді (М. Горький).

Баяндауыштардың осылайша қайталақтанып айтылуы арқылы да қимылдың созылыққылығын білдіруі — күрделі етістік баяндауыштардың жұмсалудағы стильдік ерекшеліктің бірі. Бұлай айтудың тағы бір қызметі бар. Ол — баяндауыш арқылы айтылған ойды бекемдей, нығыздай түсу;

Ол қыз — Ботакөз десе — бота көз (С. Мұқанов). Ешкімнің ақылының керегі жоқ. Барамын деген соң —

барамын (Б. Майлин) Барса барсын! Барсаң бар!— деді Павел (М. Горький).

Дәл осы сияқты болғанмен, істің, қимылдың созылықы не дем арасында орындалғанын білдіру үшін, кейде негізгі етістіктер тиянақты тұлғада айтылып, одан кейін тұратын көмекші етістіктерден бұрын да/де демеулігі айтылады: *Ол сөйлейді де отырады. Сен күні бойы үйде отырасың да қоясың; үйге кірдім де шықтым; жұдырықпен қойды да жіберді. Тұнжыраған қарақаттай екі көзі жаутаңдап мөлдірейді де тұрады. Әп-сәте Амантай тобы солдаттарға араласты да кетті* (С. Мұқанов). *Тоғжан ... маған деген өкпе-назын айта жөнелетін сияктанады да тұрады* (М. Әуезов).

Негізгі етістіктерді қос сөз ретінде қосарлап айту арқылы да қимылға созыңқылық өң беріледі:

Екеуі бізді көріп қалды да, атып-атып жіберді (Ә. Әбішев). *Майбасар Байсүгірді қамшымен тартып-тартып жіберді. Есігі дамыл таппай ашылып-жабылып жатыр екен* (М. Әуезов).

§ 51. КҮРДЕЛІ БАЯНДАУЫШТАРДЫҢ ҚИМЫЛ КЕЗЕҢДЕРІН БІЛДІРУІ

Қазақ тілінде, орыс тіліндегідей, сараланған видтік категория жоқ. Бірақ күрделі етістіктерді болған баяндауыштар әр түрлі құрамда айтылып, әр түрлі қимыл кезеңдерін білдіреді. Олардың бастылары мыналар:

1. Қ и м ы л д ы ң б а с т а л у к е з е ң і. *Отыр, қал, жатыр, кел, баста, жөнел, т. б.* көмекші етістіктер қатысты күрделі баяндауыштар қимылдың не күйдің басталып қалғанын, басталғанын білдіреді:

Таң бозарып атып келеді. Коля кеткелі жатыр (Ғ. Мүсірепов). *Зылиха шай құя бастады. Жақыл сөйлей жөнелді* (Ғ. Мұстафин).

2. Қ и м ы л д ы ң б о л ы п ж а т қ а н к е з е ң і. Мұндай мағынада жұмсалатын баяндауыштың құрамында *тұр, кел, бер, жүр, қой, тұс, т. б.* көмекші етістіктері болады:

Жарқыраған май күні... тамылжып тұр (М. Әуезов). *Қалует Баршагүлге күле сөйлеп келеді* (Ғ. Сланов). *Жомарт тағы бірдеме үйретіп жүр. Ахмет оның жүзіне қарап қояды да сөйлей береді* (Ғ. Мұстафин).

3. Қ и м ы л д ы ң а я қ т а л ы п қ а л ғ а н к е з е ң і. Мұндай мағынаны білдіретін күрделі баяндауыш-

тың құрамында қал, кел, кете, жазда сияқты көмекші етістіктер болады.

Жұмыс аяқталып қалды. Жиналыс бітіп келеді. Күңше Жабайды соғып кете жаздады (Ғ. Мүсірепов).

Қимылдың аяқталған кезеңі. Күрделі баяндауыштар бұл мағынаны білдіру үшін олардың құрамында *жібер, кет, бер, бол, қой, таста* сияқты көмекші етістіктер болады:

Хатты кеше баласынан беріп жіберді. Жолаушылар жүріп кетті, Әмірге кітап алып бердім. Ол айтып болды. Бригада жұмысын бітіріп қойды. Мақаланы кеше-ақ жазып тастадым.

5 Қимылдың дүркінділігі. *Қой, бер, жатыр, отыр, түс, бар* сияқты көмекшілер қатысты күрделі баяндауыштар қимылдың қайталақтанғанын, істің дүркін-дүркін істелгенін білдіреді:

Абай күрсініп қояды (М. Әуезов). Жақсылық күлімдей түсті (Ғ. Сланов). Жылқы етінің иісі мұрныңды жарып барады (Ғ. Мұстафин). Қонақтар бірінен соң бірі келіп жатты.

Қимылдың түрлі кезеңдерін білдіруге көмекші етістіктердің қатысын жоғарғы мысалдардан байқауға болады. Әрине, жоғарыда айтылғандай бір көмекші әр уақытта сол аталған қимыл кезеңін білдіріп қоймайды, олар қатысты негізгі етістіктердің қай сөз, қандай тұлғада болуына қарай олардың да мағыналық қатысы өзгеше болуы мүмкін, мысалы: *келіп қалды (1), алып қалды (4), түсініп қалды (3), оқып жүр (2), айта жүр (5).*

Осындай мысалдарға қарағанда, күрделі етістіктерден болған баяндауыштардың түрлі-түрлі кезеңді білдіруі, әрине, олардың түрлі құрамда кездесуімен байланысты. Солай екен деп кез келген көсемше мен кез келген көмекші етістіктерді тіркестіріп, түрлі мағынада айта беруге болмайды. Кейбір көмекші етістіктер бір ғана қимылдың тек басталып, аяқталмаған кезеңін білдіруге қатысады:

Олжабек шалқасынан түсе жаздады (Ғ. Мұстафин). Ол... шешіне бастады (Ә. Әбішев).

Етістіктер тобының қимыл процесінің әр түрлі дәрежеде екенін білдіруі оның мағынасын түрлендіруімен де байланысты: *барған, көретін, сұрап... шақырыл...* сияқты формалар бөлек тұрғанда, өткен шақтық мағынада. Олардың қасына әр түрлі көмекші етістіктерді қойып айтсақ, олардың шақтық мағыналары да түрленеді:

барған — өткен шақ; *барған болатын* — бұрын өткен шақ; *көретін* — дардылы өткен шақ; *көретін екен* — арманды келер шақ; *көретін болдым* — тыңғылықты келер шақ; *сұрап отыр* — осы шақ, *сұрап көр* — келер шақ, *сұрап алдым* — өткен шақ, *сұрап алып отыр* — бұрын өткен шақ, т. б.

Күрделі баяндауыштың құрамында айтылатын бірқатар көмекші етістіктер негізінде модальдық мағына үстейді. Ондай көмекшілер мыналар: *болар, шығар, көрінеді, білем: айтқан болар, айтқан шығар, айтқан көрінеді, айтқан білем, жіберетін болар, жіберетін шығар, жіберетін көрінеді, жібереді білем.*

Сөйтіп, етістіктерден болған күрделі баяндауыштар негізгі және көмекші етістіктерден құралады, олар қимылдың әр түрлі кезеңін, шағын, модальдылығын білдіріп, сөйлемнің предикаттық мазмұнын түрлендіріп отырады.

ЕСІМ БАЯНДАУЫШТАР

§ 52. ЕСІМ БАЯНДАУЫШТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Есім баяндауышты сөйлемдер Еуропа тілдерінде көмекші етістік (связка) арқылы жасалады. Мысалы, *Бұл кітап* дегенді неміс тілінде *Das ist ein Buch* *gen ist* дәнекерін қосып айтады. Орыс тілінде де ондай есімді сөйлемдер көбінесе *есть* связкасы арқылы айтылады. Сол тілдердің грамматикаларының *есть* связкасы арқылы айтылады. Сол тілдердің грамматикаларының ізімен еңбек жазған түркологтардың бірқатары “баяндауыш” деген ұғымды “етістік” деген ұғыммен байланыста қарайды да, жалаң есімдердің баяндауыш болуын онша ескермейді.

Қазақ тілінде есім сөздердің (*зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктердің*) қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді, бұл үшін олардың қасында көмекші етістіктің тұруы шарт емес. Сонымен қатар есімді сөйлемдердің қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Оларды басқа тілдердің, мысалы, орыс тілінің фактілерімен салыстырғанда, дұрыс түсінуге болады.

Мен студентпін — *Я есть студент.* Бұл сөйлемдердің сыртқы тұлғалық белгілеріне қарасақ та,

сөйлемге бас мүшелердің өзара байланысу амалдарына қарасақ та, елеулі айырмашылығы барлығы байқалады. Егер *Мен студентпін* дегенді *Я — студент* деп аударсақ, ондағы айырмашылық баяндауышқа қазақшада жіктік жалғаудың жалғануында ғана емес, сол арқылы баяндауыштың баяндауыштық мүшелік дербестігі сақталып, сөйлемдік құрылысының берік болуында. Сондықтан қазақша *Ол — оқушы* дегендегі баяндауышты бастауышсыз айтуға болмайтындай, *Я — ученик* дегенді де бастауышсыз айтуға болмайды, ал *оқушымын, студентпін* деп сөйлемді бір құрамды етіп айта бере аламыз. Сонда сөйлем құрылыс жағынан ықшамдылық қасиетке ие болады. Бұл — қазақ тілінің артықшылығы емес, өзгешелігі.

Осы мысалдағыдай, “Наверняка буду учеником” деген ұғымды “Оқушы болатын болдым” деп айтқанымыз мұнымен бір емес. Соңғыдағы негізгі предикаттық мағынаны білдіретін сөз — *оқушы*, одан кейін тұрған көмекші етістіктер предикаттық ұғымға келер шақтық мағына қосудың аналитикалық амалы ретінде жұмсалған. Оны “Оқушы болдым” дегенмен салыстырсақ, екеуінің арасында елеулі шақтық айырмашылық барлығы байқалады.

Ал есім баяндауыштардан кейін тұратын көмекші етістіктер баяндауышқа ондай тек шақтық мағына қосып қана қоймайды, сөйлемнің тұлғасын түрлендіретін де қызметте жұмсалады.

Сондықтан *Мен оқушымын, Сен оқушысың, Ол — оқушы* дегендерді таза есімді сөйлем деп қарасақ, *Мен оқушы едім, Мен оқушы болатын болдым. Сен оқушы болатын болдың* дегендерді есімді және етістікті сөйлемдердің екі арасынан орын алатын, бірақ есімді сөйлем болу қасиеті басым, жай сөйлемнің ерекше бір есім-етістікті құрама баяндауышты түрі деп қараймыз.

Мен де осы мектептің оқушысымын деген сөйлемді де есімді деп танып жүрміз. Бірақ оның жоғарғы сөйлемдерге қарағанда тұлғалық та, мағыналық та ерекшелігі бар. Оны орысшаласақ, *Я тоже ученик этой школы* дер едік. Соңғыда баяндауыш — *ученик*. Қазақшада баяндауыш — *мектептің оқушысымын*. Бұл екі сөз — басқа жағдайда бір-бірінен айыруға болатын, бірінсіз-бірі айтыла беретін изафеттік құрылыстағы сөздер. Бірақ бұл арада олар предикаттық бір тізбек болып, бірі екіншісіне меншіктеліп баяндауыш қыз-

метінде айтылған. Мұндай есімдер тіркесінен болған баяндауыштарды күрделі есім баяндауыштар дейміз.

Қазақ тілінде зат есімді, сол сияқты басқа есімдерді, түбір күйінде баяндауыш қызметінде қолдану үшін, бастауыш пен баяндауыш белгілі орындарда тұрады: баяндауыш бастауыштан кейін тұруы керек: *Ол — студент, Рабига — инженер, Абай — ақын*, т. б. Бірақ ондайда қатар айтылған тұрлаулы мүшелерді өзара байланыстырып, олардың мүшелік қызметін айқындауға себеп болатын — дауыс ырғағы.

Бұл айтылғандар — есімдердің ІІІ жақта тұрып баяндауыш болуының шарттары. Ал І, ІІ жақта (баяндауыштық) жалғаулар жалғанады. Ондайда есімдерден болған баяндауыштарға тиісті жіктік есімдерді баяндауыш етуге дауыс ырғағының көмекшілік қатысы болмайды және бастауыш пен баяндауыштың әр уақытта қатар тұруы да шарт емес.

Е с к е р т у: Кейбір өлеңді сөйлемдерде жіктік жалғаулар түсіріліп те айтылады: *Сен — темір де, мен — көмір, Сен — арыстан, мен — қабылан. Алысқалы келгенмін* (Қ. Қазыбек).

Есім баяндауыштар да д а р а, к ү р д е л і болады.

§ 53. ЗАТ ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН БАЯНДАУЫШТАР

Зат есімдер түрлі тұлғада, тіпті кейбір септік жалғауларында тұрып та, баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Ондай зат есімдерден болған баяндауыштар бастауыштың, негізінде, **з а т т ы қ с а п а с ы н — к і м, н е е к е н і н** — білдіреді:

Түнергенде — түнмін, *күлгенде* — күнмін. *Сөзім* — шекер, *тілім* — бал, *лебізімнен алған нәр* (Ғ. Мұстафин). *Ағаш көркі* — жапырақ, *адам көркі* — шүберек (Мақал). *Адамның ішкі сезімінің айнасы* — көз (С. Мұқанов). *Мектебім* — алтын бесігім (С. Адамбеков). *Қартайған кезде өмірді жылататын от* — бала (М. Жұмабаев). *Көшіп келе жатқан* — Абай аулы мен көрші ауылдар (М. Әуезов). *Ән шырқаған* — ...жылқышы қыз (М. Иманжанов).

Бұл мысалдардан мынаны байқауға болады: *түнмін, күнмін* — жіктік жалғаулары арқылы зат есімдерден болған баяндауыштар. Ал жіктік жалғаусыз ІІІ жақта баяндауыш болған зат есімдер (*шекер, бал, жапырақ, шүберек, көз, алтын бесігім, бала, Абай аулы мен көрші ауылдар, жылқышы қыз*) сөйлемде тұрған орнына қарай, ерекше әуенмен айтылу арқылы сол қызметте

жұмсалған. Олардың көбінің мағыналары бастауыштармен теңдес келеді. Сондықтан бұл екі мүшені көп жерде еркін орын ауыстырып айта беруге болады. Бірақ сонымен қатар олардың синтаксистік қызметі де ауысады: бастауыш — баяндауыш, бұрынғы баяндауыш — бастауыш болады:

Адамның ішкі сезімінің айнасы — көз. Көз — адамның ішкі сезімінің айнасы; Москва — астанам. Астанам — Москва; Ағаш көркі — жапырақ. Жапырақ — ағаш көркі.

Бұлардың мағыналары да бірдей емес: зат есімдерді бастауыш етіп айтудан гөрі баяндауыш етіп саралап айтудың мағыналық әсері ерекше болады. Сондықтан ондай есімді сөйлемдер әдебиеттерде ойды ықшамды түрде дәл айтудың ерекше стильдік тәсілі ретінде жұмсалады. Сонымен қатар көркем әдебиетте жоғарғыдай есім баяндауыштар метафоралық теңеу қызметін атқарады. Ондайда сөйлемнің бастауышы көбінесе тәуелдік жалғауларының бірінде жұмсалады; *Сөзім — шекер, тілім — бал* (Ғ. Мұстафин). *Өлеңім — балға, ән — қашау...* (Жамбыл). *Қағазым — жолдасым, қаламым — сырласым* (Шәкәрім).

Зат есімдер көлемдік септіктерде, әсіресе жатыс, шығыс жалғауларында баяндауыш қызметінде айтылады;

Вагонда ояу тірі жан жоқ, бәрі де шырт ұйқыда. Оның ұғымында дүниедегі ең зор байлық суда (С. Мұқанов). *Қой баласы қозыдан* (Мақал). *Бұл ауыл қазір Ойқұдықта* (М. Әуезов).

Жатыс жалғауда тұрған баяндауыш шығыс, барыс жалғаулардағыдан гөрі жиі ұшырайды. Сонда жатыс жалғаудағы баяндауыш қай сөзден болғанына қарай бастауыштың мекенін, орнын қалыпты күйін, қимылдың дүркінділігін білдіреді.

Тәуелдік жалғаулы зат есімдер басқа жағдайда өзі ілік септікті заттың меншігі болып тұратын болса, баяндауыш қызметінде ол екеуі не тәуелдеулі сөздің бір өзі баяндауышты өзіне меншіктеп тұрады. (Мысалы: *Алматы — астанам. Райхан — қарындасым*). Ал бастауыш та, баяндауыш та тәуелдеулі сөздер болса, ол екеуінің бұл айтылғандай мағыналық қатынасы болмайды.

Менің үлкен ағам — университеттің студенті. Сенің бақытты болғаның — менің бақытты болғаным дегендерде, бастауыш пен күрделі баяндауыштар арасында біршама мағыналық теңдестік бар. Осылар тәрізді, *Бұл күнге дейінгі қоғам тарихы — тап тарты-*

сының тарихы деген сөйлемдердің баяндауыштары белгілі құбылысты атайды, ал баяндауыштары сол құбылыстың маңызын баяндайды. Есім баяндауыштардың бастауыштары есімдіктер, есімшелер жинақтау сан есімдер болғанда, ол мүшелердің өзара қарым-қатынасы басқаша да бола береді:

Бұл — Байжанның талай келген үйі (С. Мұқанов). Тебіндегі жылқыны бұл — менің бірінші рет көруім (С. Мұқанов). Ән шырқазан... жылқышы қыз (М. Иманжанов). Әлібек келгенде, табыншының үйінде екі адам бар еді. Бірі — кемпір, бірі — Ардақ (Ғ. Мұстафин).

§ 54. САПАЛЫҚ ЕСІМДЕР МЕН ЕСІМДІКТЕРДЕН БОЛҒАН БАЯНДАУЫШТАР

Сапалық есімдер мен есімдіктердің бәрі де баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Бірақ олардың баяндауыш болу дәрежесі де, баяндауыштық қызметі де бірдей емес.

Сапалық есімдер (сын есім, сан есімдер) әдетте зат есімдердің әр алуан сындық, сандық сапасын білдіріп, көбінше анықтауыш болумен қатар, баяндауыштық та қызметте көп айтылады. Олар анықтауыш болғанда, анықтайтын зат есімнің алдында келсе, баяндауыш болғанда, бастауыштан соң тұрады, оның қандай, қанша екенін, қандай күйде екенін білдіреді. Ай жарық; Қар қалың; Ауа райы жақсы; Оқушылар тәртіпті. Білгенің — бір тоғыз, білмегенің — тоқсан тоғыз.


Сапалық есім баяндауыштар бастауыштардан оқшауланып, айырым интонациямен айтылады. Ондайда бастауыштардың айтылу әуені көтеріңкі болады да, баяндауыштардың айтылу әуені одан төмен болады:



Жер құрғақ



Ай жарық



Мал семіз

Сапалық есімдерден болған баяндауыштар I, II жақтық жіктік жалғауларда айтылғанда, олар бастауыштан онша оқшауланбайды, мұндайда екі бас мүше бір сыдырғы әуенмен айтылады:

Біз бақыттымыз. Сен әдептісің. Сіз еріншексіз. Біз он алтымыз. Біз жиырма төртпіз (Ғ. Мүсірепов). Мен елу екідемін (Ғ. Мұстафин).

Сапалық есімдер тәуелдеулі зат есімнен бастауышы бар сөйлемдердің баяндауышы болып жиі кездеседі:

Кіре берістегі әскери адамның өңі суық, сөзі қысқа (Ғ. Мұстафин). *Оның бойы зор, бас бітімі ірі келген, келбетті* (М. Әуезов). *(Ғазизулланың) негі сүйір, мойны бықырайған қысқа, жауырыны қушық, ... денесі де, беті де құп-қу* (С. Мұқанов).

Есімдіктер қай сөз табына қатысты сөздердің орнына жүрсе, сол сөзге тән синтаксистік қызмет атқарады. Солай болатындықтан, есімдіктердің бәрі де баяндауыш бола алады. Дегенмен бұл қызметте жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері жиі кездеседі:

— *Бұл кім өзі?* (Ғ. Мұстафин). — *Ол сенсің ғой, Абай! Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі — осы* (М. Әуезов). *Мені қысатын жағдайдың бірі де сол* (Ғ. Мүсірепов). ...*Теңіздері қандай!*

Жіктік жалғауларымен тұлғаланып баяндауыш болатын жіктеу есімдіктерінің бір ерекшелігі мынада: егер басқа баяндауыштар бастауыштың жақтық мағынасына үйлесімді тұлғанатын болса, жіктеу есімдіктерден болған баяндауыштар өздерінің жақтық мағынасына үйлесімді болып тұлғаланады; *Айтқан менмін. Бригадир сенсің. Басқаға үлгілі болатын бізбіз.*

§ 55. „БАР“, „ЖОҚ“ СӨЗДЕРІНІҢ БАЯНДАУЫШ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҰМСАЛУЫ

Арада тау бар, тас бар, өзен бар, теңіз бар, ит мұрны өтпейтін қалың орман бар, олардан қалай өттің? (Ғ. Мүсірепов).

Бұл сөйлемдерде *бар* сөзі бастауыштармен қатар тұрып, баяндауыш қызметінде жұмсалған: *тау бар, тас бар, өзен бар, орман бар.*

Сол сияқты, *жоқ* сөзі де баяндауыш болып жиі қолданылады: — *Жоқ, жоқ! Нағыз сұлу, нағыз ақылды бала менікі еді... Сенде ол да жоқ* (Ғ. Мүсірепов).

Бар, жоқ сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыш болған заттардың қайда, кімде, неде екенін, бар-жоқтығын факт ретінде баяндайды. Ондай сөйлемнің құрамында жатыс жалғаулы пысықтауыш не толықтауыш жиі кездеседі.

Алматыда Омарбек деген жолдасым бар. Жылқы да өт жоқ (Мақал). *Аспанда алақандай бұлт жоқ.*

Осындай болымды, болымсыз сөйлемдердің де баяндауыштары, басқа есім баяндауыштардай, I, II жақта жіктік

жалғауларында айтылып, бастауыштармен қиысып тұрады.

*Мен бұл тізімде бармын
Біз бұл тізімде бармыз.
Мен бұл тізімде жоқпын.
Біз бұл тізімде жоқшыз.*

Бар, жоқ сөздерінен болған баяндауыштар III жақта әр уақытта сөйлемнің соңында, көбінесе, бастауыштармен қатар тұрады.

Сырдың Алмалық қонған жағасында қалың қамыс бар (С. Мұқанов). *Бәріміздің өміріміздің басталуы бар... еске түссе, жүректі тулататын оқиғаларымыз бар* (Ғ. Мүсірепов).

*Төрі толған түлікке
Ұлан-байтақ жерің бар,
Көкорайлы белің бар,
Айдын шалқар көлің бар.
Сағасы мол көп өзен,
Өлке толған егін бар*
(Жамбыл).

Жоқ сөзі өткен шақтық есімшемен тіркесіп, сөйлемнің күрделі баяндауышының құрамында да қолданылады:

Ол арқан іздеген жоқ, шынжыр іздеген жоқ, құрсау іздеген жоқ (С. Ерубаев). *Соғыс салдары канал құрылысының екпінді қарқынын әлсіреткен жоқ* (С. Мұқанов). *Сенің қанды тұяғың ол жерге жеткен жоқ* (Ғ. Мүсірепов). *Рахмет Дәуірдің кім екенін білген жоқ. Әлдеқайда тау жарылып жатқан жоқ па еді, жер астындағы күштер қозғалып, жер сілкініп жатқан жоқ па еді?* (С. Ерубаев).

§ 56. ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН КҮРДЕЛІ БАЯНДАУЫШТАР

Күрделі баяндауыштың құрамы. Есімдерден құралған сөз тіркестері де баяндауыш қызметінде жұмсалады. Сөз тіркестерінің күрделі баяндауыш болуы, не олардың құрамындағы әр сөздің дара баяндауыш болуы, біріншіден, сол сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің ерекшеліктерімен байланысты, екіншіден, олардың бастауышқа қатынасымен байла-

нысты. Күрделі есім баяндауыштардың құрылысы, негізінде, мынадай болады:

1. Күрделі атаулар мен күрделі есімдер:

Бейбітшілік ордасы — халықтар достығы, *Екі ауданның арасы* — бір жүз елу бес километр.

2. Изафеттік тіркестегі есімдер тобы:

Өйткені Совет Одағы —
Тыныштық, бақыт жүрегі
(Жамбыл).

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы
(Абай).

Ұлы Октябрь — жыр басы,
Ақындықтың арнасы
(Жамбыл).

Есімдерден болған күрделі баяндауыштар қалай танылады? Баяндауыш болған сөз зат есім болғанда, ол зат есімнің анықтауышы болуы мүмкін. Көп жерде олар сол тобымен күрделі баяндауыш тәрізді болып көрінеді. Ондай өзара грамматикалық байланыста тұрған анықтауыштың бәрі күрделі баяндауыш бола бермейді. *Ол — мектепті биыл бітіретін оқушы* дегеннің грамматикалық бастауышы — *ол*, баяндауышы — *оқушы*, ортадағы сөздер — баяндауыштың маңындағы тұрлаусыз мүшелер. *Оспан — ерінбейтін колхозшы* дегенде, *Оспан* — бастауыш, *колхозшы* — баяндауыш.

Ондай сөйлемдерге синтаксистік талдау жасағанда, бастауыш, баяндауыш деп танылатын екі сөздің сөйлемдік дәрежесінің қалай екеніне қарау керек: *Ол — оқушы*, *Оспан — колхозшы* дегендер — тиянақты ойды білдіретін бастауыш, баяндауышты сөйлемдер. Сонымен қатар сөйлемнің жалпы мазмұнына қарау керек. Мысалы:

1. *Мына қыз — кедейдің қызы*. 2. *Бурабай тауының айналасы Асқардың алақанында* (С. Мұқанов). 3. *Ауылдың бір шеті мен бір шеті* — ат шаптырым. *Станция тау бөктерінде*. *Қараганды биік белдің солтүстік бетінде* (Ғ. Мұстафин).

Бұл сөйлемдердің баяндауыштары күрделі. Күрделі деп танылатын себебі — олар сөйлемдерде айтылған ойға лайық күрделі қалпында бастауыштардың жайын баяндап тұр.

Сөйтіп, предикаттық топтары есімдердің соңғы сөзі сөйлемде айтылатын ойға лайық бастауышпен қатар айтқанда, тиянақты мағынаны білдірсе, ол дара баяндауыш болады. Оның маңындағы сын есімдер, сан есімдер, есімшелер оның анықтауышы болады. Ал олай болмай, предикаттық топ түгелімен бастауыштың жайын хабарлап тұратын болса, олар күрделі болады.

Жоғарғы мысалдардағы есім баяндауыштардың көпшілігі — изафеттік құрылыстары сөздер. Ол сөздер өзара берік байланыста болғандықтан, бастауышқа сол матаса байланысқан тіркес тобымен қатысты болып тұр. Сол сөз тіркестерінің тек тәуелдеулі соңғы сөздерін ғана баяндауыш деп, ілік жалғаулы сөздерді, басқаныңдайдағыдай анықтауыш деп талдасақ, онда тұтас сөйлемнің мағынасын елемеген боламыз.

§ 57. ҚҰРАМА БАЯНДАУЫШТАР

Құрама баяндауыштар есімдер мен етістіктерден құралады. Мысалы:

Мына төсекте сақалы ербиіп жатқан — осы Нағиманың ері. Кәсібі — ағаш шабу (Б. Майлин). Осы мысалдағы “Нағиманың ері” — күрделі есім баяндауыш. Егер оған “еді”, “екен”, “болатын” сияқты көмекші етістік қосып айтсақ, баяндауыш құрама болады. *Кәсібі ағаш шабу* деген сөйлемнің баяндауышы — *ағаш шабу* — құрама.

Құрама баяндауыштың негізгі сөзі көбінесе есім болады.

Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әр түрлі көмекші етістіктер, модальдық сөздер айтылады.

Анатолий Кондратьевич сөзге сараң адам екен (С. Мұқанов). деген сөйлемнің баяндауышы — *сараң адам екен*. Бұл баяндауыш арқылы бастауыштың (Анатолий Кондратьевичтің) бойында бір қасиеті факт ретінде баяндалады. Оның құрамында өткен шақтық есімше тұлғадағы *екен деген көмекші етістік бар*. Бұл көмекші етістік *Анатолий Кондратьевичтің сөзге сараң адам екендігіне айтушының көзі жеткендігін білдіреді*. *Жел артымыздан* дегенде *еді* етістігін тіркеп, *Жел артымыздан еді* десек, негізгі есім баяндауышқа өткен шақтық мағына қосылады да, ол аталған хабарға айтушының айғақ екенін білдіреді. Ал *Ол — біздің үйдің баласы* де-

генге шығар деген сөзді тіркеп: *Ол біздің үйдің баласы шығар десек, шығар сөйлемге айтушының күмәнданғандығын (солай екеніне көзі жетпегенін) білдіреді.*

Асқар сағатына қараса, сағат түнгі тоғыз болып қалған екен. (С. Мұқанов). Мұндағы есім баяндауыштың құрамында үш көмекші етістік бар: тоғыз — негізгі де, болып қалған екен — көмекші сөздер. Соңғы үш көмекші сөз негізгі баяндауышқа әрі шақтық, әрі видтық (болып қалған — тоғыз болуға таянған, бір-ақ әлі болған жоқ), әрі модальдық мағына қосып тұр.

Осындай, есім баяндауыштардың құрамында айтылатын көмекші етістіктер есімдердің баяндауыштық қызметін дәлдеп, мағынасын толықтырып тұрады.

Ондай көмекші етістік қатысқан баяндауыштарды күрделі есім баяндауыштар деп танымыз.

Құрама баяндауыштардың негізгі сөзі зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, еліктеуіш сөздер болады да, оларға көмекші етістіктер (*еді, екен, ет, бол, қыл, көр, т. б.*) немесе модальды сөздер (*Керек, тиіс, шығар, болар, сияқты, т. б.*) қатысты болады. Мысалы: *Сен бала едің. Мен жас емеспін. Оқушылар тәртіпті көрінеді.*

Қ ұ р а м а б а я н д а у ы ш т а ғ ы к ө м е к ш і е т і с т і к т е р. Есім баяндауыштарға да өткен шақтық мән беріп, олардың баяндауыштық қызметін айқындай түсетін көмекші етістіктің бірі — *е'*:

Ол музыканы, ән-күйді жақсы көретін әйел еді. Амантай мен Тұяқ жас кезінде егіз қозыдай еді (С. Мұқанов). *Қайырбектің түндегі айтам дегені де, Баршагүлден күткені де осы сөз еді* (Ғ. Сланов). *Біз бұрын екеу едік, енді үшеу болдық* (Ә. Әбішев).

Бұл мысалдарда негізгі баяндауыш болған сөздерге *еді* (-м, -ң, -к) көмекшісі бұрын өткен шақтық мағына қоспай, баяндауыштардың қызметін орнықты ету үшін де жұмсалады. Мысалы: *Үйім алыс еді, тезірек қайтайын* дегенде, *еді* үйдің бұрын алыс болғанын білдіртпейді, осы күнде алыс екенін білдіреді. Сол сияқты, *Төбедегі қарлардан аққан бұлақ басы жақын еді, соған жете беріп, мерген арқасындағы текені ағынға лықсытып жіберді* (Ғ. Сланов) дегенде де бұлақ басы

¹ *Е* көмекші етістігі күрделі, құрама баяндауыштар құрамында жіктелгенде, қысқарып *ем, ең, ек* болып та айтылады:

Тәңірі қосқан жар едің сен

Жар ете алмай кетіп ем.

Ол кезімде бала едім мен,

Аямасқа бөкіп ең

(Абай).

бұрын жақын болатын, қазір қашық деген ұғым тумайды. Біздің ауыл бір есептен алыс та, бір есептен жақын еді (Ғ. Сланов) дегенде де солай.

*Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір асқан ерек-ті
Жүрегі жылы, бойы құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті
Өнері оның жұрттан асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті
(Абай).*

Бұл мысалдарда есімдерден кейін -ды, -ті қабаттасып, есім баяндауыштарға III жақтық өткен шақтық мағына үстеп тұр. Бұл тұлға еді етістігінің орнына жұмсалған. Бірақ екеуінің қызметі бірдей емес: еді етістіктерге де, есімдерге де бірдей қатысып, I, II жақтық тұлғаларда (дім, едің, едіңіз) қолданылса, -ды//-ді,-ты//-ті тек есімдерге, есімшелерге ғана қатысты болады, олардан кейін жіктік жалғаулары жалғанбайды.

*Шебер сөз — асыл меруерт шаттық күйі,
Жамбылдан енді, сірә, құтылмас-ты
(Жамбыл).*

Бұл көріністі адам баласының көзі шалған жоқ-ты (Ғ. Сланов).

Е к е н — е етістігінің есімше түрі. Ол есім баяндауыштардың құрамында есімдердің баяндауыштық қызметін орнықты етудің үстіне екі түрлі мағынада жұмсалады. Біріншіден, есім баяндауыш арқылы айтылған ойға сөйлеушінің, жазушының субъективті көзқарасын білдіреді. Оның соңғы қызметі басымырақ. Мысалы: Ол мына *Итбайдың* нағашысы екен (С. Мұқанов). Алқына *шалқан жігіт* колхозда үгітші болып істейтін шалдың өз баласы екен.

Е м е с сөзі баяндауыш қызметіндегі болымды есімдерді болымсыз ету үшін, болымсызды болымды етіу үшін жұмсалады. Мысалы: Бұл жақсы емес. Сен іске ынтасыз жігіт емессің (С. Мұқанов).

Көмекші болып құрама баяндауыштың құрамында жұмсалатын көмекші етістіктің бірі — *ет*. Ол алдымен, еліктеуіш сөздермен жиі тіркеседі.

Сонау жиекте, көз ұшында қара бұлттар тұтасып, нажағай жарқ-жұрқ етеді. Манадан бері басын жерден

алмаған... түйе қарны зеңбірек атып ыңқ-ыңқ етеді. Дыбыссыз тұншығып жатқан Жамалға бір сәуле жарқ етті (Ғ. Мұстафин).

Бұл мысалдарға *етеді*, *етті* көмекшілері баяндауыштық тұлға қызметінде жұмсалған. Оларды түсіріп, еліктеуіш сөздерді жалаң түрде баяндауыш қызметінде айтуға болмайды.

Осы қызметте *етеді*, *етті* көмекшілері баяндауышқа ауыспалы осы шақтық мағына үстейді. Сонымен қатар ол негізгі баяндауыш болған зат есімдерді өзіне объектілік ыңғайға қойып барып баяндауыш құрамында айтылады да, оларға өткен не келер шақтық мағына қосады. Мысалы: *Оңтүстік — мақтасын, Қызылорда күрішін барлық ақындар үн қосып мақтан етті* (М. Әуезов).

Басқа көмекшілерге қарағанда, *ет* көмекшісінің есімдерді баяндауыш ету рөлі өзгеше. Мысалы, жоғары сөйлемдегі *ет* көмекшісін түсіріп айтып көрсек, онсыз құралы деген сөз өздігінен тиянақты баяндауыш бола алмайтынын байқаймыз. Бұл жағынан *ет* көмекшісінің қызметі қыл деген көмекші етістіктің қызметімен бірдей деуге болады.

Б о л етістігі де есім баяндауышқа көмекші қызметінде жиі қолданылады. Ол негізгі баяндауыш қызметіндегі есімдердің шын болмыс екенін қалыптасу процесін, күйін білдірумен қатар, етістіктерге тән түрлі қосымшаларда жұмсалып, есім баяндауыштарға әр түрлі шақтық мағына қосып тұрады:

Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға (Абай). *Балам жас еді, шаруама қиын болады. Ескі дүниенің ауыр азабын тартқан, жаңа дүниенің қызығын көрген адамның бірі мендей-ақ болар* (С. Мұқанов). Әрбір елдің мемлекеттік өкіметінің жоғарғы органы әр ел парламенті болып табылады.

Есім баяндауыштарға көмекші болатын етістіктің тағы бірі — к ө р етістігі. О л б о л етістігіндей, кез келген есімдерге көмекші болмайды, тек *-дай//дей*, *-тай/-тей* қосымшасында тұрған есімдерге, *сияқты*, *рас*, *өтірік* тәрізді сөздерге көмекші болады:

Ол үлкен адам сияқты көрінеді. Үйіліп жатқан қырман таудай көрінді.

Кейбір сөйлемдерде есімдер мен етістіктер тұрақты тіркес қалпында құрама баяндауыш болады:

Торы ат көзіме оттай басылды (Ғ. Мұстафин). Ол безек қағады. *Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер*

балбырап (Абай). Шалдың ойы одан әрі қамтылған соң, көңілі жай тапты.

Мен шалқамнан түстім (Ғ. Мұстафин)

Құрама баяндауыштарғы модальды сөздер. Сияқты, секілді, тәрізді, шығар, болар, көрінеді, білем, керек, тиіс деген модальды сөздер есім баяндауыштарға көмекшілік қызметте айтылғанда, оларға шақтық мағына қосу үшін емес, сөйлемдегі ойға айтушының әр түрлі көзқарасын білдіру үшін жұмсалады:

Ағаштардың басындағы тығыз бұйра, ал қара көк жапырақтар баса киген папақ тәрізді (Ғ. Мұстафин). *Осындай үлкен жиында мынадай суырып салма ақын Абайға қызық сияқты көрінді* (М. Әуезов). *Өзі бір тәжірибелі адам көрінеді* (Ғ. Мұстафин).

Бірнеше етістіктің бір есімге көмекші болуы. Кейде бір есімге көмекші етістіктердің бірнешеуі бірдей қатысты болады, мысалы: *Сағат тоғыз болып қалған екен; Ол студент болар, Ол студент болған болар, Ол студент болған шығар, Ол студент болған екен*, т. б. Ондайда біріне-бірі тіркескен көмекшілер баяндауышқа әр түрлі шақтық, райлық, модальдық мағына қосып, айтайын деген мақсатты ойды дәлдей түседі. Оны мына мысалдан да аңғаруға болады: *Оның маңдайынан тер бұрқ ете түсті* (С. Мұқанов). Бұл сөйлемнің баяндауышы — *бұрқ ете түсті*. Оны *бұрқ етті* дегенмен салыстырғанда, алдыңғы күрделі баяндауыштың соңғы сөзі — *түсті*, *бұрқ етті* дегеннің өткен шақтық мағынасына дүркінділік мағына қосады. Оның орнына *қалды* деген көмекші етістікті қойып, *бұрқ ете қалды* десек, керісінше, тез болған қимылды білдіреді.

Сөйтіп, құрама баяндауыштары көмекші сөздер өздері қатысты есімдерге, еліктеуіш сөздерге түрлі-түрлі шақтық, видтік, модальдық мағына қосумен қатар, олардың баяндауыштық қызметін тиянақты етіп отырады.

БАЯНДАУЫШТЫҢ БАСТАУЫШПЕН ҚИЫСУЫ

§ 58. ЖАЛҒЫ ТҮСІМ

Қиысу — синтаксистік байланыстың жиі ұшырайтын бір түрі. Ол сабақтаса байланысқан сөздердің бастауының қысының бастауының қысы сөздерге икемделе, олардың грамматикалық мағыналары мәтін тұлғаларына үйлесіп тұратын сөздер арасында болады.

Қиысуға тұлғалық үйлесімі бар сөздер тіркесі түгел ене бермейді, тек сөздер тіркесінің бағыныңқы бөлегі ба- сыңқы бөлегіне бейімделіп үйлесуі ғана енеді¹.

Қиысу әр тілде әр түрлі екені белгілі. Мысалы, орыс тілінде бастауыш пен баяндауыш род, жақ, сан жағынан, анықтауыш анықтайтын сөзімен род, сан жағынан, септіктер арқылы қиысады. Латын мен грек тілінде анықтауыштар анықтайтын сөзімен, род, септік жалғаулары арқылы қиысады да, бастауыш пен баяндауыш тек сан жағынан қиысады екен.

Түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде, қиысу, негізінде, біріне-бірі бағынышты тіркестегі бастауыш пен баяндауыш арасында болады².

Қазақ тілінде сөздер бір-бірімен орыс тіліндегідей, септік жалғауларында қиыспайды, тек оңашаланған айқындауыштар ғана айқындайтын сөздері қандай септік жалғауда тұрса, сол жалғауда тұрып қиысуы мүмкін. Баяндауыштың бастауышпен қиысуы ж а қ т ы қ н е к ө п т і к болады.

§ 59. ЖАҚТЫҚ ҚИЫСУ

Баяндауыштың тиісті жіктік жалғауда тұрып бастауышпен байланысу ережелерін айтудан бұрын бастауыш болатын сөздердің жақтық мағынасын айқындап алу керек сияқты.

Баяндауыштың белгілі жақтық мағынада, жақтық тұлғада айтылуы еркін бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздердің жақтық мағынасы билейді³. Бастауыш болатын негізгі сөздер — зат есімдер мен жіктеу есімдіктері. Олардан басқа сөздер де субстантивтеніп, бастауыштық қызметте жұмсала береді. Сол сөздердің

¹ Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, 1948, 205-бет.

² Проф. А. Н. Ковонов қиысу екі жақты байланыста болу керек деп таянды да, оған ілік және тәуелдік жалғаулары арқылы байланысқан сөздерді жатқызады. Баяндауыштың бастауышпен байланысын қиысуға жатқызады. Қараңыз: "Грамматика современного турецкого литературного языка" 1956, 379-бет.

³ Бұл айтылған жалпы ережеге бағынбай, өзгелерінен өзгеше болып жұмсалатын мынандай мысалдар бар: *Өтірікші мен емеспін, сенсің; Мұны айтқан менмін.* Мұндай жіктеу есімдіктерінен болған баяндауыштар сол сөйлемдердегі бастауыштың жақтық мағынасына бағынбай, өзі қай жақтағы есімдік болса, сол жақтың жіктік жалғауында тұрады. Бұны жіктеу есімдіктері мен көмекші етістіктерден құралған баяндауыштар туралы да айтуға болады. *Сол Шығанағқыз мен боламын* (Ғ. Мұстафия).

тек төртеуі — бірінші және екінші жақтық жіктеу есімдіктер (мен, біз, сен, сіз) I, II жақтық бастауыш болады да, олардан басқа сөз атаулының бәрі (тәуелдік жалғаулардың I, II жағында не басқа тұлғада тұрса да) бастауыш қызметінде тек III жақтық мағынада айтылады. Сондықтан *Жұмабай айтты* деген сөйлемнің де, *Жолдасым айтты*, *Жолдасың айтты* деген сөйлемнің де, *Жолдасым айтты*, *Жолдасың айтты* деген сөйлемдердің де баяндауыштары III жақтық бастауышпен қиысып, сол II жақта тұрады. Жорарғыдай, бастауыш қызметінде тұрған сөздердің тәуелдік жалғаулардың жақтық мағыналары бастауыштық жақтық мағына болмайды, сол жалғауларды керек етіп, I-лік жалғауда айтылатын сол жақтағы есімдіктердің меншіктелуші жағы болады.

Ескерту: Қазақ тілінде жорарыда айтылғаннан ерекшелік келетін, бастауыш қызметіндегі сөз тәуелдік жалғауының қай жағында тұрса, олардың баяндауыштары да сол жақта бастауышпен қиысатын бірнеше сөз бар, оның бірі — өз деген есімдік. Ол есімдікке тәуелдік жалғауы жалғанып, бастауыш қызметінде жұмсалғанда, оның тәуелдік жалғауы қай жақта болса, бастауыштық мағынасы да сол жақта болады, баяндауыш сол жақпен қиысады:

Өзім келдім, өзіміз келдік.

Өзің келдің, өзіңіз келдіңіз.

Өзі келді.

Неге *өзім*, *өзің* дегендер *жолдасым*, *жолдасың* сияқты III жақта айтылмайды деген сұрақ туады.

Олай болуы жорарғы есімдіктің кімге де болса тәндік мағынасымен байланысты. Сондықтан оған тәуелдік жалғауының I жағы жалғанса, *мен*, *біз*, II жағында *сен*, *сіз*, III жағында (ол деген мағынада) айтылады. Кейде екеуі қатар жұмсалады:

Мен өзім келдім.

Сен өзің келдің.

Ол өзі келді.

Бұдан басқа *бәрі*, *біреу*, *екеу*, *үшеу*, *төртеу*, *бесеу*, *алтау*, *жетеу* деген есімдік пен сан есімдерге тәуелдік жалғаулары меншіктілік жақтық ыңғайда үйлесіп тұрады:

Бәріміз барамыз, бәріңіз барыңыз.

Бәріміз айтайық, бәріңіз жазыңыз.

Біреуіміз барайық, біреуіңіз келіңіз.

Үшеуіміз барайық, үшеуіңіз барыңыз.

Бұлардың мұндай өзгеше болуы басым жақ деген ұғыммен байланысты: егер бір сөйлемде әрі I, әрі II жақтық (не III жақтық) екі бастауыш болса соның I жағы басым болып, баяндауыш II жақпен емес, I жақпен қиысып тұрады. Мысалы, *Сен де, мен де бүгін мақтанамыз*. Егер бір сөйлемнің бастауышы III және II жақтық сөз болса, олардың II жағы басым болып, баяндауыш соған бағынып, II жақта (көпшесінде) тұрады. Мысалы: *Сен, ол екеуің ұялмайтын болыңдар*. Ал үш жақтағы сөздің үшеуі де бастауыш болып келгенде, баяндауыш I жақта (көпше) қиысады. Ол, мен, сен *үшеуіміз ұялмайтын болайық*. Осындай түрлі жақта айтылған бірнеше бастауышты жинақтап есімдік қызметінде жұмсалған сан есімдер, сол сияқты *бәріміз, біріміз (екеуіміздің біріміз)* деген сөздер грамматикалық бастауыш болғанда, олардың баяндауыштары да басым жаққа бағынып, қиысып тұрады. Сонда *бәріміз — біз* дегеннің, *бәріңіз — сіз* дегеннің, *үшеуің болса — сен* дегеннің орнында айтылады да, басқалары соның ішінде болады. Сондықтан бір сөйлемде көп бастауыштар саналып айтылмай-ақ, *Үшеуіміз етектегі белге қыстырып алып жүріп кеттік* (Ә. Әбішев) деген сияқты болып келеді де жинақтаушы бастауыш (үшеуіміз) тәуелдік жалғауының қай жағында тұрса, сол басым жақ болады.

Біздің біреуіміз қозғау салмасақ үндер емес. Үшеуіміз үш жақтан Саржанды дастарқан басына келтірдік (Ә. Әбішев).

Жоғарғыдай, үш жақта айтылатын бастауыштар баяндауыштарын өздеріне ілестіре белгілі жақтық мағынаға ие қылып отырады. Соған сәйкес бастауыштың баяндауышпен жақтық қиысуының екі түрі бар: 1) *жалғаулы қиысу*; 2) *жалғаусыз, мағыналық қиысу*.

Түркі тілдері жайындағы әдебиеттерде жалғаулы қиысуды I, II жаққа, кейде баяндауыш ашық райлы етістік болғанда III жаққа тән; жалғаусыз, мағыналық қиысуды тек қана III жақтық есім баяндауыштарға тән деген көзқарас берік орын алып келді. Қазақ тілінің материалдарына қарағанда, мағыналық қиысу, I, II

жақта да бар екені байқалады. Ол сен тұр, сен шық сияқты бұйрық райдың баяндауыш болуын қоспағанда, мынадай сөйлем құрылысында кездеседі:

Қазақ тілінде әшейінде жалғаулы болатын, I, II жақтық есім баяндауыштар башқұрт тіліндегідей жалпылама болмағанмен, кейде, әсіресе өленді сөйлемдерде баяндауышқа екпін түсіре экспрессивтік мағынада жұмсау үшін, олар ықшамдалып жіктік жалғаусыз айтылады да, екпінмен айтылғанда (кейде ұйқас үшін), үшінші жақтық есім баяндауыштардай бастауышпен мағыналық байланыста тұрады:

Сіз — жалым шоқ, біз — бір май (Абай).

*Келелі байтақ кең дала,
Кең дала саған мен — бала...
Бақытты елге мен — бала,
Бақытты елге сен — ана.*
(А. Тоқмағанбетов).

*Сен — ағашта піскен алма.
Әзір едің, алмадым*
(Абай).

Мен — президент, сен — премьер (Аманжолов).

*Мен — Анатолий Федорович Чайков. Сен — темір де,
мен — көмір, Алысқалы келгенмін (Қазыбек).*

I, II жақтық бастауыштардың есімшеден, көсемшеден, бар, жоқ деген сөздерден болған баяндауыштары бар бағыныңқы құрмалас сөйлемдерде не үйірлі мүше ретінде жұмсалған сөйлемдерде де баяндауыш жалғаусыз айтылып, бастауышпен мағыналық байланыста тұрады:

а) *Мен келгенде, сен үйде жоқ едің,
Сен шақырғанда, ол келер ме еді?
Сен келіп, мен қуанып қалдым.*

ә) *Мен көрген кісі..., сен жіберген хат; біз жоқ
Сен бар, мен бар, ептеп бір амалым табайық.*

I жақтық жіктік жалғаулар арқылы бастауышпен қиысатын баяндауыштар тек жақтық мағынаны ғана білдірмей, даралық, көптік мағынаны да білдіреді. *Мен келемін* дегенде — мін бірінші жақ, жекеше; *Біз келеміз* дегенде — мін + з, *Біз көрдік* дегенде — ді + к әрі бірінші жақтық, әрі көпше мағына білдіреді.

II жақтық бастауыштармен қиысатын баяндауыштардың жіктік жалғаулары I жақтағыдай емес, жақтық

та, даралық та, сыпайылық та және көптік те мағынада жұмсалады: *Сен келесің* дегенде, — сің ІІ жақ, жекеше; *Сіз келесіз* дегенде, — сіз ІІ жақ, сыпайы. *Сендер келесіңдер*, *Сіздер келесіздер* дегенде, жоғарғы мағыналарының үстіне көптік қосылып қиысады.

І-ІІ жақтық етістік баяндауыштардың бастауышпен қиысу үлгісі былай болады:

Бірінші жақ		Екінші жақ			
		анайы		сыпайы	
жекеше	сыпайы, көпше	жекеше	көпше	жекеше	көпше
Мен айттым	Біз айттық Біздер айттық	Сен айттың	Сендер айттыңдар	Сіз айттыңыз	Сіздер айттыңыздар!
Өзім із айттық	Өзім айттым Өздеріміз айттық	Өзің айттың	Өздерің айттыңдар	Өзіңіз айттыңыз	Өздеріңіз айттыңыздар

Бұдан І жақтық баяндауыштың көпшесінің де, жекешесінің де бастауышпен қиысуы бір сатылы екенін, ІІ жақтық баяндауыштың бастауышпен қиысуы, жекешесі бір сатылы, сыпайысы екі сатылы, көпшесі үш сатылы екендігін байқауға болады.

Екінші жақтық бұйрық райдан болған баяндауыштар жекешеде бастауышпен жақтық жалғаулар қиыспай, мағыналық байланыста тұрады, көпше сыпайы мағынада жақтық жалғау арқылы қиысады, *сен жаз, сен жаздыр, сен алсайшы, сен шақыршы*, т. б.

§ 68. САНДЫҚ ҚИЫСУ

Баяндауышты бастауышпен сандық мағынада қиыстыру үшін жұмсалатын жіктік жалғаулар:

І жақта-мыз, -міз (оның басқа да варианттары), -ды + қ, -ді + қ-ты + қ, -ті + қ, -йық, -нік /кейде -лық// -лік/: *біз/дер/ оздық; біз/дер/ қарап отырмайық, біз/дер/ мәселені жете түсінейік; Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық /Ы. Алтынсарин/* ІІІ жақта баяндауышты бастауышпен көптік мағынада қиыстыратын арнаулы жіктік жалғау жоқ. Грамматикаларда ІІ жақтық көптік жалғаулар деп танылатын қосымшалар, -/а/ -ңыз, -/е/ -ңіз; -сыз -/сіз/, қазақ тілінде көптік мағынада жұмсалмайды, жеке-

шенің сыпайылық мағынасында жұмсалады. Сондықтан екінші жақтық баяндауыштарды көптік жалғауында айтылатын бастауышпен қиыстыру үшін сыпайылық және анайылық жақтық тұлғалардан кейін -дар//-дер жалғанады:

<i>Сендер орындаңдар:</i>	<i>Сіздер орындадыңыздар.</i>
<i>Сендер ұмтылыңдар:</i>	<i>Сіздер ұмтылыңыздар.</i>
<i>Сендер бақыттысыңдар:</i>	<i>Сіздер бақыттысыздар.</i>

III жақта тұлғалық сандық қиысу кейде тек есімдерден болған баяндауыштарда болады, етістіктерден болған баяндауыштарда болмайды, етістіктерден болған баяндауыштар III жақта татар, өзбек, т. б. тілдердегідей, бастауышпен көптік жалғау арқылы қиыспайды:

каз: Олар радио тыңдайды, шахмат ойнайды.

өзб: Улар радио тыңлайдилар, шахмат уйнайдилар.

каз: Класқа оқытушы кірді. Оқушылар оны құрметтеп, орындарынан тұрып қарсы алды.

тат: Класска укытучы керде. Укучылар аны хөрмәтләп, аяққа басып қаршы алдылар.

Есімдерден болған баяндауыштар III жақтық бастауышпен кейде көптік жалғау арқылы қиысып, кейде қиыспай да айтылады:

Олар біздің мақтаншымыз; Олар — атақты колхозшылар; Олар — Отанымыздың ардақты ұлдары.

Сын есім, сан есім, есімшелерден болған баяндауыштардың көптік жалғауда айтылу — айтылмауының мынадай мағыналық айырмашылығы болады: егер олар көптік жалғаусыз айтылса, атрибуттық предикат болады да, жалғаулы болып айтылса, субстантивтенген предикат болады:

Олар бақытты.
Олар көп оқыған.

Олар бақыттылар
Олар көп оқығандар.

Сын есім мен есімшелерден болған баяндауыштардың мұндай айырмашылығы, I, II жақта да болады:

Біз (дер) бақыттымыз.

Біздер бақыттылармыз.

Біз (дер) әлі жаспыз.

Біздер талапты жастармыз.

Сіз әлі жассыз.

Сіздер талапты жастарсыздар.

Біз (дер) түсінгенбіз

Біздер түсінгендерміз.

Пионер, колхозшы, коммунист, тігінші сияқты зат есімдер I жақтық баяндауыш болғанда, олардың предикаттық мағынасында жоғарғыдай айырмашылық болу-

ымен қатар, сол заттың көптігін ерекше баса айту керек болғанда, оған көптік жалғау жалғанады:

Біз пенсионерміз, біздер пенсионерміз, біздер пенсионерлерміз.

Қазақ тілінде етістік баяндауыштар тек ІІ жақта көптік жалғау арқылы сол тұлғадағы бастауыштармен қиысып тұрады:

*Сендер білесіңдер.
Сіздер білесіздер.*

*Сендер көрмеп пе едіңдер?
Сіздер көрмеп пе едіңіздер?*

Жалпы алғанда, бастауыш пен толықтауыштың арасында тұлғалық көптік қиысу болмайды. *Бақташылар сиырларды айдады* дегенде, бастауыш та, толықтауыш та көптік тұлғада айтылған, бірақ ол — олардың бірімен-бірі қиысып тұрғаны емес, екеуінің де өз бетімен көптік мағынада айтылуы. Бастауыш пен толықтауыш мұндай жағдайда қиыспайтын себебі — олар біріне-бірі бағынған сөз тіркестері емес. Дегенмен, тәуелдеулі толықтауыштар мен бастауыштар арасында мағыналық және тұлғалық көпше қиысу болады. Өйткені бастауыш ондай жағдайда тәуелдеулі сөздермен тіркесетін ілік жалғаулы анықтауыштардың да орнына жұмсалады:

1. *Жиренше бір күні жол жүріп бара жатса, тезек теріп жүрген бір топ қызға кездеседі. Ол — қыздарға жақындап келгенде, жаңбыр құйып кеп кетеді. Өзге қыздар терген тезектерін төгіп тастайды да, қаптарын бастарына бүркеніп алып, үйлеріне қарай жүгіреді. Жалғыз-ақ бір қыз үстіндегі киімін шешіп алып, қаптағы тезегіне жаба салады да, өзі қаптың ығына паналап отырады ("Жиренше" әңгімелері).*

2. *Киіктер бастарын төмен тұқырып өзен жағасына жиылды: Олар қалың тарыға тірелгенде, (жүргіншілер) аттарыннан түсе қалып, жаяу жүгірді (Ғ. Мұстафин).*

Бұл мысалдарда бастауыш көптік тұлғада айтылғандықтан, оған тәуелдік жалғаулар арқылы мағыналық байланысқа түскен толықтауыштар да көптікте тұр.

Кейде тәуелдеулі толықтауыштар не бастауыштар ілік жалғаудағы анықтауышпен көптік тұлғада қиысып тұрады. Ондайда көптік қосымша толықтауыштың көптігін білдірмей, тәуелдеу жалғаулары арқылы ілік септікті сөздің көптігін ғана көрсетіп қиысуы мүмкін.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ

§ 61. ЖАЛПЫ ТҮСІК

Жайылма сөйлемдерде тұрлаулы мүшелерден басқа, оларды айқындайтын **т ұ р л а у с ы з м ү ш е л е р** де болады, олар: **т о л ы қ т а у ы ш, а н ы қ т а у ы ш, п ы с ы қ т а у ы ш.**

Бұларды “тұрлаусыз мүшелер” дейтін себебіміз не?

Сөзінде тиянақ жоқ кісіні “сөзінің тұрлауы жоқ” деп те атаймыз. Осындағы “тұрлау” сөзі “тиянақ”, “береке”, “пәтуа” деген ұғымдарды білдіреді. “Тұрлаусыз” деген сөзді кейбір сөйлем мүшелеріне тануымыз ол мүшелердің сөйлемді тиянақты етпейтін қасиеттеріне негізделген. Расында, бастауыш пен баяндауыш сөйлемді тиянақты ететін, оның бас арқауы болса, тұрлаусыз мүшелерде ондай қасиет болмайды. Олар бас мүшелердің маңына топтанып, алдымен соларды және бірін-бірі анықтап, пысықтап тұрады. Мысалы: *Көк жүзінің шарбы бұлты әлдеқайда тарап жоқ болып жатыр* (Б. Майлин). Бұл сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелер бастауышқа және баяндауышқа қатысты болып тұр: *көк жүзінің шарбы* деген сөздер (анықтауыштар) *бұлты* деген зат есімнен болған бастауышты анықтайды; ал *әлдеқайда* (пысықтауыш) сөзі *тарап жатыр* деген етістіктерден болған баяндауышты пысықтайды. *Қолдың саласындай тарамданған арықтардың біреуі бара-бара ұлғайып... қарауытқан сай болды* (Б. Майлин). Бұл сөйлемдегі тұрлаулы мүшелер: *біреуі* (бастауыш), *сай болды* (баяндауыш), қалған тұрлаусыз мүшелер — анықтауыш пен пысықтауыштар. Олар тұрлаулы мүшелерді және бірін-бірі анықтап, пысықтап тұр: *арықтардың* — анықтауыш, бастауышты анықтайды, *тарамданған* — ол да анықтауыш, *арықтардың* деген анықтауышты анықтайды, *қолдың саласындай* — пысықтауыш, ол *тарамданған* деген анықтауышты пысықтайды.

Осылардай тұрлаулы мүшелердің ғана емес, тұрлаусыз мүшелердің де: анықтауыштың — анықтауышы, пысықтауышы, толықтауышы; толықтауыштың — анықтауышы, толықтауышы, пысықтауышы; пысықтауыштың — толықтауышы, пысықтауышы болуы мүмкін.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін тұлғасына қарап айырудың ғылыми тірегі әлсіз болады. Дұрысында, сөйлемнің тұрлаусыз мүше мәселері сөз тіркесі жайындағы іліммен тығыз байланысты қаралуға тиіс. Сонда өзара тіркескен сөздер тобының қандай қарым-қатынасты білдіруіне қарап, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс танитын боламыз. Сол ізбен зат есімдер мен атрибуттық қатынаста жұмсалатын түрлі-түрлі тұлғадағы сөздердің бәрі — а н ы қ т а у ы ш, етістікпен және кейбір есімдермен объектілік қатынаста тіркесетін, заттық ұғымы бар сөздердің мүшелік қызметі т о л ы қ т а у ы ш болады. Сондай-ақ етістіктерге, кейде кейбір есімдерге қатысты болып, мезгіл, мекен, амал, т. б. мағыналарда жұмсалатын сөздер, қандай тұлғада болмасын, п ы с ы қ т а у ы ш қызметінде жұмсалады.

ТОЛЫҚТАУЫШ

Жай сөйлемді жайылмаға айналдырып, оның іргесін әрі қарай кеңіте беруге дінгек болатын тұрлаусыз мүше, алдымен, т о л ы қ т а у ы ш. Ол өзі бағынған сөзбен грамматикалық байланыста тұрып, табыс, шығыс, барыс, көмектес, кейде жатыс жалғаулардың бірінде жұмсалады.

Қысқасы, т о л ы қ т а у ы ш — қ и м ы л п р о ц е с і н і ң о б ь е к т і с і б о л а т ы н м ү ш е. Толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметіне және тұлғасына қарай екі топқа бөлінеді:

1. Т у р а т о л ы қ т а у ы ш. 2. Ж а н а м а т о л ы қ т а у ы ш.

§ 62. ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШ

Табыс септігінде жұмсалатын сөйлем мүшесі тура толықтауыш болады.

Ол заттың (субъектінің) қимыл процесін білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты болады. Өйткені сабақты етістіктер сөйлемде қандай мүше болмасын, әр уақытта өзіне басқа затты тура толықтауышты — керек етіп, ілестіре жұмсалады. Мысалы:

Көрдім сұлу Еділді,
Еділдей еркін елімді
(Жамбыл).

Баяндамашы баяндамасын аяқтады. Жас құрақтар көлдің суын сипап тұр.

Бұл мысалдардағы етістіктердің қимылы басқа бір затқа ауысып түсіп тұрса, екінші жағынан сол зат (объект) етістіктің қимылдық мағынасын толықтырып тұр. Сондықтан олар біріне-бірі сабақтасып, бірінсіз-бірі жұмсалмайды десе де болады. Сабақты етістікті сөйлемде тура толықтауыш болмаса, сөйлем олқыланып, кейде түсініксіз болып тұрады. Мысалы: *Мен мәрдім* дегенде *к і м-ді*, *н е н і* көргеніміз айтылмағандықтан, сөйлем олқыланып тұр. Сол сияқты, *Сен бастадың* дегенде *д е, н е н і* бастағаны аталмай, хабарлайтын пікір көмескіленіп тұр.

Олай болатыны — жоғарғы етістіктердің мағынасы тура толықтауыштармен тікелей (тура) сабақтас болуында. Сабақты етістіктердің тиісті аффикстер арқылы біржола затқа айналып кеткендері болмаса (*білімпаз, тігінші, жазушы* т. б.) тіпті сын есімге айналып, бірақ етістік мағыналарынан біржола айрылмағандары да тура толықтауыштармен сабақтаса береді.

*Басқарушы кісі — Жиналысты басқарушы кісі,
Көргіш бала — Алыстағыны білгіш бала;
Танығыш шал — Кісіні танығыш шал, т. б.*

Тура толықтауыштар қазақ тілінде тек сабақты етістіктермен ғана емес, есімдер мен көмекші етістіктерден болған құрама баяндауыштармен де байланысты болып, соларды толықтап тұрады. Ондай құрама баяндауыштар мыналар сияқты болады: жақсы көру, жек көру, мақұл көру, артық көру, сөз ету, табыс ету, қабыл алу, қарсы алу, т. б. Мысалы,

Олар өткен жылғы табыстарын баянды етті. Гүлнар әзірге емі жоқ сырқаттың емін табуды арман еткен (С. Мұқанов).

Тура толықтауыштың грамматикалық тұлғасы — табыс септігі. Одан басқа септік жалғауларда айтылған тура толықтауыш болмайды¹.

Кейде табыс жалғаудағы сөздің шығыс септіктің орнына не керісінше айтылатыны да бар:

*Ол оттан аттап өтті — Ол отты аттап өтті
Олар оттан айналды — Олар отты айналды*

Олар таудан асып кетті — Олар тауды асып кетті, т. б.

Бұл тек қазақ тіліне ғана тән өзгешелік емес, Н. К. Дмитриев “Гагаузские этюды” деген еңбегінде гагауз тілінде барыс септіктің орнына табыс септіктің жиі қолданылатынын көрсетеді².

Қазақ тілінде табыс жалғаулы сөздің салт етістікпен байланысты барыс септіктің қызметінде жұмсалуы гагауз тіліндегідей етек алмаған. Дегенмен ондай мысалдар ауызекі тілде, кейде көркем әдебиетте кездесіп отырады: Атқа міне шапты. Атты міне шапты; — Атқа міндім — Атты міндім, т. б.

Тура толықтауыш өзі қатысты сөзден қашықтап тұрғанда, әр уақытта жалғаулы болады, ал ол сөзбен қатар тұрғанда, кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалады.

§ 63. ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ЖАЛҒАУЛЫ, ЖАЛҒАУСЫЗ БОЛУЫ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Түркітанушылардың еңбектерінде тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз болатыны туралы пікірлер ертеден бар. А. Казембек “Общая грамматика турецко-татарского языка” деген 1846 жылы шыққан кітабында “қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол — етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады”, — дейді. 1869 жылы Қазанда шыққан “Алтай тілінің грамматикасы” да, сол ізбен, тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуын оның белгілі, белгісіз зат болуынан деп түсіндіреді¹. Одан кейінгі грамматика авторлары (Катанов, Мелиоранский, т. б.) “Алтай тілі грамматикасының салған жолынан ешқайда аумай, сондағы ережені шамалы өзгерістермен қайталап келді. Оған Мелиоранскийдің, рас, өз тарапынан қосқаны болды. Ол “Краткая грамматика казак-киргизского языка” де-

¹ Тура толықтауыш туралы деген шылау сөз арқылы да айтылады деген пікірді біз де қолдаймыз. Ол қатысты объект мынадай бірнеше етістіктермен ғана тіркесе алады: ойлау, айту, баяндау, хабарлау, жариялау, тирату, жазу, т. б. Мысалы, Ол мен туралы айтып отыр. Ол жолдасы туралы ойлады. Радио сөздің болуы туралы хабарлады, т. б. Бұл сөйлемдегі толықтауыштарды табыс жалғауда да айтуға болады: Ол мені айтып отыр. Ол жолдасын айтады. Радио сөздің болуын хабарлады.

² Н. К. Дмитриев. Гагаузские этюды, “Ученые записки, ЛГУ” № 2, сер. фил. наук. 1939, 15-бет.

³ Аталған кітаптың 381—392-беттерінен қараңыз.

ген еңбегінде: “Можно различать винительный падеж оформленный и неоформленный, т. е., иначе сказать иногда, именительный падеж употребляется вместо винительного. Это бывает, вообще говоря, тогда, когда слово, стоящее в винительном падеже, не определено или говорящий не хочет обращаться на него особого внимания слушателя. Таким образом, употребление оформленного или неоформленного винительного падежа весьма часто зависит от личного взгляда говорящего или пишущего” (15-бет) деген субъективтік жағдайға сүйенген ереже ұсынған болатын. Грамматиканың жалпыға ортақ заңын ондай жеке кісінің еркімен байланыстырудың дұрыс болмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

XIX ғасырдың аяқ шенінде бұл мәселеге өзгелерден гөрі ұқыпты қараған түркологтардың бірі Н. А. Ашмарин болды. Ол 1902 жылы шыққан “Опыт исследования чувашского синтаксиса” деген еңбегінде, басқа авторлардай емес, тура толықтауыштың жалғаулы жалғаусыз жұмсалудың тек белгілік пен белгісіздіктің тұңғыш түкпіріне итере салмай, чуваш тілінде олардың қандай жағдайда жалғаусыз жұмсалатынын, қандай жағдайда қандай сөздердің толықтауыш қызметінде жалғаулы болатынын ашуға көп көңіл бөліп, өте құнды материалдар жинаған болатын (263—280-беттер).

Қазақ тілінде тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалудың тек заттың белгілі, белгісіздігімен түсіндіруге болмайды. Кейде белгілі, айқын деген заттар жалғаусыз айтылады да, мүлде белгісіз рой деп ұғынылатын заттар (объектілер) табыс жалғауында айтылады. Мұндай фактілердің болатынын кезінде “Алтай тілі грамматикасының” авторлары да мойындауға мәжбүр болған. Аталған кітаптың 143-бетінде. “Встречаются выражения, в которых предмет определенный ставится в винительном без приставки; и наоборот, неопределенный предмет ставится с приставкой” дегенді айтады да, бірақ олардың солай болу себебін ашпайды. Бұл — бір. Екіншіден, белгілік (определенность), белгісіздік (неопределенность) дегенді қалай ұғыну керек екендігін ашып айтпайды. Соның салдарынан ол терминдерді әркім өзінше түсініп, біреуге белгілі болып көрінген зат басқара белгісіз болып, не керісінше ұғынылып келді. Расында, грамматикалық белгілікті

¹ “Грамматика алтайского языка”. Казан, 1869, 142—143-бет.

не белгісіздікті мағыналық белгілік я белгісіздікпен бір деп санауға болмайды. Жоғарыда аталған авторлардың еңбегінде арасындағы қатынас деп қарайды. Әрине, грамматикада грамматикалық межеге қарау керек десек, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі үшін белгіліктің және белгісіздіктің грамматикалық тұлғасы мынау дерлік дербес қосымшасы жоқ. Дегенмен ондай мағыналық айырмашылық қазақ тілінде мүлде жоқ десек, дұрыс болмас еді. Н. К. Дмитриевтің біз үшін де өте құнды еңбегінің бірі “Грамматика кумыкского языка” атты кітабында белгілілік, белгісіздік деген терминдерге грамматикалық мән беріп, оларды даралық, ортақтық ұғымдармен байланыстырады.

Белгілілік пен белгісіздікті осылай айыру қазақ тілі үшін де орынды болатын тәрізді. Олар, әсіресе бір ат, бұл ат деген сияқты тіркестер үшін өте қонымды, жарасымды ереже сияқты. Бірақ жалғаусыз айтылатын сөздің түбір күйінде де, көптік жалғауында тұрып та ортақ (коллективный) белгісіздік мағынада жұмсалуына күмән келтіруге болады. Біріншіден, қазақ тілінде көптік жалғаудағы сөздер *Мен аттар көрдім* болып табыс жалғаусыз айтылмайды, *Жылқы көрдім* деген жалпылық, ортақтық мағынадағы сөзбен айтылады немесе аттарды деп табыс жалғауында айтылады: *Аттарды байлады, Аттарды сугар, т. б.* Бірақ оларда бірыңғай, біркелкі не әр түрлі ат екендік мағына жоқ, тек көптік мағына бар. Екіншіден, *кітап, ат, отын, ақ* тәрізді жалпылық мағынадағы көптік ұғымда белгісіздік мағынада жұмсалады дейтін зат есімдердің тура толықтауыш қызметінде солай жалғаусыз айтылатын жерлері бар; *ағаш, шаш, қалпақ* деген тәрізді көптік жалғауын жалғамаса да жалпылық, көптік мағынада жұмсалатын сөздер кейбір сөйлемде белгісіздік ұғымда болғанмен, табыс жалғауда айтылуы мүмкін.

Ол маған қарай бір қалпақты лақтырып кеп жіберді. Ол шашты майлап өріп тастады. Қалың ағашты аралай жүгірдік.

Әрине, бұл сөйлемдердегі *қалпақ, шаш, ағаш* деген тура толықтауыш қызметіндегі сөздер жалпылауыш зат болғанмен, сол сөйлемдерде оларды жалғаусыз айтуға болмайды. Неге олай? Әлде олар белгілі заттар ма? Жоқ, белгісіз ұғымды (тіпті, бірінші мысалда белгісіздіктің белгісі бір деген сөз де бар) толықтауыштар. Сонда да, олардың табыс септікте айтылуы сөйлемнің экспрессивті қалыпта екендігімен, тура

толықтауыштарға екпін түсіріле, басқа сөздерден гөрі басым мағынада жұмсалыуымен байланысты. Осылар сияқты, жоғарыда айтылған, негізінде дұрыс берілген схемаға сыймайтын басқа мысалдарды қоспағанда (оларды кейін айтамыз). Н. К. Дмитриевтің белгілілік пен белгісіздікке грамматикалық мән беріп, оларды даралық, ортақтық деп айыруын елеусіз қалдыруға болмайды. Бірақ ондай белгілі толықтауыштарға жататын заттар, Н. К. Дмитриевтің айтуы бойынша, бізге бұрыннан таныс — белгілі болса, олар толықтауыш қызметінде жалғаулы болады, егер зат туралы бізге бірінші рет айтылған болса, оны бұрын білмесек, тура толықтауыш қызметіндегі ондай зат жалғаусыз болады¹ деген пікір қазақ тілінің фактілерімен қабыса бермейді.

Тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалыуы жайындағы жоғарыда аталған авторлардың көзқарасы соңғы жылдарға шейін сол қалпында барлық түркі тілдеріне ортақ негізгі грамматикалық ереже ретінде қолданылып келеді. Мысалы, ұйғыр тілі грамматикасының авторының бірі проф. В. М. Насилов 1940 жылы шыққан кітабында жоғарғы заңдылықты тура толықтауыштың екі түрлі тұлғада жұмсалыуының мызғымайтын берік тірегі есебінде түсіндіре келіп, былай дейді: “Таким образом, винительный падеж выражает объект действия. Он образуется двойко: если объект действия определенный, он приобретает суффикс — ні, если объект неопределенный, он, подобно именительному падежу представляет основу имени”². Бірақ бұл ереженің барлық жағдайда қолданыла бермейтінін аңғарып, автор ақыр аяғында: “Винительный падеж в разговорном языке иногда употребляется без суффикса — ні и при определенном объекте”³ дегенді айтады. Бірақ, не пайда, оның сырын ашпайды. “Основы синтаксиса туркменского литературного языка” деген кітаптың авторы проф. А. П. Поцелуевский де жоғарғыдай пікірді айтумен қатар белгісіздіктің мынадай жағын сөз етеді: “Когда прямое дополнение имеет при себе артикль неопределенный “бир”, оно, как правило, употребляется без показателя винительного падежа”⁴. — дейді. Солай дей тұрып, ізінше. “Однако, слова с неопределенным ар-

¹ Ол туралы тағы Н. К. Дмитриевтің “Строй турецкого языка” (М. — Л.) деген кітабының 217—218-беттерін қараңыз.

² Проф. В. М. Насилов. Грамматика уйгурского языка. М., 1940, 42-бет.

³ Проф. В. М. Насилов. Грамматика уйгурского языка, М., 1940, 43-бет.

тиклем бир иногда могут все-таки принимать показатель винительного падежа” дегенді мойындайды. Бірақ бұл пікір проф. А. П. Поцелуевскийге басқа ой салмайды, оны да баяғы белгілікке апарып жатқызады.

Қазақ тілі грамматикасының авторлары да тура толықтауыштың жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалу себебін сол белгілілік, белгісіздік ыңғайда түсіндіреді.

Орыс тілінде *некий, какой-то* (*некий Иванов, какой-то мальчик*) дегендей белгісіздік қазақ тілінде *бір, біреу...* деген сияқты сөздер арқылы айтылады (мысалы, *Бір күні Рақыш* деген бір балаға бір жолаушы кез болыпты). Оның үстіне сөйлемнің кейбір мүшесін арнаулы жалғауда я жалғаусыз айтудың да, Н. К. Дмитриев көрсеткендей, қазақ тілінде де белгілілік (деинитивность — определенность) пен белгісіздік (индефинитивность — неопределенность) категорияның синтаксистік амалы болатынын байқаймыз. Сол амалмен тура толықтауыш бірде жалғаулы, бірде жалғаусыз айтылып, жалғанса — белгілі, жалғанбаса — белгісіз болатыны бар. Бірақ ол барлық жағдайда бірдей абсолюттік заң емес; бірқатар сөздердің, мысалы, табыс жалғауда айтылуында белгілілік ұғым болса, бірқатар сөздердің табыс жалғауда тұрып, тура толықтауыш болуында ондай айырмашылық жоқ болып шығады. Мысалы: *Мына атты отқа қой. Рақым қолындағы хатты жыртып тастады* дегендегі толықтауыштардың белгілі екендігі олардың алдындағы анықтауыштарынан-ақ айқын болып тұр. *Ал өнерді үйрен де, жирен* (Мәтел). *Баланы оқытуды жек көрмедім. Даланы жым-жырт, дел-сал ғып, Түн басады салбырап* (Абай) дегендердегі табыс жалғаулы толықтауыштарда ондай белгілілік жоқ. Соңғы мысалдарды даралық (уникальность), көптік (плюральность) тұрғысынан да қарауға болмайды.

§ 64. ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ЖАЛҒАУЛЫ БОЛЫП ЖҰМСАЛУЫ

Тура толықтауыштардың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалу себептерін дұрыс түсіну үшін, олардың әрдайым жалғаулы болып жұмсалатын ережелерін айқындау керек. Олар мыналар:

¹ Аталған кітаптың 45-бетін қараңыз.

1. Тура толықтауыш өзі қатысты сөздер (көбінесе сабақты етістіктен) қашықтап тұрып, екеуінің (толықтауыш пен толықталатын сөздің) ортасында басқа сөйлем мүшесі тұрса, ол жалғаулы болады:

Кітапты кітапханадан алдым. Малды таудың бөктеріне жайдық.

Есім мен етістіктің тіркесінен құралған күрделі баяндауыштар тура толықтауыштарды ортақтаса меңгергенде де, соңғылар әр уақытта жалғаулы болады:

Баланы жақсы көремін. Биылғы табыстарды баянды етейік. Бұл сөзді мақұл көреді.

2. Экспрессивті мағынада жұмсалатын күрделі не қосарлы етістіктердің жетегінде айтылатын тура толықтауыштар да әрдайым жалғаулы болады:

Асқар есікті ашып кеп жіберді. Марат барабанды қағып-қағып жіберді. Ол атқа қамшыны басып-басып жіберді. Сабыржан таяқты жіберіп кеп қалды. Поезды көре сала сыртқа шықтым. Тәуекелге бел байлап, терезе сыртынан басқышты қойып жіберіп, ...жалма-жан күршегі ашық терезені тартып қап ем, ашылып кетті. Бүркітбай бар пәрменімен кебежені теуіп кеп жіберіп еді, қиюы қашқан тақтайлар быт-шыт болды (С. Мұқанов).

Бұл сөйлемдердегі тура толықтауыштарды жалғаусыз айтура болмайды. Олай болуы, әрине, толықтауыш болған сөздердің белгілі болғандығынан емес, өзгеше әуенмен айтылған етістіктердің ықпалына еріп, екпініне ілесе, жалпы сөйлемнің экспрессивті өзгешелігіне “үн қосқандығынан”, сөйтіп, олардың да басым мағынада айтылғандығынан деп білу керек.

Сол сияқты тура толықтауыштар мынадай с и н т а к с и с т і к ж а р д а й л а р д а да белгілі, белгісіз болуына қарамай, әрқашан жалғаулы болып айтылады.

1. Сөйлемде тура толықтауыш болған сөзге не онымен байланысты сабақты етістікке логикалық екпін түскенде, ол жалғаулы болады:

Өнерді үйрен де, жирен (Мақал). Қасқыр алатын тазылар борсықты жіберсін бе? (Ғ. Мұстафин) Асау Терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып жол салған тасты жарып (Абай).

2. Бір сөз бір сөйлемде екі рет айтылып, бірі бастауыш, бірі тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олардың сол синтаксистік қызметі айқын болу үшін, тура толықтауыш үнемі жалғаулы болады:

Адам адамды сыйлайды. Балықшы балықшыны көрді. Бір кемпір бір кемпірді әже дейді (Мақал).

3. Бір етістікке бағынған бірнеше бірыңғай тура толықтауыш мек, пен, бен жалғаулықтары арқылы не жалғаулықсыз, интонация арқылы байланысып, екеуі (кейде үшеу-төртеуі) бір тұлғаға ортақ болып айтылу керек болғанда, олардың ең соңғылары көбінесе жалғаулы болады:

Әдебиет пен тарихты бөлуге бола ма? (С. Мұқанов). Шалшық пен сазды кешіп, тықырын тіпті сездірмей барады (Ғ. Мұстафин).

4. Тура толықтауышты қызметіндегі зат есімдер қос сөз болса олар да әр уақытта жалғаулы болады:

Сай-сайды жағалай ілгері жүрдік. Ол тау-тауды кезіп жүр. Біз ауыл-ауылды аралай жүрдік.

5. Тура толықтауыш болған зат есімнің мағынасы етістіктің лексикалық мағынасымен тығыз байланысты болмай, әдетте ол екеуі қатар келмейтіндей сөз болса, басқаша айтқанда, бір затқа тән қимыл өзге затқа ауыстырыла айтылған метафора болса, олар да жалғаулы болады:

Пароход теңізді тіліп барады. Балалар үйді басына көтерді. Ән салды таңды мақтап сансыз торғай (С. Торайғыров). Ол қызына екі пікірді сіңіруге қатты тырысты (С. Мұқанов).

Бұл айтқандардан басқа мынадай сөздер сөйлемде тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар әрқашан табыс жалғауда айтылады. Олар:

1. Кісі аттары мен олардың орнына жүретін есімдіктер:

Лермонтовты, Гогольді, Некрасовты қарап... қыстың аяғына қарай Толстойға ауармыз (С. Мұқанов). Есжанды елемеген болмайын,— деп, Жомарт Есжанға баруға бой ұрды. Бір жағы Жақышты, екінші жағы Жомартты қостайды. Жақышты жақтайсың... деп, қылды зой қылықты. Ұзақ күрес біреуді жалықтырады, біреуді құнықтырады. (Ғ. Мұстафин.)

Мені сұрады, оны шақырды, сені байқамады, бізді таңи кетті дегендер де жоғарыға жатады.

Кісі аттарынан кейін *жолдас, азамат, апай* сияқты қосалқы айқындауыш айтылса, олар да кісі атымен тіркесіп, тура толықтауыш қызметінде жұмсалғанда, жалғаулы болады:

Тайманов жолдасты көрдім, Николай ағайды шақыр.

Бірқатар оқымыстылар, мысалы Н. К. Дмитриев, кісі аттары мен жіктеу есімдіктерінің тура толықтауыш қызметінде тек жалғаулы болуын ол сөздердің белгілілік категориясына жататындықтан деп қарайды¹. Біздіңше, жоғарыда айтылған сөздердің тура толықтауыш қызметінде үнемі жалғаулы болуының² негізгі себебі олардың мағыналық мазмұнының белгілі болуында емес, ол сөздердің синтаксистік негізгі қызметінің өзгешелігінде болу керек. Олар арнаулы (потенциальные) бастауыштар, қимыл иелері: олардың өздерінің сондай қимылына, ісіне тән тура толықтауышы болуға тиісті сөздер. Сондықтан олар сөйлем ішінде толықтауыш қызметінде айтылғанда, бастауыш болып кетпеу үшін, басқаша айтқанда, синтаксистік қызметі айқын болу үшін әр уақытта толықтауыштың формалық белгісін — табыс жалғауын — сырттан қабылдап тұрады. Мысалы, *Олар Жарасты көрмеді* дегендегі тура толықтауыштың табыс жалғауын түсіріп айтсақ (*Жарас көрмеді*) бұрынғы толықтауыш енді бастауыш мағынасында жұмсалған болады. *Рас, мен, сен, ол, Қасым, олар* деген есімдіктер мен жалқы есімдер³ жеке алғанда, белгілілігі айқын сөздер. Бұл жағына қарап, *әрине, біз, біздер, сіз, сіздер, Қасымдар, олар* дегендерді олармен тең қоюға болмайды. Соңғылар алдыңғыларға қарағанда, басқа есімдермен салыстырғанда да жалпылығы айқын, көптік мағыналы сөздер.

Сонда да соңғылардың толықтауышы болу тәсілі алдыңғы сөздермен бірдей екендігі олардың белгілі не белгісіз сөздер екенінде емес, біз айтқандай, синтаксистік қызметінің тұлғалық дифференциация жасауды

¹ Н. К. Дмитриев. "Грамматика кумыкского языка", М.-Л., 175-бет, 1948, А. К. Кононов: "Имена собственные, личные и указательные местоимения, являясь сами по себе элементами определенными, будучи объектами, всегда оформляются винительным падежом", — дейді. ("Грамматика турецкого языка", 1941, 280-бет). Э. Севортян да жалқы есімдерді "Совпадают с вещественной конкретностью" деп танып, олардың толықтауыш қызметінде жалғаулы болу себебін сонымен түсіндіреді. (Вестник МГУ, № 12, 1948, 92-бет.)

² Кейде, ауызекі тілде, кісі аттары тура толықтауыш мағынасында жалғаусыз да жұмсалады. Біреу екінші біреуден:— Тұрсынбек, Оспан көрдің бе? — деп сұрай береді.

³ Кісі атынан басқа жалқы есімдер ескі жазуларда да (С. Е. Малов, "Памятники древнетюркской письменности", 68-бет), осы күнгі тілде де толықтауыш қызметінде жалғаусыз айтыла беріледі.

керек етуінде. Бұл жағдай кейде арнаулы бастауыш емес, бірақ бастауыштық қызметі басқа сөздерден гөрі айқын зат есімдер үшін де міндетті шарт болады. Ішінде белгісіз толықтауыштары бар мына сөйлемдерді салыстырыңыздар: *Ол бір әдемі торы ат жетектеп келді. Ол кітап көтерген бір баланы ертіп келді.* Бірінші сөйлемнің табыс жалғаусыз айтылған *ат* деген толықтауыштың алдына белгісіздіктің белгісі бар (*бір*), бірақ оған табыс жалғауын жалғап айту шарт емес, бұл арада жалғанбағаны дұрыс-ақ. Жалғана қойса, сол сөзге екпін түскендігін білдіреді. Ал, сол сияқты, екінші сөйлемдегі *бір баланы* деген тура толықтауыш белгісіз болғанмен, табыс жалғауда тұр. Оның жалғануын түсіндіріп айтуға болады, бірақ жалғаусыз айту сөйлем мағынасына екі ойлылық тудырады. Өйткені ол — *ат* деген бірінші сөйлемдегі толықтауыштай емес, *жетектеп келді* деген баяндауыштық қимылға ие бола кетуге ыңғайлы, бастауыштық икемі бар сөз. Ол бастауыш қызметінде ұғынылмау үшін жалғаулы қалпында тура толықтауыш болып тұр. Бұдан шығатын қорытынды: сөйлемде объектілік мағынасы өзі-не-өзі айқын сөздер тура толықтауыш қызметінде жалғаусыз айтылады да, толықтауыштық қызметі көмескі, синтаксистік қызметі өзгеше сөздер жалғаулы болып келеді.

Кісі аты мен жіктеу есімдігінің бастауыштық қызметі ерекше екендігін аңғару үшін жоғарыда айтылғанға қосымша ретінде бірнеше мысалға талдау жасайық: *Қоян атқан аңшы бізге қарай жүгірді* деген сөйлемде *қоян* — тура толықтауыштық ыңғайда жалғаусыз айтылған. Ол сөйлемде *аңшы* — бастауыш. Соларды орын ауыстырып, *Аңшы атқан қоян бізге қарай жүгірді* десек, *аңшы* бұрынғы сөйлемдегі *қоян* сияқты, *атқан* сөзімен толықтауыштық қатынаста жұмсалмайды, бастауыштық қатынаста жұмсалады. Оны толықтауыш қызметінде айту үшін оған табыс жалғауын жалғау керек. Сондай-ақ, *Сенен кітап сұраған бала*

Тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалуы монғол тілдерінде де бар. Оның жалғаусыз болуын проф. Г. Д. Санжеев былай түсіндіреді: "В трех случаях, когда объективное положение предмета самоочевидно, суффикс этого падежа (винительный падеж — М.Б.) опускается". (Грамматика бурят — монгольского языка", 1941, 151-бет.)

келді, Маған костюм тіккен тігінші келді дегендегі толықтауыш, бастауыштарды өзгертіп: *Оған Жарасты сұраған хат келді, Маған тіккен костюм келді* десек те, жоғарыдай айырмашылық айқын көрінеді. Ондайды, әрине, толықтауыш болған сөздің белгілі, белгісіздігімен түсіндіруге болмайды, *бала, Жарас, тігінші* дегендерді бастауыш болуға икемі күшті арнаулы бастауыштық сөздер болғанымен, *кітап, костюм, хат* дегендердің арнаулы толықтауыш екендігімен ғана түсіндіруге болады. Орыс тілінде де *Дом построил плотник* — *Плотник построил дом* дегендердің құрылысы бір болғанымен, олардағы бастауыш пен толықтауыштың баяндауышқа қатысы бірдей еместігінде сөйлем құрамындағы ол сөздердің синтаксистік қызметтерінің ерекшелігінен деп білу керек. Сол себептен етікші тіккен етік (сапоги сшитые сапожником или сапожником сшитые сапоги), *етік тіккен етікші* (сапожник, который сшил сапоги) дегендер *етікші* (сапожник) сөзі етістіктің алдында тұрғанда да, одан кейін тұрғанда да бастауыштық қатынаста, *етік (сапоги) сол сияқты орында объектілік қатынаста тұр.*

Бұдан шығатын қорытынды: арнаулы толықтауыш болатын зат есімдер сөйлемде табыс жалғаусыз-ақ етістік термен қатар айтылса да, сол қызметін жоймайды. Аларнаулы бастауыш болатын сөздер толықтауыш қызметінде жалғаусыз айтылса, бастауыш болып ұғынылатындықтан, ол қызметте жалғаулы болып жұмсалады.

2. Сын, сан есімдер, есімшелер, сілтеу есімдіктерінде тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болып жұмсалады. Мысалы:

Жақсыны көрмек үшін (Мақал.) Көтерілді күміс күн, Кремль соқты сегізді (Ә. Сәрсенбаев). Мен оған отызды берген болар едім. Қазақ баласы асауды үйрете біледі. Жеті класты бітіргенді алмады (Ғ. Мұстафин). Амантай алыстан аттыны көрді (С. Мұқанов). Ащы мен тұщыны татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер. (Мақал.) ...Тоқсан тоғызды бөгейді (Ғ. Мұстафин).

Сапалық есімдердің тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болу себебі — олардың да, кісі аттарымен жіктеу есімдіктері тәрізді, негізгі синтаксистік

қызметінің (негізгі қызметі — анықтауыш, пысықтауыш) ерекше болуымен байланысты. Олар (арнаулы анықтауыш, пысықтауыштар) толықтауыш қызметінде айтылу үшін тура толықтауыштық белгі — табыс жалғауы жалғануы керек, әйтпесе олар анықтауыш не басқа мүше болып кетеді¹.

3. Тәуелдік жалғаудағы сөздерде тура толықтауыш қызметінде әрдайым табыс жалғауына қойылып айтылады:

*Өмірім балдай балдырған,
Құмарымды қандырған.
Көңілімді, көзімді,
Өмірімді, өзімді
Шам-шырақтай жандырған.
(Жамбыл).*

Екеуміз әдейі сақал-мұртымызды қырынып, шашымызды алдық, басымызды жудық.

Тәуелдік жалғауда тұратын сөздердің тура толықтауыш болғанда табыс жалғаусыз жұмсалмауының екі түрлі себебі бар: біріншіден, тәуелдік жалғауда тұрған сөздер, басқа сөздерге қарағанда, айтушыға, тыңдаушыға субъектілік грамматикалық белгісі бар сөздер; екіншіден, тәуелділік жалғауда тұрған арнаулы бастауыштың тура толықтауыштық қызметін айқындау үшін жұмсалады. Сондықтан табыс жалғауын жалғап айтпасақ, бастауыш болып кетеді. Мысалы: *Жолдасымды көрді — жолдасым көрді; қарындасын алдырды — қарындасы алдырды; қойымды жеп кетті — қойым жеп кетті, т. б.*

4. Мағынасы абстракт туынды зат есімдерде толықтауыш қызметінде көбінесе жалғаулы болады:

¹ Г. Д. Санжеев "Грамматика бурят — монгольского языка" деген кітабында былай дейді: "И числительные, и указательные местоимения по своему существу призваны быть оба определениями, каковыми они и являются, оказываясь перед именем. И тогда, когда они оказываются в предложения подлежащими, то снабжаются показателями подлежащности, ибо в противном случае они могут быть поняты как определения следующего за ними имени (146-бет.) Қазақ тілі үшін бұл айтқанды сан есім мен сілтеу есімдігінің бастауыш болуына емес, сын, сая есімдер мен сілтеу есімдіктерінің, есімшенің толықтауыш болуына лайықты ереже деуге болады. Бірақ олар монғол тілінде бастауыш болғанда, бастауыштық тұлғада айтылса, қазақ тілінде толықтауыш болғанда, толықтауыштық тұлғада айтылады.

Сол өсекті басатын шындықты ашыл айтуға жүздері шыдаған жоқ (Ғ. Мұстафин). Айбарша аса бір тәттілікті ұғады (С. Мұқанов). Осынша ең байлықты көре тұра айтпауға бола ма? (Ғ. Мұстафин). Данилов жайлылықты сүйетін. Мәдениетті елдің адамының бір жақсы жері — күнделік өмірінде кездескен жаңалықтарды жазып отырады. Ол Сырдарияның жеңілуіне көзі жеткен адамдай, абыржуды, күйгелектеуді білмеді (С. Мұқанов).

5. Алдында мынадай анықтауыштары бар зат есімдер тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болады:

а) Мына, ана, осы, бұл, анау, мынау, сонау сияқты сілтеу есімдіктері сөйлемде толықтауыштардың (бастауыштың да) анықтауышы болғанда, олар заттың көлемдік сапасы болады. Олар тура толықтауыш болған заттардың басқа заттардан оқшауланған даралық белгісін де білдіреді. Ондай анықтауышы бар тура толықтауыштардан бұрын бір деген белгісіздіктің белгісі тұрса да, олар жалғаусыз айтылмайды:

Осы каналды қазып бітірейік (С. Мұқанов). Настасья, трактор жайындағы мына бір кітапты оқып шықсайшы. Мына бір сөзден қате кетуі мүмкін, оның орнына мына сөзді айт (Ғ. Мүсірепов).

ә) Мекендік ұғымды білдіретін анықтауышы бар зат есімдер. Ондай анықтауыштар жатыс жалғаулы сөзге *-ғы// -гі* қосымшасы жалғанып не жатыс жалғаулы сөзді *-ған// -ген, -қан// -кен* тұлғалы өткен шақтық есімше меңгеріп жасалады. Сөйтіп, алдыңғылар мекендік мағынадағы дара анықтауыш, соңғылар күрделі анықтауыш болады да, тура толықтауыш болып тұрған заттың мекендік белгілігін айқындап тұрады. Ондай анықтауышы бар тура толықтауыштар да жалғаусыз айтылмайды деуге болады:

Қорқытты анам, таңырқатты

Қолындағы кітапты ашып,

Оқып біраз тыңдатты

(Ә. Сәрсенбаев).

Ернеудегі қаймақты ала бергенде, жазатайым қаймақ басына құйылып кетті. Есік алдында жатқан итті көрмеппін. Қар астында қалған сымды суырып алды. (Ғ. Мұстафин). Анатолий Кондратьевич столдың үстінде

жатқан бір дәптерді алып, мынаны көріңізші деп Байжанға ұсынды (С. Мұқанов).

б) *-ғы// -гі, -қы// -кі* жұрнағы жалғанған *м е з г і л д і к а н ы қ т а у ы ш ы б а р* зат есімдер де жалғаулы тура толықтауыш болады:

Олар кешкі тамақты ішіп әңгімеге кірісті.

Бұл айтылғандар — тура толықтауыштар мен оны керек ететін сабақты етістіктің ортасында басқа сөз болмай, ол екеуі қатар айтылатын сөйлемдерге тән ережелер.

Сол орында тұрып объектілік қызметі өзінен-өзі айқын зат есімдер жалғаусыз-ақ тура толықтауыш бола береді (§ 59).

65. ЖАНАМА ТОЛЫҚТАУЫШТАР

Табыс септігіндегі тура толықтауыштардан басқа, *барыс, шығыс, көмектес және жатыс* септіктеріндегі толықтауыштар *жанама толықтауыш* деп аталады. Олай аталуы — оның сөйлемдегі басқа сөздерге қатысы қалай болатынымен байланысты: жанама толықтауыштар тура толықтауыштардай, сабақты етістіктермен ғана тығыз байланысты айтылмай, негізінде сабақты және салт етістіктермен алшақ байланыста тұрып, оларды жанама түрде толықтайды. Субъектінің қимыл процесін, күйін білдіретін етістіктер (кейде есімдер) жанама толықтауыштарды меңгеріп, оның тиісті жалғауда тұруын керек етеді: *Шолпанның жүрегіне түскен жара мәңгі жазылмайтын жара болғаны ма?* (М. Жұмабаев).

*Көзіңді салшы далама
Түкті кілем түріндей.
Тауыма сұлу қарашы,
Қыздардың жиган жүгіндей
(Жамбыл).*

Бұл мысалдардағы *далама, тауыма* деген барыс жалғаулы зат есімдер — жанама толықтауыштар: *тауыма* деген мүше *қарашы* деген баяндауышқа қатысты болып, оны жанама түрде толықтайды, *далама* деген мүше *көзіңді салшы* деген фразалық тіркесті толықтайды.

Осындай жанама толықтауыштардың жеке сөзге не бірнеше сөзге бағынуына қарай, олардың меңгерілуін

кіге бөлуге болады: а) д а р а м е н г е р у; ә) о р т а қ м е н г е р у.

Жанама толықтауыштардың дара етістіктерге менгерілуіне мысалдар:

Адам баласын ауыр бейнеттен құтқарамыз (Ә. Әбішев). Бес саусағыңа қара, бәрі бірдей ме? Дығанақтың кеңінен толғауы оған ұнамады (Ғ. Мұстафин). Жатарда Бекенге бөлек бөлме берілді. (Б. Майлин).

Жанама толықтауыштардың дара есімдерге менгерілуіне мысалдар:

*Елім менің жерге бай,
Айдынды шалқар көлге бай
(Жамбыл).*

*Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық
(Абай).*

Жанама толықтауыштардың ортақ менгерілуіне мысалдар:

*Кірпігің тізіліп миыма қадалып,
Нұр көзің сүзіліп
ойыма от салар
(Шәкәрім).*

Арық атқа қамшы ауыр (Мақал).

Бекеннің аяғымен тепкені жүрегіне ауыр тиді (Б. Майлин).

Жанама толықтауыштар көбінесе етістікке, етістікті сөз тіркесіне қатысты болатындықтан, ал етістіктердің сөйлемдегі басты қызметі баяндауыш болатындықтан, олар, негізінде, баяндауышты толықтайды. Сонымен қатар, олар сөйлемде етістіктен болған басқа мүшелерді де толықтайды. Мысалы: *(Ол) Бексұлтанның аттан құлағанын, текеге таласқан Сатқын мен "Шалқыма" жігіттерін ерекше машықтап күлдіріп айтты (Ғ. Сланов).*

Жанама толықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер — зат есімдер мен олардың орнына жұмсалатын есімдіктер:

Жанат Жантаспен ұзақ әңгімелесті. Кішкене вана машина... Ойыл түтік арқылы бас арыққа құйып тұр (Ғ. Мұстафин). Адамды ақылмен көндіру оңай ма. күшпен көндіру оңай ма? Менің ойлауымша, "Сөз сүйектен өтеді де, таяқ еттен өтеді". Ал сөз өтпеген адамға таяқ та

өтпейді (Ғ. Сланов). Біз ешкімге тимейміз... Ондай мінез кейбіреулерімізде әлі де бар ғой (Ә. Әбішев).

Зат есім, есімдіктерден басқа сөз таптары да зат есім мағынасында жұмсалса, жанама толықтауыш қызметінде айтыла береді:

Жаманға жуан жуымас (Мақал). Білгенге маржан... Білімдіден шыққан сөз, талаптығы болсын кез. (Абай). Тезірек әлгілерге жетпесем бола ма... (Ғ. Мүсірепов).

*Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Соңғыларға қалдырған үлгі-нұсқа.
(Жамбыл).*

§ 66. ЖАНАМА ТОЛЫҚТАУЫШТАРДЫҢ МАҒЫНАЛАРЫ

Жанама толықтауыштар әр түрлі септік жалғауда, әр түрлі тіркестер құрамында айтылатындықтан, олардың мағыналары да әр алуан болады:

Барыс септігіндегі жанама толықтауыштар, негізінде, қимыл процесінің кімге; неге арналғанын, қандай затпенен үстемеленгенін, қандай талап қойылатынын білдіреді:

*Дәулетке батып белшеден,
Ырысқа қандым, кенелдім,
Төрт түлікке толды аймақ,
Осынау аулым колхозда. (Жамбыл).*

Барлық мекемелер мен қызмет адамдары бұл комиссиялардың талаптарын орындауға және соларға керекті материалдар мен документтерді беріп отыруға міндетті. Раушан Бекенге тіс жарып сөз айтпады (Б. Майлин).

Шығыс септігіндегі жанама толықтауыштар көбінесе заттың неден, қандай материалдан істелгенін, қимыл процесінің заттық арнасын, бір заттан екінші заттың баяндауыштық сапасының артық-кемдігін білдіреді:

*Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды
(Ы. Алтынсарин).*

Тастан жер ошақ жасап, шай қайнаттым (Ғ. Мүсірепов.).

*Жұлдыздан көп жарығы
Сан жетпейтін неткен мол
(Жамбыл).*

Сүттен ақ, судан маза; біреуден артық, біреуден кем.
Заттың материалдық тегін білдіретін мұндай жана-
ма толықтауыштар тура толықтауыштармен байланыс-
ты айтылады. Мысалы:

Қара көзден шұр тайса, бір көруге жұқ болар (Мақал).

Ал Жамбылдан сөз шығар,
Асылдан ұшқан қылауда
(Жамбыл).

Қимыл процесінің заттық арнасы болатын шығыс жалғаулы толықтауыштар сөйлемдегі бастауыштармен де мағыналық қатынаста болады. Мысалы:

Ол қолынан тартты. Мырзабек етегімен ұстады.
Жамал баласының бетімен сүйді. Бұл хабарды газеттен оқыдым.

Көмектес септігіндегі жанама толықтауыштар, негізінде, мынандай мағыналарда жұмсалады.

1. Бірлестік және ортақтастық:

Жоқ, ол да құлаған самолетпен бірге түскен көрінеді (Ә. Әбішев). Әрбір Одақтас республиканың шет мемлекеттермен тікелей қатынас жасауға, олармен келісімдер жасасып, дипломатиялық және консульдық өкілдер алысуға правосы бар. Раушан Мәрияммен сүйсіні амандасты (Б. Майлин).

2. Құралдық:

Атты қамшымен айдама, жеммен айда (Мақал).
Ағашты балтамен кестім. Бәріміз де атып тұрып, көзді жұдырықпен уқалай бастадық (Ғ. Мүсірепов).

3. Материалдық, заттық:

Үйдің қабырғасын балшықпен сылады. Қаптың аузын шуда жішпен тіктік. Терезені таза шүберекпен сүрттім. Беті-қолымды сабынмен жудым.

Сәуірде неше түрлі жауар нөсер,
Нөсердің қуатымен жер шөбі өсер.
(Ы. Алтынсарин).

Жатыс септігіндегі жанама толықтауыштар к і м д е?
н е д е? деген сұрақтарға жауап беріп, қ и м ы л д а? н е
д е? деген сұрақтарға жауап беріп, қ и м ы л д ы н н ө
б а с қ а с а п а н ы н з а т қ а т ә н д і г і н б і л д і
р е д і.

Менде паңдық, жат мінезден
Дәнеңе жоқ, жарқыным.
Он сегіз мың бұл валамның
Бар тынысы күнде тұр.

*Мен сықылды сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр
(Абай).*

Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ.

Барыс, шығыс, көмектес және жатыс жалғауларда айтылатын сөздер сөйлемде әр уақытта толықтауыш болмайды, олар сөйлемнің пысықтауыш, кейде баяндауыш қызметінде де жұмсалады.

АНЫҚТАУЫШ ЖӘНЕ АЙҚЫНДАУЫШ

§ 67. АНЫҚТАУЫШТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады.

Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, т. б. қызметтерде жұмсалатын әр заттың өзіне тән, кейде көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты басқа заттардан сондай сапаларына қарай айырып танимыз. Сөйлемде заттардың әртүрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбінесе анықтауыш (атрибут) қызметінде жұмсалады; олар заттың түсі, түр-түрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзімен тығыз байланыста айтылады. Мысалы, *талқ* деген — жалпылауыш зат есім. Оның ұзын, қысқа, жуан, жіңішке, ақ, қара, имек, қисық, қайқы бас тәрізді көптеген сыны болуы мүмкін. Солардың бірі не бірнешеуі бір сөйлемде осы заттың анықтауышы болып, сөйлемде айтайын деген ойымызды айқындай түседі. *Қисық ағаш, қысқа жіп* дегендер -- сын есім мен зат есімдерден құралған анықтауыштық тіркестер. *Бұйра толқын ойнақшып тұр. Жасыл жалырақ сыбдыр қағады* деген сөйлемдердегі анықтауыштар мен анықтауыш сөздер де сын есім мен зат есімдерден құралған.

Қазақ тілінде анықтауыштардың көпшілігі анықтайтын зат есімдерінен оқшауланбай, қатар тұрып, қабыса байланысады, олар (анықтауыш пен анықталатын сөздер) фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек (комплекс) болып тұрады. Мысалы, *семіз қой, гүлденген өмір* сияқты анықтауыштық тіркестегі сөздер жұбын жазбай қабыса

байланысады да, тиісті грамматикалық тұлғалар тек анықталатын зат есімдерге жалғанады.

Анықтауыштар сөйлемде заттың әр түрлі белгісі¹ болып, бағыныңқы мүше ретінде жұмсалғанмен, олар анықтайтын затына, сонымен қатар түгел сөйлемге көрік беріп, әсерлі етіп тұрады. Сондықтан олар әдебиетте көрікті ойдың көркем бояуы қызметінде де жұмсалады. *Бұйра толқым, асау Терек (Абай), алтын күн, жазық дала, жұмсақ жел, т. б.*

Бұл сияқты эпитеттердің поэтикалық тілде көркемдік мәні зор.

Жалпы ереже бойынша анықтауыштар зат есімдерден болған мүшені анықтайды. Кейде ол зат есім орнына жұмсалған есімді, сан есімді де анықтауы мүмкін:

Асқар мен Ержан далаға шықса... көзілдірікті, қылышты біреу арбадан түсіп жатыр екен (С. Мұқанов). Есік алдында Олжабек мінген торы қаңтарулы тұр екен (Ғ. Мұстафин).

Анықтауыштар бір сөзден де, бірнеше сөзден де құрала береді. Сондай құрылысына қарап, оларды **д а р а а н ы қ т а у ы ш**, **к ү р д е л і а н ы қ т а у ы ш**, **ү й і р л і а н ы қ т а у ы ш** деп үшке бөлеміз.

Түрлі сөз таптарынан жасалатын анықтауыштардың мағыналары да әр түрлі болады. Оларды мағынасына қарай негізгі екі топқа бөлуге болады: 1) **с а п а л ы қ а н ы қ т а у ы ш**; 2) **м е н ш і к т і а н ы қ т а у ы ш**.

С а п а л ы қ анықтауыштарға сын есім, сан есім, есімдік, есімше, атау тұлғалы зат есімдерден болған анықтауыштар жатады; **м е н ш і к** анықтауышқа ілік жалғауында айтылған анықтауыштар жатады.

Сапалық анықтауыштар анықтайтын сөздерімен **қ а б ы с а** байланысады, меншікті анықтауыштар **м а т а с а** байланысады.

§ 48. СЫН ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН АНЫҚТАУЫШТАР

Атрибуттық қатынаста жұмсалатын сөздердің негізгі түрі — **с ы н е с і м д е р д е н** болған анықтауыштар. Сын есім өздеріне тән қасиеттерімен байланысты заттың сапалық белгілерін я тікелей, я ол заттың басқа

¹ Етістіктерден болған мүшелер заттың қимылдық сапасын білдіреді, оны А. А. Шахметов актив белгі (признак), сын есімнен болған анықтауышты пассив белгі деп қарайды. ("Синтаксис русского языка", 1941, 290—291-беттер).

затқа қатысы арқылы білдіреді¹. Сын есімнің семантикалық негізгі оның сапаны білдіретіндігінен² я затқа тән сапа болатындығынан көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалады.

Сөйтіп, сын есімдерден болған анықтауыштар сөйлемде заттардың әр алуан сапасын, қасиетін көрсетеді:

Батысқа қарай... жүйрік поезд жол тартқан (Жамбыл). Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, күз болып, дымқыл тұман жерді басқан (Абай). Мынау ақ шаш пен бурыл мұрт қап-қара болып қайта түлейді (Ғ. Мұстафин). Домаланып тау өзені тулап жатты, лықсытып көк толқынды аспанға атып (З. Қалауова). Сибирьдің салқын самалы соғып тұр (С. Мұқанов). Сайрандап бұйра толқын еркін суда, бақ өсіп кемелерде кетті қалқып (Жамбыл).

Басқа сөз таптарынан жұрнақтар жалғанып жасалған туынды сын есімдер де, анықтауыш қызметінде жұмсалғанда, анықтайтын сөздерімен әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланыста болады. Олар да анықтайтын сөздерінің алдында тұрып, негізгі сын есімдердей қабыса байланысады:

*Алып келдім алыстан
Бақытты қазақ халқының
Махаббатты, жалынды
Большевиктік жалынды
Большевиктік сәлемін
(Жамбыл).*

*Алтынды Кремльдің жұлдыздарын
Күн сүйді аударғандай ынтызарын
(Ә. Сәрсенбаев).*

Анау қалың бидайықты балғын көлдер менен тоғайлар, ақ жоңышқалы судыр, миялы талды шұңқырлар мен мамықты көлдер, шортандар мен жайындардың ғана несібесі болғаны несі? (Ғ. Сланов). Асқар үстіндегі тонын басына жастанып, кроватқа қисая кетті (С. Мұқанов). Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ (Абай). Қобдидай жаңа үйлер, тартқан сымдай көшелер көрінеді (Ғ. Орманов).

Бірақ туынды сын есімдерден болған анықтауыштардың синтаксистік байланысы зат есімнің түбір

¹ Қар.: Грамматика русского языка, т. 1. 1952, 28-бет.

² В. В. Виноградов. Русский язык, 1947, 182-бет.

күйінде анықтауыш болуынан әлдеқайда босаң болады. Оның мынадан байқаймыз: *алтын сағат, тас жол* сықылды анықтауыштық топтың ортасына басқа сөз кірістіріп, оларды әрлі-берлі ауыстыруға болмайды. Ал туынды сын есімдерден болған анықтауыштар мен анықталатын сөздің арасында басқа сөздер, көбінесе басқа анықтауыштар, бола береді. Мысалы, *кең алқапты жазық дала; бұлтсыз ашық аспан*.

§ 69. САН ЕСІМДЕР МЕН СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНЕН БОЛҒАН АНЫҚТАУЫШТАР

Заттың сандық, өлшеулік сапасын білдіретін сан есімдер де анықтауыш қызметінде негізгі және туынды түбір тұлғасында жұмсалады. Грамматикалық өзгерістер ондай анықтауышы бар сөз тіркесінің анықтайтын сөзінде болады¹.

Сөз төртінші уақыттың бастығы Перизат Әлімова жолдасқа берілді (Ә. Әбішев). 30 қарашада он екінші ұтыс тиражы өткізілді.

Сан есімдердің анықтауыштық қызметте, бір жағынан, заттың есептік, реттік, мөлшерлік, т. б. санын білдіруі, екінші жағынан мезгілдік, салмақтық, көлемдік ұғымының өлшеуіші болуы оның қандай затқа қатысты екендігіне байланысты: *үш бала, он бес қой, алтыншы бригада; бес килограмм қант, 100 метр, үш сағаттық жұмыс, екі айлық курс, үш құлаш арқан, мың километр жерде, т. б.*

Анықталатын зат белгілі болып, оны басқа заттан айыра тану керек болғанда, оның алыстығын не жақындығын білдіру керек болғанда сілтеу есімдіктерін анықтауыш қызметінде жұмсаймыз:

Қасқырдың бұл қылығын мазақтап күле-күле екі ешкі Жартыбайға қайтып келді (Ертегі). Бұл сұрауға түсіне алмай, енді Саржан таңданды. Қазірден бастап анау екі адамды өзінің жұмысына салыңыз (Ә. Әбішев). Ана кісі тоқта деді гой сізге, тоқтаңыз деді тағы да бір дауыс (Ғ. Мұстафин). Сіңілім, мына қағазды ал да, біздің үйге бар (Ә. Әбішев). Мына қыз мені сүріндірді, енді айтпасыңа болмас.— деді (Ә. Сәрсенбаев). Мен сол

¹ Қара.: Н. А. Баскаков. "Ногайский язык и его диалекты", 1941, 73, 106-беттер. Н. К. Дмитриев. "Грамматика башкирского языка". 1948, 89, 70, 71-беттер. А. Катанов. "Опыт исследования урянхайского языка", 1903, 898-бет.

елсіз күзды мәңгі ұмытпаймын (Ә. Әбішев). Осы үйді ұстап тұрған 42 бауды үш жыл тоқып азар бітірген (Ғ. Мұстафин). Осы соғыс қайғы-қасіретті қанша селдеткенмен, біздің елдің даңқын бүкіл адам баласының ұрпағына, болашаққа мұра етіп қалдырғалы тұр.

§ 70. ЕСІМШЕЛЕРДЕН БОЛҒАН АНЫҚТАУЫШТАР

Есімшелер, сын есімдер сияқты, анықтауыш қызметінде де жұмсалады. Ол заттың қимылдық сапасы ретінде анықтауыш болады:

Қаусаған елге әл беріп, жұмақ еткен заманым. (Жамбыл). Жан-жақтан біреудің сүйінген, біреудің наразылық білдіріп күйінген дауыстары көтеріліп, шуға айналды (Ғ. Сланов). Асқар кешірек келген қара көзін газеттің жалпақ бетіне жүгіртіп отыр еді, бір кезде жүгірген көз бір жеріне барып қадала қалды (С. Мұқанов). Бұл шал жұмысшылар арасында Жақаң атанған, оңашада мысқылшыл, көп алдында жақ ашпайтын момын, адал жұмысшы еді (Ғ. Мұстафин). Атар таңмен араласып, ән шырқаған қандай ерке? (Ә. Сәрсенбаев). Өсер малда өлім жоқ (Мақал). Демеңдер өнбес, іске жұбаналық, ақыл тапсаң, мал тапсаң, қуаналық (Абай).

Есімшеден болған анықтауыштар анықталатын заттың өз қимылы, іс болуы да не басқа заттың қимылы, іс-әрекеті болуы да мүмкін. Басқаша айтқанда, қимыл анықтауыштардың анықтайтын сөз онымен субъектілік қатынаста болады. Мысалы, оқыған кісі дегендегі есімше кісінің өз іс-қимылы болып ұғынылса, оқыған кітап (мен оқыған кітап), оқылған кітап дегендегі оқыған, оқылған деген есімшелер субъектінің ісі болып ұғынылады. Келетін адам, келетін жер дегендерді салыстырсақ, алдыңғыда келетін анықталып тұрған заттың (адамның) өз қимылы болса, соңғыда басқа біреудің келетін жері мағынасында ұғынылады.

Есімшелердің барлық түрінің анықтауышы болу қызметі бірдей емес. Олардың ішінде анықтауыш болып жиі кездесетіндері — өткен шақтық есімшелер.

§ 71. ЗАТ ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН АНЫҚТАУЫШТАР

Зат есімдердің түрлі заттық анықтауыштары болуы мүмкін. Заттық анықтауыштар анықтайтын сөздерімен мынадай байланыста айтылады:

1. Екі зат есім атау күйінде қатар айтылып, алдыңғысы соңғысына анықтауыш болады (§ 15): *қол сағат, темір күрек, мал қора, қал-қал астық.*

2. Екі зат есімнің алдыңғысы ілік жалғауда, соңғысы тәуелдік жалғаудың бірінде тұрып, анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Изафеттік құрылыстың III түрінде айтылатын сөз тіркестері өзара матаса байланысады. Ілік жалғаулы сөз анықтауыш, тәуелдеулі сөз анықталушы болады. Мысалы: *Менің қарындасым университетте оқиды. Сенің баяндамаң бәрімізге де ұнады. Жарастың бригадасы жұмысқа қызу кірісті.*

Ілік жалғаулы анықтауыштар, жоғарғы мысалдардағыдай, көбінесе анықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Кейбір өлеңді және диалогты сөйлемдерде олардың орны ауысып келуі де мүмкін.

*Кең даласы қазақтың
Құлпырады гүл жайнап (Жамбыл).*

*Алмасы Алатаудың көлке мәлім,
Әркім де татқан шығар тәтті дәмін
(Ә. Сәрсенбаев).*

— *Аты кім еді соның (С. Мұқанов).*

Матаса байланысқан анықтауыш пен анықталатын сөздің ортасына басқа сөздер түсіп, бірінен-бірі қашықта тұра береді:

Мұны миллиондаған қазақ жастарының өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында қажырлы түрде еңбек етіп келе жатқандығынан көруімізге болады (Газеттен).

Кейде ілік жалғаулы бір анықтауыш бірыңғай бірнеше мүшелерді анықтай алады:

Еліміздің заңы барлық азаматтың өз еңбегімен тапқан кірісін, тұрғын үйін және қосымша үй шаруашылығын, үй мүлкін және басқа да тұтынуға керектілерін меншіктеу правосын қорғайды (Егемен Қазақстан).

Кейде, керісінше, ілік жалғаулы бірнеше анықтауыштың анықтайтын сөзі біреу-ақ болады.

Бұл жұмысқа РТС-тердің, совхоздардың басшылары айрықша назар аударып отыруға міндетті (Газеттен).

Кейде ілік жалғаулы анықтауышты анықтайтын сөз ілік жалғауда айтылып, ол сөйлемнің басқа мүшесін анықтауы мүмкін:

Үкіметіміздің әр түрлі қаулыларын іске асыруға халқымыз қызу кірісті. Біздің көп ұлтты еліміздің барлық халықтарының праволары бірдей. Әр түрлі меншік біздің бүкіл қоғамдық құрылысымыздың негізі болып табылады.

Зат есімдерден басқа, есімдіктер, субстантивтенген сын есім, сан есім, есімшелер де ілік жалғауында айтылып анықтауыш бола алады.

Матаса байланысқан сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болуына қарай, анықтауышпен анықталатын мүшелер әр алуан мағыналық қатынаста жұмсалады (§ 22).

Ілік жалғауда жұмсалуға тиісті анықтауыштар анықтайтын сөзінің тәуелдік жалғауынан белгілі болатындықтан сөйлемде айтылмаса да болады:

Отанымыз — анамыз. Өзенді жағалаған құм жол екі айрылып, бірі сол жақтағы аудан орталығы Көкжарға бұрылғанда, екіншісі оң жақтағы Барқынды жұлықтай тартты (Ғ. Мұстафин).

Бұл мысалдардағы *Отанымыз, анамыз* деген тұрлаулы мүшелердің айтылмаған анықтауышы — біздің. Ол — анықталатын сөздердегі — *мыз* деген тәуелдік жалғауынан белгілі болып тұр. 3-мысалдағы *бірі, екіншісі* деген сөздердің айтылмаған ілік жалғаулы анықтауыштары — *жолдың*. Ол сонымен тіркесетін сөздердің тәуелдік жалғауларынан және контекстен белгілі болып тұр.

Осындай, анықтауыштың сөйлем ішінде ерекше айтылмауы сөйлемнің беретін мағынасының аз сөзді — ықшамды — болуымен байланысты. Сөйлемнің ықшамды болып құралуы — стильдік талапқа сай болатындығынан. Кейде ілік жалғаулы анықтауышқа ой екпінін түсіріп, оны басым әуенмен айту керек болғанда, не ілік жалғаулы анықтауыштың қай сөз екені контекстен белгілі болмайтын жағдай да кездеседі. Ол да сөйлемнің стиль мәселесіне жатады. Мысалы, сөйлемде бастауыш болған есімге тән заттарды атағанда, көбінесе олардың анықтауыштарын елеусіз қалдырамыз: *Жарас тымағын қолына алды* деген сөйлемде *тымағын* — *Жарасқа* тән зат деп ұғамыз, бірақ ол грамматикалық қатынастағы анықтауыш емес, *тымағын* дегеннің ілік жалғаулы анықтауышы — *өзінің*. Ол ерекше айтылмаған, сонда да сөйлем олқы болып тұрған жоқ. Ал сол анықтауышқа ой екпінін түсіріп, дәлдеп айту керек болғанда, *Жарас өзінің тымағын қолына алды* дер едік.)

Жалпы ереже бойынша, бір сөз (біз, сіз дегендерден басқа) ілік жалғауда айтылса, сонымен байланысты басқа сөз қалай да тәуелдік жалғауда болады, керісінше. сөйлемде тәуелдік жалғаулы сөз болса, сол сөйлемде қалай да ілік септікті сөз болуы керек; қысқасы, олар бірінсіз-бірі жұмсалмайды. Тек күні кеше түні бойы, өткен жылы, 1953 жылы сияқты тіркестерде және шалқасынан, етпелімен сияқты үстеулерге айналған біраз есімдер тәуелдік жалғауда айтылғанмен, жоғарыдай толымды сөз тіркесінде жұмсалмайды.

Ілік септікті анықтауыштар анықтайтын сөздерімен қатар тұрғанда кейде жалғаулы, кейде жалғаусыз жұмсалады. Ол екеуінің ортасында басқа сөздер болғанда және мына төмендегі сөздер ілік септікті анықтауыш қызметінде жұсалғанда, олар әр уақытта жалғаулы болады:

1. Есімдіктер (өз дегеннен басқа): *менің талабым, біздің сертіміз, сенің қарындасың, сіздің уәденіз, оның табысы, мынаның кесірі, осының айтырғаны, кімнің қызы? нечкі терісі? әркімнің айтырғаны, т. б.*

2. Сын есімдер: *жақсының марамалы, жамалдың кесектігі, қызылдың қызылы, ақылдың сөзі, кешегінің жалғасы, т. б.*

3. Сан есімдер: *екінің бірі, онның жарымсы, екеудің алдыңғысы, үшіншінің қарғылы, т. б.*

4. Есімшелер: *білгеннің сөзі, айтырғанның жамалы, т. б.*

5. Тәуелдік жалғаулы есімдер де ілік септікті анықтауыш қызметінде көбінесе жалғаулы болады: *жолдасымның кітабы, қарындасымның талабы, інісінің баласы.*

Егер ілік жалғаулы сөздер біріне-бірі сапалымен құрылған анықтауыш болса, олардың алдыңғылары тәуелдік жалғауда тұрғанмен, ілік жалғауы түсіріліп, ең соңғылары ғана жалғаулы болуы мүмкін. Мысалы: *Институт директорының орынбасарының кабинеті сияқтылар Институт директоры орынбасарының кабинеті* болып та айтылады.

6. Зат есімдерден болған ілік жалғаулы анықтауыш бірнеше мүшелі бірнеше сөзге қатысты болса да, анықтауыш үнемі жалғаулы болады. *Үйдің есігі, терезелері ашық тұр екен. Қалхаддың бау бақшасы, алекер отбасы, мектеп үші бізге алыстан көріледі.*

§ 72. КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ ҮЙІРЛІ АНЫҚТАУЫШТАР

Анықтауыштар, басқа сөйлем мүшелері тәрізді, әлденеше сөзден де құралады. Олар өзара берік байланыста тұрған сөз тіркестері болады: *ұзын бойлы жігіт, ақ сақалды кісі, ши барқыт қамзолды келіншек, өңі сұп-сұр адам, жасы үлкен кісі.*

1-топтағы күрделі анықтауыштар (*ұзын бойлы ақ сақалды, ши барқыт қамзолды*) күрделі сын есімдерден (*ұзын бойлы, ақ сақалды*) және зат есімдер мен туынды сын есімнен (*ши барқыт қамзолды*) құралған. Ол анықтауыштардың құрамындағы сөздердің алдыңғылары соңғыларын анықтап барып, сол сөз тіркесі түйдекті тобымен басқа зат есімді анықтайды. Сондықтан мұндай күрделі анықтауыштарды өзара а т р и б у т т ы қ қ а т ы н а с т а ғ ы сөздерден құралған күрделі анықтауыштар деп қараймыз. 2-топтағы анықтауыштар (*өңі сұп-сұр, жасы үлкен*) зат есім мен сын есімнен құралған. Бұлар өзара анықтауыштық ыңғайда айтылмаған, бірі бастауыш, екіншісі оның баяндауышы ыңғайында айтылған. Сөйтіп тұрып олар сол тобымен басқа заттарға тікелей қатысты болып тұр. Ондай анықтауыштарды п р е д и к а т т ы қ қ а т ы н а с т а ғ ы сөздерден құралған ү й і р л і а н ы қ т а у ы ш т а р деп қараймыз¹.

Атрибуттық қатынастағы күрделі анықтауыштар анықталатын заттардың шоғырланған тіке сапасы ретінде жұмсалады: *ұзын бойлы кісі, ат жақты жігіт, т. б.*

Предикаттық қатынастағы үйірлі анықтауыштар анықтайтын сөздерін басқа заттардың сапалары арқылы анықтайды: *бойы ұзын кісі, малы көп колхоз, сен көрген бала, ұяты бар келіншек, т. б.*

Күрделі анықтауыштар тобындағы сөздер өзара қабыса және матаса байланысқан әр түрлі сөз таптарынан құралады: *ақ орамалды, ұзын бойлы, майда жалды, төрт қырлы, ат жақты, күміс қоңыраулы, мақпал қара шашты, қызыл күрең, ақ күмістей, дөңгелек қара сақалды, қақтаған ақ күмістей, таудай талапты, кер маралдай, кербез, семізше келген, қала халқының.*

Осылар сияқты, күрделі анықтауыштар түрлі сөздерден құралғанда олардың құрамы көбінесе екі-үш

¹ Түркі тілдері жөніндегі әдебиеттерде үйірлі мүшелі тіркестерді бірқатар авторлар сабақтас сөйлемнің бағынықы сыңары деп таниды. Біз ол пікірді қолдамаймыз.

(кейде одан да көп) сөзді болып келеді. Әдебиеттен мысалдар:

Ақ басты Алатаудың Жамбылымын (Жамбыл) Көкшенің кілемдей келбетті даласындағы көп көл күміс теңіздей дөп-дөңгелек боп күнге шағылысуын қарашы (С. Мұқанов). Көктемдегі қызғалдақтай қызық заман... (Жамбыл). Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, аласы аз қара көзі нұр жайнайды (Абай). Керілген кер маралдай кербез сұлу, қиын әой сұлулардың сырын білу (И. Байзақов). Асан... семізше келген қырықпа қызыл тоқтыны алып келді (С. Мұқанов).

Үйірлі анықтауыштар тобының құрамындағы сөздердің бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады да, олар түбір күйінде не тәуелдік жалғауының көбінесе III жағында айтылады. Ал олардың екінші сыңары сын есім, есімше және бар, жоқ, көп, аз деген сөздер болады:

Бұрышта түсі суық таяқ тұр. (Ғ. Сланов). Аласы аз қара көз нұр жайнайды (Абай). Басы ашпақ, денесі керген төстіктей... белгілі Иван келді (Ғ. Мұстафин). Жүні көгілдір, маңдайы ақ қасқа, құйрығы шолақ бұл иттердің үлкендігі арыстандай (С. Мұқанов). Бұл жердің адамдарында сіз білмейтін тағы бір мінез бар (Ғ. Сланов). Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес. Ұйқысы келмеген Асқар құлағым... әлсіз толқына тікті. (С. Мұқанов). Талабы жоқ бала білімнен құр қалады.

Күрделі және үйірлі анықтауыштар дауыс ырғағы жағынан да бір ритмикалық топ болып келеді. Бұл сөйлемде тізбектеліп айтылған бірнеше анықтауыштардың жігі сол дауысталу тұтастығына қарай айрылады. Мысалы:

**Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды —
(Абай).**

дегенде екі күрделі, екі үйірлі анықтауыш бар: 1) қақтаған ақ күмістей; 2) кең маңдайлы; 3) аласы аз. Жоғары өлеңнің соңғы жолында қара көзі деген анықтауыштық тіркес бар. Одан бұрынғы үйірлі анықтауыш солармен ұласа айтылғанмен, қара деген анықтауыш үйірлі мүшенің құрамына енбейді. Сондай-ақ *Көктемдегі қызғалдақтай қызық заман* (Жамбыл)

дегенде екі анықтауыш бар: 1) көктемдегі қызғалдақтай (заман); 2) қызық (заман).

Сөйтіп, үй ірлі және күрделі анықтауыштар өзара байланысқан бірнеше сөзден құралып, сол тұтас күйінде бір сөзді анықтайтын болады.

§ 73. АЙҚЫНДАУЫШ

Айқындауыш — анықтауыштың ерекше бір түрі. Ол анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындайды. Бұл жағынан анықтауышқа ұқсас болғанмен, одан кейбір өзгешеліктері бар:

1) Анықтауыш анықтайтын сөзінің алдында тұрып, оның өзіне тән, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдірсе, айқындауыш анықтайтын сөзінен кейін тұрып, көбінесе оның лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен дәлдеп толықтырады немесе қосымша, көлденең сапасын көрсетеді. Сонда айқындалатын сөз зат есім болса, айқындауыш оның, дәлдеп айтқанда, қай зат, не оның қай тобына, қай бөлшегіне, қай түріне жататын зат екенін, мезгілдік үстеу болса, дәлдеп айтқанда, қай мезгіл екенін, есімдік болса, соның, дәлдеп айтқанда, кім, кімдер екенін білдіреді: инженер-механизатор; кеше, майдың орнында; біз, оқушылар т. б.

Айқындауыштар құрылысына қарай үшке бөлінеді: 1. Қосалқы айқындауыш; 2. Қосарлы айқындауыш; 3. Оңашаланған айқындауыш.

Қосалқы айқындауыш зат есімдердің қосымшасы ретінде жұмсалатын сөздер болады. Олар анықталатын сөздердің қосымша заттық сапасы болатындықтан анықтауыштардай олармен тығыз байланыста болмайды. Сондықтан олар айқындайтын сөздерімен орын ауыстыра береді: *Алпамыс батыр, Жамбыл ақын, Әсет балуан, Жарас қарт, Баян бәйбіше, Хафиза келін, Қамбар батыр, Оспан табельщик, Досбол бригадир, Әбен мырза, Тойбазар ақсақал, Қайыргали жолдас.*

Бұл сияқты анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің анықталатын сөзі көбінесе кісі аты, оны анықтайтын қосалқы айқындауыштар *батыр, балуан, ақын, етікші, машинашы, табельщик, бригадир, мерген, мырза, қарт, ақсақал, бәйбіше, келін, құда, сұлу,*

жолдас, қалқам, шырағым, жаным сияқты зат, кейде сын есімдер болады.

Қосалқы айқындауыш сөйлемде айқындайтын сөзімен ұласып, ол екеуі сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады. Тиісті грамматикалық қосымшалар айқындауыш сөздерге ғана жалғанады: Баян бәйбіше аң-таң (Ә. Әбішев). Ағаш ұсталығы цехының мастери Вавилов пен Исая табельщик аяңдал аяның қасына келді. (М. Горький). Сейдахан болыс Құрбан ұстаны әулетімен осы Шенгелдіге асырып көшірген (А. Тоқмағанбетов). Жақия ақсақалмен дойбы ойнайын деп едім (М. Иманжанов).

Қосарлы айқындауыш деп анықтайтын сөзімен қосақталып одан кейін тұратын сөздерді айтамыз: телефон-автомат; инженер-технолог; батыр-ұшқыш; хата-лаборатория. Қарағанды-сұрыптаушы, Алматы-бірінші.

Қосарланған айқындауыштар қазақ тілінде көп кездеспейді. Олар орыс тілінен терминдер алу және орысшадан қазақшаға аудару процесінде тілімізге соңғы кездерде ғана еніп, қазақ әдебиет тілінің де нормасына айналып келеді.

Онашаланған айқындауыш деп өзін қатысты сөзінен соң тұрып, ерекше әуенмен айтылып, анықтайтын сөзінің заттық, шақтық, т. б. мағынасын дәлдеп көрсететін айқындауышты айтамыз. Олар айқындайтын сөздерінен және сөйлемдегі басқа мүшелерден дауыс ырғағы арқылы оқшауланып айтылады да, жазуда көбінесе екі жағынан үтірмен бөлінеді. Онашаланған айқындауыштар арқылы ұғым екінші рет қайталанып айтылады: айқындалатын сөз жалпылық ұғымда жұмсалып, айқындауыш оны нақты түрде саралап, дәлдеп айтқан сөз не сөздер тіркесі болады. Ол айқындалатын сөзге ой екпінін түсіріп, оған ерекше мән беріп, мәнерлі етіп айту керек болғанда, тыңдаушы мен оқушының назарын соған аудару керек болғанда және сөйлемдегі сөз мағынасын дәлдеп аша кету керек болғанда қолданылады:

Олар, чапаевшылар, Чапаевпен істес болғандығы үшін өздерін бақытты деп санады (Д. Фурманов). Еліміздің шығысында, Орал мен Сибирьде, жаңа көмір-металлургия базалары жасалды. Артынан, Абай ұғындырған соң, олар үндемей қалысты (М. Әуезов). Біз, балалар, Қымбатқа еліктейміз (С. Мұқанов).

Оңашаланған айқындауыштар айқындайтын сөздерімен тұлғалас, мағына жағынан әуендес болады: айқындалушы бір грамматикалық тұлғада не грамматикалық мағынада айтылса, айқындауыш та сонымен қиысып, сондай тұлғада не мағына жағынан онымен үндес келетін басқа тұлғада жұмсалады. Мысалы, *біздер* дегеннің айқындауышы да, *біз* дегеннің айқындауышы да *пионерлер, оқушылар, колхоз мүшелері* сияқты көптік жалғауда айтылады.

Айқындауыштардың айқындайтын сөздерімен тұлғалас болатынын мына мысалдардан көруге болады:

Мен саған өзімше, кочегарша, айтайын (М. Горький). *Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па ең?* (Ә. Әбішев).

Айқындауыш дараланған зат есім болып, айқындалатын сөз көптік жалғауындағы жалпылық ұғымды білдіретін зат болса және ол екеуі екі түрлі сөздер тобына жататын болса, айқындауыш көптік тұлғада және атау тұлғада қиыспауы мүмкін: *Оқушылар, оның бірі Жартас, ...Кеше, майдың онында... Менің қарындасым, университетте оқып жүрген Рақия,* т. б.

Оңашаланған айқындауыштың кейбір нұсқалары қазақ тілінде бұрын да бар еді, бірақ оның сапаланып жетілуі, көп жұмсалып әдеби тілдің нормасына айналуы соңғы 30—40 жылдар ішінде ғана болады. Әсіресе осы процесте орыс тілінің игілікті әсерін анық көруге болады.

Айқындауыштар дауыс ырғағы арқылы оқшауланып айтылуына сәйкестеніп жазуда үтірмен (сызықшамен де) бөлінуі оларды дұрыс оқып, дұрыс айтудың таңбасы болады.

ПЫСЫҚТАУЫШ

§ 74. ПЫСЫҚТАУЫШ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІМ

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесінің бірі — пысықтауыш. Ол да анықтауыш сияқты, басқа сөздің, әйтеуір бір сапасының, ерекше белгілерін білдіру үшін жұмсалатын бағыныңқы мүше. Солай болғандықтан, пысықтауыш анықтауышқа ұқсас. Дегенмен ол екеуінің елеулі айырмашылығы бар: анықтауыш заттық ұғымы бар сөздердің — зат есімдердің, субстантивтенген басқа

есімдердің — әр алуан сапасын, меншіктілік-тәндік қатынасын білдіру үшін жұмсалса, пысықтауыш, негізінде, заттың қимылдық сапасының сапасын, белгісін (признак признака) білдіреді¹. Басқаша айтқанда, анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені айқындайды. Сондықтан көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер етістікке қатысты болып етістіктен болған мүшені “анықтаса”, оларды пысықтауыш деп атаймыз. Мысалы, *найзадай шоқылар* дегенде, *найзадай* — анықтауыш, (бірдене) *найзадай қадалды* дегенде — пысықтауыш. Сол сияқты, ол — *жақсы оқушы* дегенде, *жақсы оқушы* дегенде, *жақсы* — анықтауыш, ол *жақсы оқыды*, *жақсы сөйледі* дегендерде — пысықтауыш; *Үйге үш кісі кірді* дегенде, *үш* — пысықтауыш.

Бұл сөйлемдерде *найзадай*, *жақсы*, *үш* анықтауыш қызметінде де, пысықтауыш қызметінде де өздері қатысты сөздермен қабыса байланысқан, екеуінде де лексикалық материалы мен тұлғалары бірдей. Дегенмен олардың айырмашылығы бірде зат есімдерге, бірде етістіктерге қатысты болуында ғана емес, сол арқылы грамматикалық мағыналардың да өзгеше болуында. Бұл өзгешелікті оларға қойылатын сұрақтарға қарап та байқауға болады: *найзадай* (қандай шоқы?), *найзадай қадалды* (қалай қадалды?), *жақсы бала* (қандай бала?), *жақсы сөйледі* (қалай сөйледі?), *үш кісі* (неше кісі?), *үш келді* (неше келді?). Сөйтіп, пысықтауыштар көбінесе етістік баяндауыштарға қатысты болып, мезгілдік, мекендік, себеп-салдарлық, т. б. мағынаны білдіреді.

Бірқатар авторлар пысықтауыштардың жанама толықтауыштармен шендес келетін кейбір қасиеттеріне қарап, оларды сөйлемнің бес мүшесінің бірі деп есептемей, толықтауыш қатарына қосып қарайды¹. Кейде жанама толықтауыштардан пысықтауыштардың жігін айыру өте қиын екені рас (ол туралы кейін де айтылады), бірақ солай екен деп “пысықтауыш” деген сөйлем мүшесін жоққа шығару дұрыс болмайды.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер — үстеулер, үстеу мәндес есімдер, сапалық есімдер мен мекендік, мезгілдік, мақсаттық, амалдық мағыналарда

¹ Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын үстеулердің сондай ерекшелігіне қарап, А. М. Пешковский “В них изображаются признаки признаков”, — дейді (“Русский синтаксис в научном освещении”, М., 1934, 86-бет.)

жұмсалатын септеулі (жатыс, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі) зат есімдер.

Пысықтауыштар білдіретін мағыналарына қарай былай бөлінеді: м е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш, м е к е н п ы с ы қ т а у ы ш, м а қ с а т п ы с ы қ т а у ы ш, с е б е п - с а л д а р п ы с ы қ т а у ы ш, а м а л п ы с ы қ - т а у ы ш.

§ 75. МЕЗГІЛ ПЫСЫҚТАУЫШ

Етістіктің шақтық мағынасына мезгілдік мағына үстеп, оның қашан, қай мезгілде болған процесс екенін білдіретін пысықтауыш м е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш болады². Мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер — мезгілдік үстеулер, зат есім, сын есім мен кейбір сөз тіркестері.

Үстеулерден болған мезгіл пысықтауыш дегенде, алдымен мезгілдік үстеулердің сол қызметте жұмсалуын ескеруге тиістіміз. Мезгілдік үстеулердің мағыналарына лайық синтаксистік қызметі етістіктің шақтық мағынасын дәлдеу, толықтыру, айқындап көрсету болады. Мезгілдік үстеулердің мағыналары, негізінде, етістіктермен ғана байланысты болып, солармен тіркесе алатындықтан, сөйлемде ондай пысықтауыштар өзі қатысты сөздерімен қатар тұрып та, олардан қашықтап тұрып та мағыналық және грамматикалық байланыста бола береді.

Михаил Васильевич Фрунзенің қолынан үлкен істер келетінін Асқар жаңа білді (С. Мұқанов). Бүгін көзбе-көз сынасатын кезең тұрған сияқты. Лезде ол қайта оралып от тамызды (Ғ. Сланов) — Енді мынаны көріңдерші, — деп қызыл кітапты ол тағы ашты (Ғ. Мұстафин). Үнемі болмағанмен, анда-санда ол Бөбекке көз қырын салды. (Ғ. Сланов). Қазір бұл кішкене бөлменің қабырғасы осы шахтаның айнасы секілді (Ә. Әбішев). Енді құтыдағы суға да кезек келді (Ә. Сәрсенбаев). Күншығыс жақ ал қызыл сәулеге бөленіп, таң жаңа ғана сызылып атып келе жатыр екен. Мен бүгін туған күнімді тойлаймын (Ә. Әбішев). Айттым ғой әлгінде не қылғанын (С. Мұқанов).

¹ Мысалы, Г. Д. Сапжеев. Грамматика калмыцкого языка, 1941, 116—117-беттер. А. И. Поцелуевский. Основы синтаксиса туркменского литературного языка, 1943, 97-бет.

² Мезгіл пысықтауыштар кейде етістікке қатысты болмай, зат есім, сын есімдерден болған баяндауыштарға да қатысты болып, оларды мезгілдік жағынан айқындап тұрады.

Мезгіл пысықтауыш болып жәні жұмсалатын сөздер қатарына *таңертең, әнеуғүні, алдыңғығүні, өлдеремен, алтаман, кешқұрым, о бастан, әуел баста, енділері, ешқашан, бірсыпыра, бірталай, әрқашан сияқты* біріккен сөздер мен *ертеңді-кеш, әлсін-әлсін, күндіз-түн, қыс-жазы, анда-санда, оқта-текте, кей-кейде, алақ-сапалта, жылма-жыл, күннен-күнге сияқты қосарланған үстектер* де енеді. Олардың пысықтауыш қызметінде жұмсалуына мысалдар:

Ертеңінде таңертең тұтқын есігі ашылды (М. Әуезов). Оның жүрегіне шемен болып қатаран қойы ешқашан жібір ме? (Тауұлы). Әп-сәтте Амантай тобы селлаптарға араласты да кетті (С. Мұқанов). Оқта-текте "Симфонияны шақырып, қажетті мәліметті беріп жүрді.

Зат есімдердің ішінде мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер — *шақтық, мезгілдік ұғымды білдіретін есімдер: жаз, қыс, көктем, түн, түс, сәске кеш, т. б.* Бұл сөздер кейде түбір күйінде, көбінесе *жатыс, шығыс, барыс, көмектес жалғауларында* тұрып, мезгіл пысықтауыш болады:

Жаз шананды сайла, қыс арбаңды сайла (Мақал). Жазға жақсы киінер қыз-келіншек. Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап. Жолаушылар түнімен жүрді. Көктемде құлпырады ой менен қыр (Абай).

Сол сияқты, *жас өмір, дөнен, қунан тәрізді зат есімдер тәуелдік жалғауларда және жатыс жалғауында айтылып та мезгіл пысықтауыш болады:*

Жасымда ғылым бар деп ескермедім... (Абай). Өмірімде кісіге жалынып көрмегенде, енді саван жалынам ба? (С. Мұқанов). Дөненінде үйретем, ат болудың қолдығын (Жамбыл). Зылықа жасында ажарлы еді (Б. Майлин).

Сытеу есімдіктеріне — *ша// -ше* жұрнағы жалғанып та, *қашан* деген сұрау есімдігіне шығыс жалғауы жалғанып та, мезгіл пысықтауыш жасалады:

Осынша соңыма түсетін, мен саван не істедім? (С. Мұқанов). Сендермен қашанның аға-інілі болғанмын (Жамбыл).

Сөз тіркестері мен әр түрлі сөздердің түйдекті тіркестері күрделі мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалуды мүмкін. Олардың құрамы негізінде былай болады:

1. *Үстеу мен үстеу не үстеу мен зат есім тіркесін күрделі мезгіл пысықтауыш жасалады:*

Бүгін кешке Қарағайда ойын болады. Тапа-тал түсте үгіт таратып басынуын көрдің бе, мұның (Ғ. Сланов). Таң қараңғысында еркек атаулы жұмысқа кетеді (С. Мұқанов).

2. Шақтық мағынадағы зат есімдер атау күйінде не түрлі қосымшалар жалғанып, олардың алдында сілтеу есімдіктері, бір, әуелгі, соңғы, ұзақ тәрізді анықтауышы болып, күрделі мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмса-лады:

Сол уақытта ақ отаудың алдында күнге жылынған мысықтай керіліп Шолпан отыр (М. Жұмабаев). Сол кезде жартыланған ай туған еді (С. Мұқанов). Осы кезде жер үйдің есігінен екі жігіт кіріп келді. Бір күні мұны Құсырдың көзі шалды (Ғ. Сланов). Бір мезетте мылтық даусы гүрс етіп, теңізді жаңғыртып өтті (Ғ. Сланов). Бір кезде Амантай жан-жағына қарады (Ғ. Мұстафин). Әуелгі күндері қыз жалғыз қалуға қорықты (С. Мұқанов). Қартайған кезде өмірді жылытатын от — бала (М. Жұмабаев). Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады (С. Мұқанов).

3. Септеулі кейде атау тұлғалы есімдер кейін, соң, дейін, бері, бойы дегендей көмекші сөздермен тіркесіп, күрделі мезгіл пысықтауыш болады:

а) Манадан бергі ащы сөздердің бәрінен де мына сөз Ұлжанға ауыр тиді (Ә. Әбішев). Түн бойы аяз қаһарына мінді (С. Мұқанов.). Олжабек көпке дейін жауап қайтара алмады (Ғ. Мұстафин). Сен де романыңды әуелі бітіріп ап, гонорарды сонан соң сұра (С. Мұқанов). Зы-лиқа мұны ...келіншек болып түскен соң ойлана баста-ды (Б. Майлин). Шайдан соң тайымды ерттеуге бұйырдым (Ы. Алтынсарин).

ә) Соның арасынша шоқиган нәрсе қозғалып, бүрсеңдеп жөнелді. Осының арасынша Тілеу мен Төлеуіш те келіп қалып еді (Ғ. Сланов). Қазірдің өзінде, дем ара-сында... дегендер осыған жатады.

4. Таң ата, күн шыға, ел орнына отыра, жаз шыққанша тәрізді сөйлемдік құрамы бар тұрақты сөздер тіркесі үйірлі м е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш бола-ды.

Түн бойы жылаған аяз таң атып, күн шыға қаһарына мінді. Асқар Совдеп жиылысынан таң біліне қайтты (С. Мұқанов). Ел жата Олжабек отауын жыққан да, көше жөнелген (Ғ. Мұстафин). Қарағым, жылыт, та-мақ бер, жаз шыққанша асыра (Абай).

Сонымен қатар мынадай сөз тіркестері де үйірлі не күрделі мезгіл пысықтауыш қызметінде кездеседі (ол тіркестер қара әріптермен терілген):

Күн жоқта күлімсіреп жұлдыз бен ай... (Абай)
Жоғарғы Совет төрт жылға сайланады. Мына боранда қашып құтылғылары келеді. (Ғ. Мүсірепов).

§ 76. МЕКЕН ПЫСЫҚТАУЫШ

Қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бет алысын, қайдан екенін білдіретін пысықтауыштар мекен пысықтауыш болады. Мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінде, мекендік үстеулер: жоғары, төмен, ілгері, кейін, соң (соңғы үш сөз шақтық мағынада да жұмсалады), әрі, әрмен, бері, бермен, кері, ішкері, тысқары, сыртқары, алда, артта, соңында, бұлай, олай, тұс-тұстан, алды-артқы, ерсілі-қарсылы, әрі-бері, жоғары-төмен, ілгері-кейін, жан-жақ (-қа, -тан), т. б.

Мекендік үстеулер түбір күйінде де, жатыс, барыс шығыс жалғаулы формаларда да мекен пысықтауыш болады:

Арғымақ қосқан бәйгіге
Байлар қылды кесірді.
"Мәстек мінген, әрі тұр,
Жүйрік мінген, бері тұр!" —
Деп жуандар есірді.
(Жамбыл).

Жоғары қарашы, көкте не көрінеді? (Ы. Алтынсарин) Мен енді кейін қайтайын (Ғ. Мұстафин). Ол күлімсіреп төмен қарады (С. Мұқанов). Ауылға баратын жол біресе олай, біресе былай кетеді. (Т. Сағынбаев). Ботагөз алды-артына қараса, божы ұстаған бір жігіт отыр екен (С. Мұқанов). Жоғары-төмен үйрек, қаз, ұшып тұрса сымпылдап (Абай). Жан-жақтан жұрт жиналып қалды (С. Мұқанов). Тұс-тұстан көтерілген қою шаң... жайымен ыдырап барады (Ғ. Мұстафин). Айнадай төңкерілген үстінде аспан, төменде көк толқындар көбік шашқан (Т. Жароков).

Жоғарғы үстеулердің бірқатарына — (ы) рақ, -(і) рек жұрнағы жалғанып та мекен пысықтауыш болады: Сен әрірек отыр (сен сәл әрі отыр д. м.), сіз берірек келіңіз (сіз сәл бері келіңіз д. м.), ол кейінірек тұрсын (ол сәл кейін тұрсын д. м.), т. б.

Мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бірқатары — көлемдік мағынадағы жатыс септікті зат есімдер, сілтеу есімдіктер. Оларға қайда?, қай жерде? қай жақта? деген сұрақтар қойылады:

Көкте ойнады самолет,
Жерде жүйрік машина,
Суда жүзді параход

(А. Тоқмағамбетов).

— Ой, мен сені Сухимиде көрген екенмін-ау? (Ғ. Мүсірепов). Жыршы құстар әуеде өлең айтып, қиқу салар көлдегі қаз бен құлар (Абай) Мен де... қасымда келе жатқан көлеңкем де қара бұлттың қара сұр көлеңкесінің қойнына кіріп кеттік (Ғ. Мүсірепов). Мен бүгін осында үлкен шаруамен келіп отырмын (Ғ. Сланов). Мұнда құлазыған дала да, көкорай шалғын да, ну орман да кездеседі. (С. Мұқанов).

Барыс, шығыс және көмектес септікті зат есімдер де іс-әрекеттің орнын және бет алысын көрсетіп, мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалады:

Мен өзенге келдім, Әйел орнынан тұра бастады (Ғ. Мүсірепов). Торғайлар бұтаққа қонды. Біз ала сәуледе ағашқа кірдік (Ғ. Мүсірепов). Өзеннің екіншісі... батысқа тартады (Ғ. Сланов). Асқар туған елі Көкшетауға екі айда зорға жетті (С. Мұқанов). Батпаған ай батыстан қарап тұрды, шықпаған күн шығыстан қарап тұрды (Ғ. Мұстафин). Аузын жимай бір адам кіріп келді есіктен (Абай). Даламен келе жатқанда барар жерімізде адам тұратын бір мекен бар шығар-ау! Екі үйге қатынайтын жалғыз аяқ жол гүлдердің дәл ортасымен өтеді (Ғ. Мүсірепов). Екеуі ұзын көшемен жүрді (С. Ерубәев).

Септік жалғауларындағы сөздердің мағыналарын бұрынғысынан да дәлдеп, айқындап тұратын сөздер бар. Олар — септік жалғауларын меңгеретін демеулер. Демеулер меңгеретін сөздерінен кейін тұрып, мекен пысықтауыштың құрамына енеді. Мысалы: үйге таман, қалаға қарай. Ол — үйге қарай кетті. Жақыл өзенге таман жүрді. т. б.

Сілтеу есімдіктері мен жақын, алыс, жер, жақ, маң сияқты көлемдік мағынадағы есімдер тіркесіп, соңғы сөздер жатыс, барыс, көмектес септікте тұрып, күрделі мекен пысықтауыш болады:

Мына жақта Жанас пен Арыстан ғана өздерінің күйлерін шертуде (Ғ. Сланов). Бір көріп, бір тілдесуді сол

жерде-ақ арман еткен едім (Ә. Әбішев). Бұл маңда ел жоқты (Ғ. Сланов). Бұл жақта жерден астық алу атын алудан қиын. Сіздерді келеді деп мына жақта Кузбасс қақпасын кең ашып қойды (Ғ. Мұстафин).

Ондай пысықтауыштың алдыңғы сөзі бір деген белгісіздік мағынадағы сан мен оң, сол деген тәрізді есімдер болуы да мүмкін:

Бір жаққа сапар шеккелі тұрсың ба? (Ғ. Сланов). Оның ұзын қара шудасын бір оң жағынан, бір сол жағынан шұбатып, үзбей будақтады (Ғ. Мүсірепов).

Арты, алды, асты, үсті, жаны, маңы, қасы, іші сияқты көмекші есімдермен тіркесе айтылған зат есімдер сол тобын жазбай жатыс, барыс, шығыс септікте айтылып, мекен пысықтауыш қызметінде жұмсалады:

Ата-аналар арасында саяси-түсінік жұмысын кең жүргізу керек. (Газеттен). Үшеуміз Саржанды дастарқан басына келтірдік (Ә. Сәрсенбаев). Абай әкесінің қасына таман келді. (М. Әуезов).

Бірқатар үстеулер және сөз тіркестері сөйлем құрамының өзгешелігіне қарай кейде мекен, кейде мезгіл пысықтауыш болып жұмсала береді:

1. Ең алдымен мүйізі — шаңырақтай киік түсті зор серкелер кетіп барады.

2. Сен ентелемей кейін шегінші.

3. Темірбек Жарастан бұрын тұр.

4. Байлардың табаны астында жаншылған жалшылардың қолы теңдікке жетті.

1. Бұрынғы ауыл әдетінде ең алдымен үлкен ұл үйлену керек. (С. Мұқанов).

2. Асықпа, саран, кейін айтамын.

3. Темірбек Жарастан бұрын келді.

4. Жамалбек табан астында Әбішке мың сомды санап берді.

Бірқатар көлемдік, мекендік мағынадағы есімдер көбінесе мезгілдік үстеу қызметінде жұмсалады:

Ол табанда ақшасын өндіріп алды. Жұмыстың қиын екенін басында (не бастан-ақ) айтқанмын. Алдымен ферма бастықтарына жолығалық, артынан сауыншылармен сөйлесерміз.

Бұл сөйлемдердегі табанда, басында; алдымен, артынан деген көлемдік мағынадағы есімдердің шақтық қатынаста жұмсалу себебін мекендік, мезгілдік ұғымның тарихи байланысынан іздеу керек. Қас пен

көздің арасында, көзді ашып-жұмғанша, күн шыға, ел орынға отыра, қас қарайғанда, сүт пісірім, бие сауым тәрізді сөздер тіркесі де түйдегімен ескіліктің қалдығы ретінде шақтық мағынада айтылады. *Ат шалтырым жер, көш жер, иек астындағы жер* дегендер тек жердің алыс-жақындығын ғана білдіретін өлшеуіш емес, аталған жерге қанша уақытта жетуге болатынын шақтық та өлшеу.

Мекендік мағынадағы сөздердің шақтық мағынада жұмсалыуына мысалдар:

Жақында мен де барып қалармын (Ғ. Сланов). *Саған соңынан айтайын* (Ә. Сәрсенбаев). *Гүлнар Байжанды ақыры осыған көндіріп, обком бұл жөнінде қаулы алғанда, бекітуге Қазақстан Орталық Партия комитетіне жолдаған* (С. Мұқанов).

§ 77. МАҚСАТ ПЫСЫҚТАУЫШ

Іс-әрекеттің не үшін, қандай талапқа лайық істелетінін, болатынын (не болмайтынын) білдіретін пысықтауыш мақсат пысықтауыш болады. Мақсат пысықтауыштар кім үшін? не үшін? неге? қандай мақсатпенен? деген сұрақтарға жауап береді.

Мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалатын үстеулер өте аз, олар мыналар: *әдейі, жорта, қасақана, бекер, босқа, әшейін*:

Мен бұл жерге әдейі келдім. Ол жорта айтып отыр. Рақыш қасақана атымның тұсауын алып жіберіпті. Досжан бұл жерге бекер келген жоқ, т. б.

Бұл мысалдардағыдай үстеулер қимылдың істелу мақсаты не болатынын ашық көрсету үшін емес, тек оны топшылап, жалпы түрде аңғарту үшін қолданылады. Ол үстеулердің мақсаттық мағынасы іс-әрекеттің амалын, себебін білдіруге де бейім тұрады.

Мақсат пысықтауыштық мағынасы айқын сөздер — зат есім, етістік және көмекші сөздермен тіркескен басқа есімдер. Олар төменде көрсетілген тұлғаларда және тіркестерде мақсат пысықтауыш болады:

У қосымшалы қимыл есімдер барыс жалғауында кел, кет, әкел, шақыр, бер сияқты етістік баяндауыштарға қатысты болғанда, олар мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалады:

Келмеп пе едің жол тосып, жолығуға аулаққа? (Абай). *Сырбай буыршынды, расында, шалуға әкелген еді*

(С. Мұқанов). *Сен Алматыға ойнауға келген жоқсың, оқып білім алуға келдің.*

2. Зат есімдер мен *-ғалы// -гелі, -қалы// -келі* тұлғалы етістіктер тіркесіп, кейде күрделі мақсат пысықтауыштық қызметте жұмсалады:

Бала кітап алғалы келіпті. Біз хал-жайыңызды білгелі келдік.

3. Есімдер үшін шылауымен тіркесіп те мақсат пысықтауыш болуы мүмкін.

Отан үшін аттанам, Ақ семсерді қолға ала (Жамбыл) Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай). Бала үшін жанды өзектен жалын жұтып, баына көк жұлдызы куә болсын (Т. Жароков).

4. Қалау, бұйрық рай формалы етістіктерден кейін көмекші деп етістігі айтылып, кейде көсемше тұлғалы етістіктің бір өзі мақсат пысықтауыш қызметінде жұмсалады:

Алматыға оқып білім алайық деп келдік. Бізді аудандық партия комитеті колхоз жұмысына көмектессін деп жіберді. Қарт Иван, Антон, Ильялар Ысқақты шығара келіпті (Ғ. Мұстафин).

5. Барыс жалғаулы есімге бола етістігі көмекші болып та мақсат пысықтауыш жасалады:

Мен саған бола келдім.

6. *-ма+с (-ме+с)* тұлғалы есімшеге барыс жалғауы жалғанып та мақсат пысықтауыш жасалады:

Қылмыс заңын атамасқа, адам зарын елемөске келіп пе едік осында! (Ғ. Мүсірепов).

§ 78. СЕБЕП ПЫСЫҚТАУЫШ

Себеп пысықтауыш қимыл процесінің себебін білдіреді. Себеп пысықтауыштарға *н е л і к т е н? н е с е б е п т і?* деген сұрақтар қойылады.

Себеп пысықтауыштар сөйлемде тек баяндауыш болған етістіктің мағынасын айқындап, тек сол қимылдың болу-болмау себебін ғана білдірмейді, көбнесе, оның қасындағы басқа амал, мекен пысықтауыштармен де мағыналық байланыста тұрады. *Матвеевтің даусы шаршағандықтан бәсең шықты* деген мысалдары *шаршағандықтан* дегенді тек баяндауышқа (*шықты*) қатыстырып *бәсең* деген пысықтауышты алып тастап айтсақ (*Матвеевтің даусы шаршағандықтан шықты*), онда *себеп пысықтауыш* орын-

сыз айтылған сөз болар еді. (Дұрысы — шаршағандықтан бәсең шықты).

Сондықтан бірқатар себеп пысықтауышы бар сөйлемнің құрамында баяндауышқа да қатысты басқа пысықтауыш болады. Бірақ барлық жағдайда бұл шарт сақтала бермейді: *Матвеевтің даусы көп сөйлегендіктен қарлықты; Ол бұл сөзді қуанғаннан айтып отыр* дегендерде, себеп пысықтауыштар тікелей етістік баяндауыштарға қатысты болып, солардың себебін білдіреді.

Себеп пысықтауыштардың бұлайша тікелей тек етістік баяндауышқа не оның маңындағы сөзге де қатысты болу-болмауы сөйлем құрамының және пысықтауыш болған сөздің (не сөздердің) ерекшеліктерімен байланысты.

Себеп пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз көбінесе өткен шақтық есімше болады. Ол есімшелер себеп пысықтауыш қызметінде жұмсалу үшін мынадай тұлғаларда және басқа сөздермен тіркесте айтылады:

1. Есімшеге — дық+тан// — дік+тен деген жұрнақ және шығыс жалғауы жалғанады, кейде ол жұрнақтан кейін тәуелдік, сонан соң шығыс жалғауы жалғанады:

Қатты ұйықтағандықтан *Ботагөздің басы ауырып қалған екен* (С. Мұқанов). Түсінбегендіктен, түсіне алмағандықтан... *сезбей қалар деп ойлады.* (Ғ. Мүсірепов). *Бұл сөзді мәселеге түсінбегендіктен айтып отырсың. Ол Отанын шын сүйетіндіктен қажырлы еңбек етуде.*

2. Есімшеге тікелей не тәуелдік жалғауларынан кейін шығыс жалғауы жалғанады:

Шошынғаннан *шешесі есінен танып қалды* (Ы. Алтынсарин). *Асқардың қасындағы жігіт оның әнінің аяғы баяулауын даусының нашарлығынан ұялғандығы шығар деп ұқты* (С. Мұқанов). *Қуанғаннан Қарекен орнынан қозғалмай қалыпты* (Ғ. Мүсірепов).

3. Есімшеден кейін *себепті, соң* деген шылау сөздер айтылады.

Ол тәртіпті болған себепті *жұмысты жақсы істейді. Дубровскийлер өздеріне жатпайтын тиіссіз табыспен пайдаланғаны себепті жауапты болды* (А. С. Пушкин). *Ашыққан соң өз ішегімді өзім суырып жеп отырмын, — депті түлкі* (Ертегіден).

4. Есімшеге — дық// -дік, одан кейін тәуелдік (кейде онсыз да) және шығыс жалғауы жалғанып барып, оған *деп* етістігі көмекші болады.

Троекуров өзінің аман отырғанын тонаушылардың да қорыққандығынан, деревнясына полиция адамдарының

ең жақсыларын әкеп қойғандығынан деп біледі (А. С. Пушкин). Қайырбек жұмыс қарқынының нашарлығын күн райының бұзылғандығынан деп есептейтін.

5. *Көңілшектік, еріншектік, жалқаулық, тәртіп* тәрізді абстракт мәнді зат есімдерге тәуелдік және шығыс жалғаулары жалғанып та себеп пысықтауыш қызметінде қолданылады.

Сенің көңілшектігіңнен мен осы халге ұшырап отырмын. Оның жалқаулығынан жұмыс кезінде орындалмады. Бұл баланың тәртіпсіздігінен бәріміз ұятқа қалып отырмыз.

Көбінесе шылау қызметінде келетін сондықтан, сол себептен, солай болғандықтан деген сөздер себеп пысықтауыш қызметінде де жұмсалуды мүмкін.

Сын мен өзара сын алға басуымыз үшін керек. Біз сын, өзара сынды сондықтан күшейте түсуге тиістіміз. Социалистік жарыс — еңбек өнімін арттырудың шарты. Біз социалистік жарыс туын сол себептен жоғары ұстауға тырысамыз.

Себеп пысықтауыштар орайына қарай бірдененің салдары мағынасында да ұғынылады. Оларды, әсіресе тәуелдеулі есімшелерден болған пысықтауыштары бар жоғарғы мысалдардан байқауға болады. Сондай себеп-салдарлық ұғымда оқта-текте пысықтауыш болып кездесетін сөздер — көсемшелер: *Мен сені сағынып келдім (Мен сені сағынғандығымнан келдім, д. м.) Тәжен білмей қателесті (Тәжен білмегендіктен қателесті д. м.).*

§ 79. АМАЛ ПЫСЫҚТАУЫШТАР

а) Тәсілдік амал пысықтауыш

Қимылдың қандай тәсілдермен атқарылуын білдіретін пысықтауыш амал пысықтауыш болады. Олар қалай?, қайтіп? қалайша? деген сұрақтарға жауап береді.

Амал пысықтауыштар екі топқа бөлінеді: тәсілдік амал, сапалық амал. Тәсілдік амал. Тәсілдік амал пысықтауыш болатын сөздер — үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемше тұлғалы етістіктер. Олардың баяндауышқа мағыналық қатысы қимылдық қарқындық бейнелеуші болады.

Іс-әрекеттің қимылдық тәсілін білдіретін амал пысықтауыштар көбінесе етістіктің көсемше түрлеріне айтылады:

[Олар] біріне-бірі күлімсіреп қарады (Ғ. Мұстафин). Төргі бөлмеден шыққан үшеу... ұзын столға жағалай отырысты (Ғ. Сланов). Оларды да жақсылап қонақ етіңдер. Оның даусы сөзінің ақырында қатулана шықты (Ғ. Мұстафин).

Көсемше тұлғалы етістіктер қосарланып та жоғарыдағыдай амал пысықтауыш жасалады:

Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың (Мақал) Жолыңа қарай-қарай көзім талды. Баяндамашы біздің міндеттерді атап-атап айтты. Есік алдына жүгіре-жүгіре шықтық. Сөйлей-сөйлей орнынан қозғалып, сөзін бітіруге жақындағанда, жылжи-жылжи столға келіп, столды бір-екі рет жұдырықтап жіберді (Ғ. Мұстафин).

Бұл сияқты қос сөзді пысықтауыштардың бір-қатары әрі қимылдық, әрі қарқындық амалды (қимылдың не шапшаң, не баяу екенін) білдіреді. Оның үстіне кейбір қос сөзді қимыл пысықтауыш көптік тұлғада айтылатын баяндауышпен ғана сабақтасады. Мысалы: *Есік алдына жүгіре-жүгіре шықтық* дегенді *Есік алдына жүгіре-жүгіре шықтым* деуге болмайды.

Өткен шақтық есімшеге -ша, -ше жалғанып, қимылдық меже, шек қою мағынасындағы пысықтауыш болады: *тойғанша жеді, шаршағанша жүгірді, жеткенше құды.*

Іс-әрекеттің қарқындық тәсілін білдіретін пысықтауыштардың мағынасы әр түрлі болады: *баяу, шапшаң, үдеу, қайталау, т. б.*

Ондай пысықтауыштар мынадай сөздерден жасалады:

а) *тез, жылдам, шапшаң, ақырын, жай, шұғыл, қайта-қайта* сияқты үстеулерден *тез қимылда; сәл көтерілді; ақырын сөйледі; (аяғыңды) шапшаң бас; жылдам жүр; жай оқы; ол шұғыл бұрылды; ол жазғандарын қайта-қайта оқыды, т. б.*

Қарқындық амал пысықтауыш қызметінде жұмсалатын *тез, сәл, жай, сияқты үстеулер қасындағы етістігінің мағыналық өзгешелігіне қарай істің шапшаң орындалу амалын білдірумен қатар, кейде шақтық та мағынада жұмсалады:*

Мен тез барып, тез қайтам (С. Мұқанов). *Әңгіме сырлары сондайға кеп сарқып, екі шабытты көңіл ұғысты да сәл тыным тапты* (М. Әуезов).

Жоғарғыдай пысықтауыш қызметіндегі сөздерге -ырақ//ірек жұрнағы жалғанып, олардың қарқындық дәрежесі күшейтіліп те айтылады: *тезірек жүр,*

қаттырақ сөйле, жайырақ оқы, т. б. /-рақ//-рек жұрнақтары жалғанатын үстеулердің сын есімдерге жақындығы байқалады/.

ә) Қылт, кілт, тарс, тарс-тұрс, жалт, бүрқ-бүрқ жалт-жұлт сияқты еліктеуіш сөздер:

Жантық осыны айтты да, қалт тоқтай қалды (Ғ. Мұстафин). Кенеттен шыққан дауысқа Ботағоз... жүрісін кілт доварып, жалт қарады (С. Мұқанов). Олар айналсоқтаған Олжабек бетіне жалтақ-жалтақ қарап тұрғанын байқамады. Қара бақыр шымыр-шымыр кайнап жатыр (Ғ. Мұстафин). Екі адам күбір-күбір сөйлесіп тұр. (Ғ. Мұстафин). Кәмшат мұндағы үлкендерге кішкене нәзік саусақтарын созып жалт-жұлт қарайды (М. Әуезов).

б) Бірден, бір-ақ, көзбе-көз, қолма-қол, жалма-жан, зорға, әрең сияқты үстеулер:

Ол үйге бірден кіріп келді. Олар бізге бірге-бірге жақындай береді. Сабыржан ақшаны қолма-қол санап берді. Рақым жалма-жан тұра жүгірді. Қалың шоғырдың ешкі емес, киік екенін бір-ақ білдік. Жарас ұйқылы көзін әрең ашты.

Бейнелеуші амал пысықтауыштар қимыл тәсілінің түрде (фигуральный) екенін білдіреді. Ондай мағынада пысықтауыш болатын сөздер:

а) Шалқасынан, жүресінен, етпетінен, алшысынан, мұртынан, тізелеп, жанбастап, бүге түсіп деген үстеулер:

Темір қақпа шалқасынан ашылды. Бала шалқасынан құлады. Ол жүресінен бір тізерлеп отыра кетті. (С. Мұқанов). Марат жүгіріп бара жатып етпетінен құлады. Асық алшысынан түсті. Төрте отырған жігіт мұртынан күлді де, жанбастап жата кетті. Базарлы бүге түсіп жатқан-ды (М. Әуезов). Алды-артына қарамай қашып бара жатқан жау солдаты бір кезде тоңқалаң аса құлады (Ғ. Мүсірепов).

ә) Маң-маң, талтаң-талтаң, бүкең-бүкең, бүрсең-бүрсең, ербең-ербең (ербеңдеп), қарш-қарш, пырт-пырт сияқты еліктеуіш сөздер:

Нар түйелер аяқтарын маң-маң басады. Ботақан қалт-қалт басып келеді. Нұрғожа талтаң-талтаң басып Шәйкеннің үйіне жөнелді (С. Мұқанов).

Боз күрең, қара жирен, ала шұбар,
Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.
Ыңырсып колхозымның төрт түлігі
Ауылдан маң-маң басып өріске өрді
(Жамбыл).

Бұл топқа *киімшең, көйлекшең, жалаң бас, жалаң аяқ, қуанышпен сияқты* сөздерден болған пысықтауыштар да жатады.

ә) **Сапалық амалпысықтауыш**

*Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы*
(Абай).

Бұл өлеңдегі *жеңіл, жылы, теп-тегіс* деген сөздер — сын есімдер. Олар сөйлемдегі етістіктерге қатысты болып, олардың сындық сапасын айқындап, пысықтауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Осындай, қимылдың сапасын білдіретін амалпысықтауыштар сын есімдердер, сын есімге ұқсас үстеулерден және сан есімдерден жасалады да, *қалай? қанша? неше?* (*неше рет*) деген сұрақтарға жауап болады.

Негізгі және туынды сын есімдер етістікке қатысты болып пысықтауыш қызметінде жұмсалғанда, олар бұрынғы лексикалық мағынасын өзгертіп, үстеуге айналмайды. Бірақ үстеулер сияқты пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы:

Кәрі Каспий ауыр күрсініп... долданып жатқан бір кез екен. (Ғ. Мүсірепов). *Өлеңдеріңіз жүрекке жып-жылы тиеді. Ботагөз Алексейге қатты ұнады.* (С. Мұқанов). *Ата-аналар арасында саяси-түсінік жұмысын кең жүргізу керек* (Газеттен) *Мына қарашы, сәулем қалай әдемі ұйықтайды, — деді (ана).*

Әрине, баланың бәрі де осындай әдемі ұйықтайды (Ғ. Мүсірепов). *Ағаш кессең ұзын кес...* (Мақал.)

Осы мысалдардағыдай, сапалық сын есімдер пысықтауыш қызметінде жұмсалу үшін баяндауыш болған етістіктердің дәл алдында тұруға тиісті. Ондай пысықтауыштардың баяндауыштармен осылай қабыса байланысып, қатар тұруы — олардың сол қызметте жұмсалуының синтаксистік амалы. Бірақ кез келген негізгі сын есімдерді етістіктермен қатар қойып пысықтауыш қызметінде айта беруге болмайды, тек санаулы сын есім сөздер ғана сол қызметте етістіктермен тіркесе алады. Ол туралы “Сын есім мен етістіктен құралған сөз тіркесі” дегенді қараңдар.

Олардың лексикалық мағыналары етістіктердің мағыналарымен үйлесімді, солармен тіркесе алатын

сөздер. Ал, мысалы, заттың түсін, түр-тұрпатын білдіретін сын есімдер, бұлайша, пысықтауыш қызметінде айтылмайды. Өйткені етістіктердің ондай сыны болмайды, сондықтан олар етістіктермен тіркесе алмайды.

Негізгі сын есімдерден гөрі, туынды сын есімдер пысықтауыш болып өте жиі қолданылады. Онда да олардың бәрі емес, үстеумен шендес сын есімдер:

1. -сыз// -сіз жұрнағы жалғанған туынды сын есімдер пысықтауыш қызметінде қимыл процесіне біреудің не бірдеңенің қатысы жоқтығын білдіреді:

Сенсіз қағаз жазылмайды (Ғ. Мұстафин). Ол менсіз ешқайда кете алмайды. Батырбек дәлелсіз сөйледі. Бала қатесін жазды. Мұғалімнен рұқсатсыз кластан шығуға болмайды.

2. Зат есімдерге -дай (-дей, -тай) -тей жұрнағы жалғанған туынды сын есімдер сапалық пысықтауыш қызметінде теңеу, салыстыру мағынасында жұмсалады:

*Көк болаттан киіндің,
Жауар күндей түйілдің,
Нажағайдай жарқылдап
Тастүлектей шүйілдің
(Жамбыл)*

*Елім берік құрыштай,
Тілім өткір қылыштай,
Егескен жауды езгілеп
Тығамыз көрге жаныштай
(Н. Байғанин).*

*Асыр салып ойнақтап
Батырдай жауға шабатын.
Алтын бидай дариядай шалқыған
(Ә. Сәрсенбаев).*

Кейде -дай// -дей... жұрнағы жалғанған сөздерге -ың// -ің қосымшасы үстеліп те теңіздейін тербетілді, сірідейін сіресті, т. б. сол мағынада пысықтауыш болады.

-дай// -дей жұрнағы етістіктің есімше түріне жалғанып та сапалық амал пысықтауыш жасалады:

Бұл жолы екеуміздің даусымыз бірге өрілгендей шығады. Жылап аққан арық суын жалаңдаған сары құм жалмап алып түк көрмегендей сазара түседі (Ғ. Мұстафин). Ысылдаған леп адамның барлық тамырларына суық көлбақа соқтыққандай түршіккен тұла бойы шымыр-шымыр етеді (С. Мұқанов).

-ша// -ше жұрнағы арқылы үстеуге айналған есімдер теңеулік сапа мағынасында пысықтауыш болады:

Суда балықша жүзетін бір балықшы шал бар екен. Білмейтін кісіше сазара қалуын қарашы! (Ғ. Сланов). Бөрененің бір басын нар тартса, екінші басы нарды тар-

тып, таспаша созылады жануар (Ғ. Мұстафин). Дода сақал қара кісі жер қыртысын таспаша тіліп, қара шамды төңкеріп барады.

Сапалық пысықтауыш ретінде жұмсалатын сөздердің енді бірқатары — сан есімдер, сандық ұғымды білдіретін басқа есімдер. Сан есімдер ол қызметте түбір күйінде, кейде олардан кейін *рет, есе* деген көмекші есімдер тіркесіп айтылады:

Бригадир колхоз басқармасының кеңесіне бүгін үш келді. Қарға екі шоқып, бір қарайды. Аспандағы боз торғай қырық құбылды. Ол бұл сұрауды өзіне миллион рет қойды. Кадр жайында осы үйге шақырып алып, екі рет ескерттім (Ғ. Мұстафин). Біздің биылғы табысымыз былтырғыдан он есе артты.

Осы мысалдардағыдай, сандық сапа ретінде пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сан есімдер — тек есептік сандар. Олардан басқа жинақтау, болжалды сандар көсемшеге айналып және шығыс жалғауда тұрып пысықтауыш бола алады: *екеулеп істейік, он ондап саналық, бір-бірлеп келе бастады, үш-үштен үлестірдік, т. б.*

Заттың анық санын білдірмей, сандық ұғымда айтылатын *аз, көп, шамалы, азырақ, көбірек, едәуір, талай, тегіс, біраз, бірқатар* сияқты сөздер де сапалық пысықтауыш қызметінде жиі қолданылады: *аз сөйле, көп істе, шамалы кідірдік, азырақ жүріңкіре, көбірек бер, едәуір көбейді, талай айттым, тегіс күлді, біраз әуре болдық.* Әдебиеттен мысалдар:

Сөзге ысылмаған Жанбота сол тілден қорғанып көп бұққан (Ғ. Мұстафин). — *Сен, ана, азырақ жата тұр...* (Ғ. Мүсірепов). *Көз шырымын алмайтын ұйқысыз күндерді... ол басынан талай өткізді* (С. Мұқанов). *Өзінің немере інісі оны бірқатар әурелеген болатын.* (Ғ. Мұстафин).

Арқан бойы, бір құлаш, бес шақырым, жиырмадан тәрізді сөздер мен сөз тіркестері өлшемдік сапа ретінде пысықтауыш болады:


Күн күле шығып, арқан бойы көтерілді (Ә. Әбішев). *Жолаушылар бес шақырым жүрді. Сикорский келген жігіттерді жиырмадан топтап бөле бастайды* (Ғ. Мүсірепов). *Қонақтар... қырық-елуден, жиырма-отыздан лек-лек болып... келе жатыр...* (М. Әуезов).

БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛІ СӨЙЛЕМДЕР

§ 60. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзын бойы, ашық жүзі, қол-қою, қал-қара қасы, мұңайған кер көзі оның қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін еді (С. Сейфуллин).

Бұл — жайылма сөйлем. Оның бірнеше бастауыштары бар: *бойы*, *жүзі*, *қасы*, *көзі*. Бұлардың тұлғасы бірдей, баяндауыштары бәріне ортақ: ол — *білдіретін еді*. Әрбір бастауыштың анықтауышы бар. Соның бәрі — *бойы* дегеннің төрт анықтауышы бар:



Бұл төрт анықтауыштың тұлғалары да, мағыналары да зат есімнен болған анықтауыш, *майысыңқыраған* — есімшеден, *сымбатты* — туынды сын есімнен, *ұзын* — сапалы сын есімнен болған анықтауыштар.

Бұлар түрлі тұлғадағы әр қилы анықтауыштар болғандықтан, бірыңғай анықтауыштардай, әр сөзі айырым әуенмен айтылмай, бәрі біріне-бірі ұласа айтылады. Соны қол-қою, қал-қара қасы дегенмен салыстырайық. Мұнда екі анықтауыш бар: *қол-қою*, *қал-қара*. Бұлар — біріне-бірі ұқсас бірыңғай анықтауыштар; олардың айтылу әуені санамалы болатындықтан, жазуда араларына үтір қоямыз.

Тағы бір мысал алайық:

*Қорықпаймын енді мен
Аңыздан, желден, бораннан
(Т. Жароков).*

Бұл сөйлемде шығыс жалғаулы үш жанама толықтауыш бар. Олар біріне-бірі бағынбай, әрқайсысы өз бетімен, бірақ өзара байланысты тізбек ретінде бір сөзге бағынған. Ол сөз — баяндауыш қызметіндегі — *қорықпаймын*: *мен аңыздан қорықпаймын, мен бораннан қорықпаймын.*

Осындай, бір сөйлем мүшесі бірыңғай болып тізбектеліп басқа бір мүшеге қатысты болу арқылы сөйлем ықшамдалып айтылады. Ол үшін бірнеше бірыңғай бастауыштың бір баяндауышы, бірнеше бірыңғай баяндауыштың бір бастауышы т. с. с. болуы мүмкін. Сол арқылы сөйлемнің іргесі кеңіп, ой айқындала, саралана түседі.

Бірыңғай мүшелер өзара салаласа байланысады да, сол тобымен сөйлемдегі басқа мүшелерден дауысталу жағынан оқшауланып, бәрі жиналып бөлек бір топ құрап тұрады: *Тамаша өмір, шаттық жыр* (Жамбыл).

Сөйтіп, сөйлемде синтаксистік қызметі бірдей, көбінесе өзара тұлғалас сөйлем мүшелері бірыңғай мүшелер болады.

Олар біріне-бірі бағынбай, өзара салаласа байланысып, барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұрады. Бірыңғай мүшелер бір сөзден құралған **ж а л а н** не сөз тіркесінен құралған **ж а й ы л м а** болады: *Кілем, алаша, көрпе төселді* — бірыңғай жалаң бастауыштар. *Ұзын бойлы, ашаң жүзді кісі* — бірыңғай жайылма анықтауыштар.

§ 81. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Бірыңғай мүшелер көбінесе тұлғалас болатындықтан, қазақ тілінде оларды кейде шұбалаңқы етпей, ықшамды етіп айту үшін, грамматикалық тұлғалар мен көмекші сөздер бәріне ортақ етіліп бір-ақ рет жұмсалады. Ол мынандай орындарда болады:

1. Бірыңғай мүшелердің, мысалы, толықтауыштардың ең соңғысы жинақтаушы болады да, тиісті септік жалғау тек соған жалғанады:

Олар үлкен-үлкен теңдерді шешіп, қымбат кілем, әсем түс киіз, алаша көрпелерді алды (М. Әуезов). *Әркім күрек, сүймен, зембілдерін ала барады* (Ғ. Сланов).

2. Бірыңғай күрделі мүшелерге бір көмекші етістік не бір көмекші есім ортақ болып, олар ең соңғы бірыңғай мүшеден кейін бір-ақ рет айтылады.

Жұрт кешкі шаруаларын жайғап, малдарын қотандап жүр. Бай балалары... қызыл кілем, барқыт көрпелердің үстінде жатады (С. Сейфуллин). *Көк жүзінің шарбы бұлты әлдеқайда тарап, сіңіп, жоқ болып жатыр* (Б. Майлин). *Айшаның... мұңайған кері көзі оның қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін* (С. Сейфуллин).

Жай сөйлемнің құрамын ұлғайтып, көлемін кеңітуге бірыңғай мүшелер үлкен сеп болады. Өйткені сөйлем ішіндегі әрбір бірыңғай мүшенің жетегінде басқа сөздер болып, олар бірінің үстіне бірі жамала беруі мүмкін.

Сарғайып құраған шөптер де, бұталар да, бұталардың жалырақтары да жаңбыр суын жұтып жасарыңқыраған сияқты (С. Сейфуллин).

Бірыңғай мүшелер бірімен-бірі салаласа, басқа мүшелермен сабақтаса байланысады. Мысалы: *Қанат, құйрық суылдап ысқырады (Абай)* дегенде *қанат, құйрық* — бірыңғай бастауыштар. Олар бірімен-бірі салаласа, біріне-бірі басынбай байланысқан. Ол бастауыштар мен ысқырады деген баяндауыш байланысқан. Соңғылардың байланысы сабақтастық байланыс — баяндауыш бастауыштарға бағынады.

Бірыңғай мүшелерді салаластыра байланыстыратын амалдар — *интонация* мен *жалғаулықтар*. Жоғарғы мысалдарда *қанат, құйрық* деген бірыңғай бастауыштар бірсыдырғы әуенмен (тонмен), әрқайсысы айырым логикалық екпінмен, айырым паузамен айтылады. Ол *Шығанақ пен Олжабекке өз қасынан орын берді. (Ғ. Мұстафин)* деген сөйлемде *Шығанақ, Олжабек* дегендер бірыңғай толықтауыш қызметінде жұмсалған. Олар *пен жалғаулығы* арқылы байланысқан. Бұл сияқты жалғаулықты байланыстағы бірыңғай мүшелердің арасында дауыс кідіргісі болмайды.

Бір сөйлемде төрт, бес (кейде одан да көп) бірыңғай мүше болса, олардың алдыңғылары жалғаулық немесе интонация, соңғы не ортадағы екеуі жалғаулық арқылы байланысуы мүмкін. Мысалы:

Махаббат, мейірім, ән мен күй,
Ойын, өмір, шаттық жыр,
Қала, дала, ой мен қыр...
Төгілген көктен алтын нұр.
(Жамбыл).

Кейбір жалғаулықтардың көмегімен байланысқан бірыңғай мүшелер интонацияның да қатысымен, яғни кесек-кесек айырым әуенмен, айтылады: *Тау да, тас та күннің күлімдеген нұрына бөленді.* Бұл сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді да, та жалғаулығы байланыстырған. Сонымен қатар, ол екі бастауыш (*тау да, тас та*) айырым әуенмен айтылады. Мына өлеңдегі я жалғаулығы қатысқан бірыңғай мүшелер де, сондай екі түрлі амалмен байланысқан:

*Демеймін, мен мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын
(Абай).*

Бірыңғай мүшелер интонация арқылы, кейде әрі жалғаулық, әрі интонация арқылы байланысып, айырым әуенмен айтылса, жазуда олардың арасына үтір (,) қойылады (тек жалғаулықпен байланысып, өзара ұштасып айтылатын бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылмайды):

Есілдің беті екпінді ағынмен зымырап, тоғысып кетіп жатқан сеңге сыймайды. Сеңнің арасында араласа ағып бара жатқан қамыс, ағаш, сабан, үй сияқты түрлі заттар, кейде өлі, тірі мақлұқтар да, адам да кездеседі (С. Мұқанов).

Жалғаулықсыз бірыңғай мүшелерді әрі қарай жалғастыра беруге болады, — т ұ й ы қ т а л м а й д ы; ал жалғаулықты бірыңғайлар көбінесе т ұ й ы қ т а л ы п, әсіресе және жалғаулығымен байланысқан соңғы бірыңғайлар сол қосағымен аяқталып тұрады:

Базарлы мен Дәркенбай бірі үлкен, бірі жас болғанмен, екеуі бірдей ер және көңілі жүйрік адамдар (М. Әуезов).

Райком секретары да Байжанға ауданның қазіргі және болашақтағы шаруасын жақсы білетін адам болып көрінді (С. Мұқанов).

Кейде бірыңғай мүшелер жалғаулықтар арқылы екеу-екеуден қосақталып айтылады. Олай айту бірыңғай мүшелерді басым мағынада айтудың стильдік амалының бірі болады.

Олардың бұтақтарынан алма мен алмұрттың, өрік пен інжірдің, шие мен шабдалының неше сорттарын кездестіресің. (С. Мұқанов). Ақ пен қара, қызыл мен көк, күрең мен қына сары біріне-бірі еппен тоғысып, бәрі жымдасып тұр (Ғ. Мүсірепов).

Қорыта айтқанда, бірыңғай мүшелер ойды, бір жағынан шұбалаңқы етпей тұжырымдау үшін, екінші жағынан тарамдап талдау үшін жұмсалады: алманы кездестіреді, өрікті кездестіреді... десек шұбалаңқы да, алманы, өрікті... кездестіреді десек, сиысқан, ықшамды болады. Бұл — олардың стильдік айырмашылықтары.

§ 82. БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРДІ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Бірыңғай мүшелерді байланыстыратын жалғаулықтар салаластырушы жалғаулықтар делінеді. Қазақ тілінде олардың саны көп емес; *мен (бен, пен), және да//де/та//те/, я, не, немесе, не болмаса, әлде, әрі, бірде, күй, т. б.* Бірыңғай мүшелерді салыстырушы бұл жалғаулықтардың шығу тарихы әр түрлі; олардың бірқатары, мысалы, *да//де, және, тағы*, осы күнгі түркі тілдерінде ғана емес, көне түркі жазу нұсқаларында да жиі ұшырайды, ал бірқатары бертінде қазақ сөздерінен пайда болған: *не* (есімдік *не*), *немесе (неме-се)*, *әлде (әлі)*¹; *бірде (бір-де)*, яки парсы тілінен ауысқан, *мен (бен, пен)* дегендер білән демеуінен пайда болған.

Бірыңғай мүшелерді салаластырушы жалғаулықтардың көпшілігі құрмалас салаластарды да, кейбіреуі, мысалы, *да//де*, сабақтас сөйлемдерді де байланыстыру қызметінде мынадай үш негізгі мағыналық топқа бөлінеді: ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты.

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: *және, мен (бен, пен), менен, тағы, да, де, /та//те, әрі*

Және (оның күрделі түрі *және де*) ежелден қолданылып жүрген жалғаулық болғанмен, кез келген бірыңғай мүшелер арасына қойыла бермейді. Оның жалғаулық мағынасы *мен* дегенмен әуендес болатындықтан, әдебиет тілінде ол екеуінің қолданылуында едәуір стильдік айырмашылық бар. Мысалы, *Асан мен Үсен көп бөгелген жоқ* дегендегі *менің* орнына *және* жалғаулығын қоюға болар еді, бірақ ол бірыңғай мүшелердің мағыналық байланысы бірдей болмайды.

Мен шылауы көбінесе біріне-бірі жуыспалы түрде, бірлестік мағынада айтылатын бірыңғай мүшелердің арасында қолданылады да, *және* бірыңғай мүшелерді бірінен-бірі бөлектеп, олардың мағыналарын ерекше логикалық екпінмен айту үшін қолданылады. Оны мына мысалдардан байқауға болады:

Мәжіліске қатысқан ғалымдар мен мамандар өздерінің жұмыс тәжірибелері және ғылыми зерттеудің нәтижелері жөніндегі өзара пікір алысты (Газеттен).

¹ Ол туралы П. М. Меллоранскийдің "Памятник в честь Кюль-Тегина" (ЗВО, 1899, т. XII, вып. 11, 65-беттер) деген еңбегін, Н. К. Дмитриевтің "Грамматика башкирского языка" деген кітабын қараңыз.

Мен жалғаулығы тек зат есімдерден не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған бірыңғай мүшелерді байланыстырады. Ал және жалғаулығы барлық есімдерден, үстеулерден және етістіктерден болған бірыңғай мүшелерді байланыстырады. Онда да соңғы жалғаулық сирек жұмсалады. Оның жиі қолданылатын орындары мынадай бірыңғай мүшелердің арасы болады:

а) Сөйлемде әлденеше (екіден артық) бірыңғай мүшелер қатар келгенде, олардың алдыңғылары не интонация, не мен жалғаулығы арқылы байланысады да, тізбектелген бірыңғайлардың ең соңғысынан бұрын және қойылады:

Біздің заводтарымыз бен фабрикаларымыз және колхоз-совхоздарымыз жылдан жылға іріленіп, нығайып келеді.

ә) Өзара бірыңғай болғанмен, мағына жағынан бірінен-бірі оқшаулана, екі салалы сапа ретінде айтылатын, әрі сын есім мен үстеулерден жасалған анықтауыш, пысықтауыштардың және баяндауыштардың арасына қойылады:

Ол өте көркем және байсалды жігіт еді. Колхозшылар сүт тапсырудың жылдық жоспарын толық және асыра орындады. Сабыржан өте сабырлы және әдепті.

Әрі жалғаулығы бірыңғай мүшелердің әрқайсысы саралап, ой екпінін түсіре айту керек болғанда, олардың ыңғайластыра байланыстырады: *әрі Борашты, әрі Хасенді... әрі сұлу, әрі жас.*

Тағы да (да) көбінесе қайталанылып айтылған бірыңғай баяндауыштарды, кейде бастауыштарды байланыстырады: Жаз, тағы жаз; Айттым, тағы да айтам; Біздің үйге Әбен, тағы Рақым келді.

Да//де жалғаулық қызметінде бірыңғай мүшелердің, және, мен сияқты дәл ортасында тұрмайды, әрі бірыңғайдан кейін айтылу арқылы солардың не болмаса өзінен бұрын тұрған сөздің сол сөйлемде жоқ басқа сөзбен ыңғайлас қатынаста екенін білдіреді. Сонымен қатар *да//де* бірыңғай мүшелерден кейін қайталақтанып келіп отырғанда, әрі сөзге екпін түсіріле, басым әуенмен айтылады:

Жақсылық та, Баршагүл де Қайырбек те, Мұхит та қуаң қағып, шапшаң бұрылып төңірекке көздерін жіті жүгіртеді (Ғ. Сланов).

*Өзінен биік жоқта тау да сұлу
Күн жоқта түнде жүзген ай да сұлу.*

*Шадыман шын сұлулық өмірдегі
Құлпырған құм туралы жыр да сұлу
(Т. Жароков).*

2. Қарсылықты жалғаулықтар: *бірақ, бірақ та, сонда да, алайда, т. б.* Бұлар бір мүшені екінші мүшеге, көбінесе бір сөйлемді екінші сөйлемге қарсы қою мағынасында жұмсалады. Олардың негізгі қызметі — құрмалас сөйлемдерді байланыстыру. Қарсылықты жалғаулықтардың бірыңғай мүшелерді байланыстыруына мысалдар:

Біз сыртқа шығайық, бірақ ұзап кетпейік. Ол бетіме қайта-қайта қарады, бірақ танымады. Жолдасың зейінді, бірақ танымады. Жолдасың зейінді, бірақ та жалқау. Ол хатты екі рет жүгіртіп оқып шықты, сонда да түк түсінбеді. Балам көп ойнайды, алайда сабақты жақсы оқып жүр.

3. Т а л ғ а у л ы қ т ы ж а л ғ а у л ы қ т а р: *я, не, немесе, не болмаса, біресе, әлде.* Бұлар тізбектелген бірыңғай мүшелердің бірі болмаса бірінің мүмкін екенін талғау үшін, олардың жарыса жұмсалуда кезектестік барлығын білдіру үшін жұмсалады:

Ол — сенің я ағаң я інің. Әлібек бұған да жауап қайырмады. Сазарған түсінен не көңгендігі, не қарсылығы байқалмайды (Ғ. Мұстафин) Ол бүгін немесе ертең келеді. Толқын біресе жарды сүзіп, біресе қайтып буырқанып жатыр екен. Ботакөз біресе көлге, біресе айнаға қарап, көлдің толқынына қарап, еліктегендей, толқынды бұйра қара шашын бұрынғыдан да жиі желпе түсті (С. Мұқанов)

Жоғарғы мысалдардағыдай, талғаулықты жалғаулықтар бірыңғай мүшелерді салыстыру қызметіне қарай, көбінесе бірыңғай мүшелердің әрқайсысының алдынан қайталақтанып отырады. Солай болған соң да бірыңғайлар паузамен бөлініп айтылады да, жазуда олардың арасында үтір қойылады.

Бірыңғай мүшелерді талғау, салыстыру мағынасында, кейде *бір (бірде) деген сан есім де жалғаулық қызметінде жұмсалады:*

Ол көзі жаутаңдап маған бір қарайды, оған бір қарайды. Самолет бір жоғары, бір төмен құлдилаиды.

§ 83 БІРЫҢҒАЙ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

Тұрлаулы мүшелер бірыңғай болғанда, сөйлемнің құрамы жайыла түседі, бірақ сөйлем күрделі болмайды. Күрделі сөйлемдер әр бастауыштың өз баяндауышы болу негізінде жеке сөйлемдер тіркесетін болса, бірыңғай тұрлаулы мүшелері бар сөйлемде бірнеше бірыңғай бастауыштың бір баяндауышы, бірнеше бірыңғай баяндауыштың бір бастауышы болады. Сол ыңғайда олардың бірыңғай болуының өз ерекшеліктері болады:

Б а с т а у ы ш бірыңғай болғанда, олар бір баяндауышты өздеріне ортақтасқан түрде бағындырады:

Бейсен, Шымырбек, Қали құлаған жерді аршып жатыр (С. Ерубәев). *Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер, мал шашпақ — бес дұшпаның білсеңіз* (Абай). *Адамның үндері, дауыстары, дүрсілдері естіледі* (С. Сейфуллин).

Бірыңғай бастауыштардың тұлғалары да, жоғарғы мысалдардағыдай, негізінде, біркелкі болады. Сонымен қатар жалғаулықсыз байланысқан бірыңғай бастауыштар түрлі лексикалық топқа жататын, тұлға жағынан әркелкі сөздер болуы да мүмкін:

Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар (М. Әуезов). *Оқта-текте айқай-ұйқай, аттың дүбірі естіледі* (С. Сейфуллин).

Сөйлемде бірыңғай бастауыштарға ой екпінін түсіріп, бәрінің синтаксистік қызметі бірдей екенін аңғарту үшін, оларда **ж и н а қ т а у ы ш т ұ л ғ а** мен **ж и н а қ т а у ы ш** сөздер қолданылады:

1. Бірыңғай бастауыш кісі аттары болғанда, олардың ең соңғысына көптік жалғау жалғанады. Ондайда көптік жалғауы жинақтаушы қызмет атқарады. Мысалы:

Абай, Біржан. Әйгерімдер тысқа шығып, оларды аттандырып жатыр (М. Әуезов). *Байдалы, Сүйіндік, Ызғұттылар төбенің басына шығып келушілерді тосып тұрғалы бірталай уақыт болды* (М. Әуезов).

2. Біркелкі бірыңғай бастауыштарды (кей басқа да мүшелерді) жинаушы сөз жинақтау сан есімдері болады:

Жұрт тарай бастағанда, Михаил, Айдыңғали, Жақсылық үшеуі оқаша қалған еді (Ғ. Сланов).

3. Бірыңғай мүшелерді жинақтау қызметінде *бәрі, барлығы да, осының бәрі, үшеуі...* дегендер сөздер жиі қолданылады:

Анау төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, кой өрісі — барлығы да соншалық таныс, жақын (М. Әуезов). Раушанның өкіл болып болысқа баруы, қалаға баруы, ауылдық кеңес ағасы болып сайлануы — осының бәрі де Бәкеннің ризашылығымен болған жұмыс емес (Б. Майлин). Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер ... құлпырып жинайды (М. Әуезов).

Б а я н д а у ы ш т а р бірыңғай болғанда, олардың бәрі бірдей болғанмен, көп жерде ең соңғы баяндауыштың сөйлем құрауда синтаксистік қызметі ерекше болып келеді. Оның үстіне етістіктен болған бірыңғай баяндауыштың есімді бірыңғай баяндауыштардан елеулі ерекшеліктері бар.

1. Е т і с т і к бірыңғай баяндауыштар қимылдың бірінен соң бірі болып жатқан ү д е т п е л і г і н және м е з г і л д е с т і г і н білдіреді:

Дала боран, Жел дүрілдейді, ысқырады (Б. Майлин). Арғымақтың баласы аз оттар да көп жусар (Мақал). Бұл жолы ол әрі ұзақ ұйықтады, әрі тыныш ұйықтады (В. Катаев).

Бірыңғай баяндауыштардың тұлғалары әр уақытта, жоғарғы мысалдардағыдай, біркелкі болып келе бермейді. Кейде олардың алдыңғылары көсемше тұлғалы етістік болып, ең соңғысы тиісті жақ жалғауында тұрады; сол жалғау бәріне де ортақ болады:

Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады (Мәтел). Оның көзі бір ашылып, бір жұмылады (М. Әуезов). Әбілде... ауылға атпен бір келіп, бір кетіп жүрді (С. Сейфуллин).

Соңғы мысалда баяндауыштық тұлға ғана емес, көмекші етістік жүрді дегеннің де бірыңғай екі баяндауысқа бірдей қатысы бар: *келіп жүрді, кетіп жүрді*. Бірақ бұл “келіп, кетіп жүрді” болып қысқартылып айтылған. Бұл айту жазудың шұбалаңқы еместігін көрсетеді. Осындай ойды аз сөзбен ықшамды етіп айту керек болғанда, күрделі бірыңғай баяндауыштар тұжырымдалып, көмекші етістік ең соңғы баяндауыштан кейін бәріне ортақ болып бір-ақ айтылады да, одан бұрынғы баяндауыштар көсемше тұлғалы болады. Мысалы:

Әлдеқайдан әйелдердің қосылып салған сүйкімді әні құлақты елеңдетіп... басты еріксіз көтеріп, өзіне қарай тартып, жетектеп барады. Әйелдердің біреулері Бәкеннің үйін жинап, сыпырып жатыр, біреулері отын жағып, суын тасып, шайын қойып жатыр. (Б. Майлин).

Бұл мысалдардағы бірыңғай баяндауыштардың алдыңғылары көсемшеде тұрып, ең соңғы баяндауыш құрамындағы *барады, жатыр* көмекшілерін де қамтып тұрады. Кейде бірыңғай баяндауыштың алдыңғысы мүлде айтылмай не жартылай айтылып, оның орнында тек жалғаулық қалып, сол арқылы ең соңғы бір баяндауыш екі рет айтылғандай болып ұғынылады:

Қара жігіт саған бір, Айшаға бір қарады (С. Сейфуллин). *Бәкен қуанған да, режіген де жоқ* (Б. Майлин). Бұлар — бірыңғай баяндауыштарды ықшамдау мақсатымен айтылған сөйлемдер. Олардың түрі — *...саған бір қарады, Айшаға бір қарады... қуанған да жоқ, режіген де жоқ*. Кейде бір баяндауыш бір сөйлемде бірнеше рет қайталанып айтылады. Ондайда баяндауыштың мағынасы күшейтіліп, сөйлемге ерекше экспрессивті өң беріледі: *Дауыста, Жамбыл, дауыста! Сөйлеп бір жібер, сөйлеп енді* (Жамбыл).

2. Е с і м д і бірыңғай баяндауыштар субъектінің бір беткей әр түрлі сындық, не заттық сапасын білдіреді; бірыңғай баяндауыш болатындар — көбінесе сын, зат есімдерден жасалған баяндауыштар...

Аттың желісі бір түрлі қатты, мазасыз (М. Әуезов). *Алқаптың жан жағы қырқа, бұйрат* (С. Сейфуллин). *Екіншісі ақ құба, ұзын бойлы, талдырмаш* (Ғ. Сланов). *Әуе тып-тынық, тал-таза, жібектей жұмсақ* (С. Сейфуллин).

§ 84. БІРЫҢҒАЙ ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

Екі не бірнеше түрлаусыз мүшелер басқа түрлаулы, түрлаусыз мүшелердің біріне бағынып, бір сұраққа жауап болып тізбектеледі:

Ботақорадағы, Михайловкадағы фабрика-завод мектептерінде, техникумда жүздеген жас кадрлар, жаңа техниканың болашақ мамандары оқып жүр. Бақшада жастықтан, бақыттан, шаттықтан, сұлулықтан тасып шыққан ешбір қайғы-уайымсыз, күмістей таза күлкі естілді (С. Ерубәев).

Жоғарғы мысалдардағыдай бірыңғай түрлаусыз мүшелер көбінесе тұлғалас келеді. Кейде тұлғасы бөлек, бірақ түр-тұрпаты жағынан әуендес, қызметі бірдей сөздер де (көбінесе анықтауыш, пысықтауыштар) бірыңғай бола береді. Тұлғасы бөлек екі сөз, мысалы

анықтауыш қызметінде, бірыңғай болып айтылу үшін, олар бөлек-бөлек әуенмен саналып айтылуы керек.

...Қайғысыз, күмістей таза күлкі естіледі. Орта бойлы, ақ құба жігіт алдымыздан шықты.

Соңғы сөйлемдегі анықтауыштарды интонация арқылы екі жікке бөлмей, әрқайсысына ой екпінін түсірмей, бірімен-бірін ұластыра айтсақ, олар бірыңғай болмайды.

Тұрлаусыз мүшелердің барлығының бірыңғай болу амалдары бірдей емес.

Т о л ы қ т а у ы ш т а р бірыңғай болғанда, олар жалғаулықты, жалғаулықсыз байланыста тұрып, екі түрлі тұлғаланады: бірде (көбінесе) әрбір бірыңғай толықтауыш тиісті септік жалғауда айтылса, кейде онда жалғау ең соңғы толықтауышқа ғана жалғанып, алдыңғылары сол жалғауға сырттай телініп, жалғаусыз айтылады:

Абай бұл күндерде екі анасы мен Ғабитханға Қарқаралыда көргендерін, сезгендерін көп-көп әңгіме қып айтып жүрді (М. Әуезов). Әкем Балжандарға хат беріп, туыс, жолдастарын сырттан таныстырып жүр (Ғ. Мұстафин).

Бірыңғай толықтауыштар *мен (пен, бен)* жалғаулығы арқылы байланысқанда, олардың әр уақытта тек соңғысы жалғаулы болады, ал жалғаулықсыз байланысса, кейде олай, кейде бұлай болып тұлғана береді:

Тау мен тасты су бұзады (Мақал). Ащы менен тұщыны татқан білер, алыс пенен жақынды жортқан білер (Мақал).

Анықтауыштар анықтайтын сөздерінің алдында екі түрлі ыңғайда топтанады: кейде бірнеше анықтауыш бірін-бірі анықтап барып, ең соңғы зат есімге бағынып тұрады. Мысалы: *Әлеуметтік құрылыстың жаңа міндеттері* дегенде “әлеуметтік” деген анықтауыш *құрылыстың* дегенді анықтайды, *құрылыстың жаңа* дегендер — *міндеттері* дегенді анықтайды. Мұндай бір сөзді түрлі жағынан сипаттайтын анықтауыштар ә р - к е л к і анықтауыштар болады.

Кейде анықтайтын сөзіне қатысы бірдей бірнеше анықтауыш бір сөзді әр жағынан анықтайды. Олар мағыналық, грамматикалық белгілері жағынан ыңғайлас болады. Мысалы:

Дала қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып тұр. Бұл үй — кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі меймандос мол үй (М. Әуезов).

Мұндай мағыналас, көбінесе тұлғалас сөздерден жасалған барлығы бірдей дәрежеде бір сөзге қатысты болып тұратын анықтауыштар **бірыңғай** анықтауыштар — ойды, көрікті, көркем етудің де тәсіл бояулары.

Кейде тұлғасы, мағынасы жағынан түрлі сөз табына жататын сөздер де бірыңғай анықтауыштар болуы мүмкін. Ондайда олар да айырым интонациямен айтылады. Мысалы: *Орысша киінген, ақ құба, қара сақалды, орта бойлы адам үйге кірді.*

Пысықтауыштар да анықтауыш сияқты бірыңғай болып көп жұмсалады. Әсіресе туынды үстеулерден, көсемшелерден болған пысықтауыштардың бірыңғай болу қабілеті күшті. Олар көбінесе интонация арқылы, кейде жалғаулықтар арқылы да байланысады:

Ол хатты асықпай, баппен, жақсылап тағы бір оқып шықты. (С. Көбеев). Тағы ...аласұрып, мазасызданып, иесіне бір ұмтылып, қоянға қарай бір шауып, өз еңбегінің соншалық қадірсіз болғанына қатты қиналғандай болды. Абай Дәркембайдың сөзінен аса қатты ойға қалып, біресе қабақ шытып, біресе күрсініп тымағын қолына алды (М. Әуезов).

Бірыңғай мүшелердің әрқайсысы **д а р а с ө з д і** (**ж а л а ң**) және сөз тіркесінен (күрделі сөздерден де) құралған **к ү р д е л і** (жайылма) болуы мүмкін:

**Шалқар көл, сайраған құс, мұнарлы бел.
Жап-жасыл, жайнаған шөп, самалды жел**
(Н. Байғанин).

**Тамаша өмір, шаттық жыр
Қала, дала, ой мен қыр**
(Жамбыл).

**Тауды тіліп, тасты бұзып,
Тамшылатып ащы тер...
Қырдан асып, белді басып
Жолды салған қандай ер?**
(А. Тоқмағамбетов).

Көп этажды, алуан түсті үйлер, жиектеп ағаш еккен асфальт көшелер, көше бойы ағылған трамвай, троллейбус, автомашиналар көрінді (Ғ. Мұстафин).

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ

§ 85. ЖАЛҒЫ ТҮСІК

Тілдің ғасырлар бойы жасалып, қалыптасқан синтаксистік құрылысында белгілі заңдылықтар бар. Сөздер сөйлемде қалай болса солай орналаспайды, тіліміздің синтаксистік ерекшеліктеріне лайық белгілі тәртіппен орналасады. Сондықтан әрбір сөйлем мүшесінің сөйлемде қалыпты орны болады. Оның бірқатарында сол қызметінде тұрып орнын ауыстыруға болмайды.

Осыны еске алып, қазақ тілінде сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі, негізінде, екі түрлі болады дейміз: сөйлемдегі бірқатар сөйлем мүшелерінің орын тәртібі *тұрақты*, бірқатарының орын тәртібі *жылжымалы* болады. Орын тәртібі тұрақты болатындар — жалғаусыз қабыса байланысатын сөйлем мүшелері, орын тәртібі жылжымалы болатындар — жалғаулар арқылы қиыса, меңгеріле, матаса байланысатын сөйлем мүшелері. Мысалы: *Жолдасымыз екеуміз күнде... қалың ағаш көлеңкесінде жататынбыз* (С. Ерубәев) деген сөйлемдегі анықтауыш қалыңды сол орнынан қозғауға болмайды, ал *күнде, ағаш көлеңкесінде* деген пысықтауыштардың (соңғыны анықтауышымен қоса) орнын ауыстырып айтуға, бастауыштан бұрын айтуға да болады: *Күнде жолдасымыз екеуміз (қалың ағаш көлеңкесінде жолдасымыз екеуміз...) қалың ағаш көлеңкесінде (күнде) жататынбыз. Жалғаусыз қабыса (сол тұрған орнына қарай) байланысатын сөйлем мүшелерінің көпшілігі қалыпты орындарынан тапжылмайды.* Мысалы, *сын есім, есімше, сан есім, атау күйіндегі зат есім анықтауыш болса, олар анықтайтын сөзінің дәл алдында тұрады, кейбір жағдайда болмаса, басқа мүшелермен орын ауыстыруға көнбейді. Орнын ауыстырып айтуға болған күнде, сол сөздің бұрынғы синтаксистік қызметі өзгеріліп кетеді.* Мысалы, *Даңғыл жолмен жүріп келеміз* деген сөйлемдегі анықтауышты (*даңғыл*) жолмен сөзінен кейін қоюға болмайды. Сондай-ақ, *Колхоздың ұзын мүйізді қызыл сиырлары тау алқабында жайылып жүр* деген сөйлемдегі ұзын мүйіздіні сол орнынан қозғауға болмайды. Егер оны сөйлемнің басына шығарып аяқсақ, ол колхоз сөзінің анықтауышы болып,

сөйлемнің бұрынғы мағынасына үлкен нұқсан келтірген болар едік.

Екі зат есім не зат есім мен есімдік қатар тұрып, алдыңғысы бастауыш, соңғысы баяндауыш болатыны белгілі. Соларды орнын ауыстырып айтсақ, олардың синтаксистік қызметі де ауысады. Мысалы:

Оспан оқушы, Оқушы — Оспан.

Мынау — кітап. Кітап — мынау.

Осы бала — жақсы бала. Жақсы бала — осы бала.

Жалғау арқылы байланысатын сөздерді орын ауыстырғанда, ол сөздердің синтаксистік қызметі өзгерілмегенмен, сөйлемнің бұрынғы мағынасына аздаған болса да өзгеріс енетін болады. Сөздердің сөйлемдегі қалыпты орнын өзгерту — қалай да сөйлем мағынасын түрлендіруге әсер етеді. Мысалы, *Барлауға Сағынтай кетті* деген мен *Сағынтай барлауға кетті* деген бір емес: алдыңғыда барлауға кеткеннің кім екендігі баса айтылса, соңғыда Сағынтайдың қайда екендігі баса айтылған. *Омарбек те бүгін тойға барады* деген сөйлемдегі *те* шылауының орнын өзгертіп, басқа сөздерден қойып, мынадай сөйлемдер құруға болады:

Омарбек те бүгін тойға барады.

Омарбек бүгін де тойға барады.

Омарбек бүгін тойға да барады.

Рақым Омардың қалаға бұл жолы не жұмыспен барғанын білмеді. Бұл сөйлемнің сөйлем мүшелерінің орнын былай өзгертіп айтуға болады:

Рақым қалаға Омардың бұл жолы не жұмыспен барғанын білмеді. Бұл жолы Рақым Омардың қалаға не жұмыспен барғанын білмеді. Рақым Омардың бұл жолы қалаға не жұмыспен барғанын білмеді. Омардың қалаға бұл жолы не жұмыспен барғанын Рақым білмеді.

Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орнын ауыстырып айтуды инверсия дейміз.

Сөздер сөйлемде белгілі орнында тұру арқылы синтаксистік байланысқа енеді. Сонымен қатар олардың синтаксистік қызметі айқындалады. Сөйлем мүшелерінің қалыпты орнын өзгертіп инверсия жасау арқылы ондағы сөздің бірі болмаса біріне ой екіпінін түсіріп айтуға болады. Сонда сөйлем мүшелерін орнын ауыстырып, инверсия жасау **с т и л ь д і к** қызмет атқарады.

Сөйлемдегі бір мүшенің бір орнында тұруы сол сөйлемдегі басқа мүшенің екінші орында тұруымен байланысты. Сондықтан сөйлемдегі бір мүшенің орнын анықтағанда, онымен байланысты басқа мүшенің қандай орында тұрғанына қарамай болмайды.

Сөйлем мүшелерінің тұрған орнына қарай өзара қарым-қатынаста, байланыста тұратынын айырғанда, Н. К. Дмитриев айтқандай, олардың қандай сөйлемдегі мүшелер екендігіне де қараймыз¹. Жалаң сөйлемде (*Қасқыр ұлыды*) бастауышты баяндауышқа баяндауышты бастауышқа қарап, жайылма сөйлемде (*Тоғайда қасқыр ұлыды*) тұрлаусыз мүшелерді басқа сөздермен қарым-қатынасына қарап, олардың сөйлемдегі қалыпты орны қайсы екенін белгілеуге болады.

Жалпы ереже бойынша сөйлем мүшелерінің орын тәртібі былай болады: баяндауыш сөйлемнің ең соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықталатын сөзден бұрын, толықтауышпен пысықтауыштар өздері қатысты сөздерінен бұрын тұрады. Осы жалпы ереженің мазмұнын, басқа да ерекшеліктерін толығырақ түсіну үшін, әр сөйлем мүшесінің орын тәртібі қалай болатынын бөлек қарайық.

§ 86. БАСТАУЫШТЫҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ОРНЫ

Бастауыш пен баяндауыштан құралған жалаң сөйлемде бастауыш бірінші орында, баяндауыш екінші орында тұрады.

Сіз оқыңыз. Сендер оқушысыңдар. Ол — бригадир.

Сен айта ғой: Сабыр тәртіпті. Асан — жақсы бала.

Күн ысып кетті. Ол жалқау емес. Көп қорқытады.

Бастауыш пен баяндауыш жайылма сөйлемде де өз орындарын сақтап бастауыш бұрын келеді, баяндауыш одан соң тұрады: *Кеше жиылыс болды. Біз көп табысқа жеттік.*

Бұл сияқты жайылма сөйлемде бастауыштың баяндауышпен қатар тұруы, не одан қашықтап тұруы сөйлемдегі тұрлаусыз мүшенің қай тұрлаулы мүшенің ықпалында болуымен байланысты не болмаса ой екпінінің сөйлемдегі сөздің қайсысына түсетіндігімен байланысты

¹ Н. К. Дмитриевтің “Грамматика кумыкского языка” деген кітабының 161-бетін қараңыз.

1. Егер тұрлаусыз мүшелер бастауыштың жетегіндегі сөздер болса, бастауыш баяндауыштың дәл алдында тұрады:

Сенен сауға сұраған келіншек кетіп қалды.

2. Егер тұрлаусыз мүшелер баяндауыштың жетегіндегі сөздер болса, бастауыш олардан бұрын тұрады:

Біз “Бірлік” колхозына бардық.

3. Егер бастауыштың да, баяндауыштың да жетегінде тұрлаусыз мүшелер болса, бастауыш сөйлемнің ортасында, баяндауыш ең соңында тұрады:

Шоқша сақалды кісі арбадан түсті.

Жоғарғы, бірінші ережеге лайық айтылған сөйлемдердің ішіндегі бастауыштарды одан бұрынғы сөздермен орын ауыстыруға болмайды. Екінші және үшінші ереже бойынша келтірілген мысалдардағы баяндауыштың жетегіндегі тұрлаусыз мүшелердің орнына бастауышты ауыстырып қоюға болады:

Біз “Бірлік” колхозына бардық. “Бірлік” колхозына біз бардық.

Шоқша сақалды кісі арбадан түсті. Арбадан шоқша сақалды кісі түсті.

Осылайша бастауыштың орны ауысып, баяндауыштың жетегіндегі сөздің орнында тұрғанда, логикалық екпін бастауышқа түседі, бастауыштың бұрынғы орнына қойылған сөздер де бұрынғысына қарағанда басым мағынада айтылады. Сонда, орын ауыспай, қалыпты орнында тұрған сөздердің ешқайсысы, әдейілеп дауысты құбылтып, көтеріңкі дауыспен айтқанда болмаса, ой екпіні түсіп, сөйлемдегі басқа сөздер шумағынан бөлектенбейді. Ал олардың құрылысын өзгертіп бастауышты баяндауыштың жетегіндегі тұрлаусыз мүшелердің орнына қойғанда, орын ауысқан сөздерің айтылу ырғағы да, логикалық екпіні де өзгертіледі.

Сонда баяндауыштың қасында тұрған бастауыш ерекше басым әуенмен айтылады. Осы айтқанымыз дәлелді болу үшін, мына сөйлемдердің бастауыштарын басқа мүшелермен орын ауыстырып айтып көрейік:

Таң атып, сәуле кіре бастады. Қарымсақ Зылиқаны іздеуге шықпақшы болды. Қарымсақ інісінің үйіне қарай жүгірді. Келіні пештің мұржасын ашып жүр екен (Б. Майлин).

Таң атып, сәуле үйге кіре бастады. Зылихананы іздеуге Қарымсақ шықпақшы болды. Інісінің үйіне қарал

Қарымсақ жүгірді. Пештің мұржасын келіні ашып жүр екен.

Алдыңғыда (бастауыштар өз орындарында тұрғанда) субъектілердің не істегені жай баяндалса, соңғыда (бастауыштың орнын өзгертіп, баяндауышқа таяу қойғанда) істі істеушінің қай субъект екені баса айтылады. Бұл арада бастауыштың стильдік қызметі анық көрінеді: сөйлемнің құрамын өзгертпей, тек бастауыштың орнын өзгертіп айту арқылы екі түрлі мақсатты ой хабарланады. Солай екен деп *Келді кеше қаладан ол, Отыра кетті бір тасқа Мейрам* тәрізді қисынсыз құрылған сөйлемдерде стильдік нәр бар деуге болмайды. Әдебиетте кездесетін ондай сөйлемдер шеберліктің белгісі бола алмайды.

Сөйтіп, бастауышты (басқа мүшелерді де) қалыпты орнынан жылжытып басқа мүшенің орнына қою керектілігі кейде **мақсатты**, кейде **мақсатсыз** болады. Мұның екеуінде баяндауыштарға қатысты мүшелері бар етістікті сөйлемде болуы мүмкін. Кейде етістік баяндауыштар маңына топтанатын тұрлаусыз мүшелер бірнешеу болғанда, бастауышты аралата орын ауыстыруға да болады. Мысалы:

1. *Олар мені салқын сарайына алып келді.*

2. *Мені олар салқын сарайына алып келді.*

3. *Салқын сарайына олар алып келді не Мені салқын сарайына олар алып келді.*

Ал бас мүшелер тұрған орнына қарай байланысатын есімді жалаң және жайылма сөйлемдерде бастауышты әрлі-берлі жылжытуға болмайды. Ондай сөйлемде бастауыш болған сөзді баяндауыш болған сөзбен орын ауыстыруға болады. Ондайда олардың қызметі де өзгеріледі: баяндауыш — бастауыш, бастауыш — баяндауыш болады. Мысалы: *Ол — бригадир. Бригадир — ол. Москва — ұлы астанам. Ұлы астанам — Москва.*

Етістіктің сөйлемдердегі бастауыштың негізгі қалыпты орнын және басқа мүшелермен ауыстырғандағы орнын схема түрде жинақтап көрсетсек ол былай болар еді:

Осы схемаларға лайықты мысалдарды мына сөйлемдерден табуға болады:

1. *Ол, бізге сөйлегелі тұрған адамдай, оң қолын орманға созған бетінде, қалқиып тұрып қалды (С. Мұқанов). Шыңғыстың бөктеріндегі ауылдар бұл уақытта күн райын бағып отыр еді (М. Әуезов). Есік алдында жатқан үлкен сары ит үре бастады.*

1. Қ а л ы п т ы о р н ы 2. А у ы с т ы р ғ а н о р н ы

Б + А + Т + П + б ¹ .	}	Т + П + Б + б
Б + П + А + Т + б		Т + Б + П + б
А + Б + П(+ Т) + б		П + Б + Т + б
А + Б + Т(+ П) + б		Т + А + Б + П + б
Т + А + Б + б		П + Т + А + Б + б

§ 87. БАЯНДАУЫШТЫҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ОРНЫ

2. Айқұдықтағы аулына Абай салқын түсе, күн батардан аз бұрын ғана жетті. Ай астында ақ үйлер де мыңғып, қалғып тұр (М. Әуезов). Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі есінен танып қалды (Ы. Алтынсарин). Күздігүні мен де Москваға келем (Ғ. Мүсірепов).

Бастауыш, толықтауыштарға қарағанда, баяндауыштың сөйлемдегі орны аса тұрақты: баяндауыш көбінесе сөйлемнің соңында тұрады. Сөйлем арқылы айтылатын ой баяндауышпен аяқталып, ондағы басқа мүшелер баяндауыштың алдына үйірледі:

Өмірге сүйген жардай ғашық болғандардың бірі менмін. Бәріміздің өміріміздің басталуы бар... Ағам менің сабақты қалай пысықтағанымды бақылап, қадағалап тұратын (С. Ерубәев). Ол бір күндері қызын ұзату дайындығына да кіріссе керек (Ғ. Сланов).

Өлеңді сөйлемдерде бұйрық рай, есімше тұлғалы етістіктерден, жіктік жалғаулы етістіктер мен есімдерден болған баяндауыштар сөйлемнің басында да, ортасында да тұра береді.

*Көзіңді салшы далама,
Түкті кілем түгіндей
(Жамбыл).*

*Сәуірде көтерілер рақмет туы.
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп
Жайылар жер жүзіне қардың суы.
(Абай).*

*Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен
(Ы. Алтынсарин).*

¹ Шартты қысқартулар: Б — бастауыш, Т — толықтауыш, А — анықтауыш, П — пысықтауыш, Б — баяндауыш.

**Көрдім тағы қырларын,
Жері қандай жап-жазық
(Т. Жароков).**

Жіктік жалғаулары жалғанбай айтылған есім баяндауыштар әр уақытта бастауыштан соң тұрады. Оларды басқа мүшелермен орын ауыстырып айтуға болмайды:

Елім бай. Халқым бақытты. Жарас бригадир. Ленинград — революция бесігі.

Баяндауышқа ой екпінін түсіре, басқа сөздерден басым мағынада айту үшін, кейбір ұранды, лепті сөйлемдерде оны бірінші орынға қойып айтуға болады: *Жойылсын жауыздар! Жасасын сүйікті Отанымыз!*

— *Тарт қолыңды!*

— *Отыр орныңа!*

— *Көне алмаймын оның зорлығына!* (М. Әуезов).

Диалогты сөйлемнен соң айтылатын автор сөзінде баяндауыш бұрын, бастауыш одан соң келеді.

— *Жарайды, — деді Сергей Петрович* (Ғ. Мұстафин).

— *Бұл — баяғы өзің берген кітапты жазған, барлық аналардың жан ашыры болған адам, — дедім мен* (С. Ерубасев).

§ 88. ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ОРНЫ

Хабарлы сөйлемдерде толықтауыштардың қай-қайсысы болса да өздерін жетектеп тұратын етістіктен және есімдерден бұрын тұрады.

Бастауышы, баяндауышы бар сөйлемнің толықтауышы да болса, соңғының қалыпты орны, баяндауышы да болса, соңғысының қалыпты орны, негізінде, баяндауыштың қасы болады. (Мысалы: *Мен Жолдасбекті көрдім*).

Бір сөйлемде бірнеше жанама және тура толықтауыш болса, олардың сөйлемдегі орын тәртібі, өзара грамматикалық, мағыналық байланысына қарай әр қилы болады. Мысалы, *Олар егіннен мол өнім алуды қамтамасыз етуге сөз берді* (газеттен) деген сөйлемде үш толықтауыш бар: *егіннен, өнім алуды, қамтамасыз етуге*. Бұлар бірін-бірі менгерген толықтауыштар (*егіннен алуды қамтамасыз етуге*) болғандықтан, олардың орындарын ауыстыруға болмайды. *Саған кітапты Әмірден беріп жіберемін* деген сөйлемде де үш толықтауыш бар (*Саған, кітапты, Әмірден*.) Олардың бәрі бір баяндауышқа бағынған. Сондықтан бұл то-

лықтауыштарды орнын ауыстырып айтуға болады. *Кітапты саған Әмірден беріп жіберемін; Әмірден саған кітапты беріп жіберемін. Екі түрлі құралған бұл сөйлемдердің елеулі стильдік айырмашылығы бар: олардың екеуінде негізгі логикалық екпін баяндауышпен қатар тұрған толықтауышқа түседі де, сол толықтауыш басқаларынан басым мағынада айтылады. Осындай ерекшеліктермен байланысы сөйлемдегі толықтауыштың әрқайсысының орны былай болады деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Сөйтсе де, қазақ тіліндегі толықтауыштардың сөйлемдегі орны туралы мынадай негізгі ережелерді айтуға әбден болады:*

1. Тура толықтауыш барыс, шығыс жалғауларындағы жанама толықтауыштардан соң тұрады:

Қолыма қалам алдым. Жолдасымнан хат келді. Базарға мал айдадық.

Тура толықтауыштың қалыпты орны барыс, шығыс жалғауларындағы толықтауыштардан бұрын болуы да мүмкін. Ондай жерде тура толықтауыш тек баяндауыштың ғана объектісі болмай, өзінен кейін тұрған толықтауыштарға да катысты болады:

Билігін өзімізге бер (Ғ. Сланов). Ит ашуын тырнадан алады (С. Мұқанов). Құшай мені үйден құды да шықты.

2. Барыс жалғауындағы толықтауыш көбінесе шығыс жалғауындағы толықтауыштардан соң (*таудан тауға, сөзден іске, ауылдан қалаға...* сияқты) тұрады.

3. Көмектес жалғаудағы толықтауыштар барыс, шығыс және табыс жалғауындағы толықтауыштардан соң да, бұрын да тұра береді:

Қалағанын найзамен түйресем қайтеді. Ел күреспен ғана байлыққа жетеді. (Ғ. Сланов). Енді бір аттаса, пауеске-мауескесімен жардан құлайды екен (С. Мұқанов).

Толықтауыштар бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдерде болмаса, хабарлы сөйлемде баяндауыштармен орын ауысып, баяндауыштың соңында келе бермейді. *Келе жатыр ол үйден. Ол отыра кетті бір тасқа. Қатты сағындым қарындасымды* дегендей сөйлемдер әдебиетте кездеседі, бірақ олар пәлендей мағыналық не стильдік талапқа сәйкестенбей, сөйлеу тілінде кездесетін ауытқуды елестетеді. Сондықтан мұндай әдеби нормаға жатпайтын конструкция әдебиетте қарапайым кейіпкердің аузынан шыққан сөзінде айтылса ғана жарасымды болады.

Бұйрықты, лепті, сұраулы сөйлемдерде баяндауышты күшті екпінмен көтеріңкі айту үшін, сөйлемнің ба-

сына, ал толықтауыш, пысықтауыштарды одан кейін қоямыз. Ондайда баяндауышпен орын ауысқан толықтауыштар да бұрынғы мағынасында қалмайды:

— Бар, осынымды айт! дегендегі толықтауышты баяндауышпен орнын ауыстырып: *Бар, айт осынымды! дегуге болады. Алдыңғы сөйлем жай хабар ретінде айтылса, соңғы сөйлем ерекше ырғақты әуенмен күйіне сөйлеген кісінің сөзі болып ұғынылады. Ол айырмашылық толықтауыш пен баяндауыштың орын ауысуынан болып отыр. Ондайда толықтауыштардың да ерекше екпінмен басым мағынада айтылатынын мына мысалдардан көруге болады:*

— *Не ақысы бар меңде? Дұшпан сөзіне еріп дұшпан боламысың Нұржанға! Бердім атты! (С. Мұқанов).*

§ 27. АНЫҚТАУЫШТЫҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ОРНЫ

Анықтауыштың сөйлемдегі орнын белгілейтін сөз — анықталушы мүше, жалпы ереже бойынша анықтауыш анықталатын сөздің алдында тұратындықтан, анықталатын сөздің қай мүше, қандай орында тұрғанына қарап, анықтауыш сөйлемнің кейде басында, кейде орта шенінде тұра береді.

Сөйлемде орналасу тәртібі онша қатал болмайтын анықтауыштар — изафеттік құрылыстағы ілік жалғауда жұмсалатын анықтауыштар. Олардың орын тәртібі негізінде былай болады: ілік жалғауындағы анықтауыш тәуелдеулі сөзден бұрын келеді: *Мұғалімнің беделі артты. Колхоздың малы көбейді.*

Ілік жалғаудағы анықтауыш өзі қатысты сөзімен қатар тұруы да, олардың ортасына басқа сөздер қойылып, бірінен-бірі қашықтап тұруы да мүмкін.

Мұғалімнің ауылда беделі болмауының кей себебі бар (Ғ. Сланов). Колхоздың кең қорадағы көп қойы тыпыр етпей, күрт-күрт күйсеп жатыр.

Өлеңді сөйлемде және кейбір сұраулы сөйлемде ондай анықтауыштар тәуелдеулі сөзден кейін тұруы мүмкін:

Желкілдейсің жел үрлесе,

Жібегіндей біздің елдің... (Ә. Сәрсенбаев).

— *Сенімен көңілі қалай еді Балтабектің? (С. Мұқанов).*

Аяғы жазылды ма өзінің? (Ғ. Мұстафин).

Ілік жалғаудағы анықтауыштың жоғарғы өлеңді сөйлемде анықтайтын сөзінен кейін тұруы ұйқас үшін

керек болған болса, одан соңғы сөйлемдерде олай емес. Ондағы анықтауыштарға ой екпінін түсіре, басым мағынада айту мақсатымен жазушы оларды сөйлемнің ең соңына қойған. Олардың орын ауысып келуі, сөз жок, мақсатты инверсия.

Ілік жалғауындағы анықтауыштарды (басқа да мүшелерді) инверсия жасамай-ақ, өз орнында басым мағынада айту үшін, оларды көтеріңкі дауыспен де оның қасына да, де, ақ, ғой шылауларын қойып айтуға болады:

*Менің де айтқаным болды,
Оспанның да сөзі жерде қалмасын.
Соның-ақ айтқаны болсын,
Жұмаштың ғой келуіне қарамайсың.*

Сапалық анықтауыштар мен анықталушы сөздер бірімен-бірі қабысып қатар тұрады. Сонда анықтауыш анықталатын сөзден бұрын тұрады: әдемі үй, ағаш күрек, үш бригада.

Бірыңғай анықтауыштардың анықтауыштық қызметі бірдей болатындықтан, орындарын ауыстыра беруге болады. Мысалы: сары, көк, жасыл түс (жасыл, көк, сары түс); Күшті, қарулы, епті жігіт (қарулы, епті, күшті жігіт); Түлкі тымақты, барқыт қамзолды, ақ сақалды кісі (Ақ сақалды, түлкі тымақты, барқыт қамзолды кісі).

Бұл сияқты бірыңғай анықтауыштардың бірін болмаса бірін басым мағынада заттың ең негізгі сыны — сапасы ретінде жұмсау үшін, сол анықтауышты басқаларынан гөрі басым екпінмен, көтеріңкі дауыспен айту керек.

Егер бірыңғай анықтауыш біркелкі болмай, түрлі-түрлі сапа болса және бір заттың маңында әр түрлі бірнеше анықтауышы болса, олардың заттың ең негізгі сыны болатыны басқа анықтауыштардан кейін, анықталатын сөздің қасында тұрады:

Дередей үлкен, жұп-жұмыр, ақ тай — қасқырдың тайы. Сары қыз әдемі сары келіншек болыпты. Жасында ат жақтылау, қыр мұрындылау сияқты еді, қазір дөңгелек көзді, май мұрындылау, етжеңді толық әйел болуға бет алыпты (Ғ. Мұстафин).

Анықтауыштардың анықтайтын сөзінен қашықтап, инверсия жасалып айтылуы да кездеседі, бірақ аз кездеседі:

Осындай да табан бола ма екен кырық тесік! (Ғ. Мүсірепов). Үлкен кісісің ғой, ала, көп көрген (С. Мұқанов).

§ 90. ПЫСЫҚТАУЫШТЫҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ОРНЫ

Пысықтауыш қатысты сөз етістік, кейде баяндауыш қызметіндегі есімдер болатындықтан, оның сөйлемдегі орнын соларға қарай белгілеуге болады. Ал пысықтауыштар жалпы ереже бойынша пысықтайтын сөздерінің алдында тұрады. Бұл арада “алды” деген сөздің түсінігі барынша кең. Оны дәлдеп, саралап айтқанда, пысықтауыштың сөйлемдегі орнын тәртібін былай топшылауға болады: бірқатар пысықтауыштардың сөйлемдегі орны тұрақты — пысықтайтын сөздердің дәл алды болады. Олар — қимылдың сапасын, қарқынын, кейде мекенін білдіретін пысықтауыштар: *Баяндамашы жақсы айтты. Қаладан тез қайт, Жүрегі дүрс-дүрс соқты, Үйрек жоғары ұшты.* Бұлардың орнын өзгертуге болмайды. Ал мезгіл, мекен, себеп, амал пысықтауыштар өздері қатысты сөздерінің дәл алдында да, олардан қашықтап та тұра береді:

Зылиқа бүгін көңілсіз. Бүгін Зылиқа көңілсіз. Ұлла биыл жетіде. Биыл Ұлла жетіде. Оразкүл ұялғаннан қызарып кетті. Ұялғаннан Оразкүл қызарып кетті. Зылиқа жасында ажарлы еді. Жасында Зылиқа ажарлы еді. Ат ақырындап қозғалады. Ақырындап ат қозғалады (Б. Майлин).

Пысықтауыштардың бірқатарының орнын тәртібі “еркін” болатыны түркі тілдері грамматикаларында бұрыннан айтылып жүр. Грамматика авторларының көпшілігі, мысалы проф. Н. К. Дмитриев, оның себебін былай түсіндіреді: біріншіден, ондай пысықтауыштар етістіктермен тығыз байланысты болмайды, екіншіден, пысықтауыштар сөйлемнің басында тұрғанда, олар жеке сөзге ғана емес, түгел сөйлемге қатысты болады дейді¹.

Осы қорытындының қаншалықты дұрыс екенін байқау үшін көңілсіз, еркін, екі, жақсы тәрізді сөздерден болған пысықтауыштардың орны неліктен тұрақты болады деген сұраққа жауап беру керек. Бала еркін сөйледі; Әбіш көңілсіз отырды; Олар туды екі алды дегендегі пысықтауыштарды ығыстырып, сөйлемнің бас

¹ Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка, М.-Л., 1940, 167-бет.

жағына қоюға болмайды. Болмайтын себебі — олар сол тұрған орнына қарай пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Олардың орнын өзгертіп. *Еркін бала сөйледі, Көңілсіз Әбіш отырды; Олар екі туды алды* десек, бұрынғы пысықтауыштар анықтауыштар болып кетеді. Ал *бүгін, биыл, жасында, асықпай* сияқты сөздерден болған пысықтауыштар сөйлемнің қай жерінде тұрса да, сол қызметінен айрылып қалып, басқа мүше болып кетпейді. Сондықтан олардың орны жылжымалы бола береді. Бірақ қайда тұрса да, бүкіл сөйлемге емес, тек өзі қатысты сөзімен мағыналық, синтаксистік, байланыста айтылады. Сонда “еркіндіктің” түпкі себебі мезгіл, мекен, амал, т. б. пысықтауыш болған сөздердің етістіктермен, кейде баяндауыш қызметіндегі есімдермен ғана тіркесе алу қабілетінің бар болып, басқа есімдермен тіркесе алмайтындығында.

Кейде бір сөйлемде бір етістікке бағынған бірнеше түрлі пысықтауыштар болуы мүмкін. Олардың етістікпен тығыз байланыстағысы және негізгісі етістіктің қасында тұрады да, басқалары өзара байланысына және басқа мүшелердің қатысына қарай ілгерілі-кейінді қойыла беріледі.

Пысықтауыштар бұйрықты, лепті және кейбір сұраулы сөйлемдерге баяндауышпен орын ауысып, сөйлемнің соңында, баяндауыштан кейін, тұруы мүмкін. Мысалы:

— *Сақижан, жүр тезірек* (Ғ. Сланов).

— *Айттым ғой мен саған кеше.*

Сонымен, сөйлемдегі сөздердің, сөйлем мүшелерінің белгілі тәртіппен тізбектелуінің мәні зор. Ол синтаксистік байланыстың басты формуласының бірі болып та, сөзден сөз тудыру амалы, ой өзгешелігін білдірудің стильдік амалы ретінде де жұмсалады. Сондай-ақ көп жерде сөйлемдегі сөздердің синтаксистік қызметін белгілеуге себепкер болады.

Қазақ тіліндегі жайылма сөйлемдегі бағыныңқы сөздер басыңқылардың алдында тұрғанда олардың позициялық дінгегі әр уақытта тұрлаулы мүшелер болады. Ал тұрлаулы мүшелер керісінше құрылады бағыныңқы мүше (баяндауыш) көбінесе басыңқы мүшеден (бастауыштан) соң тұрады, бастауыш (сол сияқты толықтауыш та) тұрлаусыз мүшелердің өзіне не баяндауышқа қатысты болуына қарай жайылма сөйлемнің басында да, ортасында да, аяқ шенінде де тұра береді. Соларды жинақтап кестеленгенде мынадай

үш үлгіні сөйлем мүшелерінің орналасуының негізгі түрлері деуге болар:

бас. ан. тол. пыс. баян. ан. бас. тол. баян.

ан. тол. бас. ан. пыс. тол. баян.

СӨЙЛЕМДЕГІ ОҚШАУ СӨЗДЕР

§ 91. ЖАЛПЫ ТҮСНІК

Сөйлем арқылы айтылатын ойға қатысты сөздер өзара мағыналық және грамматикалық байланыс негізінде тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметінде жұмсалса, бірқатар сөздер мен сөз тіркестері сөйлемнің құрамына еніп, оның мағынасын дәлелдеуге қатысты болғанымен, сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста болмайды. Сондықтан соңғылар сөйлем мүшесі қызметін атқармай, сөйлемдегі, басқа мүшелерден оқшауланып айтылады. Мысалы, *Жолдастар, тынышталыңдар! Кел, балалар, оқылық!* дегендерде *жолдастар, балалар* деген сөздер сөйлемдегі өзге сөздермен жалпы мағыналық байланыста тұр, бірақ олармен меңгеру-меңгерілу, қиысу, қабысу сияқты байланыста тұрған жоқ, олардан бөлектеніп, оқшау шығып тұр. Мұндағы *жолдастар, балалар* дегендердің айтылу әуені де басқаша.

Осылардай, сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа енбей, олардан дауыс ырғағы арқылы бөлектеніп айтылатын сөздер сөйлемдегі оқшау сөздер болады. Олар оқшауланып айтылуына лайық жазуда басқа сөздерден белгілі тыныс белгілерімен, көбінесе үтірмен, бөлінеді.

Сөйлемдегі оқшау сөздер белгілі мүшелік қызмет атқармағанымен, сөйлем арқылы айтылатын ойды дәлдеңкірей түсуде ерекше қызмет атқарады. Олар сөйлемге тигізетін мағыналық әсеріне қарай және қандай сөздерден жасалуына қарай үшке бөлінеді: *к а р а т п а с ө з*, *қ ы с т ы р м а с ө з*, *о д а ғ а й с ө з*.

§ 92. ҚАРАТПА СӨЗ

Қ а р а т п а с ө з д ің с и п а т т а м а с ы. Біреуге арналып айтылған сөйлемде оның кімге арналғанын

білдіретін сөз не сөз тіркесі болуы мүмкін. Мысалы: Мырзалар, Сенат мәжілісіне ертең түгел қатысыңыздар.

Мұндағы “мырзалар” деген оқшау сөз Сенат мәжілісіне ертең түгел қатысыңыздар деген үндеу мәнді сөйлемнің кімге арналғанын білдіріп тұр. Сонымен қатар ол сияқты оқшау сөздер айтылған ойға сол адамның көңілін аудару үшін де жұмсалады:

— *Құстың жемін әкелші, қалқам— деді Амантай Ботагөзге.*

— *Бұл етті турап бересіз бе, нағашы?— деді Ботагөз.*

— *Жоқ, шырағым, осы қалпымен (С. Мұқанов).*

Осындай айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру үшін оған басқаның көңілін аудару үшін жұмсалатын оқшау сөз қаратпа сөз болады.

Қаратпа сөз диалогта, шешендік сөзде, үндеуде, поэзияда және түрлі хаттар мен іс қағаздарында қолданылады. Осыларда олардың жұмсалу мақсаты, мағыналары әр түрлі болады. Айтылған ойдың кімге арналғанын, кісінің оған назарын аударумен қатар, олар сөйлеушінің көңіл күйін, модальдықты, кісінің сезімін білдіреді. Ол үшін қаратпа сөздердің мағыналары, тұлғалары, құрамы құбылып отырады:

Шырағым, сен абыржыма. Жыламашы, күнім! Қарағым-ай, сен бе едің? (Ғ. Мүсірепов) Шіркін, Сәуле-ай, Мырқалды мұнша танырмысың! (Ә. Әбішев). Байжеке-ау, өзіңдей өжет көремісің мені? (Ғ. Мүсірепов). Бейшара-ау, шырт түкіріп жатпас па едің! (С. Торайғыров).

Қаратпа қызметінде жұмсалатын сөздер, көбінесе кісінің аты, фамилиясы әкесінің аты жөні кім? деген сұрақ қоюға болатын *шырақ, нағашы, ала, жолдастар, балалар, оқушылар* сияқты зат есімдер. Олар бұл қызметте түбір күйінде көптік, тәуелдік жалғаулы қалпында — атау септігінде — жұмсалады:

— *Дәмелі, бақшаға барайық,— деді Рахмет (С. Ерубаев).*

— *Ақа, қозың түгел ме?*

— *Түгел, қарағым (Ғ. Сланов).*

— *Әй, Олжабек, бері кел (Ғ. Мұстафин).*

Балалар, аманбысың, шырақтарым.

Майысып көлге біткен құрақтарым?

(Жамбыл).

*Отыра қал, тумалар,
Төңірегімді, қаумалап
(Ә. Сәрсенбаев).*

*Қарағым, бермен кел,
Бізге де көңіл бөл!
(Абай).*

Қазақ тілінде біреуді жақсы көріп жылы лебіз білдіру үшін қаратпа орнына қалқам, күнім, айым, сәулем, сәулетай, ботам, құлыным, қозым сөздерін балама етіп айтады:

— Қош, қалқам, қалқам!.. — деді Шұға (Б. Майлин). — Күнім-ау, не істегелі жүр едің? (С. Мұқанов) — Не сездің? Айтшы, күнім, айтшы! (М. Әуезов). — Сәулетай, мына ағаңмен сөйлесе тұршы (Ж. Арыстанов). — Құлыным, қашан кетіп қалар екенсің?

Көркем әдебиетте, әсіресе өлеңдерде, дала, Отаным, Қаскелең, өлең, домбыра сияқты не? сұрағы қойылатын жансыз зат есімдер де жанды заттың баламасы ретінде қаратпа сөз қызметінде жұмсала беріледі:

*Тыңда, дала, Жамбылды,
Тыңда, Қастек, Қаскелең,
Сөйлесін кәрі бауырың
(Жамбыл).*

*Арылма, өлең, арылма,
Домбырам, күйден жаңылма!
(Жамбыл).*

*Сайра да, зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын!
(Абай).*

*Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
(Абай).*

Кейде, әсіресе әрі сұраулы, әрі лепті сөйлемдерде де қаратпа сөздер қайталанып не басқа сөзбен алмастырылып екі рет айтылуы мүмкін:

— Бала, ай бала, қайдасың? — деді аттылы адам (С. Ерубәев).

— Ау, Барша, қарағым-ау, мұның қалай? (Ғ. Сланов).

Қаратпа сөздер дара және сөз тіркесінен құралған күрделі болуы мүмкін.

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер! Е, қызыл, гүл, таң атарда шешек атып сыланасың, сұлу қыздай таранарсың... Тәкәппар болып өскен терек, ақылың қысқа, бойың ұзын! (С. Ерубаев). Тәңірі сұлулықтың ақын Сара, үйректің сұқсырындай тудың дара (Қ. Жұмалиев).

Қаратпа сөз сөйлемнің басында келгенде, одан кейін үтір не леп белгісі қойылады. Леп белгісі қаратпа сөз ерекше сезіммен, одан кейін пауза жасалып айтылғанда қойылады:

Жолдастар! Сөз колхоз бригадирі Асанға беріледі. Жан серігім — домбырам! Жанымдай сені сүйемін (Қ. Жұмалиев).

Қаратпа сөз сөйлем ортасында тұрғанда, оның екі жағынан, соңында тұрғанда, одан бұрын үтір қойылады:

Ризамын, балам, ризамын! Ризамын ердің бәріне? Өлеңім, шарла ауылды! Тында, дала, Жамбылды! (Жамбыл). Егер күрделі не бірыңғай қаратпа сөздер екіге бөлініп, олардың арасында басқа сөздер тұрса, олардың әрқайсысы үтірмен бөлінеді:

Жұмаш, бері келші, қалқам. Балалар, аманбысың, шырақтарым? (Жамбыл)

Егер бір сөйлемде одағай, қаратпа және қыстырма сөздер қатар келсе, олар да үтірмен бөлініп жазылады: Е, сен, жаңылмасам, біздің қақпанға талай кездескен кәрі қасқыр көрінесің (А. С. Пушкин).

§ 93. ҚЫСТЫРМА СӨЗ

Қыстырма сөз туралы түсінік. Сөйлемде айтылған ойға, оның айтылу амалына жазушының, сөйлеушінің қалай қарайтынын білдіретін сөздер болады. Мысалы: көп білім алу үшін, әрине, көп оқу керек. Жақып, меніңше, жаман бала емес.

Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін оқшау сөз қыстырма сөз болады.

Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, белгілі сөйлем мүшесі болмай, олардан оқшау тұрады. Мысалы: Жаңылмасам, сіз осы заводтың директоры боларсыз? Бізге жүктелген міндеттер, қорыта келгенде, осылар болуға тиіс. Осының бәрі, әрине, бір жыл ішінде істелген жұмыстар емес.

Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздерден окшауланып, ерекше интонациямен айтылады. Сондықтан басында келсе, үтір олардан кейін, ортасында келсе, екі жағынан, сөйлемнің соңында келсе, олардан бұрын қойылады.

— Бала, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі. бір күндерде сол өнеріңнің де керегі болар — депті (Алтынсарин). Малғұн шалдың сөздері, байқаймын, Пугачевті ойландырған тәрізді (А. С. Пушкин). Осының бәрін, әрине, жалғыз істей алмайды (С. Мұқанов).

Қыстырма қызметінде, көбінесе, модальды сөздер мен модальдылық ұғымы бар сөз тіркестері және сөйлемдер жұмсалады.

Қыстырма сөздерді мағынасына қарай мынадай негізгі топтарға бөлуге болады:

1. К і с і н і н к өң і л к ү й і н, с е з і м і н білдіретін қыстырма сөздер: *несін айтасың, бақытымызға, амал қанша, т. б.*

Биыл, несін айтасың, егіннің шығымы өте жақсы! Егіс биыл біздің бақытымызға, тамаша жеңіспен аяқталды (Ғ. Мүсірепов). Амал қанша, сен дұрыс айтып тұрған жоқсың (Ә. Әбішев). Абырой болғанда, бүкіл үйде бұлар отырған тұстан ғана тамшы тамбады. (Ғ. Мұстафин).

2. Айтылған ойға *н а н у д ы, ж о р а м а л д а у д ы,* білдіретін қыстырма сөздер: *әрине, әлбетте, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, шамасы, расында, шынында, шынын айту керек, өзіңіз білесіз, т. б.:*

Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді (А. Тоқмағамбетов). Осының бәрін ол, әрине, жалғыз өзі істей алмады (С. Мұқанов). Мүмкін, бұл Максим Горькийдің жазған бет ашарының әсері болар (С. Ерубәев) Бәріміз, шынында, жас едік, Сол жастықтың заңы бойынша, рас, оқумен, сауықпен тіршілік ететінбіз (Л. Толстой).

3. Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырма сөздер: *қысқасы, сайып келгенде, былайша айтқанда, жалпы алғанда, демек, ендеше, т, б.:* *Қазақстан қазір, қысқасы, гүлденген индустриялы республика болды (Газеттен). Байжанның қолына түскен материалдарға қарағанда, ұзын сөздің қысқасы, осы дәуірге шейін Сырдың асау суын бағындырған бір ел де, бір мемлекет те болмаған (С. Мұқанов). Дегенмен, сайып келгенде, еңбек адамымен ұғынысу да, достасу да, сырласу да оңай орайласатыны анық (М. Иманжанов).*

4. Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарағандықты білдіретін қыстырма сөздер: *сіздіңше, біздіңше, меніңше, мен білсем, оның айтуына қарағанда... айтуы (пікірі) бойынша, т. б.:*

Менің айтып отырғаным, : сіздіңше, дұрыс емес. Рас, (ол) атын біле бермес, ал түсін танитындар, біздіңше, көп болуға тиіс (М. Иманжанов). Меніңше, бұл — өте мықты адам. (Ғ. Мұстафин). Қарттардың айтуына қарағанда, Арал осы жарқабақтан желініп, батыс жағынан ілгері қарай қусырылып, жыл сайын тарылып келе жатыр (С. Мұқанов). Жұрттың жоруынша... Зылықа жасында ажарлы еді. (Б. Майлин). Былайша айтқанда, Дәмелінің көркемдігі қуаныштың көркемдігі екен (С. Ерубәев).

5. Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер: *бірінші (ден), екінші (ден), ақырында, керісінше, сөйтіп, мысалы, т. б.:*

М. Горький университетке түспек болып Қазанға барады, бірақ түсе алмайды. Себебі, біріншіден, қаражаты жоқ болса, екіншіден, білімі жетпейді, бірақ мұның есесіне, Горький Қазан студенттерінің революциялық үйірмелеріне араласады (Оқулықтан). Маған, ең алдымен, орыс поселкесінің көше көше боп орнауы ұнады (С. Мұқанов). Қыздың бұл әрі биязы, әрі паң мінезі мұғалімді, бір жағынан, сүйсіндірді, екіншіден, намысын қоздырды (М. Иманжанов).

Жоғарыда келтірілген қыстырма сөздер дегеніміздің бірқатары сөйлемдегі сөздерге қатысына қарай кейде сөйлем мүшесі қызметінде де жұмсалуды мүмкін. Ондайда қыстырма сөздер сөйлем мүшелеріне оқшауланып айтылмайды, сондықтан олар үтірмен бөлініп жазылмайды.

§ 94. ОДАҒАЙ СӨЗ

Одағай дегеніміз кісінің сезімін, көңіл күйін, еркін білдіретін, дербес грамматикалық тұлғалары жоқ сөздер.

Одағай сөздер не жеке сөйлем ретінде (*Алақай! Пәле! Бәсе!*) не сөйлем құрамындағы оқшау сөз қызметінде жұмсалады:

Уа, қой, деймін, бала! (М. Әуезов).

— Мә-ә-ә, онысы несі? Ей, Сапақ, сен тиіспей жайыңа жүр! (С. Сейфуллин).

Одағайлар мысалдардағыдай, сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланыста болмайды және белгілі сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсалмай, олардан оқшаула- нып, өзгеше әуенмен айтылып, басқа сөздерден бөлек тұрады. Ондай сөздерге “одағай” деп ат қойылуы да осы- дан. Сол айтылу ерекшелігіне қарай, жазуда олардан кейін леп белгісі қойылады не болмаса сөйлемдегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

— Кап! Тоқтай тұр, бәлем!

— Ой! Сен мұнда неғып жүрсің?

— Ойбай-ай, Сен мұнда неғып жүрсің?

— Ойбай-ай, мына жаманды қарай гөр!

— Жігіт боп қалдым деп ұяламысың? Мә саған, жігіт болған, мә саған... (Ғ. Мүсірепов).

— Әй, әй, біреуің ана Мумуды алып келіңдер.

— Ә, аты Муму ма еді? Аты да оңды екен!

— Апырай, қауып алған жоқ па? (И. Тургенов).

Одағайлар, осы мысалдардағыдай, оқшау сөздер ретінде көбінесе диалогты сөйлемдерде қолданылады.

Одағайлардың мағыналары әр алуан болады. Мыса- лы, пай-пай, па, алақай кісінің жанға жайлы сезімін білдірсе, ойбай, ту-у, кап деген одағайлар кісінің қорқыныш-өкінішін білдіреді. Осындай, кісінің түрлі эмоциялық көңіл күйін білдіретін бір түрлі мағынада жұмсала береді. Мысалы, Пай-пай-пай, мына аттың аяқ басысың-ай! дегенде таңырқау, таңдану болса, Пай-пай-пай, сенен-ақ бәлеге қалдым-ау! дегенде одағай кіжініп, қынжылғанды білдіреді. Өй, қайдан жүрсің? дегенде таңдану болса, Өй, жамандатқыр, бас аяғыңды! дегенде одағай өй күйініп ұрысуды аңғартады. Өй, айна- лайын! дегенде сол сөз енді кісінің көңілі тасып, риза бо- лып сөйлегенін білдіреді.

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

§ 95. ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

Грамматикалық бастауышы бар не бастауышы ерекше айтылмай, оның қайсөз екенін баяндауышпен ұлас- тыра, атау арқылы білуге болатын сөйлем жақты сөйлем болады.

Олардың баяндауыштары бастауышпен қиысу үшін белгілі жақ жалғауларында не жалғаусыз жақты мағынада айтылады. Соңғылардың жақты тұлғаларына, мағыналарына дәлме-дәл үйлесімді болып айтылған (не айтылатын) бастауышы бар сөйлем ғана жақты болады. Мысалы: Біз елімізде молшылық орнату бағдарламаларын бұлжытпай жүзеге асырып келеміз деген сөйлемнің бастауышы — біз.

Жақты сөйлемдердің бастауыштары сөйлем ішінде ерекше айтылмай да, оның қай сөз екені айқын болып тұра береді. Ондай жақты сөйлемдердің бастауыштарын түсіріп айту мынадай жағдайларда болуы мүмкін:

1. Ұзақ ойға қатысты болып, өзара мағыналық (кейде әрі тұлғалық) байланыста айтылатын жеке сөйлемдердің бастауышы бірінде болса, екіншісінде қайталақтанып айтылмай, соған ортақтасып тұра береді. Сонда тізбектеліп қатар айтылатын бірнеше жай сөйлемнің не құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің бірінің бастауышы екінші сөйлемге де бастауыш болып ортақтасады.

Бидай тиеген эшелондар зыр қағып, темір жолды қайқаң қақтырып, суыт кетіп барады (Ғ. Мүсірепов). Мұнда эшелондар деген бастауыш құрмалас сөйлемнің екінші жай сөйлемінде түсіп қалып тұр. Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады. Бірақ жатқан қалпында тырп етіп қозғалған жоқ. Бұл сөйлемнің бастауышы да (Асқар) алдыңғы сөйлемде айтылғандықтан, соңғы сөйлемде ерекше аталмаған.

2. Бастауыштың қай сөзі екені баяндауыштық тұлғадан айқын болып тұрғанда (бастауышқа ой екпіні түспесе.) әсіресе I—II жақтық бастауыштар сөйлемде ерекше айтылмайды¹.

*Отаным үшін аттанам
Ақ семсерді қолға ала
(А. Тоқмағамбетов).*

*Өлеңімді өрлеттім,
Өрге күлаш серметтім...*

¹ Есімдіктер бастауыш болғанда, олардың сөйлем ішінде ерекше айтылу, айтылмауының стильдік мүддемен байланыстылығы көп тілге ортақ шын сияқты. Орыс тілі жайында ол туралы мына еңбектерге қараңыз: А. А. Потебня. "Из записок..." II, 246-бет. А. А. Шахматов. Синтаксис русского языка, 45—46-беттер. Очерки по истории русского литературного языка..., 26, 49, 60, 79, 172, 174-беттер.

*Зарын айтып сорлының,
Қайғылыны еңіреттім
(Жамбыл).*

*Өз бойыңа болып сақ,
Жан жағыңа қарандар.
(Абай).*

Мен, сен, біз, сіз, ол деген бастауыштарға ерекше мән беріліп, ой екпіні түсірілгенде, олар сөйлемде ерекше айтылатын болады. Ондай бастауыштарды түсіріп айтуға болмайды. Мысалы:

*Мен де қайта жасарған
Қарт ақынмын, даңғылымын
(Н. Байғанин).*

*Күлкі болма, қой жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті
(Абай)*

— *Сен қайдан жүрсің?* — *деді Асқар сабырсызданып* (С. Мұқанов).

*Мен бала емеспін, — деді Ботагөз даусын ширатып,
— мен ауылдың надан қызы да емеспін. Мен, аз да болса,
оң-солымды жақсы мен жаманды айыру дәрежесіне жеткен адаммын* (С. Мұқанов).

*Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын
(Абай).*

*...Сондай күнді жоғалтар
Мен аңсадым, сағындым
(Жамбыл).*

*Сен бетіңді әрі бүрсаң,
Шықты көзім, болды көр
(Абай).*

Сөйтіп, бастауыштың жақты сөйлемде дербес айтылу я айтылмауы баяндауыштың тиісті предикаттық жалғауда тұру я тұрмауымен ғана байланысты емес, бастауыштың сөйлемдегі қызметінің ерекше екендігімен де байланысты болады.

Ж а қ с ы з с ө й л е м н і ң с и п а т т а м а с ы. Бастауышы ерекше айтылмаған сөйлемдердің енді бірқатарын, жоғарғыдай толымсыз сөйлемдерден айыру үшін, мектеп грамматикаларында “жақсыз” сөйлем деп атап жүрміз. Олардың үш жақтың біріне тән белгілі грамматикалық бастауышы болмайды. Мысалы: *Баланы жаман үйретпеу керек. Сабаққа кешігуге болмайды* деген сөйлемдерде *кім?*, *не?* сұрақтарына жауап болатындай бастауыштар ерекше айтылмаған. Мұндайда сөйлеуші мен тыңдаушыға істі істеушінің кім екендігін дәлдеп көрсетудің қажеті болмайды да, тек іс-әрекетін хабарлау, істеуге я істелмеуге тиісті жайды білдіру қажет болады. Ондай сөйлемдер бастауыштары бір жақты сөйлемнен өзгеше құрылыстағы арнаулы стильдік тәсіл ретінде қолданылады. Егер жақсыз сөйлемдердің түрлері әдеби тіліміз қалыптаспай тұрған кезде елеусіз болып, аз жұмсалатын болса, осы күнгі әдебиеттерде оның түр-түрі сараланып, жиі жұмсалатын болады. Сонда да “жақсыз сөйлем” деген термин — шартты атау.

Ондай сөйлемдерді орысша “*б е з л и ч н о е п р е д л о ж е н и е*” дегеннің аудармасы ретінде “жақсыз сөйлем” деп атағанымыз болмаса, қазақ тілінде дәл орыс тіліндегідей жақсыз сөйлем¹ де, ондай сөйлем жасайтын, *стемнело*, *мне не спится* сияқты өзгеше жақсыз етістіктер де жоқ. Дұрысында: біздің жақсыз сөйлем деп жүргеніміздің баяндауыштарының белгілі жағы болады. Бұл сөздер көбінесе үшінші, екінші жақта айтылады. Сөйтеді де, олар кейде бастауышы жоқ сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады:

Ол кезде көмірді қауғамен тартатын. Не істеу керек? Көне беруге тағы болмайды (Ғ. Мұстафин). *Қалайша жыр төкпессің, ән соқпассың шаттықтан нәсер құйған өмірде енді* (Жамбыл).

Әрине, бұл сөйлемдердің бастауыштарының айтылмауы — *Москваға бардым, не көрдім? — Туысқан, туган ел көрдім* (Жамбыл) деген сияқты сөйлемдермен бір емес. Соңғыда бастауыштың *мен* екені айқын да, одан бұрынғы сөйлемдердің бастауыштары ондай белгілі, айқын емес. *Сабақтан қалуға болмайды* деген

¹ Орыс тілі сивтаксисіне арналған еңбектердің өзінде, мысалы, А. А. Потебня, А. А. Шахматов, А. М. Пешковский, т. б. “*Безличное предложение*” деген терминнің шартты екенін ескертеді.

сөйлемнің баяндауышы үшінші жақта айтылған. Бірақ оның грамматикалық бастауышы ІІІ жақтық ол, олар деген есімдіктер емес. Өйткені бұл сөйлем бір адамға айтылуы да, көп адамға айтылуы да, өзіне, тыңдаушыға айтылуы да мүмкін. Ондай сөйлемдер:

*Маған сабақтан қалуға болмайды,
Саған сабақтан қалуға болмайды.
Оған сабақтан қалуға болмайды,
Бізге сабақтан қалуға болмайды, т. т.*

делініп те айтыла алады.

Сөйтіп бастауышы жоқ, оның орны жоқ талмайтын, айтылған іс-әрекет баяндауыш арқылы үш жаққа бірдей ортақ ұғымда жұмсалатын сөйлемдер жақсыз сөйлем болады.

Жақсыз сөйлемнің түрлері. Жақсыз сөйлемдердің түр-түрі олардың баяндауыштарына қарай айрылады. Олардың баяндауыштары көбінесе күрделі болады да, мынадай құрамда жұмсалады:

1. *-у, -мақ* жұрнақты тұйық рай тұлғалы қимыл есімі мен керек сөздерінен құралған баяндауышы бар сөйлемдер көбінесе жақсыз сөйлем болады:

Бізге көбірек оқу керек. Әркімге де тезірек өту керек. (Ғ. Мұстафин). *Бұл жұмысты тез қолға алу керек. Қол қусырып босқа отырмау керек. Формалин буын шығару үшін тұқымды күрекпен аударыстыру керек* (Газеттен). *Мезгілсіз шақырған қораздың басын жұлмақ керек* (Мақал). *Елді аралап отырып мән-жайын білу керек еді* (Ғ. Мұстафин). *Ақмола облысынан кету керек* (С. Мұқанов).

Осы мысалдардағыдай, керек сөзі бар жақсыз сөйлемдерді “жақты” етіп те айтуға болады: *Біз көбірек оқуымыз керек. Ол бүгін келу керек. Ол Ақмола облысынан тез кетуі керек.*

2. Барыс септікті тұйық рай тұлғалы етістікке: есімше, көсемше тұлғалы етістікке бол етістігі көмекші болу арқылы жақсыз сөйлем жасалады:

Тұқымды құрғатпай-ақ себе беруге болады. Мұндай жағдайларда басқа артельдерден де көп кездестіруге болады (Газеттен). *Отырықшы дегендердің өздерін де көшпелі деп есептеуге болады* (С. Мұқанов). *Қызынған аттың делбесін бос қояр болар* (Ғ. Сланов). *Аузына келгенді айтпас болар* (Ғ. Мұстафин). *Жиенді олай қумас болар* (Ғ. Мүсірепов). *Қамарға кінә қойып болмайды*

(С. Торайғыров). *Мына жұмысшыларды пәледен құтқармай болмайды* (Ә. Сәрсенбаев). *Бұл елдің егінге су беретін арығын жыл сайын тазалап тұрмаса болмайды* (С. Мұқанов).

Күрделі баяндауыш құрамында барыс септікті тұйық рай тұлғалы етістіктен кейін *тура келу* көмекшісі айтылу арқылы да жақсыз сөйлем жасалады:

Саған аздап досыңның желігін басуға тура келер (С. Мұқанов). *Насыбайды қайта атуға тура келді* (Ғ. Мүсірепов) *Қаланы қайта құру жоспары бойынша бұл жерден көшуге тура келіп тұрғаны* (Ғ. Мұстафин) *Сендермен хош айтысуға тура келіп тұр* (Фадеев).

4. Барыс септіктегі тұйық рай тұлғалы етістіктен болған күрделі баяндауыштың құрамында мүмкін (*мүмкін емес*) сөзі айтылу арқылы да сөйлем жақсыз болады:

Сан жүздеген адамнан көшеде аяқ алып жүруге мүмкін емес еді. (М. Иманжанов). *Әрине, мұндай жағдайда маған мұнда оқытушы болып қалуға мүмкін емес еді* (С. Көбеев).

Кейбір есімді сөйлемнің құрамында барыс жалғаулы толықтауыш болса да, сөйлем жақсызға айналады. Мысалы: *(Ол) жұмаққа бармақ шығар — Оған қайдағы жұмақ!* (Б. Майлин).

5. Бірденені арман ете айтылатын күрделі баяндауышты сөйлемнің негізгі сөзі келер шақтық есімше (-р, -ар//-ер) болып, одан кейін сұраулы -ма//-ме шылау мен көмекші -е/-ді//дің/ етістігі айтылып та жақсыз сөйлем жасалады.

Па, шіркін! Мына атқа мінер ме еді? Ана көк шөпке бауырыңды төсеп жатар ма едің!

Бұл сөйлемдердің баяндауыштарына *кім мінер ме едің? Кім жатар ма еді?* деп сұрақ қойып бастауышын іздесек, онда *мен, сен, ол, біз, сіз* дегендердің бірі алдымызға көлденең тартыла қалмайды. Олардың бірінің орнына кім болса сол, мен де, сен де, ол да деген ұғым пайда болады да, ол тек ойда сақталып, көпке тән мағыналық бастауыш болады. Сол сияқты, *Өзін барып көретін екен!* (С. Мұқанов).— *Әкем-ай, айтуға да ұят, айтпауыма да болмай тұр* (Ж. Арыстанов) деген сөйлемдер де — сондай жақсыз сөйлемдер.

§ 97. БЕЛГІСІЗ ЖАҚТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛАМА ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМДЕР

Бірқатар сөйлемнің грамматикалық бастауышы ерекше айтылмайды да, істелген іс-әрекет, әйтеуір, белгісіз субъектілерге тән болып ұғынылады. Мысалы, *Қалпақты қыста кимейді, жазда киеді* деген сөйлем — жақты (баяндауышы ІІІ жақта), бірақ бастауышы белгісіз.

Осындай бастауышы белгісіз — жақты сөйлемдер былай жасалады.

І, ІІІ жақ, ауыспалы шақ тұлғалы етістіктерден болған баяндауыштар осы шақтық мағынада айтылу арқылы кейде бастауышы белгісіз сөйлем жасалады:

Ол жақта жылқының етін жемейді. Нарларды көбінесе жүкке пайдаланады (Ә. Сәрсенбаев). *Кешке келіншекті атасының үйіне әкеліп кіргізеді* (Ы. Алтынсарин).

2. Өткен, келер шақтық, 3-жақтық тұлғадағы етістіктер не есімшелер баяндауыш болғанда, сөйлемнің бастауышы белгісіз болуы мүмкін.

Оның ұлдарын, сүйікті ұлдарын, ертең әкеткелі отыр, — әкеткелі де біржола көз көрмеске әкетпекші... (Н. В. Гоголь.) *Остап бірінші жылы өнерді қашудан бастады. Оны қайта алып барды. Жанына батыра дүреледі, сабаққа қайта отырғызды* (Н. В. Гоголь). *Ол кезде көмірді қауғамен тартатын* (Ғ. Мұстафин).

Кейде баяндауышы ІІ жақтық жіктік жалғауда айтылған сөйлемдердің бастауыштары болмай, үш жаққа бірдей ортақ мағынада, **жалпылауыш жақты** (обобщенно-личный) сөйлем болып жұмсалады:

Қарағандының кешегі өткен күйін адам баласының көзі көрмесін. Кіп-кішкентай, қап-қараңғы шахтаға беліне арқан байлап, шыңырау қараңғы түнекке түсесің де кетесің. Әлден уақытта белден келген суға былш ете түскеніңді білесің (Түсіп). *Өзеннің дәл жағасын таяу ұйысқан қалың ағаштың ортасындағы алаңды қолдан жасаған ба дейсің* (Ғ. Сланов). *Биік толқынның қыр арқасына шыққанда, артта келе жатқандарды бір көріп қаласың...* (Ғ. Мүсірепов). *Қалайша жыр төкпессің, ән соқпассың. Шаттықтан нәсер құйған дәуірде енді!* (Жамбыл).

Бұл сияқты жалпылауыш жақты сөйлемдер мақалды, мәтелді сөйлемдерде жиі кездеседі.

*Жақсы жерге жатсаң, жақсы-жақсы түс көрерсің;
Жаман жерге жатсаң, жаман-жаман түс көрерсің;
Еңбек етсең, емерсің.*

Сөйлем арқылы хабарланатын ойға қатысты сөздер кейде түгел айтылып, кейде олардың кейбіреулері ғана айтылуы мүмкін. Мысалы: *Сырдың суы ышқынып ағады* деген сөйлемде, ондағы ойға қатысты мүшелер түгел айтылған. *Ардақ еш уақытта мұндай қуанған емес. Жиналыстан шығып үйіне жүгіре басып келеді. Лепірген көңіліне шапшаң басқан аяғы ілесе алмайды* (Ғ. Мұстафин). Бұл үш сөйлемнің соңғы екеуінде мынадай сөйлем мүшелері ерекше айтылмаған: *Жиналыстан шығып үйіне жүгіре басып келеді* дегеннің бастауышы — *Ардақ*, *Лепірген көңіліне шапшаң басқан аяғы ілесе алмайды* деген сөйлемдегі *көңіліне*, *аяғы* дегендердің ілік жалғаулы анықтауыштары — *Ардақтың*. Олар сөйлемде айтылмағанмен, бірақ бұдан сөйлем түсініксіз болып тұрған жоқ, өйткені алдыңғы сөйлем мен соңғы сөйлемдердің өзара мағыналық байланысынан екінші сөйлемнің айтылмаған бастауышын, үшінші сөйлемнің айтылмаған бастауыштарын аңғаруға болады.

Осылардай, ойға қатысты мүшелері түгел айтылған сөйлем толымды болады да, ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдер толымсыз болады.

Толымсыз сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің бірі не бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ сол түсірілген мүшенің қай сөз екені алдыңғы сөйлемнен, толымсыз сөйлемдегі басқа мүшелердің жалғауларынан, сөйлемдердің, сөздердің өзара қатынасынан белгілі болып тұрады. Толымсыз сөйлемдер, әсіресе сөйлеу тіліне, солай болғандықтан, диалогты сөйлемдерге тән:

- Кім жазды?
- Слесарь Лапшин (Ғ. Мұстафин).
- Қарындасым, сіздің атыңыз кім?
- Лиза.

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысында не жазылғаны айтылмаған. *Слесарь Лапшин* деген сөйлемде анықтауыш пен бастауыш қана айтылған. Ал баяндауыш (*жазды*) пен тура толықтауыш (*жазуды*) ерекше айтылмаған. Сонда да өзара сөйлеуші кісілерге де, оларды оқушыларға да әңгіме не жайында болып отырғанын мына үзіндіден толық аңғаруға болады:

“Сағаттың сыртындағы” Ардақ Мырзабекқызына социалистік мәдениет майданында көрсеткен еклінді ерлігі үшін берілді” деп Асыл бізбен жазылған әдемі жазуды оқыған соң ғана тіл қатты;

— Кім жазды?

— Слесарь Лалшин.

Осындай диалогты толымсыз сөйлемдерде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің қайсысы болса да түсіріле береді:

— Қайда барасыз?

— Қарағандыға.

Өзара беттесіп сөйлескен кісілер арасындағы тілдестік қатынас толымсыз сөйлемдерді өзінен-өзі түсінікті етіп тұрады. Ондайда сөйлемді толымды етіп айту стильдік қате болады. Мысалы, — Балам, анау өрмекшіні көрмеймісің, ол не істеп жүр? — дегенге баласы:

— Көремін, әке, ол өрмек тоқып жүр, — деп жауап берген. Оның орнына — өрмекшіні көремін...— десе, қате сөйлеу болар еді.

Диалогты сөйлемдердің әрқайсысы және оларға берілетін комментарий (автордың түсінігі) сызықшамен айрылып жазылады.

Дәметкен, мынаны қарашы..., Ойбай-ау, не бетімді айтам, мына шіркін шашын қырқып қойған ба?

— Көйлегін қара!

— Масқара!..

— Мына біреу жалаң аяқ қой...

— Тіпа, бәлекет, өзіңмен кет! (Б. Майлин).

— Жақсы келдіңіз, Мейрам Омарович! Іздеп отыр едік, — деді Шербаков.

§ 99. АТАУЛЫ СӨЙЛЕМ

Енді бірқатар сөйлемдер сараланған бастауыш пен баяндауыштан құралмай, тек бастауыш ыңғайындағы сөзден, сөз тіркестерінен құралады:

Түн. Клуб толы адам. Музыка (С. Ерубәев).

Атаулы сөйлемдер, осындай, жеке сөзді не сөз тіркесін айрықша сөйлемдік интонациямен айту арқылы жасалады.

Атаулы сөйлемдердің мазмұны осы шақтағы болмысты, құбылысты білдірумен байланысты болады. Сондықтан олар өткен шақтағы оқиға, іс жайындағы ой болмайды, көбінесе мезгілді, айналамыздағы табиғат құбылыстарын, заттардың сол заттық бейнелі қалпын айтуға арналған болады. Ондай атаулы сөйлемдер

көбінесе көркем әдебиетте, табиғаттың суреті ретінде қолданылады. Ол жазушының тіліне ықшамды, көркемдік нәр беріп, болмысты, жаратылысты суреттеудің ерекше стильдік тәсілі ретінде жұмсалады:

Айдала. Көлдің биік қабағы. Әлсіз жел. Күн батып барады. (С. Мұқанов). Белес белес биік қар. Қар астында шықырлаған жер үйлер. Айсыз, бұлтсыз қараңғы түн (Ғ. Мұстафин). Түн. Электр шамы. Есік жақта киім ілгіш. Үлкен сары шкаф, айна..., этажерка. Онда кітап. Қабырғада сағат (С. Ерубәев).

Ескертү: Кейбір авторлар атаулы сөйлемдер қатарына кітаптың, мақаланың, өлеңнің, әңгіме, романның тақырыптарын да, кітаптың, мекеменің, колхоз-совхоздың, завод-фабрикалардың аттарын да жатқызады. Ол дұрыс емес, олар, көбінесе, жалқы есім, сөз тіркесі болады.

Парцелляция және оны аудару. Әрбір сөйлемді талдаған кезде, оларды сөз тіркестеріне, сөйлемнің түрлеріне, сөйлем мүшелеріне, окшау сөздер мен айқындауыш мүшелерге, яғни сөйлемдегі синтаксистік категорияларды жан-жақты айырып, танумен ғана шектелетінбіз. Қазіргі кезде сөйлемдерді осылай талдап-зерттеу синтаксис ғылымының негізгі міндеті болып табылады.

Орыс тілінің әсерімен, әсіресе аударма тәжірибесіне байланысты кейбір жаңа синтаксистік тұлғалар туа бастады. Мысалы: Желіден аулақ аударайық... Былайырақ! (Ғ. Мүсірепов), “Байтал” деген сөз Едігеге жағын шапалақпен осып жібергендей көрінді. Бір емес, әлденеше рет (М. Мағауин). Ол сұстанып, түсін суытып:— Осы арадан қазір кет!— деді.— Қайда барамын?— деді Ваня.— Кейінгі жаққа! Батарейға!

Бұл синтаксистік топтарды әдеттегі толымсыз сөйлемдер деп те тануға болмайды. Толымсыз сөйлемдер көбінесе тұрлаулы мүшелердің қатысына негізделетіні белгілі. Оның есесіне ол сөйлемдердің қалай да предикативтік мәнде екендігі де айқын. Кейде олар бір емес, әлденеше рет өз алдына сөйлемдік қасиеті айқын емес, алдындағы тиянақты сөйлемнен кейін окшау тұрады. Әдеби тілімізге алғаш аударма арқылы ене бастаса, енді олар әдеби тіл нормасына айналып келеді. Тіл ғылымында мұндайды “Парцелляция” (делить на мелкие части) деп атайтын болды. Біз ондай синтаксистік бөлшектерді қосалқы сөздер деп атағанды дұрыс көреміз.

Орыс тіл білімінде парцелляция туралы Ю. В. Ванников¹, Г. Н. Рыбаков², А. П. Сковородников³ т. б. еңбектерін атауға болады. Жекелеген еңбектерде аздап болса да сөз болып отырады⁴.

Жалпы түркітануда парцелляция арнайы зерттеу объектісі болған емес. Дегенмен соңғы кезде татар, башқұрт тілдерінің академиялық грамматикаларында ол орын ала бастады⁵.

Қазақ тіл білімінде парцелляция арнайы сөз етілген жоқ. Ол туралы І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың лингвистикалық сөздігінде парцелляция деп айтпағанмен, авторлар оны “внесение”, қазақша бейтарап сөздер деп оған мынадай түсініктеме береді: “Құрмалас, жай сөйлем құрамындағы сөздер мен сөз тіркестері”.

Жалпы сөйлем мүшесі де, сөз тіркесі де, құрмалас сөйлемнің әрбір сыңары да тек сөйлемде ғана қолданылады. Олар сөйлемнің ішінде ғана қызметке ие болады да, жеке-жеке тұрып, ондай қызметке ие бола алмайды.

Әдетте жай сөйлем мен қосалқы синтаксистік топтың негізгі айырмашылығы — бірінің дербестігі, екіншісінің дербессіздігі. Сонда қосалқы синтаксистік топтар өз алдына оқшау қалпында синтаксистік объектіге арнайы жата қоймайтын категория болып шығады. Ол синтаксистік топтар тек басқа, яғни алдыңғы сөйлемнің ажырамас бір бөлігі немесе соны жанжақты айқындайтын категория ретінде қолданылады.

Парцелляция жеке сөзді, сөз тіркесті, сөйлемді болып, өзі қатысты сөйлемнің, біріншіден, айрылмас бір бөлшегі іспеттес, екіншіден, мағыналық жағынан тия-

¹ Ванников Ю. В. Синтаксические особенности русской речи (Явление парцелляции) М., 1969; его же. Введение парцелляции в современном русском языке. Автореф. дис... канд. филол. наук. 1965.

² Рыбаков Г. Н. Парцелляция сложноподчиненного предложения в современном русском языке. Автореф. дис... канд. филол. наук. Ростов-на Дону, 1969.

³ Сковородников А. П. О соотношении понятия парцелляции и присоединения (на материале русского литературного языка) // Вопросы языкознания, 1978, № 1.

⁴ Ножкин Е. А. Основы советского ораторского искусства, М., 1981.

⁵ Грамматика современного башкирского литературного языка, М., 1981, С. 433—439; Сафиуллина Р. С. Явление парцелляции в современном татарском языке // Советская тюркология. Баку. 1974. № 4. 3—9, Петров Н. Г. Бессоюзное присоединение (из наблюдений над синтаксисом художественных произведений С. Ф. Фомина) / Ученые записки научно-исследовательского института языка, литературы истории и экономики при Совете Министров Чувашской АССР. Чебоксары, 1962.

нақтаушы, үшіншіден, сөйлемнің өн бойына, не жеке бір мүшелігіне қатыстылығы, төртіншіден, бірақ ол қатысты сөздермен әдеттегі айқындауыштар сияқты тұлғалық жағынан кейде ұқсас, кейде ұқсас еместігімен де ерекшеленеді. Бұған қарағанда, ондай синтаксистік топтар қалайда өзі қатысты сөйлемнің ажырамас бір бөлігі, айқындауышы тәрізді, олар өз алдына жеке қолданылмайды, алдыңғы сөйлемнен бөліне алмайтын синтаксистік қосалқы топтар. Олардың үш түрлі тұлғада жұмсалатынын тілдік фактілер дәлелдейді. Ал құрамын сөз санына қарап та ажыратуға болады.

Бірінші — жеке сөзді. Бұл топ екі түрлі: толық мағыналы жеке сөз ретінде, екінші — толық мағыналы сөз бен көмекші сөздің тіркесі арқылы жұмсалады. Әрине бұл топқа жататын, мұндай жеке сөзді, не түйдекті топты осы күнгі ғылыми зерттеулерде көбіне тек сөйлем мүшесі жағынан топтау басым. Бірақ сөйлем мүшесі жағынан топтауда Ю. В. Ванников пысықтауыш парцелляцияға жатпайды десе¹, Р. С. Сафиуллина барлық сөйлем мүшесінің қызметінде де жұмсалатындығын дұрыс көрсетеді². Сонымен біз парцелляцияны сөз тіркесі, сөйлем мүшесі және сөйлемдік жағынан топтаймыз.

Қазіргі әдеби тіліміздің материалдарына қарағанда, парцелляция мәселесі тілімізге толық енді деп айта аламыз.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР ТУРАЛЫ

Қазақ тіл білімінде синтаксистің объектісі ретінде сөз тіркесі мен сөйлем қатысты делінеді. Сөйлем жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлемдер синтаксисі деп бөлінеді. Соңғы кезде синтаксистің объектісінің бір түрі ретінде тілдегі күрделенген сөйлемдерді де арнайы қарастырып келеді. Біздіңше, ол мәселе оқшау сөздер; бірыңғай мүшелер т. б. ретінде сол бұрынғы қалпынша қаралуы орынды демекпіз. Әрине сөз тіркесі, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің ішінде ең негізгісі — жай сөйлем синтаксисі. Өйткені жай сөйлем арқылы сөз тіркесі де, құрмалас сөйлем де нақтыланады.

¹ Ванников Ю. В. Явление парцелляция в современном русском языке. Автореф. дис... канд. филол. наук. М., 1965.

² Сафиуллина Р. С. Явление парцелляции в современном татарском языке. Советская тюркология, Баку, 1974, № 4.

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлемдер Қазан революциясынан бұрын да сөз болған. Олардың нағыз ғылыми дәрежеде зерттелуі — соңғы кездің жемісі. Құрмалас сөйлемдер, олардың түрлері, жасалуы туралы А. Байтұрсынов, С. Жиенбаев, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Қ. Есенов сынды ғалымдар едәуір үлес қосты. Осы ғылымдардың ішінде құрмалас сөйлемдер туралы арнайы зеттеу жүргізген ғалымдар: С. Жиенбаев, Н. Сауранбаев, Т. Қордабаев және Қ. Есенов. Олардың еңбектерінде құрмалас сөйлемдер әр қырынан зерттеліп, қазіргі қазақ тілінде оның теориялық мәселелері айқындалды. Құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдерден кейбір белгілеріне қарай ерекшеленеді. Жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де қызметі жағынан бірдей. Екеуін де сөйлеудің бір бөлігі деп ұққан дұрыс. Екеуі де тілде біршама тиянақты ойды білдіре келе белгілі әуенмен айтылып, адамдардың бір-бірімен хабарласуының негізгі формасы ретінде беріледі. Оны мына сөйлемдер арқылы салыстырып көрелік: *Он алтыншы жылы екі ағам оққа ұшқан* (Ә. Шәріпов). *Сұм соғыс килікті де, бәріңді көгендеген қозыдай алысқа алып кетті* (Ә. Нұршайықов).

Құрмалас сөйлемдер өздерін құрайтын сыңарларымен ерекшеленеді. Жай сөйлемді талдау барысында біз негізінен сөз тіркестеріне және сөйлем мүшелеріне, яғни оны құрайтын әрбір сөзге баса назар аудардық. Жай сөйлемді құрайтын сөздерде өзіндік айтылу интонациясы және сөйлемді жинақтау процесі болуы мүмкін емес. Олар жай сөйлемге қатысу арқылы сөйлемдік қасиетке ие болады. Керісінше, құрмалас сөйлемдерді талдауда негізінен олардың қанша сөйлемнен құралатынын, әрбір сөйлемнің тиянақты, тиянақсыз баяндауышы болатыны ескеріледі.

Сол сияқты жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдер бір-бірінен грамматикалық мағыналары жағынан да ерекшеленеді. Жай сөйлемдерде негізінен предикативтік, яғни жақ, модальдық және уақыт жағы басым болса, құрмалас сөйлемдерде негізгі мәнге оларды құрайтын сөйлемдерге назар аударылды, соны айқындағаннан кейін, оның әрбір сөйлеміндегі жай сөйлем принципі басшылыққа алынады. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерге қарағанда тағы бір ерекшелігі — сөйлем санына байланысты десек, осының негізінде олардағы ой жай сөйлемдерге қарағанда күрделірек болады.

Сонымен құрмалас сөйлем деп екі немесе одан да көп сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдерді айтамыз.

Құрмалас сөйлемдер сабақтас құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем және аралас құрмалас сөйлем болып бөлінеді. Құрмалас сөйлемдердің бұл үш түрінің бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. Салалас құрмалас сөйлемге енетін әр сөйлемнің баяндауышы тиянақты болса, ал сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауыштары тиянақсыз келеді. Ал аралас құрмалас сөйлем кемінде үш сөйлемнен құралып, онда сабақтас құрмалас сөйлемнің де, салалас құрмалас сөйлемнің де қасиеттері болуы тиіс.

Құрмалас сөйлемнің осы үш түрінің ең бастылары — сабақтас құрмалас сөйлем мен салалас құрмалас сөйлем түрлері. Құрмалас сөйлемнің бұл түрлерінің әрқайсысының өзіндік жасалу жолдары, олардың бір-бірінен ерекшелейтін белгілері де баршылық.

Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің бір-біріне ұқсас, өзгеше жақтары да кездеседі. Олардың ұқсастығы, біріншіден, екеуі де кемінде екі сөйлемнен тұрады, екіншіден, екеуі де күрделі ойды білдіреді, үшіншіден, екеуі де пікір алмасу, ойды білдіру үшін жұмсалады.

Салалас пен сабақтастың негізгі айырмашылықтары:

Салалас құрмалас

1. Әрбір сөйлемнің баяндауыштары тиянақты.
2. Салалас сөйлемдердің сыңарлары болады.
3. Сыңарларының орналасуы жылжымалы.
4. Салаластың сыңарлары өзара теңдік дәрежеде байланысады.
5. Баяндауыштарының тиянақты болуына сәйкес, олардың айтылу интонациясы да тиянақты болады.

Сабақтас құрмалас

1. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары тиянақсыз.
2. Бірі бағыныңқы, бірі басыңқы келеді.
3. Көбіне бағыныңқы сыңарлары алдында орналасады.
4. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемге бағынышты.
5. Сөйлемдердің баяндауыштары әр түрлі болуына сәйкес, айтылу интонациясы тиянақсыз.

6. Әрбір сөйлемнің баяндауыштары өз бастауышымен қиыса байланысады.

7. Салаластағы сөйлемдер өзара байланысу үшін негізінде жалғаулық шылаулар қолданылады.

8. Тарихи жағынан алғанда алғашқы сөйлемдер болып саналады.

6. Тек басыңқы сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш өзара қиыса байланысады.

7. Сабақтас құрмаласты жалғастыру үшін септеулік шылаулар қатысты.

8. Сабақтас салаласқа қарағанда кейін қалыптасқан.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Салаласқа енген әрбір жай сөйлемнің салалас құрмалас сөйлем құрауында мына мәселелерге назар аударған жөн. Біріншіден, оның әрбір сөйлемі тең дәрежеде, екіншіден, әрбір сөйлемнің өзіндік тиянақты баяндауыштары бар, үшіншіден, оны құрайтын сөйлемдер біріне-бірі бағынышты емес, олар бір-бірімен жалғаулықпен де, жалғаулықсыз да байланысады. Салаласқа енген құрмаластардың әрбір сөйлемі мағыналық жағынан тиянақты, тиянақсыз болуы туралы әр түрлі пікірлер болғанымен, екі сөйлем де бір күрделі ойды білдіреді. Сондықтан құрмаласқа енген әрбір жай сөйлемдерді мағыналық қатыстары бар сөйлемдер деп ұғыну керек. Өйткені күрделі ойды білдіру үшін тіркесетін сөйлемдер өзара мағыналық бірлікте болғанда ғана тіркесе алады. Мұның өзі басты фактор болуы тиіс. Әдеттегі жай сөйлемдерге қарағанда негізгі бір айырмашылығы осы. Салаласқа енген құрмаластардың орны туралы айтсақ, кез келген жалғаулықты, жалғаулықсыз салаластардың бірінші сөйлемі мен екінші сөйлемін сол тұрысында орнын ауыстырып айтудың мәні жоқ. Осы бағытты басшылыққа ала отырып, салаласқа енген жай сөйлемдерді тең дәрежеде деп айтуымыз орынды. Жалпы салалас сөйлемдердің ішінде ең алдымен жалғаулықты түрлері алғаш қалыптасты да, ал жалғаулықсыз түрлері кейін қалыптасты, зерттелуі жағынан да сол іспеттес. Салалас сөйлемнің бұл екі түрінің іштей бөліктері де бір-бірінен онша алшақ кетпесе керек. Дегенмен салаластың бұл

түрлері күрделі ойды білдіруде құрмаластың басқа түрлеріне қарағанда едәуір бұрын дамыған. Қазіргі кезде жалғаулықты салалас сөйлемдерде ыдыраушылық жағдайлары көрініс таба бастады. Бұл әсіресе және, бірақ жалғаулықтарына тән. Ондай жалғаулықтар ыдыраған сөйлемдердің көбіне екінші сөйлемнің басында немесе алғашқы сөйлемнің соңында ғана жұмсала-тын жәйттер орын алуда.

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

Сабақтас құрмалас сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдердің күрделі ойды білдіруде айырмашылығы жоқ. Ол жағынан бұл екі сөйлемдер бірдей қызмет атқарады.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің салалас құрмалас сөйлемнен негізгі басты айырмашылығы: оны құрайтын сөйлемдердің өзара қарым-қатынасында. Егер салаласқа енген сөйлемдер шартты түрде тең дәрежеде болса, ал сабақтасқа енген сөйлемдердің бірінші сөйлемі екінші сөйлемге үнемі бағынышты дәрежеде келеді. Бұл — сабақтас құрмалас сөйлемдердің ең негізгі белгісі. Сондықтан құрмаластың бұл түрінің аты да соны көрсетсе керек. Осының негізінде сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басыңқы деп аталады. Сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сыңарының баяндауышы тиянақсыз формада айтылады. Бұл да ұзақ уақыттың жемісі. Оның өзі көбіне етістік баяндауыштар арқылы, яғни есімше, көсемше, кейде оларға түрлі шылаулардың қатысы арқылы жүзеге асады. Осы тиянақсыздың нәтижесінде бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемге бағынышты, сол басыңқы сөйлемге қатысты мезгілді, мекенді, мақсатты т. б. қасиетті білдіреді, басыңқы сөйлем арқылы олардың негізгі топтары айқындалады.

СИНТАКСИС ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕҢБЕКТЕР¹

I Қазақ тілі туралы еңбектер

Архангельский Г. Грамматика казахского языка. Ташкент, 1927.

Катаринский В. В. Грамматика киргизского языка. 1897.

Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. 1861 г.

Лоптев Н. Грамматика киргиз-кайсацкого языка. 1898.

Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казах-киргизского языка. Часть II. 1897.

Сазонтов Н. Записки по грамматике киргизского языка. Ташкент, 1912.

Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская СПб. 1875.

Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Оренбург, 1898.

II. Сөз тіркесі туралы еңбектер

Агманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. 1986.

Әбілақов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі меңгере байланысқан есімді сөз тіркестері. 1971.

Әбілақов Ә. Қазақ тіліндегі барыс жалғаулы сөз тіркестері, 1973.

Балақәев М. Б. Основные типы словосочетаний в казахском языке. 1957.

Балақәев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. 1966.

Балақәев М., Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. 1992.

Балақәев М. Қазақ әдеби тілі. 1987.

Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері. 1974.

Серғалиев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі сөз тіркестері синтаксисі. 1973.

Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. 1981.

Сайрамбаев Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері. 1976.

Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. 1981.

Сайрамбаев Т. Сөз тіркестері мен жай сөйлем синтаксисі. 1991.

¹ Мұнда синтаксис туралы мақалалар алынған жоқ.

III. Жай сөйлем синтаксисі туралы еңбектер

Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілі грамматикасы, II бөлім, 1939.

Аманжолов С., Ұйықбаев И., Әбілқаев А. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. 1958.

Аманжолов С., Бегалиев Ф. Қазақ тілі грамматикасы. II бөлім, 1950.

Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. 1940.

Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. 1992.

Аманжолов А. С. Глагольное управление в памятниках древне-тюркской письменности. М., 1959.

Байтурсынов А. Тіл тағылымы. 1992.

Әміров Р. С. Жай сөйлем синтаксисі. 1993.

Әміров Р. С. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. 1972.

Әміров Р. С., Әмірова Ж. Р. Жай сөйлем синтаксисі. 1996.

Балақаев М. Б. Современный казахский язык. Синтаксис. 1959.

Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. 1949.

Әбілқаев А. “Де” етістігінің мағыналары мен қызметі. 1958.

Әбілқаев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлемнің түрлері. 1963.

Әбуханов Ф. Қазақ тілі. Лексика, фонетика және синтаксис. 1967.

Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. 1941.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі туралы зерттеулер. 1962.

Мадина Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. 1959.

Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері. 1959.

Хасенов Ә. Қазақ тілі, III бөлім, 1962.

Хасенов Ә. Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері. 1957.

Ысқақов А., Хасенов Ә. Тыныс белгілері. 1951.

Бектаева Ш. Қазақ тіліндегі тұрлаулы мүшелердің инверсиялануы. 1968.

Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. 1974.

Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Педагогикалық училищеге арналған. 1963.

Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары: 1982.

Оралбаева Н., Әбілқасов А. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілі жаттығулар жинағы. 1960.

Қазіргі қазақ тілі. 1954.

Қазақ тілінің грамматикасы, II том, 1967.

Күлкенова О. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисі. 1988.

Нұрмаханова Ә., Жүнісбекова К. Қазақ тіліндегі сөйлемдердің интонациясын оқыту мәселелері. 1979.

Нұрмаханова Ә. Қазіргі қазақ тілі. 1970.

Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. 1983.

Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. 1984.

Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. 1968.

Сайрамбаев Т. Синтаксис туралы ойлар. 1996.

Сайрамбаев Т. Синтаксистің кейбір мәселелері. 1996.

Сайрамбаев Т. Есім пысықтауыш. 1976.

Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. 1991.

Серғалиев М., Айгабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. 1991.

Сәдуақасов Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. 1996.

Сәдуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі жак категориясы. 1994.

Шаяхметова М. Х. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері. 1980.

IV. Түркі тілдері туралы еңбектер

Казем-Бек М. А. Общая грамматика турецко-татарского языка. Казань. 1846.

Боровков А. К. Учебник уйгурского языка. Л., 1935.

Батманов И. А. Грамматика киргизского языка. II. Фрунзе. 1940.

Баскаков Н. А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. М., 1975.

Баскаков А. М. Предложение в современном турецком языке. М. 1984.

Баскаков А. Н. Словосочетания в современном турецком языке. М. 1974.

Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М., 1948.

Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка. М., 1940.

Дыренкова Н. П. Грамматика ойротского языка. 1940.

Дыренкова Н. П. Грамматика шорского языка. М., 1941.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, III., М., 1956.

Закиев М. З. Синтаксический строй татарского языка. Казань. 1963.

Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М., Л., 1960.

Кононов А. Н. Грамматика современного литературного турецкого языка. 1950.

Убрятова Е. И. Исследования по синтаксису якутского языка. М., Л., 1950.

Поцелуевский А. П. Основы синтаксиса туркменского языка. Ашгабад. 1943.

Жаларов А. Азыркы кыргыз тили, II бөлім. Фрунзе. 1966.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
I. Жалпы бөлім	4
II. Сөз тіркесінің синтаксисі	29
III. Сөз тіркесінің түрлері	42
Есімді тіркестер	44
Қабыса байланысқан сөз тіркестері	—
Матаса байланысқан сөз тіркестері	56
Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері	65
Етістікті тіркестер	68
Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері	69
Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері	83
IV. Жай сөйлем синтаксисі	99
Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	101
Бастауыш	102
Баяндауыш	111
Етістік баяндауыштар	114
Есім баяндауыштар	121
Баяндауыштың бастауышпен қиысуы	133
Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері	141
Толықтауыш	142
Анықтауыш және айқындауыш	160
Пысықтауыш	172
Бірыңғай мүшелі сөйлемдер	189
Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі	201
Сөйлемдегі оқшау сөздер	213
Жай сөйлемнің түрлері	219
Парцелляция және оны аудару	228
Құрмалас сөйлемдер туралы	230
Синтаксис туралы жалпы еңбектер	235

УЧЕБНОЕ ИЗДАНИЕ

**БАЛАКАЕВ Маулен
САЙРАМБАЕВ Талгат**

СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

СИНТАКСИС

(казахском языке)

**Докторы Майко Әсембайқызы
дәріктемдеуші редакторы А. Тәменов
Техникалық редакторы Ф. И. Овчинникова**

ИБ № 294

Теруге 03.06.96 жіберілді. Басуға 22.10.96 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік басылыс. Баспаханалық қырау. Шартты баспа табағы 12,6. Есептік баспа табағы 13,3. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 4168. Барасы келісімді.

“Санат” мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 “А”.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Республикалық “Кітап” өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

